

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
«Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ
ӨҢІРЛІК КОМИССИЯ



АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АТЫРАУ
UNIVERSITY



**«Атырау өңіріндегі кеңестік
қуғын-сүргін тарихы: зерделеу мен зерттеу»
Республикалық ғылыми-практикалық
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**20 желтоқсан, 2023 ж.
Атырау қаласы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
«Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ
Өңірлік комиссиясы**



**«АТЫРАУ Өңіріндегі Кеңестік Қуғын-Сүргін
Тарихы: Зерделеу мен Зерттеу»**

**Республикалық ғылыми-практикалық конференция
материалдарының жинағы**

Атырау, 2023

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
А90

Редакция алқасы

Идрисов С.Н., Сүйеуова Г.Ж., Кыдыралина Ж.У, Таңатарова Ж.Т., Ахмет А.Қ., Ахметова У.Т., Сапанов С.Ж., Бердіғожин Л.Б., Нагимов Ш.Н., Жұмабаева Ж.К., Сармурзина Н.Н., Куаныш С.О., Кайргалиева Г.Қ., Алипова Д.Ж., Тастемирова Р.К., Каналиева М., Абдулов А.Д.

Жауапты редактор - Г.Кайргалиева
Құрастырушы - А.Абдулов

ISBN 978-601-262-541-7

«Атырау өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін тарихы: зерделеу мен зерттеу» Республикалық ғылыми - практикалық конференциясы материалдарының жинағы – Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, 2023 ж. – 228 б.

Жинаққа Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы құрамының, өңірлердегі зерттеуші жұмыс топтары мүшелерінің, Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары ғалымдарының, білім беру ұйымдары мұғалімдерінің баяндамалары енгізілген.

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы электронды түрде берілген материал негізінде дайындалды. Материалдардың мазмұнына мақала авторлары жауапты.

ISBN 978-601-262-541-7

Идрисов С.Н.,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Басқарма төрағасы-ректор
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
Атырау облыстық комиссиясы мүшесі

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашадағы №456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы негізінде құрылған Атырау облыстық өңірлік комиссиясы ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын және жалпы осы кезеңдегі зұлматтың көлемін анықтау бойынша 2021-2023 жылдары көлемді жұмыс атқарды. Өңірлік комиссияның жұмыс топтарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің зерттеуші ғалымдары 3 жыл зерттеу жұмысымен айналысып, репрессия құрбандарын ақтау жұмыстары бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасының Атырау өңіріндегі жұмысының нәтижелі іске асуына өз үлестерін қосты. Өңірлік комиссия кеңсесі университетте орналасып, ғалымдардың бір орталықтан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қолдау жасалды. Сонымен қатар Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Жобалық офисі республикалық кеңсе басшысы заң ғылымдарының кандидаты, белгілі ғалым Сабыр Қасымовтың және орталық кеңсе мамандарының әдістемелік, ұйымдастырушылық, үйлестіру жағынан үлкен қолдауын сезінді.

Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде жаңа тарихи сана мен көзқарас қалыптаса бастады. Қазақстан тарихын концептуалды қайта қараудың, атап айтқанда, бұрынғы ҚазКСР-ы аумағындағы сталинизмнің репрессивті саясатын бағалаудың саяси бағытын Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында айқындап берді.

Мемлекет басшысының бастамасы және тапсырмасымен еліміздің аумағында тоталитарлық режимнің зардаптарын ұрпақтарға жеткізу мақсатында 2021 жылы басталған ауқымды жұмыстар аясында өңірлік жұмыс топтары мұрағаттық құжаттарды жинап, талдау жүргізіп, ғылыми-сараптамалық жұмыстармен қатар жабық қорларды құпиясыздандыру, құжаттарды ғылыми айналымға енгізу, Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірыңғай базасын құру, толық ақтау процестерін аяқтау бойынша жұмыстарды бірізді жүзеге асырды. Мемлекеттік комиссия ақтауға жатқызылатын 11 санат бойынша жұмыс жасап, Атырау өңірлік жұмыс топтары 2021, 2022, 2023 жылдары Қазақстанның батыс өңіріндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша ұсыныстар дайындады.

Соңғы зерттеулер барысында саяси қуғын-сүргіннің түрлі бағыттарда жүргізілгендігі анықталды. Олардың қатарында бұрын ақталмаған халық наразылықтарына қатысушылар, бай-кулактарды жою мен олардың мал-мүлкін

кәмпескелеудегі, күштеп отырықшыландырудағы, дін өкілдері, сайлау құқығынан айырылғандар және басқа да санаттар бар.

Конференция XX ғасырдың алғашқы жартысында болған саяси репрессиялардың зардаптары мен ауқымын анықтауға, бұрын белгісіз болған фактілер мен материалдарды жариялауға, осы мәселе бойынша бірыңғай тұжырымдама қалыптастыруға және өңірлік жұмыс топтары анықтаған ақпараттарды қалың көпшілікке жеткізуге, ортақ пікір алмасуға ықпал етеді.

«Атырау өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін тарихы: зерделеу мен зерттеу» республикалық ғылыми-практикалық конференциясында саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері, жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау бағытындағы қазіргі заманғы мұрағат саясаты, қазақстандық мұрағат құжаттарын құпиясыздандыру мәселелері, жергілікті күштік құрылым архив қорларындағы тарихи деректер, ізденістер, ғылыми сараптау, ГУЛАГ жүйесі лагерінде болған саяси қуғын-сүргін құрбандары және олардың тағдыры, 1928-1932 жылдардағы халық көтерілістері тарихы, саяси қуғын-сүргін құрбандары санаттарының алуандығы, саяси қуғын-сүргін құрбандары тарихын зерттеудегі ауызша тарих деректері мәселелері талқыланатын болады.

Бұл жүргізілген жұмыстың халық арасындағы әсері мол болды. Мысалы, бір ғана дерек келтіре кетсек, бұған дейін тарих пәнінен оқулықтарды 1928-1931 жылдардағы ұжымдастыру кезіндегі халық наразылықтары туралы Атырау өңіріндегі деректер айтылмайтын. Өңірлік зерттеу тобы Атырау облысы бойынша 56 халық қозғалысын және оған қатысқан 6139 адамды анықтаса, бұған дейін ақталмаған 182 адамға ақтауға ұсыныс берілген.

Міне, әр топтада осындай жаңалықтар ашылды. Бұл жұмыстар алға қарайда әлі жалғасын табары сөзсіз.

Конференция барысында XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Атырау облысы бойынша жасаған өңірлік жұмыс топтары құрамында болған университет ғалымдарына, зерттеулерге қолдау жасаған Атырау облыстық мемлекеттік архив директоры мен қызметкерлеріне, облыстық ішкі саясат басқармасы мамандарына ризашылық білдіреміз.

Қыдыралина Ж.Ү.,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Қазақстан халқы Ассамблеясы Институтының директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
Атырау облыстық комиссия
жұмыс тобының жетекшісі

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Бүгінгі жетістіктерімізді бағалай отырып бүкіл қызметін қазақ халқының тәуелсіз ел, өркендеген ұлт болуына арнап, сол жолда құрбан болған Алаш көсемдерінің және XX ғ. 1920-1930-шы жж. қазақ ұлттық саяси элитасының қайсар үнін еске аламыз. Алаш партиясы мен қозғалысы Кеңес Одағында қудаланғаннан кейін де, олардың ойы, идеясы, олардың рухы мүлдем жойылған жоқ. XX ғасырдың басында өмір сүрген Алаш зиялылардың қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен ұлттық мүдде тұрғысынан туындайтын биік мақсаттары, ұстанған мұраттары мен идеалдары бүгінгі ұрпаққа жақсы өнеге. Өз заманы жағдайында олар ұлттың сапалы жаңғыруына, бәсекелікке қабілетті, білімді болуына, прагматизм қағидасын ұстануына; ұлттық бірегейлікті сақтау, қоғамынның революциялық емес, керісінше эволюциялық даму жолын қолдауға, өрлеуге, сананың ашықтығына ұмтылуға шақырды. Саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының қызметі аясында арнайы органдарының архивтік жабық қорларымен жұмыс істеу барысында зерттеушіліміздің көзі жеткен ақиқат – бұл Алаш идеясының өміршендігі, ұрпақтар сабақтастығы.

«Алаш» партиясы құрылудың алды-артындағы қазақ зиялыларының қамқарекеті, үгіт-насихаты, бағыт-бағдарламасы, мұрат-нысанасы, бір ауыз сөзбен айтқанда Алаш идеясы, ұлт-азаттық ұран, ұлттың өрлеу ретінде білім, халық ағарту ісі, ғылым, мәдениет жолдарымен халық арасына жетіп жатты.

Тақырыпты ашу барысында көптеген бұрын жабық қорларда болған архивтік құжаттар, жарияланған құжаттар жинақтары пайдаланылды. Қазіргі жалпы ғылыми мен тарихи әдістер мен дерек көздерді талдау әдістері, проблемалық хронологиялық, институционалды көзқарастар қолданылды. Мақала барысында материалдарға ғылыми шолу, талдау жасау арқылы қорытындылау, салыстырмалы, жүйелі сипаттау, жинақтау, сараптау сияқты әдістер кеңінен қолданылды. Сонымен, тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісінде зерттеуге алған нысанның немесе оқиғаны бұрындары болған жәйттермен қарастыра саралауға, тұжырым жасауға болады. Ал жүйелілік әдісте зерттеліп отырған мәселені құрылымына, хронологиясына қарай талдау жасауға болады.

Алаш қайраткерлері біздер үшін халық алдындағы адалдықтың, рухани кемелдіктің, ұлтжандылықтың үлгісі іспетті. Алаш Орда көсемі Ә. Бөкейханов өзінің еңбектерінің бірінде: «Мен тірімін, дем аламын, туған елімнің ауыр жүгін

арқалап өмір сүремін және мен үшін отанымының жарқын болашағынан асқан бақыт жоқ... Оны ойлағанда түн ұйқым төрт бөлінеді», - деген болатын [1, 510]. Алаш қайраткерлері халықтың рухани және ұлттық санасын ояту жолын тандап, қазақтың мемлекеттігі жолында аянбай тер төкті. Олар өзінің халқын азаттықта көруді армандап өтті.

XX ғ. бас ширегі зиялылардың халықты жаппай тыңғылықты білім алуға тынбай шағырған шағы еді. Ол кезде «Оян, қазақ!» - «Оқы қазақ!» болып та ұғынылатын.

Қазақ зиялылары елдің дамуын Жапония сияқты Азия құрлығының ең дамушы мемлекеттерінің қатарына қосуды мақсат етіп қойған. Тарихтан бізге белгілі болғандай, алашордашылардың осы мақсаттарын Кеңес үкіметі желеу етіп, оларға «жапон тыңшылары» деген жалған айып таққан болатын.

1904-жылда Санкт-Петербургтегі Әскери-Медициналық академиясында оқып жүрген кезінде **Халел Досмұхамедов өзінің жерлесі, сол кездегі Гурьев уезінің тумасы Ғұбайдолла Бердиевке** жазған хатында: «...Өзіңнен басқа да қазақтардың жоғары білім алып жатқанын көргенде бұл халықтың да еңбекке деген ынтасы бар екенін және күндердің күнінде екінші Жапония бола алатынына сене бастайды екенсің...» [2, 119]. Қазақ зиялылары өзінің елін дамыған, өркениетті мемлекет кейпінде көруді мақсат етіп, жерлестерін шылым шегу, ішімдік ішу, ұрылық-қарылық сияқты жаман қылықтардан бас тартуға шақырды.

Алаш қайраткерлері ұлттық сана-сезімді мемлекеттік деңгейге көтере білді. Алаш партиясы сол қиын уақыттардағы тығырықтан шығуға бағытталған шешімдер жиынтығын ұсына білген қазақ даласындағы алғашқы саяси ұйым еді. Алашшылардың негізгі ұраны осы күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалпаған елдің береке-бірлігі болды. Алашордашылар заман ағымына сай өздерінің позициясын табандылықпен қорғап қана қоймай әккі саясатты да ұстана білді. Алаш қозғалысының басты мақсаты мемлекеттік басқару жүйесін құру, елдің даму жолын таңдауда ұлттық болмысқа ден қою, Ресейдің ішкі губернияларынан қазақ жеріне шаруаларды жаппай қоныстандыруды доғару, әлемдік озық тәжірибелерді негізге ала отырып қазақ қоғамын жаңғырту болды.

Тарих Алаш партиясының және Алаш Орда үкіметінің халықтың бірлігіне негізделген қазақ мемлекеттілігін құру және нығайту бағдарламасының жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Көпшіліктің білімсіздігі, саяси күрес орталығынан алшақ болуы, қоғамдағы бытыраңқылық және де саяси күрестің нақты бағдарламасының болмауы, алаштықтардың большевиктермен болған саяси күресінде жеңіліске әкелді. Кеңес үкіметінің жеңісіне байланысты Алаш Орда қайраткерлері оның билігін мойындауға және большевиктердің мемлекет аппаратында қызмет атқару ұсынысын қабылдауға мәжбүр болған, бірақ соған қарамастан олар кеңес үкіметіне ұлттық сипатты беріп, байырғы халық пайдасына жақындатуға тырысқан.

Алаш қайраткерлері ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану салаларында терең білімі бар, жоғары білімді, әрі шынайы эрудит адамдары болған. Алаш қозғалысының көптеген басшылары тек құқық

қорғаушы, саяси және қоғам қайраткерлері ғана емес сонымен қоса ірі ағартушы, публицист, газет-журнал шығарушы, ойшыл, ақын, педагог, ғылыми зерттеулердің, кітаптардың және оқулықтардың авторы ретінде тарихқа танымал. Алашордалықтар мен оның қолдаушылары және басқа да қазақ зиялылары ұлттық идея шеңберінде ғана шектеліп қалған жоқ, керісінше олардың барлығының танымы көп қырлы, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болатын. Олардың барлығы Ресейдің алдыңғы қатарлы оқу орындарын және де шетел оқу орындарын (Германия, Польша, Түркия және т.б.) бітірген. Алаш Орда үкіметінің баспа органдарын – танымал газет-журналдарын баспадан шығарып үздік публицист ретінде тарихта қалды. Алаш қайраткерлері – жүзжылдықта бір рет дүниеге келетін феномен. Олардың әрқайсысы халық үшін жарқын болашақтың шамшырағы болды деуге болады.

Алаш зиялылары білім, ғылым, мәдениеттің өркендеуіне жаңашырлары болған, барлық күш жігерлерін халықтың дамуына аянбай жұмсады. Әлімхан Ермеков Әлихан Бөкейхановқа 25 ақпан 1928 жылы жазған хатының үзіндісінде былай деп жазған: «...Жоғары оқу орындары туралы мәселе, сөзсіз тарихи мәселе. ...ғылыми орталық ұйымдастыру мәселесі неғұрлым ерте қолға алынса, бұл өте жақсы... Қазақстан үкіметі университетті құру туралы шешім қабылдады. Әрине, қазақтың тұңғыш университетінің өкryлуына Сіздің де үлес қосуыңызды қамтамасыз етсе, бұл өте орынды іс болар еді. ...Әлеке, Қазақстанда қызмет істеп жүргенімде күнделікті мәселелердің барлығын назарымда ұстап, бірде ааның, бірде мынаның жобасын жасап, оны шешуге белсене араласып жүруші едім» [3, 193-194].

Өткен тарихты зерделей отырып кеңес кезеңіндегі қайшылықтардың жетістіктері мен кемшіліктерін, жақсы-жаман қырларын, сондай-ақ адамның ар-ожданы мен қоғам құқығы аяққа тапталғанын айтуымыз парыз. Қоғамның әлеуметтік бірлігі жолындағы күрес ұлттық сананы жаншу мен жергілікті мәдениетті жою арқылы жүзеге асырылмақ болды. Партия жергілікті халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен рухани тамырына балта шауып, идеологиялық ұрандар арқылы санасын түбегейлі өзгертуді көздеді. Қазақ зиялылары халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын зерттеу мен насихаттауда көп еңбек атқарды. Қазақ руханиятының даму, өркендеуіне зор үлес қосты. Отарлық саясаттың бұғауынан құтылған халықтардың ұлттық мүддесін көздейтін кез-келген әрекет тоталитарлық үкімет тарапынан ұлтшылдық я буржуазияшылдық ретінде бағаланды.

Кеңес билігі қазақ зиялыларының маңдайға ұстар жақсыларын атап айтқанда: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, Ә. Ермеков, коммунистер Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов, Ж. Мыңбаев және тағы басқа қоғам және мемлекет қайраткерлерін қудалауға ұшыратты. Бір кездері Алаш Орда үкіметінің белді мүшесі болған, түркістан ұлттық қозғалысының серкесі Мұстафа Шоқай да шетел асып кетуге мәжбүр болды. Сонау алмалы-төкпелі заманда өмір сүрген олардың әрқайсысы өзіндік ойы мен ұстанымы бар жеке тұлға болғанына қарамастан туған халқы алдындағы азаматтық парызына адал болды. 1930 жылы

абактыға қамалып, екі жылдай уақытын тергеуде өткізген алашордашылардың қатарында Мұхтар Әуезов та болатын. Сталиндік режим А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Әуезов сияқты дарынды ақындарымыздың әдеби еңбектерін қатал сынға алып, оларға ұлттық-буржуазиялық сарындағы жазушылар деген жала жапты. Орталықпен жүргізген күрес нәтижесінде коммунистер С. Қожанов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасовтар алашордашылардың сыбайластыры ретінде айыпталғаны да біздерге тарихтан белгілі.

Шын мәнінде, қазақ интеллигенциясының көшбасшылары сталиндік идеология түсіндіргендей, өз халқына қарсы қастандық ойлаған емес, керісінше, қарапайым халықтың жағдайын жеңілдетуге тырысты. Алаш интеллигенциясының басты игі мақсаты – халыққа қызмет қылу туралы – 1929 жылы қаңтарда Бутырка түрмесінен жазған «Ұрпаққа хат» атты хатында Міржақып Дулатов былай деді: «Мен құлға айналған, қаналған халқыма бұл құлдық жағдайдан құтылуға көмектесуді өз борышым деп білдім... Қазіргі кезде саясат саласында кеңестік билікке қарсы күрес ретінде көрсетіліп жүрген оқиғаларды алдын-ала болжап білдім деп айта алмаспын, менің бар қалауым қазақ ұлтының дербес, тәуелсіз, бақытты болғаны» [4].

Бар болғаны 33 жыл ғұмыр кешкен Смағұл Сәдуақасовтың, 37 жыл өмір сүрген Жалау Мыңбаевтың, 1937 жылы 42 жаста ату жазасына кесілген Нығмет Нұрмақовтың азаматтық істері мен қайраткерлік қасиеттерінің өзі бізге, әсіресе жас буынға мұра. Смағұл Сәдуақасов «Қазіргі дәуір - іс дәуірі» атты жастарға арналған мақаласында: «Жастар төңкеріс заманының қазанында қайнап өсті. Бұрын кітапта айтылатын нәрселелердің көбін жастарға өмірдің өзі көрсетті. Мұнымен қабат жастарды өзгелелердің алдында табиғи артықшылығы бар. Жастың жүрегі тезірек қызады. Жаңалыққа да жас тезірек аяқ басады. Елді жасартатын жас... Істің жұмыстың дәуірі туып келеді» [5, 297 б.].

«Тәуелсіздік таңын ұрпақтарымыз көреді», деп – армандады Алаш көшбасшылары. 1939 жылы эмиграцияда жүріп, «Яш Түркістан» газетінің мерейтойлық жүзінші санын шығарарда Мұстафа Шоқай, өз арманына сеніп, өз халқын бірлікке және тәуелсіздікке шақырды: «...Тәуелсіздік пен бостандықтың күні атады, және біз, қарапайым күрескерлер,... туған жерімізде, туған халқымыздың ортасында боламыз» [6, 187]. Бүгін, Тәуелсіздік жағдайында, Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық бостандық ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рух болса, ұлттық бостандық пен тәуелсіздік болғанда ғана өсіп өз жемістерін береді» [6, 213] деген дана сөздері ерекше мағынада қабылданады.

Алаш көшбасшыларының армандары орындалды. XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясы ұсынған идеялар мен арман-мұраттар, ережелер мен принциптер, өз мағынасын қазіргі таңда да жойған жоқ. Сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер, өркениеттік құндылықтардың дағдарысы жағдайында заманның жаңа қатерлі сын-қауіптеріне ойдағыдай төтеп беріп, ұлтымыздың мүддесін сақтап қалу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Әр уақыт жаңа міндеттер қойса да, Алаш идеялары өмір сүруін жалғастырып, елдің түбегейлі өзгерістері кезеңінде де өзі туралы еске салуда. Бұл: тең құқықтық, қоғамдық келісім және бейбітшілік, ұлттың мәдени прогресі, меритократия, мемлекеттік тіл, мемлекетті басқару

ісіне элитамен қатар, қалың бұқараны да қатыстыру. Алаш көшбасшылары өз заманының алдыңғы қатарлы талаптары еуропалық либералды-демократиялық құндылықтар деңгейінде демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік мемлекет, өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару жүйесінің идеялары, президенттік, парламентаризм институттары, қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизация принциптері ұсынылды. Бүгінгі таңда өткен ғасырдың 20-30-шы жж. интеллигенция буынының тарихтан белгілі намыспен қаһармандық талап етілуде. Қазіргі қоғам жаңашыл идеяларға және дүниетанымдық бағдарларға, жаңаша ойлай алатын және ерекше шешімдер жасай алатын көшбасшыларға мұқтаж.

Қазір, Тәуелсіздік жағдайында, біз өткен ғасырдағы тұңғыш қазақ интеллигенттерінің идеяларымен бүгінгінің арасындағы сабақтастықтың өзара байланыстын көріп отырмыз. Орталықазиялық одақ бірлігі идеясын алғаш көтерген Мұстафа Шоқай болғаны тарихшыларға мәлім. Бабаларымыздың түркі халықтарының бірлігі идеясы бүгінде 2009 жылы құрылған Түркі тілдес мемлекеттер кеңесі қызметінде көрініс табуда. Алаш қайраткерлері білімді ұлт жөнінде армандаған еді. Бүгінде сол идеялар «Болашақ» бағдарламасында орындалуда.

Қазақ зиялылары әрдайым ұлттың ұлттық, туған тілі туралы, мәдени ғана емес, сондай-ақ саяси ерекшелігі ретінде де мән беріп, қамқорлық жасады. Алаш көсемдерінің саяси және рухани күресінің негізгі мақсаты, үлкен міндеті – ұлтты өзінің саяси тағдырын өз қолына алу, мемлекеттілікке жеткізу үшін топтастыстыру, жұмылдыру, демек, осындай орасан зор іс аясында ана тілін сақтау мәселесі де басым болды.

Бүгінде, мемлекеттік тіл мен басқа да тілдердің дамуы мәселесі жүз жыл бұрынғыдай тәуелсіз Қазақстан үшін маңызды болып қалуда. Кезінде Ахмет Байтұрсынов Қазақстанға басқа халық өкілдерінің көптеп келуі жағдайында, «біздің алдымызда қырғыз (қазақ – Ж.Қ.) халқының дербес өмір сүруі мәселесі туындауда. Өз дербестігімізді сақтап қалу үшін, біз бар күшімізді ағартуға және жалпы мәдениетке салуымыз қажет; ол үшін біз алдымен, туған тілдегі әдебиетті дамытумен айналысуымыз қажет. Біз ешқашан мынаны естен шығармауымыз керек, дербес өмірге тек өз тілінде сөйлейтін және әдебиеті бар халық қана таласа алады» деп ерекше атап өткен болатын [7, 255]. А. Байтұрсынов «орыс мектептері мен татар медреселерінде білім алған, сол кездегі қырғыз интеллигенциясының қырғыз тілін менсінбей бастауы, орыс және татар тілдерінде өзара тілдесуі, хат алмасуы қатты алаңдатты. ... Егер біз бұны қаламасақ, бұл мәселені түбірімен шешуіміз қажет, және осы кезден қырғыз тілі мен әдебиетін жетілдіруге көшуіміз керек» [7, 255]. Осы идеядан ол ешқашан да артқа шегінген емес.

Ахмет Байтұрсыновтың сыни ескертулері қажетті әрекеттерге әкелді. Бұл туралы Міржақып Дулатовтың А. Байтұрсыновтың 50-жылдығына арналған биографиялық очеркісіндегі келесі сөздері куә: «А. Байтұрсыновтың арқасында, іс жүзінде, еріксіз болса да орыстанған және татарланған қырғыз интеллигенциясының бір бөлігі, лезде өз қателіктерін түсініп, оларды түзеуге

кірісті. Тіпті кейде, мынадай күлкілі оқиғалар да орын алып жатты. Кейбір орыс оқу орындарында білім алып жатқан жастар қырғыз тілінің тазалығын сақтау мақсатында, өзара міндетті түрде қырғызша сөйлеуге келісті, ал бұл ережені біреу бұзатын болса, әр қырғыз емес сөзге оқушылар үйірмесі пайдасына 35 тиын айыппұл төледі» [7, 255].

XIX-XX ғғ. шебіндегі қазақ зиялылары көптілді болды. Әлімхан Ермековтің немересі Олег Ермековтің сөзінше, оның атасы бес тіл білген екен. Мұстафа Шоқай орыс тілімен қатар, ағылшын, француз, неміс, поляк және түрік тілдерін білген.

Бүгінгі күнде де алаш интеллигенциясының мемлекеттік басқару кадрларына қойған ар-намыс және міндет принциптері талап етілуде. Шоқайдың аппарат қызметкері, шенунікке байланысты айтылған мына ойлары әлі де болса, өз маңызын жойған жоқ: «Ұлттық кадр», біз үшін ең алдымен, ұлттық борышын біреудің бұйрықтары бойынша емес, керісінше, өз ар-ожданы алдында орындайтын ұлттың қызметшісі» [6, 196]. Қазіргі таңдағы қазақстандық мемлекеттік қызмет өзекті мәселелерінің бірі меритократия (еңбегіне қарай көтермелеу) принциптерін бекіту болып табылады. Осы орайда, қазіргі басқарушы буынға алаш интеллигенциясы тарихынан келесі ғибратты мысалды айтпай кету мүмкін болмас.

Алда атап өтілген, Х. Досмұхамедовтың Г. Бердиевке жазған хатында далада орын алып отырған қоғамдық әділетсіздік пен заңсыздықтар туралы мәліметтер келтіріледі. Студент Х. Досмұхамедов өз досына жазған хатында дала етек алған қиянатшылық, тонаушылардың теріс қылықтары, паракорлар мен түрлі алаяқтардың, өз халқына адамгершіліксіз, жүрексіз және қатал, алауыздық пен келіспеушілік тудырып, қолының сұғы бар шенеуніктер туралы, олардың бүкіл жерде жасап жүрген бассыздығы жөнінде жан күйінішпен жазады. Хат авторы «бұйрық арқылы», «қайырымдылық мақсатында Қызыл крест үшін байлардан 1 қой, жарлылардан 1 рубль жинауды ұйымдастырып, жиналған сомадан басшылыққа 100 рубль қалдырған» осындай әкімшілерді сынға алады. Х. Досмұхамедов осындай оқиғалардың сайлауда да орын алатынын атап өтеді. Ол досымен екеуіне де туған округ болып табылатын болыс басшыларының кандидатуралары жөнінде ақылдасып, «халыққа жексұрын Гадучев компаниясының саясатын жүргізушісі» Жұмақұлдың орнына басқа балама кандидатты қарастырды [2, 120]. Жұмақұл Халелге туыс болып келді. Бұл туралы қазіргі зерттеушілер қазақ газеттерінің беттерінде бірнеше рет жазған. Бұл мысалдан біз, Халел Досмұхамедовтың студенттік кездің өзінде қарапайым халықтың құқықтары мен қызығушылықтарының қорғаушысы, туысқандыққа қарамастан, ешқашан да ақиқат пен әділеттік принциптерінен бас тартпайтын толыққанды азаматтық ұстанымын көрсеткенін байқаймыз.

Жас буынға тарихтағы өз халқына шынайы қызмет ету мысалдары туралы үздіксіз айтып отыру керек. Алаш қайраткерлері және жалпы 1920-1930-шы жж. қазақ зиялыларын туралы қанша ұзақ есте сақтасақ, сонша әділеттілікке, аяушылыққа, рақымшылыққа деген құлшыныстағы түңілудің ащы дәмін сирек татып, әр қайсымыз өз айналамызда болып жатқан оқиғаларға жеке

жауапкершілікпен қарап, жалғанға, паракорлыққа қарсы тұрып, басқалар есебінен баюға, пайдакүнемдік пен ашкөздікке берілуге ұшырауға негіз болмайды. Алаш қозғалысының оның қайраткерлерінің өнегеге толы тарихын ұғыну бізді рухтандырып, биік, игі сезімдермен толтырады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығын іске асыру аясында мемлекеттік арнайы органдарының жабық қорларының көптеген мұрағаттық деректерімен танысып зерттеу барысында біз, ғалымдар, Алаш идеясының сабақтастығы XX ғасыр бойы халық жанында, жан дүниесінде өшпегеніне көз жеттік - бұл таңғаларлық тарихи құбылыс.

Бүгінде 100 жыл астам бұрын дүниеге келген Алаш қайраткерлерінің және қазақ зиялыларының идеялық мұрасы мен мұраттары Тәуелсіз Қазақстанның мүдделеріне, XXI ғасырда рухани дамудың жаңа парадигмасын қалыптастыруға бағытталған нақты шаралардың іске асыруына қызмет етуде. Уақыт өтіп, жаңа ұрпақ келіп, тарихта із қалдырған ұлттық зиялыларының өнегелі де ғибратты қоғамдық ойлары, рухани тәжірибесі жылдар өте, ғасырлар өте тарих толқынындағы қазақ ұлтын демеп тұрары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әліхан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. – II том. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. – 566 б.
2. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. Том 1. - Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. – 428 с.
3. Әлімхан Ермековтің Әліхан Бөкейхановқа жазған хаты // Сборник судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. Том 2– Алматы, ФФ «Ел шежіре», 2011. - 377 с.
4. Дулатов М. Ұрпаққа хат // Дала дидары. – 1991. – 8 мамыр.
5. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: Алаш, 2003. - 297 б.
6. Шоқай М. Тандамалы. - Т. 1. – Алматы: Қайнар, 1998. - 440 б.
7. Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттеу тарихынан. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1918-2007 жж. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сборник документов и материалов. 1918-2007. – Алматы: Ел шежіре, 2008. Т. 4. – 472 б.

*Хайруллаев Н.Н.,
Өлкетанушы,
Маңғыстау облыстық әкімдігі жанындағы
саяси қуғын-сүргін құрбандарын
толық ақтау жөніндегі комиссия мүшесі
(Ақтау қаласы)*

АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ БАСТАЛУ СЕБЕПТЕРІ

Өткен ғасырдың 30-шы жылдары Маңғыстау халқының басынан өткен зобалаң туралы, жазушы Әбіш Кекілбаев: «Бұл – Маңғыстау өңірінің халқы үшін «Малы менен дәулеті түгілі, ақылы мен әулетінің қайда қалғанын білмей қалған кез болды» деген еді.

Бұрынғы Адай уездінің аумағын толық қамтыған 1929-1932 жылдардағы халық көтерілісі, тарихта «Адай көтерілісі» деген атпен қалды. 1930 жылы Табын ауданында барлығы 25 ауылсовет болса, соның 1 әлім руы, 5 табын, 19 адай руларының ауылдары болды. Табын ауданының 7000 түтіні көтеріліске қатысты. Жилаякоса ауданының №33-тен №43-ке дейінгі адай руларынан тұратын 10 ауыл ауыл, барлығы 4000 түтін, Ойыл мен Доссор аудандарынан 1500 түтін, Маңғыстау ауданынан 4000 түтін, Түрікменстаннан қайтып келген 2000 түтін, Түрікменстан аумағында қазақ-түрікмен көтерілісіне қосылған 2000 түтін, барлығы 20000 – нан астам түтін қатысқан қазақ жеріндегі көлемі жөнінен ең ірі, аумағы жөнінен ең ауқымды көтеріліс болды.

Көтерілістің басталуына негізінен саяси, діни, экономикалық факторлар әсер етті. Саяси себептері туралы сөз қозғау үшін алдымен тарихқа сәл шегініс жасайық.

1848 жылы Ресей империясының құрамына қосылған адайлар, 1869 жылға дейін Маңғыстау, Үстірт, Жем, Сағыз, Ойыл, Доңызтау, Сам құмы жерлерінде Жоғарғы және Төменгі Адай дистанцияларына бөлініп өмір сүрді. 1869 жылы «Жаңа ережеге» сәйкес, 20 мың шаңырақты біріктірген Маңғыстау приставтығы құрылды. Адай руларының бір бөлігі Жем уездіне қарады. 1870 жылы наурызда Жаңа низамға бағынбаған Иса-Досан батырлар бастаған өлке халқы түгелдей ұлт-азаттық көтеріліске шықты. Бұл бірінші Адай көтерілісі болатын. Ол аяусыз басып жаншылды. Көтеріліске байланысты Маңғыстау приставтағы орталығы Тбилиси қаласындағы Кавказ әскери округіне бағындырылды. 1881 жылы Маңғыстау уезді құрылып, 1899 жылы Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты орталығы Ашхабад қаласы болатын Закаспий облысының құрамына енді.

1920 жылы 26 тамызда Бүкілодақтық атқару комитеті Халық Комиссарлары кеңесінің «Қырғыз АССР-ін құру туралы» декреті негізінде Закаспий облысында І Маңғыстау съезі шақырылып, Қазақстан территориясына ену туралы шешім қабылданды. 1920 жылы 4 қазанда Бүкілқазақстандық І съезд Маңғыстау уезін Адай уезі деп жариялады.

Осылайша араға 50 жыл салып маңғыстаулықтар Қазақ еліне қосылды. Бұл тарихи шешімде Ревком төрағасы Тобанияз Әлниязовтың еңбегі зор еді. Бұқара халық оны «хан» деп атады және солай ұқты да. Уезд құрамындағы 27 болыстың төрағалары да, байлары мен билері де, жасы да, кәрісі де, тіпті елдің тентегі мен қарақшысы да Тобанияздың сөзіне тоқтады. Ол елді көшпелілердің ежелден қалыптасқан салт-дәстүрі, діни-нанымы мен дала заңдарын үйлестіре отырып басқарды. Оның халық алдындағы асқан жоғары беделі Ревкомның орталықтан келген мүшелеріне, Кеңес өкіметінің өкілдері мен жергілікті бақталастарына ұнай қоймады. Солардың арыз-шағымдары негізінде Орталықтың Әлниязовқа деген сенімсіздігі ұлғая түсті. Нәтижесінде саяси басқарма Әлниязовты 1922 жылы Орынборда қамауға алды. Бұл халықтың наразылығын туғызды. 1922 жылдың қазан айында мыңға жуық адам қол қойған талап хат КирЦИК-ке жолданды. Адайлардан 15 өкіл Орынборға аттанды. Соның нәтижесінде Т.Әлниязов 6 желтоқсанда қамаудан босатылды. Әлниязов Ревком төрағасы қызметінен алынып, қатардағы салық агенті болды. Бірақ халықтың басым көпшілігі Тобанияз бастаған дала әкімшілігіне, яки ақсақалдарға бағынды. Жұрт ресми қызметте болмаса да Тобанияздың ақыл-кеңесіне жүгінді, шешіміне мойынсұнды. Бұқара халық совет билігін толық мойындай қоймады. 1921-1929 жылдар аралығында Адай уездінің аумағында 60-қа жуық қарулы бас көтерулер болды. Кеңес билігіне қарсы алғашқы қақтығыс 1921 жылы шілде айында Бозащы түбегінде орын алды. 300 адамға жуық қарулы топ Саяси басқарма әскерімен атысып, көтерілісшілер тарапынан 7 адам оққа ұшты. 1922-1930 жылдар аралығында 8 жылға созылған Құрмаш Қошжанұлы бастаған қозғалыс, Маңғыстау, Үстірт, Сам, Қарақұм, Жылой жерлерінде және Қарақалпақстан, Түрікменстан елдерінің аумақтарында жүргізілді. Құрмашты кейбір өкімет адамдары да, байлар мен ел ақсақалдары да қолдап, оған түрлі қамқорлықтар жасап, азық-түлік, оқ-дәрі, ат-көліктермен жылдар бойы көмектесіп отырды.

1928 жылы 17 қаңтарда Адай уезді таратылып, Адай округі құрылды. 1929 жылы 10 сәуірде Адай округі таратылып, құрамына кірген территориялар Ақтөбе, Гурьев округтарына, Қарақалпақ автономиялық округына бөлініп берілді. Маңғыстау ауданы құрылып, ол Гурьев округіне бағындырылды. Өкімшілік-аумақтық жүйе бойынша қасақана жасалған Голощекиннің саяси шешімі адайлар арасында наразылықты күшейтті. Әлниязовшылардың басшылығымен Кеңес билігіне қарсылық есебінде адайлар арасында Орта Азия елдеріне ауа көшу жұмыстары ұйымдастырылды. Саяси басқарма есебінде: «1928-29 жылдары бұрынғы антисоветтік жасырын ұйымдар ашық күреске шықты. Наразылық сипатында қарулы бандалық көштер Түрікмен, Хиуа жеріне көше бастады. Мысалға 1929 жылы күзде Тобанияз Әлниязов пен Дархан Өришановтың ұйымдастыруымен Түрікменстанға 3000, Қарақалпақстанға 3000 қожалық көшірілді. Көштің Қарабұғаз жағында Құрмаш Қошжанов бандалық тобымен басшылық жасады. Ұрандары: «Ауғаныстанға көш» болды» деп көрсетеді. 1930 жылдың қаңтар айының өзінде осындай «Әлниязовшылар» деп аталатын антисоветтік топтардан 1000-нан астам винтовка тәркіленген. Бұл қозғалысты тежеуге 1929 жылдың желтоқсанында 85 адамымен Әлниязовтың

қамауға алынуы, Қошжановтың қаза табуы әсер етіп, қаңтар-наурыз айларында ОГПУ-дің «Суфи» операциясымен жойылды. Хиуа оазисіне көшкен қожалықтар кейін көшіріліп, Түрікмен жеріне кеткендер сол жақта орналасып қалды. Бірақ ел арасында кеңес билігіне деген наразылық тоқтаған жоқ.

1930 жылы күзінде Жилаякоса, Табын, Маңғыстау аудандарынан Түрікменстанға бірнеше ауылдар көшіп кетті. Олар Түрікменстанмен шекарада орналасқан құдықтардың маңында шоғырланды. Сенек құдығының айналасында да жүздеген қожалық қыстап шықты. Бұл көштің басым көпшілігі 1931 жылы наурыз-сәуір айларында Үстірттің «Ұзын-Тесіктам», «Ақотты-Нар», «Құсшы-Тағалбайлы», «Сармыс-Төлеп» құдықтарына қайта көшіп келіп, жоғарыда аталған аудандардан көшіп келіп жатқан көтерілісшілерге қосылды. Сәуір айында Оңтүстік Үстіртке қоныстанған көтерілісшілер саны 8000 түтіннен асты.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның зерттеу жұмыстары аясында, діни тұлғалар тарапынан Адай көтерілісіне бірнеше жыл алдын-ала дайындық жүргізілгенін анықтадық. Көтеріліске дайындық жұмыстарын өлкенің беделді ахун-ишандары мен молдалары жүргізген.

1927 жылы күзде «Жем» өзені бойында Адайдың Қараш руынан Досан ахун Мәулімбердіұлы, Бегей руынан Қошмағанбет ишан Есжанұлының ұйымдастыруымен ахун-ишандардың І-ші съезді өткізілді. Оған 300-ден астам ахун-ишандар мен байлар қатысты. Съезде кеңес билігіне қарсы ислам діні үшін күрес жолында бірігу, ислам дінін жоюға жол бермеу, кеңес билігі дінге араласатын жағдай болса, қарулы көтеріліске шығу, мал-жан үшін қасық қан қалғанша күресу туралы шешім қабылданды. Бас ахундыққа Қырымқұл Хади Сұлтанұлы сайланды.

1930 жылы көктемде Маңғыстаудың «Мырзайыр-Басқұдық» жерінде тағы да Қараш Досан ахун мен Бегей Қошмағанбет ишанның ұйымдастыруымен ІІ-ші ахун-ишандар съезді өтті. Съезд төрағалығына мухтасиб Қырымқұл Хади Сұлтанұлы, хатшылығына Өтеулі Өтесбай ахун Қодарұлы, президум мүшелігіне Шоңай Шайхы ахун Кендірбайұлы, Көрпе Размағамбет ахун Тұрмағамбетұлы, Мая Ахназар ахун Бердіқожаұлы сайланды. 10 күнге созылған жиынға 150-ден астам ахун-ишандар мен байлар қатысты. Бұл кезде 1927 жылы І-ші съезде қабылданған шешім қайта бекітілді және ислам дінін сақтау жолында бар мүмкіншілікті жасау және қажет болса кеңес билігіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру, Меккеге қажыға барушыларға қаржы жинау, әр бір бай өз ауылында балаларды молдаға оқытуды ұйымдастыру, әр бір бай көтеріліс болған жағдайына дайын болу, өз ауылынан бірнеше жігіт шығарып, қарумен, ат-көлікпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды. Бас ахундыққа Қырымқұл Хади Сұлтанұлы, көмекшісі Қырымқұл Фазыл Шалабайұлы сайланды.

Ахун-ишандардың ІІІ-ші съезді 1931 жылы сәуір айында Оңтүстік Үстірттегі «Ұзын-Тесіктам» жерінде Қараш Досан ахунның тапсырмасымен Бегей Қошмағанбет ишан ұйымдастырды. Бұл жиынға Досан ахун өзі қатыса алмады. Жиынға Құнанорыс Мырзалы Тілеумағамбетұлы, Бегей Қошмағанбет ишан Есжанұлы, Матай Нұраш Төремұратұлы, Медет Өткілбай би Батықұлы,

Медет Ақшолақ би Жаңайұлы, Көрпе Қожабай би Қалмұратұлы, Шегем Қаңғабай мерген Шоңғараұлы, Құнанорыс Бижан батыр Жалмағамбетұлы, Қожа руынан Шалмағанбетұлы, Жаңай Бозай Кеуелұлы, Жаңай Қоңыр Шанықұлұлы, Жаманғара Нұрберген Исаұлы мен Жолаш Нұрбергенұлы, Матай Әуелбай Қолатұлы, Өтеулі Ермекбай Боранқұлұлы және тағы да басқа 300-ге жуық адайдың игі жақсылары қатысты. Президумға Құнанорыс Мырзалы, Бегей Қошмағанбет, Шегем Қаңғабай сайланды. 5 күнге созылған жиында Мырзалы Тілеумағамбетұлы кеңес билігіне қарсы көтеріліс жасауға шақырды. Көтеріліске әр бір екі үйден бір жігіт, бір түйе немесе бір ат шығаруға, қару-жарақ пен азық-түлік жинауға, барлық темір ұсталар қару-жарақ дайындауға және ескі мылтықтарды жөндеуге, 2500 жігіт жинап, көтерілісті бастауға деген шешім қабылданды. Досан ахунның ұсынысымен Мырзалы Тілеумағамбетұлы көтерілістің басшысы ретінде хан сайланды. Ханның бас көмекшісі болып Қошмағанбет ишан сайланса, Қожа руынан Шалмағанбетұлы, Шегем Қаңғабай мерген, Медет Ақшолақ би, Медет Өткілбай би, Құнанорыс Бижан, Жаманғара Нұрберген, Жаңай Бозайлар көмекшілері болып сайланды. Жиыннан кейін Мырзалы хан бастаған 100 винтовкамен қаруланған 300 аламан «Сам» жеріндегі үкімет малдарын тонауға аттанды.

1931 жылғы Адай көтерілісінің бастауында ахун-ишандардың тұрғандығын дәлелдейтін бұл құжаттар бұрын-соңды белгісіз болып келген еді. Бұрын-соңды ғылыми айналымға енген. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Маңғыстау өңірлік комиссияның зерттеу жұмыстары аясында алғаш рет анықталған тарихи дерек болып отыр.

1928 жылдың 27 тамызында Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарларының Кеңесі «Ірі байлар мен жартылай феодалдардың шаруашылықтарын тәркілеу және олардың өздерін елден аластату туралы» декреттің жобасын талқылап, бекітті. Онда Қазақ ССР-ы бойынша **Адай округі**, Қарақалпақ Автономиялық облысы және Сырдария губерниясының мақта егетін аудандарынан **басқасында** ірі байларды жер аударып, өздері өмір сүріп келген жерлерде тұру, шаруашылық жүргізу құқынан айыру керектігі айтылды.

Аталған декрет қабылдаған кезде, яғни 1927-1928-1929 жылдары:

- Маңғыстау өңірінде бұрын-соңды болмаған жұт болып, елде мал қалмады.

- Бай мен кедей тең жағдайға түсті.

- Ел ашығып, іргелес республикалар, Түрікменстан, Өзбекстан жеріне, Жылой жеріне жаяу-жалпы көшіп кетті.

- Өңірдің әкімшілік-аумақтық бөлінісі дәл осы 1928 жылы өзгертілген еді. Бұған дейін «Адай уезі» болып келген өңір Маңғыстау ауданы болып, жаңа құрылып жатқан Адай округінің құрамындағы бес ауданның бірі болып қалды. Орталығы Форт Александровскден Ойыл қалашығына көшірілді. Яғни «жұтпен жағаласып» құрылымдық өзгерістер, лауазымдық тағайындаулар, көші-қон қарбаласы, жаңа ауылдық кеңестердің құрылуы, түрлі сайлаулар... елдің есін шығарды. Осылайша Маңғыстауда байларды тәркілеу 1930 жылы заңсыз басталған. Бірақ бұл кезеңде түбекте ешкімді «бай» деп көрсетуге негіз болмай

қалды. Мысалға, 1928 жылдың басында Маңғыстауда **1,7 млн. бас** мал болса, 1929 жылы **318 мың бас** қалған. Ал, 1932 жылы **17 мың** ғана мал басы қалған.

1931 жылы 7 шілдеде Қазақстандағы Саяси басқарманың уәкілетті өкілі Даниловскийге жолданған №27991/23 санды «КСРО Маңғыстау ауданындағы операция жоспары» атты құжатта: «1. Ет дайындау науқанына наразылық ретінде байлардың белсенділігі байқалды. Орташа дәулетті қазақтарға жасалған заңсыздықтар, тапсырылған мал орнына ақша төлемеу және өндірістік тауарлардың жоқшылығы байлардың халықтың негізгі бөлігіне ықпал етуіне себеп болды». Осы құжатта: «2. Ақпан айында Форт-Александровск аумағындағы жергілікті партқызметкерлер мен ет дайындаушыларға қарсы жасалған антисоветтік сипаттағы зорлық-зомбылықтар орын ала бастады» деп көрсетеді.

Осылайша орталық және жергілікті билік органдары мен ет дайындау науқанына жауапты ұйымдардың өрескел қателіктері мен озбыр саясаты көтеріліс отының тұтануына себеп болды. Бұл 1931 жылғы көтерілістің бастауы болғанымен, көшпелі халықтың шыдамының шарықтау шегі еді.

1931 жылы жергілікті атқарушы органдардың қолында Маңғыстау ауданындағы халық саны мен мал басы туралы нақты мәлімет болмаған. Тек 1930 жылғы мамыр айындағы жағдай бойынша ауданда 7700 шаруашылық болса, оның 1700 балық кәсібімен айналысқан және өзгеде өндірістерде жұмыс жасаған. 6000 шаңырақ мал шаруашылығымен айналысқан. Оларда 300 000 бас қой мен 50 000 бас түйе болған деп көрсетеді.

Бұл Адай көтерілісіне байланысты ұйымдастырылған комиссияның алғашқы жиналысы 1931 жылдың 21 шілдесінде Кендірлі кәсіпшілігінде болады. Оған комиссия төрағасы Құлымбетов және оның мүшелері Рагозин, Асылбеков, Әлиев қатысқан. Осы маңызды мәселеге қатысты сөз сөйлеген Құлымбетов аудандағы ұйымның және оның жергілікті бөлімдерінің жағдайын талдап, түсіндіріп берген. Көтерілістің мән-жайына тереңірек үңілген комиссияның төрағасы бұқараның наразылығын, әлеуметтік-экономикалық себептерін мұқият зерттеп, талдап, асыра сілтеуді жоюдың шараларын бекітеді. Республика басшылығына жолдаған жеделхатында өлкелік органдардың коллективтендірудегі жіберген кемшіліктерін атап көрсетіп, шұғыл түрде шара қолдану қажеттігін сұрайды. «Адай даласында шаруалар қожалықтарын кәмпескелеуге ресми рұқсат жоқ бола тұрса да, жергілікті шолақ белсенділер 1370 бас малды, оның ішінде 1300 бас ұсақ және 70 бас ірі малды заңсыз кәмпескелеп жіберген еді.

Осылайша ет дайындау, жүн дайындау науқандары, заңсыз тәркілеу, жаппай қамауға алу шараларына халық арасында наразылық күшейді.

31 жылдың 23 ақпан күні Маңғыстау ауданы №2 ауылы «Басқұм» жерінде Оспан Қойлығұлов, Шауқар Қойлығұлов, Нұраш Төремұратов, Сатыбалды Азаматов бастаған азаматтар Түрікменстанға көш ұйымдастырды. Оған ауданның №1,2,3,4 ауылдары жаппай қосыла бастады. Көштерді қайтаруға шыққына қуғыншы отрядтармен қақтығыстар орын алды. Совет қызметкерлері мен белсенділер өлтірілді немесе тұтқынға алынды.

20 наурыз күні 1930 жылдың күз айларында Жилаякоса ауданынан Маңғыстау ауданына ауа көшіп кеткен ауылдарға түсінік жұмыстарын жүргізу, көшті керу қайтару және кейбір байларды тұтқындау жұмыстары бойынша іссапарға шыққан уәкілдер аудандық атқару комитетінің қызметкері Оразалиев, Хайруллин, Күзеков, «Живсоюз» агенті Мұратов, милиция Мәденов Үстірттегі «Оғыланды» жерінде отырған №37,40 ауылдарына келіп, Адай Қаржау руының байы Нұров Құлыбекті тұтқындайды. Нұровты босатып алу мақсатында 40 көтерілісші уәкілдерді қоршауға алып, оларды Мұқан сұпының пәрменімен өлім жазасына кеседі. Мүрделерін Шоқытауда «Найзағара» деген жерде көміп тастайды.

20 наурыз күні Боқымаш Шоланұлының ұсынысы бойынша, наурыз айының жиыrmасында Топырақшаштыда тәркілеуге ұшыраған бұрынғы бай Баянқұл Көптілеуұлының үйінде ақсақалдардың мәжілісі болды. Бұл бас қосу мәжілісінде қарулы қарсы тұрудың негізгі мақсаты Түрікменстанға көшу, болмаса дербес Адай хандығын құру деген байламға келді.

22 наурыз күні «Ұшқан ата» жерінде Жилаякоса ауданының байлары ұйымдастырған 100 адам көтерілісшілер, уәкілдер Алушев пен Сусыбалиевтер бастаған 15 адамды тұтқындап, өздерін ұрып-соғып, қаруларын тартып алады.

Доссор аудандық атқару комитетінің уәкілі Сағындықов, тәркілеуге ұшыраған бай Мамай Салғараевтың үйіне келіп тоқтайды. Уәкіл М.Салғараевтан мал тапсыруды сұрайды, соңғысы мал жоқ екенін айтады. Сағындықов М.Салғараев пен әйелін ұрып-соғады. Араша түскен Ойыл ауылының азаматы Медетовті де қамауға алып, төрт белсендімен 23 наурыз күні Доссорға аттандырады. Жолда Мамай Салғараев бастаған байлар төрт белсендіні байлап тастап, «Әсемкөл» жеріне барады. Сол жерде тұтқындалған байлар Балықбаев Қаюп, Бегалы, Желтай, Жиенбаев Тұяқ, Сауытов Ысқақ, Төлешов Нұржігіт, Көбегенов Нұрғалилармен байланыс жасап, жиын өткізеді. Жиында Көбегенов Нұрғали хан сайланып, Жиенбаев Тұяқ әскербасы болып сайланады. Көбегенов ту көтереді. «Асемкөл» жеріндегі Медет руы, «Буракөл» жеріндегі Кенже руы, «Ақшелек» жеріндегі Жанақ руынан барлығы 92 түгін Маңғыстауға ауа көшеді.

Осының алдында Жилаякоса ауданының №36 ауыл тұрғыны, «Живсоюз» агенті Көбегенов Нұрғалидің үйіне пункт бастығы Қаратаев пен «Живсоюз» өкілі Хасенов келіп, Н.Көбегеновты №42 ауылға «Байпақ» руына ет дайындау мәселелері бойынша жұмсайды. Сол күні түнде Н.Көбегеновтың кеткенін пайдаланып, оның үйіндегі жас әйелі Рахимаштың арын таптайды. Келесі күні үйіне қайтып келген Н.Көбегенов, әйелінен түнде болған сұмдық жағдайды естіп, қасына өз тумаластарын топтастырып Қаратаев пен Хасеновты тұтқынға алады. **24 наурыз** күні Сол жерде Медет, Жанақ, Кенже руының адамдары қосылып, «Әсемкөл» кооперативін тонап, Үстіртке көшеді. «Құмқұдық» жерінде Н.Көбегенов пен Т.Нұржігітов уәкілдер Қаратаев пен Хасеновты аяусыз өлтіреді. Бұл Нұрғали Көбегенов ел аузында «Медет Нұрғали мерген» атымен танымал адам еді. Бұдан кейін Мамай Салғараев бастаған 200 түгін Маңғыстауға бағыт алады. Ал үшінші көш Боқмаш Шоланов басшылығымен 1800 түгін қозғалады.

1 сәуір күні Доссор ауылының байы Дауылтай бастаған 112 түтінді Алдияровдың отряды, Салғараев бастаған көшті Гродненский бастаған отряд талқандайды. М.Салғараев Табын ауданы аумағына қашып, сол жақта қамауға алынды.

Тайпақ ауданынынан Ертереев Өзбек бастаған 60 аламан Боқмаш Шолановтың қолына қосылуға ниетті болды. Олар жолда Тайсойған жерінде Қызылқоға живсоюзіне тиесілі 160 жылқыны барымталайды. Доссор ауданының №9 ауылының аумағында Ертереев Өзбек бастаған көтерілісшілер қолынан уәкілдер Дәулетов, Жұмабеков қаза табады. Жарақат алған прокурор Төреевті тірілей көміп кетеді. **10 мамыр** күні Ертереев Өзбек тобы Ивановтың отрядымен қамауға алынып, топ басшысы Өзбек атыс кезінде оққа ұшады.

Сәуір айының басында (күні анықталмаған) «Көкбұлақ», «Ақмола» жерлерінде Табын ауданының №10, №27 ауылы тұрғындары, Адай Есек руының байлары Күшпенев Құлшар, Сатыбалдиев Ермағамбет, Бердібаев Бегендікті тұтқындауға келген сот қызметкерлері Тұржанов Мырзаш, Нұржанов Шаңбозды және аты-жөні белгісіз тағы бір қызметкерді Күшпенев Құлшар бастаған топ аяусыз өлтіреді. Содан кейін Құлшар өз тобымен Боқмаш Шолановтың тобына барып қосылады.

9 сәуір күні Жилаякоса ауданының №35 ауылы «Байзыл» жерінде, Ақбота руының байлары Көкшеев Аймұрат, Аймұратов Таубай, Масақов Демеш бастаған көтерілісшілер қолынан коммунарлар Елемесов пен Молдабаев қаза тауып, отряд бастығы Күлекенов жараланады. Көтерілісшілер жағынан Аймұратов Самұрат оққа ұшады.

11 сәуір күні Форт-Александровск түрмесінен қашқан 168 арестант Үстірттегі және Маңғыстау ауданындағы көтерілісшілерге қосылады.

15 сәуір Боқмаш Шолановтың Жылойдың «Толағайсор» жеріндегі ұрыста **26 адамы** оққа ұшқан. **834 адам** тұтқындалған, оның ішінде 70 адам басшылар.

Сол күні Маңғыстаудың «Құйылыс» жеріндегі қақтығыста Түнқатар-Жаңай ауылынан: Елдесбайұлы Ідріс, Қуанұлы Әкім, Сарыбайұлы Өткілбай, Сәркен-Жаңай ауылынан: Жұмабайұлы Мұрынбай, Қонысұлы Ізтұрған, Балықбайұлы Қошқар, Шонты-Жаңайдан: Азанғұлұлы Оқап, Таған-Жаңай ауылынан: Төлекұлы Қайранбай, Қайранбаұлы Алдандық оққа ұшады.

26 сәуір «Каракешу» жерінде Бозашы жеріндегі Живсоюз малдарын тонап келе жатқан Жары-Жеменей руларының 120 адамы қызылдармен атысып, 6 адам қаза тапқан, **13 адам** тұтқындалған.

14 мамыр Сам құмының Төртқұдық жерінде Мостовойдың 40 адамы мен Мырзалы Тынымбаевтың 300 аламан арасында қақтығыс болады. Көтерілісшілер Мостовойдың 50 жылқысын айдап кетеді. Осылайша көтеріліс 1931 жылдың қыркүйек айына дейін жалғасады.

Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының Маңғыстау ауданындағы аға жедел бастығы Белоноговтың 1931 жылғы 22 тамыздағы №88228/14 санды учаскелік жедел басшыларға жолдаған мәлімдемесінде: «Маңғыстау ауданындағы қазіргі жағдай әлі де қалыпты емес, өйткені осы ауданмен шектесетін Үстірт үсті 10000 мен 15000 аралығындағы қожалықтан тұратын өте

үлкен бандалық көштің ошағына айналған. Олардың қатарында Жилаякоса, Табын, Доссор және Ойыл аудандарының бандалық көштері де бар. Оның үстіне қазіргі уақытта алдыңғы екі ауданда соңғы екі айдың көлемінде бандалық қозғалыстар кең таралуда» деп көрсетеді.

Бұл алты айға созылған халық көтерілісінің негізгі күшін жазалаушы отрядтар басып-жаншып, жүздеген адамдарды қамауға алып, көтерілісшілердің жеңіліс тауып жатқан сәті еді.

«Адай» көтерілісі басып-жаншылғаннан кейін, 1932-33 жылдардағы шағын топтардың қарсылықтарын жатқызамыз. Оларға Бижан Жолмағамбетұлы, Сахи Мәтжанұлы, Құлбас ишан, Әнет Қуатұлы, Мұқтар Бопылдықұлы және т.б. басшылық жасады.

Нағымов Ш.Н.,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің профессоры,
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
Атырау облыстық комиссия
жұмыс тобының мүшесі

ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫНЫҢ ХАЛҚЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ ҰМЫТЫЛМАУЫ ТИІС

Мен жұртшылықпен өзімді мазалап жүрген бір мәселемен бөліскім келеді. Ол өздерінің халыққа жасаған қайырымдылығына, жақсылығына қарамастан кеңестік кезеңде аяусыз қуғын-сүргінге ұшыраған, қазіргі ұрпаққа есімдері мүлдем белгісіз қазақтың бай- филантроптарының ауыр тағдыры болып табылады. Қазіргі кезде ҚР президенті Қ.К.Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығына сәйкес, Атырау өлкелік комиссиясының жұмысының бағыттарының бірі ретінде 1928 жылдан бастап тәркіленген ірі байларды ақтау шаралары жүргізіліп келеді. Облыстық архивтен көптеген тың мәліметтер анықталып жатыр. Сонымен қатар, архив қорларында есімдері жоқ ірі байлардың есімдері ұрпақтарының өтініштері арқылы анықталу үстінде. Біздің міндетіміз - халықтың санасында жатталып қалған осындай абзал адамдарды анықтай отырып, оларды мәңгі есте қалдыру шараларын жүзеге асыру керек деп есептеймін.

Кеңестік дәуірде коммунистік идеологияның ықпалымен қазақ жұртшылығының әлеуметтік құрамына байланысты шешімдер бүкіл КСРО-да қалыптасқан стереотиптер шеңберінде қабылданды. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мүлде ескерілмей, жұртшылықты үстем тап пен қанаушы тапқа бөліп қарастырды. Ал шындығында қазақ қоғамында Европа мен Ресейдегідей кедейлерді сүліктей сорған бай-феодалдардың болмағандығын орыс зерттеушілері профессорлар Кушнер мен Полочанский 1920 жылдары атап

көрсеткен болатын. Мәселен, Кушнер «қазақ ауылында тап күресі өршіп тұр» дегенге қарсы өз пікірін былай деп жазды: «Мен тап күресін және әлеуметтік таптарды босқа іздепін, нақты тап түсінігіне сәйкестікті іздедім, бірақ таппадым» [1, 106.]. Қазақ қоғамындағы ауқатты мен қара шаруаның тұрмыстағы айырмашылықтарының шамалы екенін, ал бұл олардың өзара қарым-қатынасында байлардың елеулі рөл атқаратынын 1926 жылы Е.Полочанский де жазған еді. Қазақ ауылындағы байлар мен ауқаттылардың үлкен ұйымдастырушылық беделін байқаған ол былай дейді: «Бұқарада таптық сананың мүлде болмауы жағдайында, ол (бай), жайылымдық мал шаруашылығы жағдайында, ешқандай қанаушы ретінде емес, керісінше, шаруашылықтың рулық негізде қалыптасқан қоғамның орны толмас және пайдалы мүшесі ретінде құрметтеледі» [2, 116.].

Қазіргі жастар түгіл аға буын өкілдерінің өздері де жетпіс жыл бойы кеңестік кезеңде жұмыс істеп мыңдаған адамдарды жұмыспен, еңбек ақымен, азық-түлікпен қамтамасыз еткен колхоздар мен совхоздардағы мыңғырған малдың қайдан келгендігіне бір сәт ойланып, мән бермегендігіне кепіл бола аламын. Ол малдың бәрі 20-жылдардың аяғында тәркіленген, кезінде бүкіл ел-жұртына қамқор болған қазақ байларының меншігі болатын. Міне, сондай еліне, жұртына қайырымды да қамқор байлардың бірі Адай руының өкілі 1835-1917 жылдары өмір сүрген Оразалы Есенұлы болатын. Ол кісі 1895 жылы Кіші Қажылыққа, 1900 жылы Үлкен Қажылыққа барған Қызылқоға өңіріне белгілі пірадар адам болыпты. Сағыз, Мұқыр, Кенбай, Қоңыраулы бойын жайлаған, елге қамқор, қолы ашық, жомарт жан екен.

Қазіргі Мұқыр ауылы маңында Жаңасуда құдық қаздырып, елді сумен қамтамасыз еткен. Бұл құдықтан күні бүгінге дейін ел суын ішкен. Әйелі Тәжі сұлуға салдыртқан бейіті - Қазақстан мәдени ескерткіштерінің қатарында, мемлекеттік қорғауға алынған. Бір жылдары бес теңгелік тиын ақшаның бетіне Тәжі сұлу мавзолейі бейнеленді. Оразалының бейіті Майкөмген ауылының күншығысында «Ұшқан әулие» қорымында орналасқан.

Оразалы қажының мұрагері - Саптаяқ Оразалыұлы 1860 жылы дүниеге келді. Әкесі Оразалыға 1918 жылы Қоңыраулыда үлкен ас бергенде 600 үй тігіліп, ат бәйгесі ұйымдастырылғаны өз алдына, сол өңірдің кедей-кепшіктері мен жарлы-жақыбайларына 20000 сом Керенский ақшасы үлестіріліп беріліпті. Оразалыұлы Саптаяқ 1928 жылы конфискацияға ілігіп, оның меншігіндегі 10000 койы, 3000 жылқысы және 1000 түйесінен Қызылқоға ауданындағы Бірлік, Алғабас колхоздары құрылған көрінеді. Саптаяқты Гурьев түрмесінде тергеп, інісі екеуін Ақтөбе қаласындағы түрмеге айдап бара жатқан жолда екеуін де атып өлтіріп, бір жыраға жүздерін жасыра салған. Бейіті жоқ [3].

Индер ауданы Аққала ауылының тұрғыны, мәдениет саласының маманы, алтынның сынығы Әдиетов Камал өз әулетінің қилы тағдыры туралы былай деп әңгімелейді: «Атам Ізім - өте бай болған адам. Төрт түлігінен жер қайысып жатады екен. Сол өңірдегі ең түйелі бай болса керек. Толыбай деген жерде ол кісінің 1000 түйесі болыпты, 1928 жылы кәмпескі басталып, соның бәрін тартып алыпты. 1931 жылы атам Ізімді (құжатта Ізмағамбет болуы мүмкін) Текенің

Ілбішін деген жеріне тышқан аулауға жанұясымен жер аударыпты. Үйде төсек тартып жатқан Ізімнің әкесі Бөтешті де белсенділер алып кетейін деп жатқанда бауырына басқан жиырмаға жетпеген немересі Төлеген «Атама тимеңдер, мен орнына барып түрмеге қамалайын» деп атасының орнына айдалып кете барыпты (Толыбай құмында Бөтеш қыстағының орны әлі бар).

Біздің әулеттің бар малын тартып алып Ілбішін деген жерге апарып, қара жұмысқа салыпты. Осы бір жазықсыз азапты көтере алмаған Ізім атамыз 58 жасында қайтыс болып, Ілбішіннің бер жағындағы Жайық жағасындағы бір қауымға жерленіпті. Сүйегін елге әкелуге де рұқсат бермепті қызыл үкімет. Ол кісі қайтыс болғасын жанұясы Атаның қабірін қимай жылай-жылай елге келіпті» [4].

Камалдың айтқанына біздің қосарымыз, аталары Ізімді Орал жаққа жер аударып жібергенде, ол кісінің меншігіндегі 1000 түйені, сонша ірі қара мен жылқыны Амангелді колхозына алған болуы мүмкін. Өлкенің ұлы ақыны Мұрат Мөңкеұлының атақты «Елге сәлем» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Сәлем де Сейіт, Шойтас, Тәшімдерге,

Елдегі игі жақсы әсілдерге.

Жетелеп ақ түйені кеттім жаяу

Көрмеген бұрын-сонды асу жерге [5, 92б.].

Осы жолдарда айтылған Есен Беріш Сейіт есімді байдың ұлы Керейдің 5000 жылқының иесі болыпты. Сол кісінің немересі, облысқа белгілі ұстаз Кереев Ғадылжанның айтуынша Сейіттің ұлы Керей ағайын тумаға, кедей-кепшікке қарайласып, көмектесіп отырған. 1928 жылы мал-мүлкі тәркілеуге ілініп, барлық малынан айырылған. Керейдің бағбандық өнері де болыпты. Сондықтан тәркілеуден кейін жер аударылмай, қазіргі Сарытоғай ауылында алма бағына агроном қылып қалдырады. Кейінен Махамбет те қайтыс болғанда селоның орталығындағы зиратта жерленген. Бұл кісі де ақталмаған.

Саяси қуғын-сүргіндердің құрбаны болған аталары туралы Патшағұлов Сәбен былай деп еске алған болатын: Әкеміз Қойлыбай Патшағұлов 1916 жылы Қарабауда туып өскен. Атасы Көреғұл Шауқаров туралы Сабыр Ғабдолкәрімұлының «Атадан аманат» атты кітабында «Ал Есболай әулетінің атадан балаға мұра болып келе жатқан, аты аңызға айналған байлығы советтік дәуірге міні құрамай жетті. Кешегі байларға қасқырша шапқан заманда мал-мүлкі талан-таражға түсіп, тағдыры тәлкек болған Құрық, Дәулетияр, Көреғұл, Байбосын, Тәлкен секілді Қарабау өңірінің ірі байлары да осы әулеттің өкілдері», - деп жазған екен. Көреғұл атамыз - сол Есболайдың ұрпағы.

Табылды, Итемгеннен Қара туды,

Қалдыбай, Қабыл, Мәтен және туды.

Ар жағы Есболайдан бермен қарап

Аузына әлі жұрты қаратулы, - деп арғы аталарымызды Мұрат Мөңкеұлы жазып кеткен.

Қарадан – Дәрі, Есет, Сары, Қамбар, Бөкенбай, Жанғұтты. Есеттен – Шауқар, Шауқардан – Көреғұл. Көреғұл атамыздың қай жылы туып, қай жылы дүниеден өткені туралы менің қолымда деректер жоқ. 1903-1908 жылдары

Қарабауда болыс болып сайланған. Көреғұл атамыздан Патшағұл, Көбеген, Әмір атты үш ұл қалған. Көбеген атамыздан ұрпақ жоқ. Әмір атамыздан жалғыз Сәлима атты апамыз болды, ол қазір дүниеден өтті. Патшағұлдан Ораз, Қойлыбай, Қамима қалды. Ораз атамызды Патшағұлдың інісі Көбеген бала болмағандықтан бауырына басқан. Олардан тараған ұрпақтар Батыс Қазақстан облысында тұрады. Патшағұлдың жалғыз қызы Қамимадан Шапих атты ұл қалды, олардың ұрпақтары Атырауда тұрады.

Көреғұл атамыз 1928 жылы кәмпескеге іліккен. Көреғұл атамызбен бірге Патшағұл да кәмпескеленген сияқты. Әкелі-балалы Көреғұл мен Патшағұлды малын тартып алып, өздерін жер аударып жіберген. Ол жақтан менің арғы атам Көреғұл қайтып келіп, соқа басы Гурьев қаласындағы құдасының үйінде қайтыс болыпты. Ал өзімнің атам Патшағұл елге оралмаған, сол кеткеннен мол кеткен. Елде қалған ұрпақтары «болыстың, байдың балалары» деген сылтаумен қуғын көреді. Қиындық көрген ағайындар Қарабаудан көш бастап, Орал өңіріне келеді. Сол айдауға кеткен аталарым Шауқаров Көреғұл мен оның ұлы Патшағұлдан хабар болған жоқ. Әкеміз кете-кеткенше тіл жарып, ештеңе айтпады. 1970 жылы дүниеден озды. Сол кісілер туралы архивтен қалған деректер болса, ақталса деген ойларым бар.

Кеудесінде жүрегі бар адамды бей-жай қалдырмайтын тағы бір тағдыр, қазіргі Индер ауданына қарасты Қаңбақты елді мекенінде өмір сүрген Бегіс руының атақты молдасы, сол өңірді жарылқаған аса ірі бай Ажаев Лұқпанның тағдыры. Ажаев Лұқпан 1857 жылы дүниеге келген. Оның 4 ұл, 4 қызы болған. Мешіт ұстап бала оқытқаны үшін Кеңес үкіметі тарапынан қатаң жазаланған Лұқпанның немерелерінің арасынан кейін республикаға танымал ғалымдар, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының Акадедигі, геология-минералогия ғылымдарының докторы Мұфтах Дияров, Атырау мемлекеттік университетінің профессорлары Қатап және Қазим Қамматовтар өсіп шықты. Лұқпан молда Астрахан, Қазан қалаларында діни білім алғаннан кейін жергілікті халықтың балаларын оқыту мақсатында Қаңбақтыда мешіт үйін тұрғызып, онда ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткен. Мешіт ғимаратын тұрғызуға қажетті құрылыс материалдарын, тастарды, тақтайларды бірнеше жыл бойы Астрахан қаласынан түйе арбамен және түйе шанамен тасытып алдырғаннан мешітті кейін сол қаладан жалдап алған орыс шеберлеріне салдырған. Мешіт ғимараты жеке-жеке үш үйден тұрған. Олардың біреуінде молданың жанұясы, екіншісінде жұма сайын халыққа ас беретін орын, үшіншісінде «Қадим» әдісімен бала оқытылған. Қазақ діни ағартушыларының өз халқына, қалың кедей жұртшылығына жасаған жақсылығы мен қайырымдылығын көп елдерде баламасы жоқ құбылыс ретінде қарастыруға болады. Соның жарқын мысалы Ажаев Лұқпанның қызметі еді. Халыққа арнайы салдырған ғимараттың бір үлкен бөлмесінде сиымдылығы 25-30 литр шамасындай тайқазан орнатылып, әрбір жұма күні оған шелпек нан, бауырсақ пісіріліп, намазға келген адамдарға үлестіріліп берілген. Лұқпан атаның салдыған мешіті кеңес үкіметі орнаған кезге дейін жұмыс істеп, 1928 жылы бай-феодалдарды тәркілеу бастағаннан кейін, молданың бүкіл мал-мүлкін тартып алып, мешітті советтік мектепке айналдырған. Ол мектеп 1960

жылдарға дейін жетіжылдық мектеп күйінде жұмыс істеп тұрды. Ол мектеп қабырғасында 50 жылдары ҚР Ұлттық Академиясының Академидігі Н.Сейітов, Атырау университетінің профессоры Ш.Нағымұлы сынды белгілі ғалымдар оқып білім алды. Лұқпан ата ауқатты адам болған. 1928 жылы тәркілеуге ұшырағанға дейін жеке меншігінде 2500 қой-ешкі, 500 сиыр, 650 жылқы, 170 түйе болған. Солардың бәрін бір күнде тартып алып, кенже ұлы Қабделмәжиттің алдына салып айдатып, Қарағанды жаққа жер аударып жіберген. Сол кезде 21 жаста болған Қабдолмәжит өзіне бейтаныс өлкеде аштан өлген. Оны естіген әкесі Лұқпан молда құсалықтан қайғырып қайтыс болғанда марқұмның жаназасына соятын ең болмағанда лақ таба алмай туысқандары қатты қиналған [6].

Осы айтылғандардан бөлек, тағы бір дерек: атыраулық байлар мен ауқатты адамдарды кеңес үкіметі өзінің «батыл» шешімімен 1921-1922 жылдары ашыққан адамдарға тіркеп, олардың жандарын сақтап қалуға пайдаланыпты. Облыстық архивтің №109 қорының №№31, 32,37 істері соған дәлел болып табылады. Мысалы, 1922 жылдың тамыз айында Гурьев уезі Плотивинск болысының №11 ауылының ашаршылыққа ұшыраған 160 тұрғынының тізімі жасақталып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге сол жердің байлары Жұбанов Есімді, Ертілеуов Көбенді, Жұбанов Есенкелдіні, Балмұқанов Ерниязды, Асаубаев Қолбекенді, Қатимиров Ақбайды, Бекешев Сакенді, Дүйсалиев Төкешбайды, Кенғанов Махамбетті, Макенов Избанды, Қарабалин Нұрды, Биманов Шәріпті, Есниязов Тынымқұлды, Жанғалиев Қапалыны, Аймағанбетов Сәбитті, Аймағанбетов Кенжені әрқайсысына 5-10 отбасыны асырауға міндеттеген. Мысалы, Жұбанов Есімнің қамқорлығында Алмағанбетов Баймұқан, Жолдыбаев Ахмет, оның әйелі Зүбайда, Жолдыбаев Бөрібай, әйелі Збира, баласы Есмағанбет, қызы Әлия болса, оның туысы Ескелді Жұбановтың «мойнына» Ібішев Сайлау, Жұманов Қазбек, Жұманов Қазғұл, фамилиясы белгісіз Темірбай, Есов Жадай, оның әйелі Зағипа, Исов Қойшыбай, Исов Накен, Отанов Құлымбет, оның әйелі Қапиза, Қожамқаев Тасбай, оның әйелі Сұлу және басқа да ашыққандарды іліп қойған. Келесі 1922 жылдың 12 мамырында жасақталған ашыққандар мен оларды құтқарған байлардың тізіміне Гурьев уезі №1 ауылының азаматтары енген. Бұл ауылдың ашыққан 61 азаматына азық-түлік беруге Амандосов Бошан, Тыныштықов Дошан, Есетов Сәлім, Ибраев Нарынбай, Оразов Тәжігерей, Беркетов Бисембі, Оразов Сембай, Тілегенов Жұман, Қобдабаев Базар, Тәжіғалин Мұрат, Пұсырманов Бисен, Көлеков Шынтас, Исатаев Жұма, Жалғасов Шора, Жалғасбаев Өтеғұл есімді бай азаматтар тіркелген.

1922 жылы Гурьев уезі Ақжал болысы №2 ауылының ашыққан 75 азаматына сол өңірдің ауқатты азаматтары Төребеков Бөкенді, Қарабасов Құтқұлды, Қарабасов Сұлтанды, Жарықов Қанатты, Мырзаев Әмірді, Жаналиев Сәрсенді, Жасынов Сағынды, Жаналиевті(аты көрсетілмеген), Алманов Бекқұлды тіркеген.

1922 жылы сол болысқа қарасты №3 ауылдың ашыққан 67 азаматына көмектесу үшін Қодабаев Дәуітті, Өтемісов Қойбағарды, Алишанов Хасанды,

Таңбаев Шаштыбайды, Бүркітов Қабида, Көшенев Исламды, Бибатов Рахипті, Іргежанов Қайреденді, Жайыновты, Дәулетов Ақанды, Балтабаевты, Қылышбековты, Алиевті, Аманиязов Баймағанбетті, Шойтасов Шағамбетті, Жайкүтов Нұғманды тіркеген.

Сол жылы Ақжал болысының №4 ауылының 35 азаматына Шорқанбаев Өмірзақ, Бекбосынов Тілеген, Нысанов Махамбет, Махамбетов Жүнісқали, Бурабаев Оспан, Шығанақов Ниязбек, Әбілхайыров Құрман есімді ауқатты адамдар жәрдемдескен.

1922 жылдың 13 тамызында жасақталған Гурьев уезі Бестөбе болысы №3 ауылының ашыққандарының тізіміне 115 азамат еніп, оларға азық-түлік беруге міндеттелген Санбаев Сұймағанбет, Көптілеуов Манабай, Үздібаев Битен, Аманжүсов Бақытжан, Бөриев Жолдыбай, Темірбеков Боран, Жауғаштиев Ізтелеу, Бұқарбаев Рысқали, Үздібаев Қоздыбай, Орысбаев Темірбай, Темірбеков Бесбай, Биманов Сапи тіркелген.

Сол болыстың №4 ауылының ашыққандары мен ауқаттыларының тізімі 1922 жылдың 10 тамызында жасақталыпты.

Бұл ауылда аштыққа ұшыраған 100 адамға азық-түлікпен Самбетов Ақшулақ, Самбетов Боқан, Машанов Бекмұқан, Төлеманов Ағис, Төгілгенев, Атанғарин Мәмбет, Иманқұлов Ернияз, Айтөриев Алпысбай, Айтілесов Рақым есімді жандар көмектескен.

Бестөбе болысының №5 ауылында 1922 жылы тамыз айында тізімде көрсетілген 90 ашыққан адамдармен өздерінің қолдағы бар азық-түлігімен Мамбетниязов Машкерім, Кешербает Сарық, Қазиев Жанай, Алжаров Ақуан, Айтенов Қазі, Сарбөпиев Байгелді, Есов Бисекен, Тілеубаев Тілепберген, Қарағолов Алтынбай, Жорамұратов, Өтекенов Қауеп, Аманбаев Нұрғали, Қыбалиев Ербақсиық есімді ауқатты адамдар бөліскен.

Сол болыстың №6 ауылында ашыққандардың 1922 жылдың 10 тамызында тізімі жасақталып, оған енген 122 адамға Жанайбаева Атабике, Жанайбаева Шағира, Мұқанов Оразбай, Соқырсариев Қапан, Майғанов Бимұқан, Шакиров Ермұқанбет, Қарабаев Ожамбай, Қарабаев Жақия, Ниязова Аққыз, Наурыззов Ораз, Сұлсейітова Айтжан, Қарымсақов Бижан көмектескен.

Бестөбе болысының №8 ауылында 1922 жылдың тамыз айында 158 ашыққан адамның тізімі жасақталып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге Қалбаев Сары, Бітімбаев Ақтан, Наурыззов Жұбанияз, Құтжанов Жұман, Жанаев Сисенбай, Есетов Әділ, Аманиязов Қосымбай, Қошанов Мыңбай, Аманшиев Өсербай, Тажиева Мүрипа, Ищанов Төлен, Сауанов Есенғазы, Тажиев Әбіш бекітіліпті.

Келесі тізімге 1922 жылдың 6 тамызында Бестөбе болысының №9 ауылының 104 тұрғыны енгізіліп, оларға көмектесу үшін Жанәділов Күнбай, Асекнов Лекер, Кеңесбай, Шөңке, Мұқан, Аманов Мырзақұл, Иманов Жұмағазы тіркелген. 1922 жылдың 7 тамызында жасақталған тізімге болыстың №2 ауылының 141 ашыққан адамы енгізіліп, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Наурыззов Әбдірақман, Ершіманов Дүйсен, Наурыззов Абат, Ботаев Тұрыш, Аманиязов Шоқпар, Шолпанов, Қауақов Қазбай, Бірманов Оңайқұл, Бірманов

Жаманқұл, Жаманов Төлеу, Құлмағанбетов Сары міндеттелген. Барлығы Гурьев уезі бойынша ашыққан 1285 адамға 149 ауқатты, бай адам қол ұшын беріпті [7].

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды: біріншіден, атыраулық ақталмаған байлардың бәрін анықтап, ақтауға ұсыныс беру қажет. Екіншіден, кезінде бүкіл мал-мүлкін ортаға салып, колхоздардың құрылуына жағдай жасаған байлардың есімдерін қазіргі ұрпаққа насихаттау керек. Олардың есімдерін өздері өмір сүрген аймақтардағы елді мекендерге, көшелерге немесе басқа объектілерге беру мәселесін қарастыру керек. Осы мәліметтерге облыстық онамастикалық комиссияның мүшелерінің назарын аударғым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абылхожин Ж.Б. Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации традиционной структуры Казахстана (1920-1930-е гг.), А., 1991 г. 10-стр.

2. Бұл да сонда. 11 бет.

3. Атырау мемлекеттік университеті гуманитарлық және Өнер факультетінің аға оқытушысы Жамбауылова Гүлмирадан жазып алынды.

4. Индер ауданы Аққала ауылының тұрғыны, мәдениет саласының маманы Әдиетов Камалдан жазып алынды.

5. Мұрат Мөңкеұлы. «Арыс» баспасы. Алматы. 2001 жыл. 92-бет.

6. Профессор Қ.Қамматовтан жазып алынды.

7. Атырау облыстық мұрағаты, №109 қор. 37-іс.

Таңатарова Ж.Т.,

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
Атырау облыстық комиссия жұмыс тобының жетекшісі*

КЕҢЕСТІК САЯСИ БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫН ҚУҒЫН СҮРГІНГЕ ҰШЫРАТУЫНЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІНЕ ТАЛДАУ

1920 жылы Кеңестер одағындағы барлық саяси және экономикалық бағыттарда өз үстемдігін нығайтып алған Бүкілодақтық коммунистік партия (бұдан былай ВКП(б) Ендігі жерде «артта қалған социалистік құрылыстың дамуына кедергі болады деген халықтарды жаңа өмірге бейімдеуге кіріседі яғни ауылда таптық күресті ойлап тауып, аразды пен қоғамдағы рулық патриархалды шектеулерді ыдыратуға кіріседі. Көшпелі қазақ ауылдарын ұжымдастыру, оларды күшпен отырықшылыққа көшірумен қатар жүргізілді. Бұл шараға Мәскеу аса мән берді, өйткені КСРО бойынша барлық көшпелі шаруашылықтардың 80 пайызына жуығы Қазақстанда болды.

Қазақстандағы 119 ауданның 94-і көшпелі және жартылай көшпелі Қазақ ауылдарындағы таптық межелеуге кіріскен алғашқы шара 1926 жылғы 20

мамырдағы ҚазОАК мен ХКК-нің «шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу туралы шешімімен күшейтіледі, нәтижесінде кедейлер мен орташа тұрмысы бар тұрғындардың егістік жер телімдерін 2,6 млн. гектарға өсті, осы жерден көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын қоныстандыру оңайға түсті. 1926 жылы өлкелік комитет арнайы комиссия құрып бірқатар ауыл-елді зерттеп, барлау жұмыстарын жасады. Зерттеу нәтижесінде ауылшаруашылығындағы шешуші ықпал 700 шаруашылықтың қолында екені анықталды. Бұл қазақ ауылдарындағы ең беделді, ең ықпалды адамдардың отбасылары екені белгілі болды, олардың көпшілігі халық арасында беделге ие, ауыл-қауымын соңына ертіп бас-көз болып отырған құрметке ие ғана емес, ірі өндіріс күштеріне де ие - ірі меншік иелері (мал, жер) байлар, хандар мен сұлтандардың, патша ағзамға жақын болған адамдардың ұпақтары еді. Олар ауылдағы беделін, мүліктік және қоғамдағы шешуші рөлін пайдаланып Кеңестік құрылысқа қарсы шығуы немесе кедергі келтіруі мүмкін деп қауіптенді. 1926-1927 жылдары байлар мен кедейлердің арасына сына слуга тырысты, сөйтіп тап жаулары ретінде бір-біріне қарама қарсы қоюға тырысты. 1928 жылы 30 тамызда **Қазақ АССР ОАК және Халық Комиссарлары кеңесінің байларды-жартылай феодалдарды тәркілеу және шығару туралы қаулысы қабылданады.**

Бұл қаулыда құрамында мәдени жағынан артта қалған ұлттары бар Қазақ республикасында осы уақытқа дейін жүргізіліп жатқан іс-шаралар революцияға дейінгі ескі қатынастарды әлі тиісті дәрежеде өзгертпеді деп баға берді. Қазақ республикасында кеңес өкіметін орнату тәжірибесі көрсеткендей, бар таптардың және бұрынғы артықшылықты таптардың өкілдері ауыл мен үйлерде Кеңес өкіметінің негізгі іс-шараларын өткізуге кедергі келтіреді, қасақана үгіт-насихат жүргізеді, ұлтаралық және рулық алауыздықты қоздырады, бұл ретте, туыстық қатынастары мен кедейлердің экономикалық тәуелділігін пайдаланады және сол арқылы республиканың экономикалық және мәдени даму қарқынын тежейді деп атап көрсетеді.

Халықтың кедей және орта топтарын осы адамдар тарапынан болатын экономикалық тәуелділіктен және еңбегін пайдаланудан босату мақсатын қояды. Сол сияқты еңбекшілердің тезірек экономикалық өрлеуі мен мәдени дамуына қажетті жағдайлар жасау мақсатында КАССР ОАК және ХКК қаулы етеді дей отырып:

1. Бұрынғы Жетісу және Сырдария губерниялары мен Қарақалпақ автономиялық облыстарының Адай округі мен мақта өсіретін аудандарын қоспағанда, Қазақ АССР-да жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өзінің мүліктік және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі келтіретін анағұрлым ірі малшыларды жергілікті тұрғындардан бөлектеп шығару жүргізілсін.

Ескертпе: 1. Осы бапта көзделген ірі мал өсірушілерге көшпелі аудандарда ірі малға ауыстыруда 400 астам мал басы, жартылай көшпелі аудандарда 300 астам мал басы бар мал өсірушілер жатады, бұл ретте жекелеген жағдайларда КАССР ХКК соңғы аудандары үшін көрсетілген норманы 100 басқа дейін төмендету құқығы беріледі деп қаулы қабылдады. Бұл көшпелі аудандарда 400-

ден астам мал (ірі қараға аударылған кезде), жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам, отырықшы аудандарда 150-астам, кейде 100 басқа тиесілі шаруашылықты білдірді.

2. Осы қаулының 1-бабына сәйкес көшіруге жататын адамдар және олардың отбасылары бұрынғы шаруашылық қызметі аудандарында тұру және шаруашылық жүргізу құқығынан айырылды.

3. Осы қаулының 1-бабында көрсетілген адамдар мен олардың отбасыларын шығару кезінде олардың ауыл шаруашылығымен тікелей немесе жанама байланысты барлық мүлкі, ол қандай болса да және қай жерде болса да, еңбек шаруашылығын жүргізу үшін қажетті ең төменгі малды, ауыл шаруашылығы мүкәммалын қоспағанда, тәркіленуге жатады. Ауыл шаруашылығы керек-жарақтарының құрамына кірмейтін тұрмыстық заттар (көйлек, іш киім, жиһаз, үй ыдыс-аяқтары және т.б.), сондай-ақ азық-түлік өнімдері тәркіленуге жатпайды.

Ескертпе: 1. Осы қаулының 1-бабында көрсетілген адамдарға кедей және қуаты аз шаруашылықтар берген борыштық міндеттемелер бойынша өндіріп алу жүргізілмейді. Белгіленген борыштық міндеттемелер көрсетілген тұлғалардан өндіріп алынуға жатады.

4. Бай малшылардың мүлкін тәркілеу кезінде, ең алдымен, олардың шаруа қожалықтарында жұмыс істейтін батрақтар мен кедейлерге қатысты төлем міндеттемелерін реттеу және осы шаруа қожалықтарын жұмыспен қамтамасыз ету шаралары қабылдансын (колхоздарға тарту, совхоздар бойынша орналастыру, оларды өз шаруашылығын ұйымдастыру үшін тәркіленген мүлік есебінен жабдықтау және т. б.).

5. Өз жағдайы бойынша бұрын артықшылықты топтарға жататын адамдар, атап айтқанда: сұлтан және хан ұрпақтары, сондай-ақ бұрынғы патша үкіметінен кеңестік үкіметке қарсы қызметіне байланысты ерекше наградалар алған, бірақ осы қаулының 1-бабының күшіне енген бұрынғы ауысымсыз болыс билеушілері мүлкі тәркіленіп, бұрынғы қызметінің аудандарынан болыс билердің қызметшілері де кірді.

Ескертпе: 1. Осы бапта көрсетілген адамдардан мүлікті тәркілеу кезінде осы қаулының 3 және 4-баптарында жазылған қағидалар қолданылды және КАССР ХКК жекелеген жағдайларда осы бапта көрсетілген адамдарды мүлкін тәркілеуден босату құқығы беріледі. Осы қаулының 1 және 5-баптарына сәйкес адамдарға осы адамдар бұрын шаруашылық жүргізбеген Қазақ АССР-нің басқа әкімшілік-аумақтық бірліктеріндегі отарлау-қоныс аудару қорынан еңбек нормасы шегінде жер беру құқығы беріледі.

6. 1928 жылғы 1 қаңтардан кейін қабылданған осы қаулының 1-бабында, ал тиісті жағдайларда 5-бабында аталған адамдардың шаруашылықты қолдан бөлшектеу сипатындағы мүлікті бөлуі жарамсыз деп танылады.

7. Осы қаулыны іс жүзінде жүзеге асыру үшін комиссиялар құрылсын:

а) аудандық атқару комитеттері жанындағы орталық және аудандық.

Ескертпе: Комиссиялар өз жұмысында тиісті атқарушы комитеттердің аппаратын пайдаланады; комиссия мүшелері өз ведомстволарының аппараттарын жұмысқа тартуға құқылы.

Сонымен қатар бұл жұмысты жүзеге асыратын механизмдерінде анықтап бекітті.

Орталық комиссия КАССР ОАК төралқасының төрағасының немесе мүшесінің төрағалығымен құрылады, оның құрамында: КАССР ХКК төрағасы немесе оның орынбасары, Ауыл шаруашылығының халық комиссариатынан бір мүше, Мемлекеттік саяси басқармадан бір мүше (бастық немесе оның орынбасары), Қосшы Одағынан бір мүше және Жер және орман шаруашылығы жұмысшыларының одағынан бір мүше болды.

Атқару комитеттері жанындағы комиссиялар Атқарушы комитет төрағасының немесе оның орынбасарының төрағалығымен мүшелер құрамында құрылады: жер бөлімінің меңгерушісі, Мемлекеттік саяси басқарма уәкілінен, Қосшы Одағынан және Жер және орман шаруашылығы жұмысшыларының одағынан бір өкілден.

Орталық және округтік комиссияларға кеңесші дауыс құқығымен прокуратура өкілдері қатысты.

Осы қаулының 1 және 5-баптарында аталған адамдарды бұрынғы қызмет аудандарында тұру және шаруашылық жүргізу құқығынан айыру, оларды көшіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ мүлікті бөлу аудандық атқару комитеттеріне жүктелді.

Орталық комиссияның міндеттеріне мыналар жатады:

а) төмен тұрған комиссиялардың жұмыстарды орындауы үшін мерзімдерді белгілеу;

б) осы комиссиялардың жұмысын басқару;

в) берілген шағымдар мен наразылықтарды қарау.

8. Мүлікті шығару және алып қою, сондай-ақ оны пайдалану туралы аудандық комиссиялардың қаулылары аудандық атқару комитеттерінің бекітуіне жатады. Бұл мәлімдеме түпкілікті болып табылады және орындалуға бағытталғандықпен атап көрсетілді.

Тәркіленген және осы қаулыға жататын азаматтар Көшіру мерзімі ОАК-ның ерекше қаулысымен айқындалады, бұл ретте, көшіру 1928 жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей аяқталуы керек болды. Бұрын өздеріне тиесілі иелігін қаулыда көрсетілген мерзімге қалдырмаған адамдарды шығаруды Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы және милиция органдары жүргізді.

Көшірілген адамдар мәселені округтік атқару комитетінде қарағанға дейін өндірген күздік және жаздық егістер көшірілген адамдардың меншігі болып танылды және оларға осындай егін жинау құқығы қалдырылады. Көпжылдық шөптерді пайдалану нақты көшірілген сәттен бастап тоқтатылды.

Осы қаулының 3 және 5-баптарына сәйкес тәркіленетін мүлік арнаулы нұсқаулыққа сәйкес, байырғы халықтың кедей шаруашылығына оларды нығайту мақсатында өзінің көп (60-70%) бөлігінде беріледі, бұл ретте, сонымен қатар, оларды ұжымдастыру үшін шаралар қабылдануы керек. Көшірілген

малшылардың анағұрлым ұйымдасқан шаруашылықтары аталған шаруашылықтарда жұмыс істеген шаруалар мен кедейлерді тарта отырып, ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) құру үшін пайдаланылуға тиісті болды. Тәркіленген мүліктің қалған бөлігі қолданыстағы колхоздар мен совхоздарға, ал аса құнды асыл тұқымды мал жер органдарының асыл тұқымды шаруашылықтарына және жергілікті ауыл шаруашылығы оқу орындарына берілсін деген қаулыда.

Аудандық атқару комитеттеріне тәркіленген мал алған шаруашылықтарды оны ұстау үшін қажетті жем-шөп мөлшерімен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырсын. Осы мақсат үшін осы қаулының 15-бабына сәйкес тиісті аудандар үшін белгіленген мемлекеттік бағалар бойынша көшірілген малшылардың қарамағында қалған жем-шөп бөлігін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға Нұсқау берілген.

КАССР ХКК осы қаулыны дамыту үшін нұсқаулық шығаруды ұсынады. «Кеңестік дала» газеті, 1928 жылғы 5 қыркүйектен осы қаулы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді Орталық атқару комитеті төрағасы Е.Ерназаровтың, ХКК-нің төрағасы Нұрмақов, ОАК хатшысы Асылбековтың қолы қойылған. Қазақ АССР ОАК және Халық Комиссарлары кеңесінің байларды-жартылай феодалдарды тәркілеу және шығару туралы қаулысын қабылдайды.

Кеңес өкіметінің негізгі іс-шараларын өткізуге кедергі келтіреді, қасақана үгіт-насихат жүргізеді, ұлтаралық және рулық алауыздықты қоздырады, бұл рет, туыстық қатынастары мен кедейлердің экономикалық тәуелділігін пайдаланады және сол арқылы республиканың экономикалық және мәдени даму қарқынын тежейді деген желеуді алға ұстай отырып, байлар мен орташа шаруашылығы барлардың құқығын бұзу, мал- мүлкін күштеп алып қою сияқты репрессивті әдісті қолдануға ашық рұқсат берілді және мыңдаған адамдардың тағдырын тәлкекке салып ойлап табылған тап жауы мен күрес деген сылтаумен, ата-бабасынан бері өмір сүріп тұрып келе жатқан атамекендерінен күштеп айырып, отбасы-ошақ қасын ойрандауға заңды түрде мемлекеттік тапсырма берілді. Отандық тарихтың ең маңызды, ең күрделі тақырыптарының бірі Кеңестік үкіметтің қазақ ауылдарындағы қайта құрулары. Гурьев оқуінде аса қатал зардаптармен тарихта қалды.

«Кеңестік дала» газеті, 1928 жылғы 5 қыркүйек Гурьев округіндегі қуғын-сүргіннің жүру барысы және әдістері - архив құжаттарында XX ғасырдың аласапыранында өмірге келген Кеңес үкіметі, өз кезегінде жаңа мемлекеттік жүйеге қарсылық көрсетеді деген желеумен және соғыстан қалжырап шыққан елдегі экономикалық қиыншылықтарды 1929 жылы байлар мен кулактарды мүлкімен байлығынан ажырату арқылы шешу үшін оларды тап ретінде жою және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанын бастап кеткен болатын. Сталиндік тоталитарлық-әкімшілдік жүйе мал –мүлкімен бар байлығын сыпырып алып, режим шаруаларды қудалау саясатын жүзеге асыруды қолға алды. «Кулак элементтерімен» және «контрреволюция тыңшыларымен» күресуді жүзеге асырған партияның Өлкелік комитеттің Қаулысымен тәркілеу

туралы Декрет 1928 жылы 1 қыркүйекте шықты, 10 қыркүйектен кешікпей тиісті барлық құжаттарды дайындау, ал тәркілеу жұмысын 20 қыркүйектен қалдырмау, 1 –ші қарашаға дейін аяқтауды көздейтін құжат дайындалды. Өлкелік комитет округтерде тәркілеу жұмысына басшылық жасау үшін әрбір округке өкілдерін - іс сапарға жіберудің кестесін бекітті. Гурьев округі бойынша Кульчурин деген өкіл тағайындалды. Аудандарда тәркілеу жұмысын жүзеге асыратын арнайы комиссия ұйымдастырылды. Өлкелік комитет бағдарламасының жоспарына сәйкес округтегі тәркіленетін шаруашылықтар топтарға бөлініп, 1 – ші санат бойынша ірі байлар – жартылай (полу) феодалдар, 2- ші санат анти – советтік қызметке қатынасы бар ерте жабдықталған байлар деп жатқызылды.

1928 жылы 9 қазанда округтік тәркілеу жұмысы комиссиясының есебінен ірі байларды тәркілеу жұмысы әлеуметтік – қауіпті элементтер ретінде 1928 жылғы 28 тамыздағы Қазақ АССР және Орталық Атқару Комитеті декретінің әрекеті бойынша жүзеге асырды. Округтік комиссия жұмысын 6 – қыркүйекте бастады, құрамында 6 – адам болды.

1. Мунбаев – комиссия төрағасы;
2. Мартынов – комиссия мүшесі (округ бөлімі басшысы);
3. Джиенбаев - комиссия мүшесі (ОКРЗУ меңгерушісі);
4. Турешов - комиссия мүшесі (Рабземлес Қоғамы төрағасы);
5. Сағындықов - комиссия мүшесі («Қосшы» Одағы төрағасы);
6. Даулбаев - комиссия мүшесі (округтік прокурор);

Округ аудандарға бөлінді, 7 – ауданға , 22 – адам бөлініп, олар бөлінген аудандарға 10 – қыркүйекте келіп жетті. Архив құжаттары көрсетіп отырғандай тәркілеу науқанына дайындық жұмысы 11 – 19 қыркүйек аралығында басталған, бұл жұмыстар Теңіз ауданында 19 – қыркүйекте аяқталды. Аудандық мәжіліс жиналыстары ұйымдастырылған. Еспол ауданында аудандық комсомол мәжілісі өтті. Оған ауылдық кеңес төрағасы, жеті жылдық мектеп мұғалімдері қатынасты. Өткізілген жиналыстар саны:

1. Аудандық мәжіліс – 6;
2. Атқару комитеті мәжілісі – 6;
3. Аудандық комсомол бюросы – 1;
4. Аудандық актив жиналысы – 2;
5. Ауылдық Кеңес төрағалары жиналысы – 1;

Бастапқыда Гурьев округі бойынша 40 – шаруашылық, оның ішінде 1-ші санатты 35 шаруашылық, 2 – ші санатты 5 шаруашылық болды, барлығы-25 адам, оның ішінде 1 –топқа 19 адам; 2 – топ 6 адам жатқызылған.

Адамдар бойынша тәркіленген шаруашылықтар мыналар:

1. Жаманқала 1 адам, 1 –ші топ, 400 – бас ірі малы бар;
2. Новобогат ауданы 5 адам, 1- ші топқа 3 адам, 2 – ші топқа 2 адам, барлығы-1772 – бас мал;
3. Қызылқоға ауданы бойынша барлығы 7 адам, оның 1- ші топ- 5 адам, 2 – ші топ 2 адам; мал саны 3049 – бас мал;
4. Доссор ауданы бойынша 8 адам, 1- ші топ 8 адам, 3256 – бас мал;

5. Теңіз ауданы 4 адам, 1-ші топ 2 адам, 2 – ші топ 2 адам; 870 – бас мал;
6. Есбол ауданы 1 адам, 1-ші топ; 310 – бас мал;
Барлығы: 25 адам, оның 19 – адамы 1-ші топқа ал, 2 – ші топқа 6 адам жатқызылды, барлығы 9197 – бас мал;
Мүліктер: Қызылқоға ауданы – 7 жертөле; 2 – кілем;
Доссор ауданы – 8 жертөле; 4 –кілем;
Есбол ауданы - 3 жертөле; 1 - шана;
Теңіз ауданы - 3 жертөле; 5 – кілем; 2 - шана;
Новобогат ауданы - 5 жертөле; 5 – кілем; 9 - шана; 1 – тұқым сепкіш;
6 – қамыт; 16 – қой терісі;

Жаманқала ауданы - 2 жертөле; 3 - киіз; Тәркіленген мүліктердің үлкен бөлігі 60 – 70 % (пайызы) аудандағы ең кедей шаруашылықтарға беріліп, Гурьев округінде тәркіленген мал басынан 6 – ауыл шаруашылық артельдері құрылады. Барлығы 148 адам, оның 91 – ересек, 57 жас адамдар.

1928 жылғы 30 тамыздағы Халық Комиссариаты Кеңесінің Қаулысымен шаруа қожалықтарының иелерін Қазақстанның басқа, шалғай округтеріне қоныс аударту, көшіру туралы тапсырмасы берілді. Гурьев округі бойынша Петропавл округіне көшірілетін, қоныс аударылатын байлардың Ірі қара мал басы 400 – бастан асқан шаруалар ірі байлар қатарына, ал жартылай көшпелі – ірі қара малы 300 бастан асқан байлар және 150 бастан асқан байларды қоныстанған аймақтарынан – күштеп көшірілетін болып белгіленді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Советская степь» газеті, 1928 жыл 5 қыркүйек
2. ҚР ОМА . қ1135. т.1. іс.4. п.41.
3. ҚР ПА . қ.141. т.1. іс.2926. п.91.
4. Атырау ОМА Қор № 3; тізімдеме -3; іс - № 40; беттер №№ 198, 199, 202, 204, 205, 220, 264, 265.
5. Атырау ОМА Қор № 3; тізімдеме -3; іс - № 32, 33; беттер № 37

Ахмет А.Қ.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
Атырау облыстық комиссия
жұмыс тобының жетекшісі*

ТАМУҚТАН ЖЕТКЕН ДАУЫСТАР

Кеңес-герман соғысының алғашқы айларындағы ұрыстар барысында бүтін полктер мен дивизиялар қоршауда қалып, жау қолына тұтқынға түсуге мәжбүр болады. Кейбір зерттеушілердің мәліметтері бойынша, кеңес соғыс тұтқындарының саны 5,7 млн адамға дейін жеткен, олардың ішінде 3,8 миллионы немістер тұтқынына соғыстың алғашқы айларында түскен. Қызыл Армияның кейбір жауынгерлері мен командирлері тұтқынға контузияға ұшырап, не қатты

жараланған күйде түседі. Өмірі қолдарына бұрын қару ұстамаған 18-19 жас шамасындағы боздақтар соғыс тәжірбиесі бар, жақсы қаруланған герман әскерлеріне қарсы қойылды, осылайша тура өлімге айдап салынды. Жаудың қоршауына ұшырап, қолға түсіп қалған жауынгердің тағдыры қатты өкіндіреді. Әр адамның тағдыры үлкен хикая, ол ойыншық емес. Оның ұрпағына, балашағасына әсер етті. Сондай адамдардың айтылмай жатқан тағдыры қаншама. Олардың тарихтағы лайықты орнын беру әділеттілік болмақ. Шетелдік ғылыми орталықтар әскери тұтқындардың тағдыры туралы тақырыпты зерттеумен жетілікті айналысады, қоғамдық ұйымдар түрлі жұмыстар жүргізуде екені белгілі. Тұтқындардың ағайын-туыстары архивтерге хабарласып, өлген, жерленген жері туралы ақпарат, оның тағдырын анықтау үшін қандай да бір дерек іздеп жатуы соғыс жаңғырығының әлі толық жойылмаған қабаттары жетіп артылатынын байқатса керек.

Соғыс туралы ащы шындықты айтар болсақ, кеңес-герман соғысында қоршауда қалып немесе жаралы күйінде тұтқынға түсіп, азап шеккендерді елемей кетуге болмайды. Соғыстың алғашқы кезеңінде кеңес жауынгерлері мыңдап қырылып, тірі қалғандары қоршауды бұзып өтіп партизандарға қосылды. Мұндай бақытқа қолы жетпегендер неміс концлагерлерінде азап шекті.

Әскери тұтқын – соғыс майданында қолға түскен әскери адам. 1899, 1927 жылдары халықаралық Гаага конференциялары соғыс тұтқындары мәселелерін қарады. 1929 жылы Женева конференциясында оған кейбір өзгерістер енгізілді. Бұл конференцияларда қабылданған халықаралық нормаларға сәйкес тұтқындарға оларды тұтқындаушы жақ адамгершілікпен қарау, қорлауға, жәбірлеуге, өлтіруге, тәжірибе құралы ретінде пайдалануға болмады. Бірақ бұл нормалар көп жағдайда орындала бермеді. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашисттік Германияның концлагерлерінде миллиондаған соғыс тұтқындары жойылып жіберілді.

Лагерьлерде тұтқындардың шамадан тыс шоғырлануы адам төзгісіз антисанитаралық жағдайға соқтырды, күніне 10 тұтқынға бір буханка нан берілді, ол да жетіспеді. Неміс лагерьлерінде тұтқындар ашық аспан астында ұсталды, тамақтары үсіген қырыққабат пен қабығы ашылмаған картоптан тұрды. Ашыққан тұтқындар лагерь айналасындағы шөптерді азық ретінде қолданып, оны да жеп тауысқан. Тұтқындар ашық аспан астында ұсталды, күн суыта олар амалсыздан жер қазып, жер кепелерде өмір сүруге мәжбүр болды. Лагерьлерде тұтқындар аштықтан, аурудан, азапты жұмыстардан, майдан даласынан алған ауыр жарақаттарынан өлім құшты.

Неміс лагерьлеріндегі түркістандықтарға жалғыз ғана Мұстафа Шоқай көмекке келеді. Ол, тұтқындарды өз мақсат-мүдделеріне орай пайдалануды көздеген неміс командованияесінің тапсырмасымен, қажетті мағлұматтарды (ұлты, мамандығы, білімі, жасы т.б) жинау үшін Польша жеріндегі концлагерьлерді аралайды. 1941 жылдың тамыз-қараша айларында Просткен, Сувалки, Пагеген, Дебица, Деба, Ярослав, Лемберг, Эбенрод т.б лагерьлерде болып, түркістандық тұтқындардың жағдайымен танысады.

Тұтқындар лагерьлеріндегі мыңдаған аш-жалаңаш түркістандық тұтқындардың азаптан құтылып, тірі қалуға ұмтылыстарын Мұстафа Шоқай жан-дүниесімен түсінді. Бір ғана Дебица лагеріне әкелінген 40 мың түркістандықтан ауру мен аштықтан 25 мыңы ғана тірі қалды. М.Шоқай тұтқын лагерьлерін аралауды тамыз айының аяғынан бастады. Қараша айының басында көптеген лагерьлерде болып, ондаған мың түркістандықтармен жолғысады. Сувалки лагерінде тұтқындар алдында сөйлеген сөзінде М.Шоқай: «Менің ең басты мақсатым сіздерді, әрқайсыңды, болашақ отанымыз – Түркістанды құруға қажетті мамандық алу үшін түрлі арнайы жұмыстарға орналастыру болып табылады», - дейді [1, 152 б.].

Мұстафа Шоқай архивіндегі құжаттарға қарағанда, қазақтардың 99 пайызы тұтқынға өз еріктерімен емес, мәжбүрлік жағдайда түскен, оларда немістерге өтейін деген ешбір идеологиялық мақсат болмаған [2, 24 25, 26, 31, 34, 38, 40 pp.]. Қазақ тұтқындарының қолдарына түскен бір жапырақ қағазға, газет қиындысына өз қолдарымен араб, латын, орыс қаріптерінде М.Шоқайға жазып берген өтініштеріне құлақ асып көрелік:

Бегімұлы Атығай, Әлжаппарұлы Мәжит: «Не жұмыс болса да қолымыздан келеді, 4 классты жәдидше оқығанбыз. Ең болмаса, тамағымызды асырайтын жерге жіберіңіз».

Әміржанов Молдаш (Семей облысының Шұбартау ауданында 1919 жылы туған.): «Байдың баласысың» деп оқуға алынбадым, жасырынып жүріп 8 жыл оқыдым. Сонымен бірге бұл кісі әкесінің 1928 жылы «бай-кулак» ретінде кәмпескеленіп, сотталғанын, кезінде «Құнанбайұлы Абаймен жолдас болғанын» жазыпты.

Әбішұлы Бекбауыл (Алматы облысының Жаркент ауданында мұғалім болған): «Менің сізден сұрайтыным, маған бір жұмыс жағын қарастырсаңыз».

Бердіұлы Жақсылық: «Қандай жұмыс болса да, мамандығым шофер. 11.IX.41».

Ақбалаұлы Камен. Сувалки лагері. 13.IX.41: «Мүмкін болғанынша тез жұмысқа орналастырсаңыз».

Баймағанбетов Қайырден: «Мен өзім орысша, арабша, латынша жаза, оқи білемін. Ұлтым – қазақ. Орта мектепті бітіріп, мұғалім болып істедім. Жасым – 23-те. Қандай жұмыс болса да істеуге дайынмын».

Ахметұлы Елеусін (Орал облысының Жәнібек ауданынан): «1916 жылы туғанмын. Арабша, латынша және орысша сауаттымын. 13.IX.41».

Сұлтанұлы, Нұрбайұлы, Аңшыбайұлы: «Біздер, яғни өзіңіздің бауырлас қазақ балалары, жалынышты сөздерімізді айтып, өтініш етеміз. Осы қазақ арасынан жұмысқа адам алсаңыздар, бізді есіңізге аларсыз. 4 – группаданбыз. 14.IX.41».

Бекарыста баласы Әзберген: «Туысқаным, ағай, Мүсеке! Көке, мені алып кет».

Қараев Сәрсенбай. Сувалки. 15.IX.41: «1916 жылы туғанмын, ұлтым – қазақ. Келес ауданынанмын. Армияға 1939 жылы алынғанмын. Мамандығым – темір ұстасы».

Ихсанов Қабден, Төралиев Бияш: «Комбайншымыз, мал бағамыз, қара жұмыстың қандайы да қолымыздан келеді».

Симанов Барат (1917 ж. Әулиеатада туған): «1940 жылдың қазан айының 173-атқыштар полкінде әскерде болдым. Бабам Исмаил қажы Түркістан шаһарында тұрады. Өзімнің мекенім: Жамбыл қаласы, Буденный көшесі, 2-ші тұйық, 15 үй».

Жанабеков Әмірбек (22 жаста): «Шымкент облысының Сайрам ауданынанмын. Бір қызмет іздестіремін».

Есмұрзаев Сейіт (Қызылордадан): «Ініңізге көз қырын салыңыз».

Тамұқтан жеткен осы секілді өтініштер жаныңды тебірентіп, оларға деген бүгінгі ұрпақтың қатыгездігіне іштей күйінесің. Қайтадан сол адамдардың мұң-зарына құлақ салайық.

1917 жылы Петропавл қаласында туған Қасенов Қажығали өз өтінішінде Кеңес өкіметіне қарсы болғандығы, екі рет сотталғандығы, «Құлымбетов, Есқараевтардың жағында екендігі» туралы жазып, бір қызмет ұсынуды сұрайды.

М.Шоқаймен туыстас болып шыққан Әбсадықов есімді азамат: «Мен сіз туралы «Азамат соғысының тарихы» деген кітаптан оқығанмын. Мен Есқараев Сүлеймен мен Жүргенов Темірбектің жақын туысқанымын. Сол себепті, мүмкіндігіңіз болса, менімен жеке сөйлесуіңізді сұраймын. Мен сізді Қызылордада, яғни Сұлутөбеде туып-өскен деп естігенмін. Мен өзім Қармақшыданмын, көп уақыт Қызылордада тұрып, сонда оқыдым... Сіз – ұлы есімдісіз және сізбен кездесуді үлкен бақыт деп есептеймін», - дейді.

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тұрғыны Ақшаұлы Деменбай (жасы 25-те): «Әкем бай болған, 29-жылы сотталған. Кәмпеске болып, содан қайда кеткені белгісіз. Өзім – мал маманымын. «Әкең бай болды» деп, 1938 жылы 10 ай түрмеде ұстады. Армия қатарына 1940 жылы алындым», - деген мағлұматтар беріпті.

Арабұлы Макеш, «тұлдай жетім», әкесі 1928 жылы «кулак» ретінде сотталған, туған-туыстары 1930 жылғы көтеріліс кезінде қырылып қалған». «Соғысқа өз еркіммен аттандым, бірақ енді елге оралғым келмейді, мені өзіңізге бір қызметкер қылып алыңыз», - дегенді айтады.

Алматы облысының тұрғындары Жақсыбайұлы Мадияр, Тұрғамбайұлы Қалқа, Қожахметұлы Нұрмамбет, Сұлтанқұлы Әбделім, Созақбайұлы Зарлыхан (бесеуі де бір ауданнан) 1941 жыл 13 қыркүйекте М.Шоқаймен кездесу кезінде әкелерінің бірінің бай, бірінің болыс болып қуғын-сүргінге ұшырағандығы туралы айтып, «мына қиыншылықтан құтқаруды» сұрайды.

1941 жылы 13 тамызда Сувалки лагерінде жетімдігін айтып, жылап тұрып өтініш білдірген Әбділдаұлы Айнабай ешбір әскери дайындықсыз майданға аттандырылған. 1928 жылы әкесі тәркіленіп, айдалып кеткеннен бері кісі есігінде өскен. Айнабай «жоқ» деген сөзді жиі қолданады: «Әке – шеше тәрбиесінде болғаным жоқпын. Өкімет тәрбиесінде болғаным жоқ. Не коммунист, не комсомол тәрбиесінде болғаным жоқ. Не совет школында болғаным жоқ. Армияға биыл соғыс үстінде әкелді. Жасым 21-де. Күнім аға, жақсылығыңызды

ұмытпаймын, өзіңізге адам керек болса, қолыңызға алыңыз. Жәрдеміңізді сұраймын».

Семей уезінде 1911 жылы туған Мұхаметжаноғлы Мұғаметмағзұмның «хаты» да араб қарпімен жазылыпты, себебі, жастайынан арабша оқыпты. Кейін «латынша», «орысша» оқып, мал технигі мамандығын алған. «Жат тап» ретінде қуғындалып, 1941 жылы наурыз айында шекара бекіту жұмысына алынғанын, содан тұтқынға түскенін мәлімдейді. Хат мәтініне қарағанда, онда айтылған жағдайлардың шынайылығына сенуге болады. «Менің үлкен әкем – Құдайберген қажы. Оның баласы Мұхамеджан бай болған, 1927 жылы өкімет кәмпескелеп, әкемнің 250 қойын, 175 жылқысын, 83 сиыр, 34 түйесін алып кетті, өзін он жылға түрмеге кесті. Бірақ қолға түспей, Аягөз деген жерде қашып жүріп өлді».

Қойын дәптердің парағына араб қарпімен жазылған мына бір құжат аумалы-төкпелі заманда ғұмыр кешкен, бірақ қиындықтарға қарамастан алға ұмтылған қайсар қазақ жастарының өмірінен белгі береді.

Өлім алдында тұрса да, рухын жоғалтпаған бұл жасты да тыңдап көрелік:

«Сәлем бердік. Нашарға жағдай туғызу мақсатында алыс жерден келген туысқан мұсылман баласы. Сізге жүрегімнің терең түкпірінен шыққан махаббатқа толы сырымды ұсынып, төмендегі жағдайымды еске алуыңызды өтінемін.

Мен Гурьев (Үйшік) облысынанмын, Қаңбақтыны жайлаушы Қосымбай болыстың туған немересі Жалғасұлы Сембай боламын. Орта білімім бар. Мамандығым оқытушы, Гурьевтегі оқушылар курсын бітірдім (мұғалім болар – авторлар). Бірақ жасымнан газет-журнал жұмысына араласудамын. Бұл іс – өмірлік алға қойған мақсатым. Мұның қайнар бұлағы (тіл бұлбұлы) – ақын-жазушылық жұмысы. 30-жылдан жазушылық талаппен қазақтың көркем әдебиетімен таныстым, 31-жылдан өз бетіммен қолыма қалам алып, түрлі жағдайға арнап өлең, әңгіме жаза бастадым. Бірақ Қосымбай болыстың («бөрінің») тұқымы деп... менің шығармаларым керексіз пұлға айналып отырды. Мектеп бітіргеннен кейін облыстық газетке жұмысқа кіріп, қазақтың көне фольклорын жинау жөніндегі комиссияға іліндім. Сонымен «Алаш заманындағы ақын-жазушылардың сойылын соғушы» деп облыстық газет алқасынан шығарды. Көп адамдармен бірге мені де қуды.

Сіздің есіміңіз біздің елде өшпес орын алды. Францияда дегенді естіп, елде жүргенде армандаушы едім. Сол тілегім орындалып, сізбен бүгін жолыққалы отырмын.

Мен бір түпсіз тұңғиыққа батқан қара тастай қайғылы ауыр халде тұрмын. Болашақ жас талантты өлім халінен алып қалуыңызды сұраймын. Сізді «дұрыс жазушы адам» деп ұғындырушы еді. Қызылорда қазақтары. «Жазушы – адам жанының инженері» деуші еді ғой.

4-жұмысшы тобы, 2-барақ. Жалғасұлы Сембай 19.X.41» [3].

М.Шоқайдың жеке архивтік қорындағы соғыс тұтқындарының «өтініш» қағаздары мұнымен шектелмейді. Мұстафа Шоқай соғыс тұтқындары – түркістандықтардың есеп-қисабын жүргізген жұмысы жөніндегі жазбасында: «Тұтқын түркістандықтар екі категорияға бөлінеді: тұтқын қызыл әскерлер, яғни

шын мәніндегі әскери тұтқындар және кеңес үкіметінің еріксіз еңбекке пайдаланылғандардан, кеңес сотының шешімімен өкіметке қарсы түрлі іс-әрекеттері және қылмыстары үшін сотталғандар, яғни жай тұтқындар» деп көрсетеді. Мұстафа Шоқай екінші категорияға жататын әскери тұтқындарды барлық неміс лагерьлерінен ұшырастырады.

Кейін тағдырларына мойын ұсынған түркістандық тұтқындардың біразы немістер ұсынған жұмысқа орналасты, 1942 жылы құрылған «Түркістан легионы» атты құрамаға кірді...

Иә, осылайша өмір мен өлім арасындағы тайталас жүріп жатты. Ешкімнің де тектен-тек жарық дүниемен қоштасқысы келмеді. ...

1941 жылдың қазан айында Мұстафа Шоқай аса құпия түрде Вали Каюмханға жазған хатында «Мен бұл жолдарды сіз үшін ғана жазып отырмын, оны аса құпия ұстауыңызды сұраймын», - деп бастап, неміс лагерьлеріндегі түркістандықтардың өлім мен өмір арасындағы қайғылы жағдайы, лагерь әкімшілігінің оларға көрсетіп отырған зорлық-зомбылықтары жөнінде баяндайды [1, 166-174 бб.].

Тарихшы-ғалым, шоқайтанушы К.Есмағамбетовтың дерегі бойынша тұтқынның лагерьлік нөмірі және мамандығы көрсетілген неміс тіліндегі тізімдер бойынша Мұстафа Шоқайдың лагерьлердегі түркістандық тұтқындардың туған жылын, ұлтын, мамандығын анықтап, олардың тізімін алу жөніндегі комиссия басшысы Гейбельге берген есебінде Лембергтен, Ярослав, Дебица-Кочановка, Деба-Майдан, Офлаг 325-тен жұмысқа орналастыруға 1592 адамды ұсынғаны анықталып отыр [4, 4 б.].

К.Есмағамбетовтың соғыс тұтқындары туралы еңбегінен Мұстафа Шоқайдың «Сувалки» лагерінде 457 тұтқынның тізімін түзгенін аңғарамыз. Сонымен бірге қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік, қалмақ, якут сынды ұлттардан тұратын 4900 тұтқынның тізімі жасақталған. Өкінішке орай жасақталған тізімде тұтқындардың мекен жайлары толық жазылмаған. Бұл тізімде жерлестерімізде бар болып шықты.

Жалаң қолмен неміске қарсы тұрмадың деп айыптау кеңес идеологиясына оңай ғой.

Америка Құрама Штаттарында тұтқында жүрген немесе хабарсыз кеткен әр адам соғысып жүрген жауынгер болып есептеледі. Кім-кімнің де ұрыс даласында немесе тұтқында қаза болғаны ресми дәлелденгенінше осылай бола береді.

Ал ең өкініштісі бізде мұндай адамдар екінші дүниежүзілік соғысқа қатынасқандар тізімінде ұзақ уақыт бойы болған жоқ [5]. Өкінішті-ақ...

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. Құрастырған, алғы сөз бен түсіндірмелерді жазған Көшім Есмағамбетов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 554 бет + 4 бет жапсырма.

2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚРО МА), 2362-қор, 2-тізімдеме, 32, 33, 34- істер.

3. К.Есмағамбетов, А.Ахмет. Соғыс тұтқындары мәселесі әлі де қоғам назарында // Егемен Қазақстан, 9 мамыр 2012 жыл.

4. Есмағамбетов К.Л. Түркістандық әскери тұтқындар: Құжаттар мен материалдар жинағы. Туркестанские военнопленные: Сборник документов и материалов. – Алматы: «Арыс», 2019. – 296 б.

5. А.Ахмет «Бізде тұтқындар жоқ, сатқындар бар!» мұндай пиғыл талай ошақтың отын өшірді // Дендер, 21 желтоқсан 2017 ж.; Соныкі. А.Ахмет Соғыстың бейкүнә құрбандары // Серпер, 4 мамыр 2018 ж.; Соныкі. Олар сатқындар емес, тұтқындар еді // Нарын таңы, 4 мамыр 2018 ж.

*Бердіғожин Л.Б.,
тарих ғылымдарының докторы
Алипова Д.Ж.,
тарих магистры
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Бердіғожина М.Л.,
құқық магистры
Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжі*

ӨЛКЕДЕГІ ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ: ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 16 шы наурыздағы «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан Халқына жолдауында халқымыздың патриоттық сана сезімі мен қоғамдағы тұрақтылық саяси жаңғырудың негізі ретінде атай отыра «Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс. Бұл біздің елімізді дәйекті түрде ілгері дамытуды және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді» деп нақтылады. «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырамыз» деді [1] Қ.К.Тоқаев. Осыған орай, отандық тарих ғылымында қалыптасқан жаңа көзқарас тұрғысында Атырау өңірінің 1920 жылдардағы саяси-қоғамдық дамуын зерделеуде соңғы жылдары көптеген концептуалдық тұжырымдар, қағидаларды пайдалана отырып тереңірек зерттеуге жол ашпақ. Отандық тарихнамада Атырау облысы территориясындағы 1920 жылдары болған халық қозғалыстары тарихы ешқашан көп қырлы жағынан қарастырылған емес.

Большевиктер партиясының аграрлық саясатына қарсы халық наразылығы 1920 жылдың басында Ресейдің орталық аудандарында басталып, кейін тез

қарқынмен Қазақстанға да тарай бастады. Осы кезеңдегі халық наразылығының қозғаушы күші шаруалар болып, олардың кеңес үкіметіне қарсы қарулы күресі таза әлеуметтік-экономикалық бағытта болды. Көтеріліске шыққан шаруалар тек жеке меншік иесі ғана емес, тауар өндіруші әлеуметтік тап болып 1919 жылы елде енгізілген «әскери коммунизм саясаты» нәтижесінде меншік иесі ретінде де, тауар өндіруші ретінде де күйретілді. Большевиктердің бұрын қалыптасқан шаруашылықтарды, мемлекеттік саясат құрбанына айналдыруы, алда өте ауыр зардабы бар ашаршылыққа алып келді. 1920-30 жылдардағы шаруалар көтерілісінің себебі кеңестік тарихнамада таптауыр болған «эсерлер мен бай кулактардың» айдап салуы емес, қайта шаруалардың өмірмен күресі және жанұясын аштықтан құтқару жолындағы әрекеті болатын. Бірінші дүниежүзлік соғыс, азамат соғысы мен шетел мемлекеттерінің Кеңес үкіметін экономикалық қоршап, тұншықтыруы елдегі жағдайдың тұралауына алып келді. Бұл да 1920-30 жылдардағы шаруалардың қолына қару ұстауына себеп болған жайлар еді. 1920-30 жылдардағы қарсылық қозғалысы кеңестік тарих ғылымында «эсерлер мен кулактардың бүлігі», «бандиттер қозғалысы» деп бағаланды. «Азық түлік салғырты жойылсын», «большевиктерсіз Кеңестер үшін» деген ұранмен 1920 жылдың басында Кронштадт, Тамбов, Батыс Сібір шаруалары бастаған қарулы көтерілістер Украйнадағы Махношылармен, Орта Азиядағы басмашылар қозғалысымен жалғасып, бүкіл ел аумағын қамтыды. Шаруалар көтерілісінің басталуы мен басшылары туралы алғашқы дерек Сібір ВЧК (бүкілресейлік төтенше комиссия) өкілі И.П. Павлуновский, Ишим уезі партия кеңес қызметкері Т.Д. Карушин еңбектерінде [2] жазылды. 1950-1960 жылдардағы тарих ғылымында 1920 жылдардағы шаруалар көтерілістері туралы және «әскери коммунизм саясатының» шаруаларға әсері туралы М.А. Богдановтың «1921 жылғы Батыс Сібір кулак эсер бас көтеруінің талқандалуы» атты [3] монографиясы жазылды. Зерттеу кеңестік идеология шеңберінде көтерілістерге «бандылардың бас көтеруі» деп баға берілді. И.Я. Трифановтың еңбегінде, осы пікір әрі қарай дамытылып, көтерілістерге «контрреволюциялық қозғалыстар» деген баға берілді [4]. 1973 жылы жарияланған Н.Г. Гимпельсонның «Әскери коммунизм: саясат, тәжірибе, идеология» атты еңбегінде 1919 жылы енгізілген «әскери коммунизм саясаты» большевиктер партиясының селолардағы билігін нығайтуға себеп болды деп бағалайды [5].

1920 жылдардағы қазақстан шаруалары туралы зерттеулер де жариялана бастады. А.С. Елагин «Қазақстандағы азамат соғысы кезеңіндегі социалистік құрылыс» атты зерттеуінде [6] 1919 жылы енгізілген «әскери коммунизм саясатының» қазақстандағы ерекшеліктеріне мән беріледі. С.Н. Покровскийдің еңбегінде [7] 1920 жылғы Батыс және Шығыс Қазақстандағы кулактардың бас көтеруі, шаруалар көтерілісінің ерекшеліктері баяндалады. В.К. Григорьев «Қазақстандағы шағын буржуазиялық контрреволюцияның бас көтеруін талқандау (1920-1922)» [8] еңбегінде 1920 жылдардағы шаруалардың қарсылық қозғалысын талқандаудағы Төтенше арнайы отряд (ЧОН), Бүкілресейлік төтенше комиссия (ВЧК), милиция, қызыл әскер ролдерін жан-жақты талдайды. Аталған еңбектің құндылығы, большевиктердің бұл «бас көтеруге» қатысқандарды қатаң

жазалап қуғын сүргінге ұшыратқаны алғаш баяндалады. 1920 жылдың сәуір айының соңында Париждегі ақ эмигранттардың кездесулерінің бірінде жетекші теоретик және Кадет партиясының жетекшісі П. Н. Милюков большевиктерге қарсы жаңа күрес тактикасын қолдануды ұсынды. Оның негізі шаруалардың ұсақ буржуазиялық тербелістерін қолдану бағыты болды. Тиісінше жаңа ұрандар ұсынылды: "таза демократия", "халық билігі", "коммунистерсіз кеңестер". Эсер партиясы басшылығының жоспарлары олардың жұмысшы-шаруа жүйесінен бас тартуына ғана негізделмеді. Соғыстар, аштық, суық, аурулар пролетариат ортасында шаршау сезімдерін тудырды, оның одан әрі күресуге деген ерік — жігерін әлсіретті деген қорытындыға келді, өйткені басты жау — буржуазия-кәтәл таптық шайқастарда ашық түрде жеңіліске ұшырады. Социалистік теоретиктер фактінің маңыздылығын өз жолымен бағалады: шаруалардың негізгі бөлігі кіммен бірге — бұл жеңіс. Орташалар әскери коммунизм саясатына наразы болғандықтан, Кеңес жүйесі оның соққыларына төтеп бере алмайды деп бағалады. Қазақстанның батысында эсерлер Самара және Саратов ұйымдарымен тығыз байланыста болды, олардан әдебиет, насихаттаушылар көмегін және белгілі бір әрекеттерді жүргізу туралы нұсқаулар алды. Оралда 10 адамнан тұратын эсер тобы болса Гурьев пен Ақтөбеде эсерлер болған жоқ деп көрсетеді автор.

Кейінгі кезеңдегі Ресей тарихнамасында 1920-30 жылдардағы шаруалар көтерілісі жаңаша зерттеле бастады. Тың архив құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Б.И. Басманов зерттеуінде [9] Батыс Сібірдегі шаруалардың бас көтеруіне эсер партиясының ешбір қатысы жоқтығы дәлелденді. В.И. Шишкин 1920-1921 жылдардағы Батыс Сібір мен Қазақстандағы шаруалар көтерілісі туралы құжаттар жинағын әзірлеп, шығарды [10]. В.А. Шулдяков зерттеуінде [11] Батыс Сібірдегі шаруалар көтерілісіне казактардың қатысуы және көтерілісті талқандау барысында Сібір казактарының жойылғанын баяндайды. И.В. Яблочкина, И.В. Курышева [12] еңбектерінде де 1920-30 жылдардағы кеңес шаруаларының әлеуметтік-психологиялық тұлғасы, большевиктер саясатына қарсы болуының негізгі себептері сараланады. Қазақстандық тарих ғылымында тәуелсіздік жылдары 1920-30 жылдар оқиғасы жаңа қырынан зерттеле бастады. Е.И. Медеубаев, М.Қ. Қойгелдиев еңбектерінде осы жылдардың тарихи шындығы қайта қозғалды. Е. Медеубаев «әскери коммунизм саясатының» өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына тигізген әсері, ерекшеліктерін көрсетеді. 1920-30 жылдардағы шаруалар саясатын кеңес үкіметінің аграрлық экономикадағы жүргізген саясатының салдары деп көрсете отырып, зерттеуші осы кезеңдегі ең ірі бас көтеру ошағы ретінде Солтүстік Қазақстанды атайды [13]. М. Қойгелдиев «Сталинизм және Қазақстандағы 1920-1940 жылдардағы қуғын сүргін» атты монографиясында алғаш рет Алашорда мүшелерінің 1920-30 жылдардағы шаруалар көтерілісіне қатысуы туралы мәліметтерді береді. Петропавлда Шоқат ауылында, үйде өткен жиындарда Баймаханов Қоспан, Байгел-Садықовтардың кеңес үкіметіне қарсы бірлесе күресу туралы уәделерін 1938 жылғы НКВД тергеуі материалдары арқылы көрсетеді [14].

1920-30 жылдардағы халық қозғалысы туралы жаңа деректер негізінде М.П.Малышеваның «Сібір қазақтары демографиялық тоқырау кезеңінде (1919-1934)» [15], Б.А.Мусаевтың «Қазақстандағы 1920 жылдардың бірінші жартысындағы аштық:тарихи,әлеуметтік-саяси сараптама» [16] еңбектері жазылды.Б.А.Мусаев өзінің кандидаттық диссертациясында 1920 жылдардағы шаруалар көтерілісін бағалауда«бандылар», «бандылар қозғалысы»деген кеңестік тарихнама тұжырымынан аса алмайды.1921 жылы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында «Кеңестік кезеңдегі Қазақстан аграрлық тарихының өзекті мәселелері :билік пен қоғам» атты халықаралық ғылыми конференция жұмысында да 1920-30 жылдардағы аштық пен шаруалар қозғалысы тарихы мәселесі жан жақты қозғалды [17].

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары жүргізе бастаған елдегі саяси, әлеуметтік – экономикалық өзгерістердің нәтижелеріне қазақ даласында да халық наразылығы туды. Бұның басты себептерінің бірі ғасырлар бойы қалыптасқан өндіріс құрал-жабдықтарына жекеменшікке негізделген қоғамдық қатынастарды түбегейлі қирату болды. Елдегі ашаршылықпен жоқшылық, орынсыз айыптаулар, күштеп ұжымдастыру тонау, ойдан шығарылған ауыр салықтар, малдарды заңсыз тәркілеу, барлығы жинақтала келіп қарапайым адамдардың заңды ашу-ызасын туғызды.

Бір ерекшелігі жаңа өкіметтің саясатына қарсылар Қазақстанның барлық аймақтарында іс-әрекет еткендігі жөніндегі мәліметтер архив қорларында сақталған тарихи құжаттарда бар.

Гурьев округі территориясында кеңес органдары ірілі-ұсақты «бандылар», «қарақшылар», «бүлікшілер» тобы деп айдар таққан топтары әрекет еткені жөніндегі мәліметтерді Бірлескен Мемлекеттік Саяси Басқармасының (ОГПУ) БКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетіне жіберіп отырған,ол аса құпия оперативті барлау хабарларында көрсетілген. Бұл топтардың ізіне түскен Қызыл армияның арнаулы бөлімдерінің отрядтары мұздай қаруланып, даланы кезіп жүрді. Бұндай шағын топтар бұрынғы Орал губерниясының Гурьев округ аумағында іс-қимылдарымен көзге түсті. Сол тұста қарсылық білдірушілердің көпшілігі винтовка, револьвер, шиті мылтық, қылыш, қанжар сияқты қарулармен қаруланды. Сақадай сай қаруланған үкіметтің арнаулы отрядтарына шағын топтардың табанды түрде қарсылық көрсетуі мүмкін еместе еді. Және олар елден жырақта құм-қияларда, тау бөктерлері мен шатқаларда, үңгірлерде жасырынып қолайсыз жағдайларда күн көрді. Қарсылық білдірушілер елге тізесі батқан милиция қызметкерлерінің жазасын берді. Архив деректерінен алған мәліметтер бойынша сондай бас көтерген азаматтардың есімдері белгілі болып отыр.

Орал губерниясы, Гурьев округі Қаракөл болысы, Тайсойған құмында Құныскерей (архив қорларында Құдыскерей деп жазылған) Қожахметов тобында 12 адам болса,архив құжаттарын іздестіру бойынша ол сан көбейері анық.

Бір назар аударатын жағдай аталған архив дерегінде Құныскерей Қожахметовті бұрынғы Алашорда офицері деп көрсетеді. Өкіметтің жазалаушы органдары тарапынан қарсы шыққан азаматтардың жазасын ауырлату мақсатында барлық пәлені үйіп-төгіп, қосып жазу т.б. тәсілдерді қолданғаны

ақиқат. Бұлда сондай қитұрқы әрекеттердің бір шарасы болар. Артынан түскен қуғыннан ығысып, Маңғыстауға қарай бет түзіген. Құныскерей кейін Адай көтерілісіне қатысып, жауларының зәре-құтын қашырған айлакерлігімен көзге түскен. Құныскерейдің Кеңес өкіметі орнаған кезде жұмысқа белсене кірісіп, еңбек сіңіріп, ауылдық кеңестің төрағасы болғандығы белгілі. Жергілікті үкіметтің жүргізіп отырған озбырлығына ашықтан-ашық қарсылық білдірген азамат. Өкінішке орай кейін оған жала жабылып, өкімет тарапынан қуғын сүргінге, қудалау мен түрткіге ұшырайды. Айналағанда үкіметтің «жауы» атанды. Тағдыры күрделі азаматтың бірі.

Архив құжаттарынан табылған есімдердің бірі – Е.Аязбаев. Сол кезеңде Ерғали Аязбаев губерния аймағында ақындығы, серілігі, батырлығы мен барымташы атағымен танылған тұлға. Архив қорындағы құжаттарда Е.Аязбаевты Бөкей губерниясының Таловка уезіндегі Махмуд Мангышевтың бандасының мүшесі деп көрсетеді. Е.Аязбаев тобында болған адамдар есімі де қазір белгілі болып отыр. Олар:

1. Абдолла Ізбасаров,
2. Құттыбаев,
3. Демеу Құттығұлов,
4. Салық Сәбитов,
5. Димитрий Сидров,
6. Микам Кішкінбаев,
7. Жұмабай Аязбаев.

Архив деректері бойынша, үкімет саясатына қарсы топтың бірін бұрынғы Гурьев уезінің милиция бастығы Хабибай Әлжанов, Ғазиз Әзимуханов бұрынғы ақ гвардияшы офицер, Жанысқали Мұқашев (Гурьев уездік милиция басқармасының көмекшісі, 1924 жылы бұрынғы Алашорда офицері ретінде жұмыстан шығарылған), Отарғазы Кутебаев басқарды.

Индер болысының №4 ауылында Нұрсұлтан Қожахмедов, Адай округының Ақкөл мекенінде Құрмаш Ақдомбаев (Атамбаев), Гурьев уезі Ракуша болысының №7 ауылында Ауданбай Осанов басқарған топта да бірнеше адамдар бар.

Гурьев округі аумағында Бекет Дыбысов, Құттыгерей Дыбысов, Редут болысының Сарайшық ауылдық кеңесінен Абдрахман Попилов, Еспол болысы тұрғыны Төлеген Дүйсенғалиев, Жем болысының №5 ауылында Құрманғали Нұрлыбаев басқарған шағын топтар кеңес органдары қызметкерлеріне шабуыл жасады, жылқы айдап кетті, мал ұрлап, астық ұрлап, тауар, ақша тонады. Аталған топ мүшелері кейін тұтқындалып, тергеуден соң айдалып, атылып кетті. Бұл әрекеттер билік тарапынан қатаң талап еткен мүлік жоспарын орындау, салық төлеу, жайлаған аштықтан жан сақтап қалу ниетінен туындады. Олардың сол қиын-қыстау кезеңде бұдан басқа жолды таңдауға шарасы қалмаған болатын. (Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві: 1588 қор, 1 тізім, 2 байлам, 28 іс).

1920 жылдардағы өлкедегі шаруалар көтерілісі туралы кеңестік тарихнамадағы «бандылар», «революцияға қарсы күштер», «кеңес үкіметінің жаулары» деген қасаң анықтамаларға тәуелсіздік жылдары жаңаша көзқарастағы

«шаруалар көтерілісі», «халықтың қарсылық қозғалысы» сияқты анықтамалар беріле бастады. Архив деректері мен соны зерттеулерді мұқият зерделей отырып, шын мәнінде 1920 жылдардағы қозғалыстарды «халықтық» деп атау өте нақты теориялық тұжырым деген тоқтамға келдік.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Токаев Қ.К. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа жолдауы. \Егемен Қазақстан.-16 наурыз, 2022.
2. Корушин Т.Д. Десять лет Советской власти в Ишимском округе (1917-1927 гг.). Ишим, 1927. 90 с.
3. Богданов М.А. Разгром западносибирского кулацко-эсеровского мятежа 1921 г. Тюмень: Тюменское книжное издательство, 1961. 112 с.
4. Трифонов И.Я. Классы и классовая борьба в СССР в начале НЭПа (1921-1923 гг.). Л.: Издательство Ленинградского университета, 1964. Ч.1. 311 с.
5. Гимпельсон Е.Г. Военный коммунизм: политика, практика, идеология. М.: Мысль, 1973. 296 с.
6. Елагин А.С. Социалистическое строительство в Казахстане в годы гражданской войны (1918-1920). Алма-Ата: Наука, 1966. 307 с.
7. Покровский С.Н. Разгром иностранных военных интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане (1918-1920 гг.). Алма-Ата: Наука, 1967. 366 с.
8. Григорьев В.К. Разгром мелкобуржуазной контрреволюции в Казахстане (1920-1922 гг.). Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с.
9. Басманов В.И. Борьба Советского государства с мелкобуржуазной контрреволюцией за влияние на крестьянство в период окончания гражданской войны и начала восстановления народного хозяйства (середина 1920-1922 годы): диссерт. ... канд. ист. наук. Иваново, 1985. 235 с.
10. Шишкин В.И. К вопросу о роли Сибирского крестьянского союза в подготовке ЗападноСибирского мятежа 1921 года // Сибирь на рубеже XIX-XX веков. Новосибирск: НГУ, 1997. С.94-95.
11. Шулдяков В.А. Гибель Сибирского войска. 1920-1922. Книга II. М.: ЗАО Центрполиграф, 2004. 607 с.
12. Яблочкина И.В. Рецедивы гражданской войны. М.: Хельга, 2000. 496 с.
- Курышев И.В. Социально-психологический облик крестьянства Сибири в годы гражданской войны (по материалам периодической печати). Ишим, 2000. 122 с.
13. Медеубаев Е.И. Политика «военного коммунизма» в Казахстане (1918-1921 гг.): диссерт. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Алматы, 1999. 179 с.
14. Койгелдиев М.К. Казахи в русском бунте/ Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы, 2009. С. 166. (С. 78-169).
15. Малышева М.П. Казахи в Сибири в период демографических кризисов (1919 –1934 гг.): диссерт. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Семипалатинск: СГУ, 2000. 291 с.

16. Мусаев Б.А. Голод в первой половине 20-х годов XX века в Казахстане: Исторический, социально-политический анализ: автореф. ... канд. ист. наук: 07.00.02. Уральск, 2005. 30 с.

17. Сборник материалов международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы аграрной истории Казахстана в советский период: власть и общество». Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2021. 192 с. Қазақстанның Батыс өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңа деректер мен зерттеу ұстанымдары. Респ конф материалдары. Атырау. 2022:316 бет.

*Ахметова У.Т.,
Тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*

«ПРОРВА (АСТРАХАНЬ) ЕТЛ –НІҢ ГУРЬЕВ ЛАГЕРЛІК БӨЛІМІ»

Аннотация: Мақалада Батыс Қазақстанның Гурьев облысында орналасқан Прорва (Астрахань) еңбекпен түзеу лагері және оның бөлімшелері, нақ Гурьев лагерлік бөлімі туралы баяндаған. Гурлаг-тың тарихына, қызметіне және лагерь тұтқындарының өміріне тоқталған.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, репрессия, НКВД, ГУЛАГ, Прорвлаг, Астраханлаг, Гурьев, Гурьевлаг, Каспий теңізі, естелік.

XX ғасыр Кеңестік Қазақстан тарихының ақтаңдақтары саналатын ГУЛАГ жүйесіне енген еңбекпен түзеу лагерлері тарихын, оның тұтқындары туралы зерттеуге мемлекеттік деңгейде назар аударылды. Оған себеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашада №748 қаулысымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрылуы (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748>). Мемлекеттік комиссияның «Қазақстан Республикасы Президентінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, прокуратура органдарының және басқа да мемлекеттік мекемелердің архивтеріндегі жабық қорлардың саяси қуғын-сүргін жөніндегі материалдарының комиссия мүшелеріне, зерттеушілерге және ұрпақтарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу» атты функциясы архивтердің жабық қорларында сақталған саяси-қуғын құрбандарын жарыққа шығару, толықтай ақтау мақсатында жүргізілетін жұмыстарының тарих ғылымы үшін маңызды [1,138б.].

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Атырау облысы өңірлік комиссиясының «Гурьев облысында орналасқан НКВД ГУЛАГ-ның лагерінде болған саяси қуғын-сүргін құрбандары толық ақтау туралы» бағыты бойынша жүргізген ғылыми ізденістері қазірде қазақ тарихы үшін өзекті және тың тақырыптардың бірі.

Мақаламыздың мақсаты Қазақстанның батыс өңірінде 1932-1950 жылдары аралығында жұмыс жасаған Прорва (Астрахан) лагерлері тарихы, соның ішінде

Гурьев ЕТЛ (Гурьевлаг), атқарған қызметтері, тұтқындары, олардың тағдырларын зерделеу, өткен тарихымыздан сабақ алу.

Кеңестер Одағы тарихында еңбекпен түзеу лагерлерін құру бастамасы 1929 жылы негізі салынады. КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің 1929 жылғы 11 шілдедегі қаулысы бойынша КСРО-ның шет аймақтарын және елдің табиғи байлықтарын игеру мақсатында ұсталғандардың еңбегін пайдалану шешімі қабылданды. Лагерлер жүйесі Біріккен мемлекеттің Саяси Басқармасына қарады (ОГПУ). Ал 1930 жылы ОГПУ құрамында Еңбекпен түзеу лагерлерінің Бас басқармасы құрылды. 1932 жылдың 1 қаңтарындағы ОГПУ есебі бойынша лагерлерде жалпы 266 000 тұтқындар отырған [2, с.10].

1930 жылдан бас кезінде ОГПУ балық өндірісін дамыту мақсатын лагерлерді балық өнімдерімен қамтамасыз ету ғана емес, оның тағы бір себебі, балық өндірісін ГУЛАГ-тың құрылуына орай өндірістік ауқымда дамытуды мақсат етеді. Бұл саясаттың артында балық шаруашылығы мамандарын жаппай репрессияға ұшырату мақсаты да жатыр еді. 1930 жылдың 22 қыркүйегіндегі Кеңестік басылымдарда «жұмысшыларды жабдықтаудағы контрреволюциялық зиянкес ұйымдарды» анықтап, 25 қыркүйекте оларды ату жазасына кесіп, концлагерге 48 маманды айдаған. Соның ішінде заманындағы «Рыба и рыбные товары» оқулығының авторы А.А. Клыков бірден Прорва лагеріне 10 жылға айдалған. Балық саласының зерттеуші ғалымдар И.Н. Замяткин, гидрограф А.В. Соколов, гидробиолог М.С. Идельсон, ихтиолог Н.П. Танасайчук тағы басқа да кәсіби мамандар Прорва (Астрахань ЕТЛ) қызмет жасады [2, с.11].

1930 жылы Қазақстан территориясында Қазақстан еңбекпен түзету лагері (Казлаг) құрылып, лагерде ұсталғандар Түркісіб үшін ағаш, кірпіш тастар дайындаумен шұғылданады. Кейін Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерлері басқармасы Қарағанды көмір бассейінін игеруге назар аударды. Осылайша, 1931 жылы 17 қыркүйекте ОГПУ-дың №527/285 бұйрығы бойынша Гигант совхозы орнында еңбекпен түзету лагері (Қарағанды лагері) құрылады [3, с.67-69]. Келесі құрылған лагер КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы 1932 жылдың 5 қыркүйекте №858/с бұйрығымен Каспий теңізіндегі Прорва аралында Прорва еңбекпен түзету лагерін құру туралы шешімін қабылдады. Провлаг Кеңестер Одағындағы 14-ші лагер болатын [2, с.32].

Провлагерде есепке алынған контингенттер санына назар аударсақ, 1932 жылы желтоқсанда 2000, 1934 жылы 1 қаңтарда - 7780, 1935 жылы қаңтарда - 10 342, 1936 жылы қаңтарда - 10 345, 1937 жылы қаңтарда - 7717, 1938 жылы қаңтарда - 6953, 1938 жылы 1 желтоқсанда — 5328, 1939 жылы - 4877, 1940 жылы - 5044 тұтқын болғанын байқаймыз. 1938 жылғы 1 қазандағы еңбек лагерінде ұсталған 5328 тұтқынның ішінде, 774 адам революцияға қарсы қылмыстары үшін (РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы 1926 ж. өзгертілген), 362 адам қоғамға қауіпті және қоғамға зиянды элемент ретінде сотталған [4].

Прорва (Астрахань) ЕТЛ-нің Батыс Қазақстанның Гурьев облысының Прорва аралында (Прорвлаг), Гурьевте (Гурьевлаг) және Бұрыншықта (Бурунчукский командировочный пункт) орналасты. Соның ішінде Гурьев 1-ші

бөлімі (Гурьевлаг), кейін лагерлік пункті Астрахань қаласымен аралығы 600 км. қашықтықты құрады [5, с.688].

1934 жылы Прорва ЕТЛ алған 160 центнер балық өндіру міндеттемесінің орнына 171 200 центнер балық аулап, 107 пайыз жоспарды орындаған. КСРО Ішкі Істер Халық комиссариатының басшысы Г.Г. Ягода 1935 жылы 1 қаңтар есебі бойынша И.В. Сталинге хабарлап, 1934 жылғы Прорва ауданындағы балық өндіру жұмысының нәтижелігіне қарап, 1935 жылы Прорва лагерінің жылдық міндеттемелерін 210 000 центнерге көтерді [2].

1934 жылы 1 маусымда Провлаг бөлімшелері ретінде Прорва, Астрахан, Бурунчук, совхоз, жинақталған рота, Бірінші мамыр совхозы, №1, 2, 3 Шаланд, ВОХР және жол көрсетіледі. Оларда 9347 ер, 843 әйел адам тіркелген. Соның ішінде Прорвлагта 2974 ер, 187 әйел адамдар, Астраханда 2229 ер, 214 әйел адамдар есепке алынған [6].

ГУЛАГ жүйесіндегі ЕТЛ тарихының маманы Ресей тарихшысы Г.М. Иванова мақаласында: «Рыбное хозяйства Прорвлага имело промысловый флот в количестве до 1115 единиц, в том числе 101 моторное судно и 4 паракота, а также вспомогательные и обслуживающие суда. Весь рыбопромысловый флот и орудия лова были распределены и закреплены за отдельными лагерными подразделениями Прорвинского ИТЛ», дей келе соның ішінде ірісі Гурьев бөлімі болды дейді. Гурьевлаг-та 2000 жуық тұрғыны бар ҚазССР-ның Гурьев қаласындағы Жайық өзенінің оң жақ жағалауының 7 км. төмен орналасқан. Онда ауланған балықтарды өңдеу үшін бір жағалауда орналасқан және екі су үстіндегі қалқымалы балық заводы болды», -деп жазады [7, с.11].

Прорвлаг-тың №1-ші бөлімі Гурьевлаг 1935-1936 жылдар аралығында құрылған. Лагер тұтқындарының негізгі өндірістік қызметі балық өнімдерін аулау және оны өңдеу, флотта кемелерді жөндеумен қатар бөшке тараларды даярлау жұмыстарымен айналысты. Гурьевлаг бөлімі жұмыс күшін ұсталып, лагерге айдалған аса қауіпті қылмыс жасаған мен күнделікті қылмыстары үшін сотталған ерлер мен әйелдерден құралды. Тұтқындар вагон тәріздес нар төселген барактарда әрбір адамға кемі екі шаршы метр тұрғын жәйға орналасты. Орналасқан жері тегіс, орманы жоқ, ашық, қамысты жерде болған. Лагерь орналасқан аумақта тұрғын жәй барактар, асхана, наубайхана, больница, ШИЗО тағы басқа да объектілер орналасты [8, 8п.].

1935 жылдың 23 қаңтарындағы Лагерьлердің бас басқармасының басшысы М. Берман өз есебінде Прорва лагерінде 10 583 адам болғанын анықтап жазады [9].

Осы жылдары Гурьев қаласындағы тұтқындарды әкелу және әкету Астрахань теңіз жолы арқылы еңбекпен түзету лагерінің паракоттары арқылы жүргізілген. Лагерде сотталған саяси қылмыскерлер жалпы контингенттің 10-15%-ын құраған. Лагерьде жағалау және жүзбелі балық аулау зауыттары, сонымен қатар, барлауға, балық аулауға, тасымалдауға, балықты өңдеуге және өздігінен жүретін флотқа қызмет көрсетуге арналған 500 кеме жинағы тіркелген. Ал еңбекпен түзету лагерінің басқармасында балық аулау және қызмет көрсету

флотын құрылыс және жөндеу жұмыстары үшін екі кеме жасау мен кеме жөндеу зауыты болғандығы жазылған.

1936 жылдың 29 қыркүйегінде КСРО НКВД-ға қарасты Прорва ЕТЛ Бас басқармасын Сталинград өлкесіндегі Астрахань қаласынан ҚазССР–дегі Гурьев қаласына көшіріп, жергілікті НКВД-ға қарату туралы бұйрығы шыққан [1,126.]. Лагерь басқармасының Гурьевке көшірілуі қарсаңында алдын-ала дайындық жұмыстары басталғаны архив қорында сақталған. Аталған бұйрықтың түпнұсқасында:

Прорва ЕТЛ бас басқармасының Астрахань қаласынан Гурьев қаласына көшірілуі қарсаңында алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілген. Аталған бұйрық түпнұсқасында: «Гурьев қаласындағы Прорвлаг басқармасының және Гурьев 1-ші бөлімінің территориясын көгалдандыру мақсатында желден қорғайтын орман белдеулерін ұйымдастыруды, жер алқаптарын көгалдандыруды, ағаш және гүлзарлармен безендіруді, сондай-ақ Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауындағы шөлейт, тұзды далаларды көгалдандыратын шаруашылықтың практикалық тәжірибелік маңызын ескере отыра, Бұйырамын:

1 Менің төрағалығыммен көгалдандыру құрылысының ұйымдастыру және жұмыс жоспарын дайындауға арнайы комиссияның құрамында: басқарма басшысының КВР бойынша орынбасары Поздняков, ПЭО басшысы жолдас Винтер, ауыл шаруашылық тобының жетекшісі тұтқын Апанашенко, құрылыс тобы меңгерушісі тұтқын Дорофеев, ПРЧ меңгерушісі және ауыл шаруашылығы лагпунктінің лаборатория меңгерушісі тұтқын Яната.

2 Ауыл шаруашылық тобының жетекшісі агроном Апанашенкоға Гурьевте орналасқан Провлаг басқармасы мен Гурьев лагпунктінің қоныстанған аумағына жасыл құрылыстың перспективалық жоспарын жасау тапсырылсын. Жоспарда төмендегілер қарастырылсын:

- а) желден қорғайтын орман белдеулерін отырғызу;
- б) аумақты көгалдандыру;
- в) мәдениет және демалыс саябағын салу;
- г) гүлдермен безендіру;
- д) сол аудандағы өсімдіктерді Ботаникалық зерттеу үшін екпелерді өсіріп пайдалану.

1. Жоспарда көрсетілген екпеге алдын ала материалдары комиссияға 1/II-36 жылдан кешіктірілмей ұсынылсын.

2. Первомай совхозындағы барлық сәндік отырғызу тұқымдарын Гурьевте ағаш отырғызу үшін брондап, 1936 жылы алғашқы параходпен тасымалдауға дайындаңыз.

3. Құрылыс бөлімінің меңгерушісі инженер тұтқын Дорофеевке мәдени қоғамдық демалатын орынының, жасыл құрылыс жоспарын болашақтағы құрылыс объектілері жоспарларымен үйлестіре жүргізуді тапсырды.

4. Құрылыс бөліміне қаңтар, ақпан айларында құны 1500 руб тұратын Гурьевте шағын бақ тұрғызуға міндеттеді.

5. Қыс айларында көктемгі көгалдандыруға екпе ағаштарын және тұқымдарды 500 рубқа және қажетті шаруашылыққа керекті материалдарға 250 руб. Қаражатты жоспарға кіргізуге міндеттейді.

6. Көгалдандыруға техникалық даярлық жұмыстарына (жерді өңдеуге, жер участкесін бөлуге, бақтың құрылысы жүретін жерді анықтауға) Гурьевке тұтқын Янатаны және арнайы осы жұмысқа тұтқын Кожевниковты іс сапарға жіберілсін.

Көгалдандырудың толық жоспары мен жобасын пысықтау жоғарыда аталған тұлғаларға 1936 жылдың 1 наурызынан кешіктірілмей аяқталсын. Басқарма бастығының орынбасары Милевский [1,144б.]

Ал Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архивінде сақтауда зерттеу тақырыбына тікелей қатысты 70-тен аса тұтқынның жеке формуляр құжаттары табылды [10]. Бұл тұтқындар ақталған. Бұл архив құжаттары қазірде Қазақстан Республикасы Президент архиві қорының құрамына кіреді және баға жетпес тарихи құндылыққа ие.

Гурьевке одақтас республикалардан, бірнеше ұлт өкілдері отырған. Соның бірі Танасийчук Николай Парфентьевич (1890-1960) Петербург тұрғыны. 1933 жылы репрессияға ұшырап Астраханға, одан соң 1934 жылы Прорваға айдалған. Каспий теңізінің балық өндірісін биология ғылымы бағытында зерттеулер жүргізген. Одан соң арнайы қоныс аударушы ретінде Ақтөбе облысының Жұрын станциясында болып, одан Гурьевке сұранып келген. 1941 жылы Гурьевте ихтиология лабораториясының меңгерушісі болып 1943 жылға дейін қызмет жасаған. Ихтиолог Н.П. Танасийчук 1941 жылы Москва техникалық институтынан балық шаруашылығы саласынан диссертация қорғап, 1946 жылы ғана биология ғылымдарының кандидаты дипломын алған. Бүкіл өмірін зоология ғылым саласына арнаған. Тарихшы Г.М. Иванова мақаласында кейін баласы жазған естелігінде Гурьевтегі кезеңдерін еске алғанын жазады: «Некоторые специалисты из числа бывших заключенных, направленные после отбытия наказания на спецпоселение, пытались осесть и найти работу в Гурьеве. По воспоминаниям В.Н. Танасайчука, ссыльным родителям которого удалось добиться разрешения на проживание в пределах Гурьевской области. Гурьев в этот период был небольшим городом, «где вдоль берегов Урала стояли бесчисленные ветряки, качающие воду на огороды, а с неба сыпалась сажа, ибо топили здесь мазутом. Гурьев был добрым для нас. Мы получили комнату в доме Рыбхозстанции, где родители были единственными сотрудниками, а я – лаборантом... Отца мы почти не видели – он проповедал на промыслах по всему Северному Каспию», - деп еске алғанын жазады [7, с.12].

1940 жылдың 17 сәуірінде Прорва лагері Астрахань еңбекпен түзету лагері болып өзгертіліп, түрме басқармасы дәл осы соғыс басталар шақта Астраханға ауыстырылған.

Ресейлі зерттеуші Илья Удовенко еңбегінде: «В 1940 г. ГУЛАГ объединял: 53 лагеря с более 600 лагерных отделений и лагпунктов, 425 исправительно-трудовых колоний, 50 колоний для несовершеннолетних, 90 «домов младенца» для детей заключенных матерей, 162 приемника – распределителя для беспризорных и безнадзорных детей. Крупнейшие лагеря этого периода

распологались на Крайнем Севере (на Колыме), Дальнем Востоке (Хабаровский край) и Казахстане (Карлаг) [11, с. 267].

1942 жылы 22 маусым күні ақ КСРО Прокуратурасы мен Ішкі Істер Халық Комиссиаратының жариялаған Директивасында: «1. Аса қауіпті қылмыскерлер мен өзге де рецидивистерді бандиттерді, түрмедегі, колониядағы контрреволюционерлерді лагерден босатуды тоқтатуды;

2. Аталған тұтқындарды сонымен бірге поляк контингентін, немістерді және өзге де бодан халықтарды күзет аумағын күшейту, күзетсіз жұмыстарға пайдалануды тоқтатуды талап еткен. Лагердегі тұтқындардың бәрін барынша күзетпен ұстауды тапсырған.

3. Кеңес үкіметіне қарсы қызмет атқарған деген материалы бар тұтқындарды қамауға алуды;

4. Лагерь, түрме және колония күзетін соғыс жағдайына аудару;

5. Барлық лагер қызметкерлерінің, түрме, колония және ЕТЛ прокуратура қызметкерлерінің еңбек демалыстарын тоқтату, сонымен бірге еңбек демалысындағы қызметкерлерді толық қайта шақыру;

6. Тұтқындардың барлық жазбаларын тоқтату, сонымен бірге арнайы поселкалардағы, бостандықтағылармен хат алмасуды толық тоқтату;

7. Осы бұйрықты барлығына 24 сағат ішінде жеткізуді бұйырды» [11, с. 267].

Соғыс жағдайында ГУЛАГ жүйесінде тәртіп қатайтылып, ұстаудағы тұтқындардың жұмыс күні 10-12 сағатқа дейін ұзартылды. Тұтқындардың бостандыққа шығатын уағы келсе де, ұзартылып, лагерь тұтқындардан толды. Кейін Сталинград майданындағы шайқас қызған шақта, 1942 жылы 17 тамызда НКВД бұйрығымен түрме басқармасы Гурьев қаласына кері ауыстырылады. Екінші дүниежүзілік соғыс жағдайындағы Сталинград шайқасы реттелген тұста 1943 жылың наурызында лагерь басқармасы қайтадан Астрахан қаласына көшіріледі.

1944 жылы Астрахань ЕТЛ балық аулау, оны өңдеумен айналысуды жалғастырады. Лагерде 1944 жылғы 1 қаңтардағы есеп бойынша 3062 адам ұсталған. Лагерде 3 бөлімше болған. Олар: 1-сі Гурьевлаг Гурьев қаласында, 2-сі Астрахан қаласынан 8 км жердегі Астрахан бөлімі (Астраханлаг), 3-шісі Астрахан қаласынан 80 км жердегі Мумра поселкесінде орналасты. Осы тұста негізгі өндіріс орны Мумра болып есептелетін. Өйткені, 1943 жылы ол балық аулауды 46 600 центнерге жеткізсе, Гурьевлаг 12 400 центнер орындаған. Гурьев бөлімі бұл кезеңде балықты өңдеу және дайын өнімді жіберумен айналысқан [12, 426.]. Сонымен бірге Лагерь тұтқындары Баку-Гурьев-Кандыағаш мұнай құбырын салуға, Гурьев қаласының азаматтық құрылыс ісіне қатынасқан.

Астрахань ЕТЛ 1950 жылдың 9 ақпанында КСРО Ішкі істер басқармасының №00107 бұйрығымен жабылған [12]. Архив құжаттары Астраханлаг саяси тұтқындары 1953 жылғы амнистия жарияланғанға дейін түрмеде қамауда отырғаны белгілі болды. Провлагерде есепке алынған контингенттер санына назар аударсақ, 1932 жылы желтоқсанда 2000 адамнан

1950 жылдар аралығында бір жылда барлық бөлім бөлімшелер санын қосқанда 11000 адамға дейін жеткен [13].

Сонымен халқымыздың басынан өткерген қуғын-сүргін көрген азалы тарихымыздың шындығын ашып, одан тағылым алу мақсатында осы 2023 жылдың 24 мамырында Жылой әкімшілігімен бірлесе, Каспий теңізіндегі Прорва аралына лагердің алғаш құрылған орнына Прорва өндірісіне баратын тас жол бойына ескерткіш белгі орнатылды.

Қорыта келе, біз жұмыс жасаған архив құжаттары КСРО мемлекетінде ГУЛАГ жүйесі жоспарлы түрде құрылып, еңбекпен түзеу лагерлерінің тұтқындарын күштеп, Кеңестік халық шаруашылығын көтеруге пайдаланған.

Гурьевте Прорва (Астрахань) еңбекпен түзету лагерлерінің бірнеше бөлімі мен бөлімшелері, шаруашылық орындары және түрмелерінде саяси қуғын-сүргін саясатының құрбандары болғандығын архив құжаттары дәлелдейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқтар Ә., Ахметова У., Жумабаев А. «Прорва-Астрахань лагерлер тарихы архив деректерінде» (1932-1950 жж.)/ Отан тарихы №4 (96) 2021. -136-149б.

2. Лагерная система в Прикаспийском регионе Казахстана (1932-1950гг.): Сборник документов и материалов. -Алматы: Издательство «Арыс», 2022. -376с.

3. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е – 50-е годы XX века). – Алматы: «Кітап», 2002. -344 с.

4. Ахметова У.Т., Джумабаев А. Прорва-Астрахань лагерлері тарихы Атырау облысы архивтерінде// М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. Ғылыми журнал. - Орал, 2020. -1(81) – 2021– 295-305б.

5. Ахметова У.Т., Имашев Э. Ж., Муктар А.К. Влияния географических факторов на территориально-организационную структуру и хозяйственную деятельность Прорвинского (Астраханского) исправительно-трудового лагеря (1932-1950)/ Oriental Studies. 2022. (№ 4, -С.682-698). Процентиль: Arts and Humanities: History – 66 (<https://www.scopus.com/sourceid/21100927989>)

6. Ахметова У.Т., Исмаилов С.С. Вопросы историографии формирования и функционирования системы ГУЛАГ// Вестник КазНПУ имени Абая. Научный журнал. 1(68)2021- Алматы. – С.198-203.

7. Иванова Г. Лагерная система в Прикаспийском регионе Казахстана (1932-1940 гг.) // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия История России. №4. 2022г. / Процентиль: Arts and Humanities: History – 25 (<https://www.scopus.com/sourceid/21101037141>).

8. Ресей Федерациясы Астрахань облысы Ішкі Істер Министрлігі Басқармасының Ақпараттық орталығы жанындағы арнайы архиві 87-қ., 3-т., 4-іс

9. 23 января 1935 г. - Справка начальника ГУЛАГа НКВД М. Бермана об использовании контингентов исправительно-трудовых лагерей НКВД // <http://istmat.info/node/28732>

10. Атырау облысы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архиві (одан әрі -АОПД АМА) қ.27/6/, т.1, іс-01100, Следственный фонд.

11. Удовенко И.В. Советская лагерная система в годы Второй мировой войны. // Сборник материалов международной online- конференции на тему «Казахстан: политика исторической памяти» в рамках XI международного проекта «ПАМЯТЬ ВО ИМЯ БУДУЩЕГО», посвященного Дню памяти жертв политических репрессий и голода. – Павлодар: «Парасат», 2020. - 412с.

12. Ахметова Ұ.Т., Мұқтар Ә.Қ. Прорва еңбекпен түзету лагері тарихынан (1932-1950жж.) // II Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары: Республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (15 мамыр, 2020 жыл)/Жалпы ред. Басқ. Ә.Қ. Мұқтар. – Атырау-Сарайшық, 2020. -142бет.

13. Прорвинский ИТЛ (Прорвлаг) //http://old.memo.ru/history/nkvd/gulag/r3/r3-287. Htm

*Байбулсинова А.С., Жолахова Г.Т.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
(Орал қаласы)*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ ЛАГЕРЛЕР

Қуғын сүргін жылдары қудаланған саяси тұтқындар лагерінің желілері қазіргі Батыс Қазақстан аумағында да болды. Ұсынылып отырған мақалада осы Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы (бұрынғы Зеленов ауданы) мен Ресей Федерациясының Самара облысы шекарасында орналасқан Безымян саяси тұтқындар лагері, Бөкей Орда ауданының Сайхын ауылы маңындағы лагерлер тарихы қарастырылады. Көрсетілген тақырыпта деректік құжаттар жинақталып, бұған дейінгі жарық көрген әдебиеттер сараланған. Саяси тұтқындар лагерлерінің құрылу себептері, орналасу территориясы, контингенті іздестіріліп, тұтқындардың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайы талқыланды. Зерттеу тақырыбының бағыттары айқындалып, әдіснамасы, библиографиялық және арнайы ғылыми еңбектер мен анықтамалық құжаттарға талдау жасалған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2020 жылғы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Бұл жердегі басты міндет – халықаралық стандарттар мен құндылықтар негізінде саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру, олардың адал және игі есімдерін халық пен ұрпақтарына қайтару болып табылады.

Мемлекет басшысының саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі тапсырмасына орай, жергілікті жерде өңірлік жұмыс топтары құрылып, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен қазақ даласындағы саяси тұтқындар лагерлері туралы жан-жақты ізденіс жұмыстарын жүргізуде. Аталған мәселедегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағыты – Сталиндік жылдары

Қазақстандағы саяси тұтқындарды ұстау изоляторлары, лагерлер желісі мен НКВД конторалары туралы зерттеулер.

XX ғасырдың 20-50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – қазақ тарихындағы қасіретті кезең. Тарихи құжаттарда КСРО мемлекетінде ГУЛАГ жүйесі жоспарлы түрде құрылып, Қазақ КСР-і территориясының өзінде 21 еңбекпен түзету лагерлері жұмыс жасады деп көрсетіледі [1, 160 б]. Батыс Қазақстан облысы бойынша саяси тұтқындар лагерлері ГУЛАГ жүйесіне қызмет жасаған, Орал округінде бірнеше бағытқа бөлінген. Соның бірі Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы (бұрынғы Зеленов ауданы) мен Ресей Федерациясының Самара облысы шектескен аумағында орналасқан Безымян еңбекпен түзету лагері (Безымянлаг ЕТЛ) болды.

Мақаланы жазу барысында Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы (бұрынғы Зеленов ауданы) мен Ресей Федерациясының Самара облысы шекаралық аумағында 1940-1946 жылдары аралығында жұмыс жасаған Безымян еңбекпен түзету лагерінің тарихи орны, атқарған қызметі, контингенті, тұтқындарының тұрмыстық, әлеуметтік жағдайына қатысты тарихи құжаттарды зерделеуді мақсат еттік. Мақалада облыс аумағындағы Сталиндік қуғын-сүргін жылдарындағы лагерлердің қалыптасу процесі мен функционалдық қызметтері талданды. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан аумағындағы лагерлердің қызметі Кеңес Одағында XX ғасырдың 30-50 жылдарында кеңінен қолданылған мәжбүрлі еңбек жүйесі, дамыту контекстінде жүргізілгенін аңғарамыз.

Қарастырылып отырған мәселенің тарихнамасын талдауда бірқатар шетелдік басылымдардағы тарихнамалық деректер, монографиялар, ғылыми мақалалар, мерзімді және мерзімді емес басылымдар оның деректік базасын құрады.

Мәселені кешенді зерделеу үшін тарихнама ғылымының тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық қағидалары қолданылды. Зерттеуде арнайы тарихнамалық әдістер талдау, нақты және логикалық талдау, жүйелеу, ретроспективті, салыстырмалы-тарихи әдістер пайдаланылды. Жалпы методологиялық принциптер мен әдістер ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі арнайы тарихнаманың теориялық-методологиялық негіздері қолданылды.

Батыс Қазақстан мен Ресей Федерациясы шекарасындағы Безымян саяси тұтқындар лагері- Отандық тарих ғылымында арнайы зерттеу жүргізілмеген тақырыптардың бірі. Аталған тақырып бойынша іргелі зерттеулер орын алмаған. Мәселені тарихнамалық тұрғыда зерттеген еңбектер жоқтың қасы. Мұның өзі 1920-1950-жылдардағы өлкедегі саяси қуғын-сүргін лагерлері тарихының кешенді зерттеу нысаны ретінде зерделенбегендігінен хабар береді. Бұған себеп, аталған тақырыпқа қатысты мұрағат құжаттарының аса құпия сақталуы, ал кейбір маңызды құжаттардың әскери құпияға сәйкес жойылуы болып отыр. Соған қарамастан, отандық және шетелдік тарихшы ғалымдардың тарихнамалық деректері, монографиялар, ғылыми мақалалар, кандидаттық

диссертациялар, мерзімді басылымдар арқылы ізденіс жұмысын жүргізуге тырыстық.

1997 жылы Қазақстанда қуғын-сүгін құрбандарын еске алу жылына байланысты қайраткерлерді ақтау жұмыстары барысында бірнеше энциклопедиялар, архив құжаттары мен деректер жинақтары мен ғылыми жинақтар жарық көрген. Сонымен бірге Батыс Қазақстан облысында 2001 жылы БҚО мұрағатының директоры П.Иночкиннің редакция алқасының ұйымдастыруымен шығарылған «Азалы кітап/Книга скорби» мағлұматтары зерттеу жұмыстарының басты бағыт-бағдарын бергендігі сөзсіз [2].

«Азалы кітапта» 1930-150 жылдары қазіргі Батыс Қазақстан облысы бойынша 4 мыңдай адам соттан тыс жазаланып, соның ішінде 1937 жылы 853 адам қуғындалып, 355-і атылған, ал 1938 жылы 936 адам тұтқындалып, 690 адам ең жоғарғы жаза – ату жазасының құрбаны болғаны айтылады. Дегенменде, 2021 жылғы қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша жұмыс тобы табылған барлық деректерді саралай отырып (бұл жұмыс әліде жалғасуда) көрсетілген цифрлардан шынайы бейнесі әлде қайда көп екенін анықтап отыр.

XX ғасырдағы тотлитаризм Ескі Египеттегі тотолитаризмнен әлде қайда басым болды. Өзінің ұзақтығы мен құйтырқылығы жағынан кеңестік типтегі тоталитаризм ең жоғарғы шыңына жетті. Саяси қуғын-сүргін мәселесі ешқашан маңызын жоймайтын өзекті тақырыптардың бірі. Бұл жылдардағы мәңгілік халық жадында сақталатын тақырыптардың ең ауыры –ГУЛАГ жүйесі. Қазіргі кезде жарық көрген бірқатар іргелі еңбектер қатарында саяси тұтқындар лагерлері туралы негізінен КАРЛАГ, СТЕПЛАГ, Прорва және Ақтөбе лагерлері туралы мағлұматтар кездеседі. ГУЛАГ жүйесіндегі еңбекпен түзету лагерлерінің бірі - Безымян лагері туралы ізденісті Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінен бастадық. Аталған тақырыбымызға қатысты нақты құжаттарды қарастыру барысында азда болса архив істерін анықтадық. Олар облыстық архив қорында сақталған №24 қор, 3-тізбе, №340-іс (істің атауын құжаттың тілінде қалдыруды жөн көрдік-авторлар-«Протоколы заседания Президиума Уральского и Гурьевского исполнительных комитетов, списки заключенных в лагеря принудительных работ и ежедневные сведения об изменениях в составе рабочих и служащих о неявке на работу») [3] және №122-қор, 1 тізбе, 237-іс («Дело надзирателя концлагеря Шайахметова в соучастии побега заключенного Пригородного») [4]. Табылған бұл құжаттарда Орал және Гурьев Атқару комитеттерінің Президиум отырыстарында облыс аумағындағы еңбекпен түзету лагерлерінің жағдайы, ондағы тұтқындар мен олардың жұмыс кестелері туралы мәселелер бойынша құжаттар жинақталған. Материалдар мазмұнын сараптай келе, бұған дейін белгісіз болып келген Батыс Қазақстан облысында да саяси қуғын-сүргін жылдарындағы тұтқындар лагерлері желісі жұмыс жасағаны анықталды. Құжаттардағы хаттамалар мен тұтқындар тізімдері бұл лагерлердің жұмысын айғақтайды.

Безымян еңбекпен түзету лагерінің орналасқан аумағы отандық тарихнамада Н.О.Дулатбековтің жалпы редакциясымен жарық көрген «Қарлаг» /Қарағанды: «Болашақ» университеті/ еңбегіндегі КСРО ГУЛАГ жүйесінің

картасында көрсетілген [5, 576 б.]. Сондай-ақ, Н.О.Дулатбековтың жалпы редакциясымен жарық көрген «Қарлаг: қапастағылар қаламынан» кітабында КСРО НКВД ГУЛАГ жүйесінің аса құпия есептелген «Ерекше құрылыстар» деген бөліміне жатқызылған [5, 248 б.].

Еңбекпен түзету лагерлері тарихы ресейлік ғалымдардың зерттеулерінде кездесті. Аталған тақырыбымызда КСРО НКВД ГУЛАГ жүйесіндегі саяси лагерлерді толық қамтыған «Система исправительно-трудовых лагерей в СССР: 1923-1960» атты анықтамалықты ерекше айтуымыз қажет [6, 159 б.]. Еңбекте КСРО НКВД ГУЛАГ жүйесіндегі әрбір еңбекпен түзету лагерлеріне қатысты архив және деректік құжаттар сараланып, ғылыми негіздеме жасалған. Зерттеуде лагердің орналасқан жері 1940 жылдың 25 қыркүйегінен бастап РФ, Куйбышев облысы, Куйбышев теміржолы, Безымянка станциясы/телеграф коды: «Особстрой» («Ерекше құрылыстар») / деп көрсетілген. Келесі деректе: «строительство авиационных заводов № 122 и 295, моторного з-да № 377, аэродрома, дорог, жилпоселка, достройка Безымянской и Куйбышевской ТЭЦ, кирп. и мех. заводов, строительство заводов № 1, 18, 24, 35, 145, 165, 207, 305 и 454, цеха вагонрем. завода, нефтеперерабатывающего завода № 443 в районе ст. Кряж, жилья, коммунально-бытовых объектов, карбидного завода НКАП, разработка гравийных карьеров, строительство радиостанции, водопровода, канализации, трамвайных путей и депо, работы в совхозе «Красный пахарь», строительство объектов для Куйбышевнефтекомб» - лагердің функционалдық қызметтері көрсетілген [7].

2021 жылы Е.А.Писареваның «Влияние Великой Отечественной войны на экономическую деятельность лагерей системы ГУЛАГ НКВД (на примере Безымянлага)» атты ғылыми мақаласы жарияланды. Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Безымянлагтың шаруашылық қызметі, фронтты қару-жарақпен (Ил-2) қамтамасыз етудегі рөлі, сондай-ақ лагердегі адам құқығы мен денсаулығын қорғаудың аяққа тапталғанын көрсетіп, талдау жасаған [8].

А.В.Захарченко, А.И.Репинецкийдің басшылығымен шыққан келесі кітап «Строго секретно. Особстрой – Безымянлаг. 1940-1946», бұл еңбектің маңыздылығы: лагердің 1940 жылдан бастап 1946 жылға дейінгі өмір сүрген кезеңіндегі Ресей Федерациясының архив құжаттарынан толық дереккөздерді көрсетуі. Лагерь тұтқындарының, соның ішінде әскери тұтқындар мен саяси қылмысы үшін қамалған тұтқындардың еңбек қызметі, санитарлық-тұрмыстық жағдайы, НКВД жазалаушы органдарының жүргізген саясатын, басқа да лагерь қызметіне қатысты тұжырым жасалған [9].

1-кесте. Безымян еңбекпен түзету лагерінің орналасуы. 1941 жыл 1 мамырдағы лагерь тұрғындарының үлесі

Атауы	Адам саны	Өндіріс	Қашықтық	Байланыс	Жаяу жол байланысы
1	2	3	4	5	6

1-район (7 участок)	30 704	Зауыт құрылысы	4 км	Телефон	Безымянк ст, шоссе
2-район (2 участок)	14 345	—	1 км	-	-
3-район (2 участок)	4338	Аэродром құрылысы	8 км	-	Зубчанинков а ст, шоссе
4-район (3 участок, 2 подкомандировк а)	14 09 4	Азаматтық құрылыс, аэродром құрылысы	4 км	-	Безымянк ст, шоссе
Жигули ауданы (5 участок)	7181	Орман шаруашылығ ы және тас өңдеу	35 км	-	Красная глинка ст, шоссе
Мехзавод участогі, 1 подкомандировк а	3957	Тері шаруашылығ ы және тас өңдеу	8 км	-	Безымянк ст, шоссе
Безымян участогі	5355	ТЭЦ құрылысы	3 км	-	-
Куйбышев участогі	1205	-	24 км	-	Куйбышев ст, шоссе

Автормен [9, 47-48 б.] бойынша құрастырылды.
2-кесте. Безымянлаг тұтқындарының саны (1942-1946)

Күні	25.03.1942	31.12.1942	01.03.1943	01.11.1943	01.10.1944	01.05.1945	01.03.1946
Саны	51113	29811	23161	6135	7169	10680	5840

Автормен [9, 42-43 б.] бойынша құрастырылды.
3-кесте. Безымянлагта қайтыс болғандарының саны (1940-1945)

ЖЫЛ	1940	1941	1942	1943	1944	1945	Барлығы
Қайтыс болғандар саны	312	4923	5687	1778	91	107	12898

Автормен [9, 44-45 б.] бойынша құрастырылды.

Кестеде көрсетілгендей, 1941 жылы лагерь құрылымы 8 аудан, 22 участоктен құралған. Функционалдық қызметі 6 өндірістік салаға бөлінген. Лагерде қылмысы үшін сотталған тұтқындардан басқа, әскери тұтқындар мен саяси қылмысы үшін қамалған тұтқындар еңбекпен түзеу лагерінде түрлі ауыр қызметтерді атқарған. Бұл туралы И.М.Козыбаевтың «Большой террор» в Казахстане» еңбегінде көптеген құжаттар берілген. Жинақталған құжаттар қазақ жеріндегі ГУЛАГ жүйесіндегі лагерлердің қызметі мен оның құрамындағы еңбекпен түзету лагерлерінің аумағы, тұтқындар жағдайы басқа ауқымды мәселелерді ашып көрсеткен. Мысалы еңбектің «По Актюбинской области» бөлімшесінде «Начальнику Уральского РО – 30 ноября последняя тройка. От вас будет рассмотрено 18 дел. Из них по окраскам: нац. к-р -3, повстанческая-10, фашистская-5. Предупреждаю дела другим окраскам рассмотрены не будут. Обеспечьте точное количеситво окраскам указанным выше №1171» [10, 216 б] – деген нұсқау берілсе, келесі құжаттарда оларды аталған айыптарды мойындатудың түрлі айла-тәсілдері жазылған. «По Западно-Казахстанской области» бөлімшесінде тұтқындардың есімдері мен құлмыстық істерінен деректерді талдап көрсетеді [10, 235-237 бб]. Бірақ жеке тұлғалардың қылмыстық істері туралы бөлек әрі ұзақ мәселе, сондықтан бұл мақалада оған арнайы тоқталмауды жөн көрдік.

Бұған дейінгі жазған мақалаларымызда ГУЛАГ жүйесінде қызмет жасаған Батыс Қазақстан облысындағы лагерлер желілері 3 бағытқа бөлінгенін көрсеткен болатынбыз. Оларда 2 мыңнан -5 мыңға дейін тұтқындар ұсталған. Олар Каменлаг, Безымянлаг және Салават лагер, АЛЖИР-дің Оралдағы бөлімшесі. Бұлардан басқа 2 үлкен маңызды лагер желісі жұмыс жасаған: олар Түркістан лагері және Ортаазиялық лагер (Туркестанский лагер, Среднеазиатский лагер). Бірақ бұл бұрынғы орган қызметкерлерінің ауызша деректері ғана. Нақты құжаттар әлі табылған жоқ, дәлелді деректер қарастырылып жатыр.

Солардың қатарында Бөкей орда ауданындағы Сайхын ауылының маңындағы лагер туралы ақпараттар табылды. Бұл лагерде бухгалтер болып қызмет жасаған куәгердің айтуы бойынша және жергілікті тұрғандардың лагер болған орында көрсетуімен анықталған. Бұл туралы жергілікті облыстық газеттеде мақала жарияланған. Онда «куәгер әжейдің айтуы бойынша тұтқындардың біразы мұсылмандар еді. Түрме басшылығы сотталғандарға жақсы қарады. Сотталғандар темір жол мен құрылыста қызмет жасады»- деп жазады [11]. Батыс Қазақстанмен шекаралас өңірлердегі саяси тұтқындар лагерлері туралы, неге дәлі Ресеймен шекаралас территорияларға кеңестің биліктің аса мән бергені туралы А.С.Солженицын еңбегінде де ашып жазылған [12]. Көзі қырағы оқырман, зерттеушілер аталған еңбекке көз жүгіртіп, қуғын-сүргін саясатының мән-мазмұны мен ГУЛАГ лагерлер желісінің түпкі мақсатын анық түсіне алады.

Біз жұмыс жасаған тарихи құжаттар КСРО мемлекетінде ГУЛАГ жүйесі жоспарлы түрде құрылып, еңбекпен түзету лагерлерінің тұтқындарын күштеп халық шаруашылығын көтеруге пайдаланғандығын дәлелдейді. ГУЛАГ жүйесіндегі лагерлер желілерімен олардың қызметі туралы қазіргі кезде

көптеген тың деректер жарияланып жатыр. Бірақ көбіне КАРЛАГ желісі жан-жақты зерттелуде. Бірқатар құнды жинақтарда, зерттеу мақалалары да жарық көрген [13], [14]. Алайда Батыс Қазақстан облысындағы лагерлер желілері болғаны беймәлім күйінде қалып отыр. Сондықтан, әліде зертеушілерін күтіп тұрған құнды әрі маңызды деректер мен құжаттарды анықтау қажет етеді. Айталық бір ғана Безымян еңбекпен түзету лагерінің бірнеше бөлімдері мен бөлімшелері, шаруашылық орындары және түрмелері болғандығы қазіргі анықталып отыр.

Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы (бұрынғы Зеленов ауданы) мен Ресей Федерациясының Самара облысы шекарасында орналасқан Безымян еңбекпен түзету лагерінің, жалпы Батыс Қазақстан облысының территориясындағы тұтқындар лагерлері отандық тарихнамадағы зерттелуді аса қажет ететін маңызды зерттеу объектісі ретінде өзекті болып тұр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Система исправительно-трудовых лагерей в СССР: 1923-1960». – Москва: «Звенья», 1998. -450 б.
- 2 Азалы кітап. Құрастырғандар: Иночкин В.А., Карин А.Ж. – Орал, «Полиграфсервис», 2001. -252 б.
- 3 ЗКОА Фонд-24, Опись-3, Дело-340 - Протоколы заседания Президиума Уральского и Гурьевского исполнительных комитетов, списки заключенных в лагеря принудительных работ и ежедневные сведения об изменениях в составе рабочих и служащих о неявке на работу.
- 4 ЗКОА Фонд-122, Опись-1, Дело-237 - Дело надзирателя концлагеря Шайахметова в соучастии побега заключенного Пригородного;
- 5 Дулатбеков Н.О. Қарлаг. – Қарағанды, «Болашақ» Қарағанды университеті, 2012. – 828 б. ISBN 978-601-273-135-4.
- 6 Смирнов М.Б. Система исправительно-трудовых лагерей в СССР, 1923-1960. Справочник. – Москва: Звенья, 1998. – 602 с.
- 7 ГУЛАГ в Казахстане // История Казахстана: с древнейших времен до наших дней: в 5-ти томах. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т.4.
- 8 Писарева Е.А. «Влияние Великой Отечественной войны на экономическую деятельность лагерей системы ГУЛАГ НКВД (на примере Безымянлага)». – ФСИН России, Самарский юридический институт. – Самара, 2021.
- 9 Захарченко А.В., Репинецкий А.И., «Строго секретно. Особстрой – Безымянлаг. 1940-1946». – Самара, 2008.
- 10 Козыбаев И.М. «Большой террор» в Казахстане. – Алматы: Раритет, 2019.
- 11 Байбулсинова А.С. «Сталиндік саясат құрбандарының тағдыры тұтас зерттелеуі тиіс»// Qazaqstan tarihy:электронды ресурсы/<https://e-history.kz/kz/news/show/33888>
- 12 Солженицын А.И. Архипелаг ГУЛАГ//1918-1956: опыт художественного исследования // - Москва, 1983. – Т. 1,2,3.

13 КСРО БМСБ-ПХК-ИМ Қарағанды еңбекпен түзеу лагері тарихының очерктері (1931-1959). – Қарағанды: Қарағанды «Болашақ» университеті, 2012. – 831 б.

14 Қарлаг / Альбом/. – Қарағанды, 2012. – 576 б.

*Бердіғожин Л.Б.,
тарих ғылымдарының докторы
Алипова Д.Ж.,
тарих магистрі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*

БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ ЖӘНЕ ӨЛКЕДЕГІ ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы «Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі Жарлығы бойынша жүргізіліп отырған зерттеу жұмыстары, жаңа архив деректері негізінде 1920-30 жылдардағы сталиндік «зұлмат» құрбандарының тағдырлы тұлғалары туралы зерттеулерге жол ашты. Өлкемізде мұнай-газ кен орындарының ашылуына, 1930 жылдары жоғары білікті мұнайшы мамандарының қалыптасуында, алаш ардақтысы Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаевтың (1897-1937) еңбегі ерекше. Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жұмысы бойынша ҚР Президенті архивінде сақталған Беркінғали Атшыбаевтың №478 жеке ісін қайтара парақтаудың жөні түсті. Алаш ардақтысы туралы Дәметкен Сүлейменованың (Батыс Алашорда тарихын зерттеуші), Жанат Нұрмаханованың (Атшыбаевтардың жиені) еңбектерінде жазбалар бар. Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаев Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Шыққан тегі он екі ата байұлының шеркеш руынан. Оның жауғашты, батырқожа бөлімінен. Миялы өңірінде туған әкесі Мұқаш Атшыбаев Батыс алашорданы қолдап, оның қызметіне қатысқан кісілердің бірі болды. Оның әкесі Атшыбай 1869-1870 жылдардағы патша үкіметінің әкімшілік реформасына қарсы кіші жүз қазақтарының көтерілісіне қатысқан болатын.

Мұқаш Атшыбайұлы орысша сауатты кісі болып, сауда саттықпен айналысып біршама дәулетті кісі ғана емес, байлығын ел игілігіне жұмсаған мәрт кісі болған. Батыс Алашорда құрылып, оның әскері мен милициясын ұстауға қаржы жинағанда алғаш көмектескен адамдардың бірі. Жымпиты уезіне қараған Қаратөбе қалашығындағы «3-Орал облыстық қазақ съезі» - тарихта «Қаратөбе съезі» деп аталған. 1918 жылдың 18 ақпанында өтті. Ойыл, Гурьев, Орал, Жымпиты, Тайпақ өңірі өкілдері қатысып баяндаманы Халел Досмұхамедов жасайды. «Әскер құрмасақ қалай ел боламыз, әскер құрайық» деп шешім қабылдайды. Әр түтін 100 сом ақша қоссын деген шешім қабылданады.

Мұқаштың Беркінғали, Хасанғали, Әжіғали деген ұлдары болған. Беркін мен Әжіғалиды 6 жастан орысша оқуға берген. Беркін Қаракөлдегі бір кластық (атақты қызыл үй мектебі), Гурьевтегі екі кластық, одан соң Орал реалдық училищесін бітірген.

1918 жылы төртінші Орал облыстық қазақ съезінің қарарына сай Жымпитыда ашылған Ойыл облысы жігіттерінен офицерлер даярлайтын алты айлық юнкерлік мектепке түседі. Жымпитыда өткен Орал облыстық қазақтардың 1918 жылғы 18 мамырдағы 4 съезінде Сабырғали Сарғожин Алашорда әскерінің бас қолбашысы болып бекіген және жаңаша құрамда Алаш әскерін құру тапсырылған.

Міне осы бағытта ашылған мектепті бітіріп, прапорщик шенін алған соң Беркінғали Атшыбаев Алашорданың Батыс бөлігін басқару бөлімшесінің бас интенданты болып тағайындалады. Алаш әскерін азық-түлік, киім-кешек, оқ-дәрі, құралмен қамтамасыз етуде, Батыс Сібір және ағылшын елдерімен қарым-қатынас жасауда көп еңбек сіңірген. Әсіресе, оның осы керекті заттарға қол жеткізу үшін Қызылқоға, Сағыз уездік земствосы арқылы Сібірдің оңтүстік батыс астықты аймақтарындағы кооперативтер мен жергілікті орыс-казактардың Орал, Ілбішін, Қаратөбе базарларында айырбас сауда жасауына жол ашқан тарихи еңбегінің мәні зор болды. Уақытша үкіметтің кеңсесі Уфада, «Учредительное собрание» дегені Самарада болды. Осылармен терезесі тең дәрежеде араласып Беркінғали Батыс Алашорда әскеріне арнайы 2000 мылтық, 37 пулемет, 2 зеңбірек, 2 автомобиль алады.

Беркінғали Атшыбаев Батыс Алашорда мен мұнай өндіруші мекемелер арасындағы байланысты да қадағалады. Мұнайлы өлкенің осы кезеңдегі дамуы Жайық орыс-казак әскері Гурьев уезі атаманы мен Батыс Алашорданың үкіметі жүргізген саясатқа байланысты болды. Көмірсутегі өнімінен түсетін пайдаға олар тәуелді болып, кәсіпшіліктерге өз ықпалдарын орнатуға тырысты.

«Ағайынды Нобельдер» мұнай қоғамының 1919 жылдың 26 шілдесінде Ресейдің Оңтүстік қарулы күштері Бас басқармасы жанындағы Отын комитеті төрағасы П.П.Бедновқа жіберген хатында кәсіпшіліктер туралы мәліметтер берілген. 1919 жылы шілдеде жергілікті жерде 1 150 000 пұт мұнай өнімі болса, оның Ракушада – 600 000 пұт, Мақатта – 410 000 пұт, Доссорда – 110 000 пұты сақталған. Мұнай бағасы Ракушада 1 пұт 9 сом тұрады. Оған әскери басқарма 1 сом 40 тиын, қорғаныс комитеті 1 сом 90 тиын салық қосады. Кәсіпшіліктерде өндіру, бұрғылау қондырғылары 1917 жылдан ақша болмауы себепті тоқтап тұр. Батыс Алашорда үкіметі әрекеттерін төмендегі деректерден байқаймыз.

«Алаштың куәлігі болсын! Жеделхат. Ракөш. Басқарушы инженер Г.С.Гросвальд мырзаға. Сіздің сұрағыңызға орай хабарлаймын: Жайықтың арғы бетінен келгендердің мұнай мен кірәсін сатып алуға қырғыз үкіметінің куәлігі болуы керек. Әскерден басқаға жанармай сатуға рұқсат жоқ. Жергілікті қажеттер үшін кірәсін жіберуге ерекше куәліктің қажеті жоқ. Бірақ бізге кірәсіннің Ракөштің ішінде де облыстық басқарманың рұқсатымен жібергені орынды.

Орал орыс-казак әскерлері Әскери үкіметінің 1919 жылғы 13 тамыздағы № 2051 қатынас қағазының көшірмесінен Алаш – Орда Батыс бөлімшесінің Үкіметіне:

Төменгі поселкелер мен әскерді нан және басқа азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатымен мұнай кәсіпшіліктерімен мұнай кірәсін ақшаға емес нан, пішен және басқа тағамдарға жіберіледі.

Азық-түліктің бағасы иесінің қалауы бойынша кесіледі.

Бұрын соңды қырғыздардың мұнай мен кірәсінді бәлшебектерге жиі өткізіп жіберуіне байланысты олар Қырғыз уездік және облыстық земство басқармаларының куәліктерімен жіберілетін болады.

Сонымен бірге, Әскери үкімет Алаш-Орда үкіметінен мұнай мен кірәсінді бәлшебектерге жібермеуі үшін қажетті шараларды алуды сұрайды. 1918-1920 жылдардағы елдегі азаматтық қарсылық большевиктер партиясы басқарған Кеңестер жағына шешілер тұста 1919 жылы 10 шілдеде Қазақ революциялық комитеті құрылады. Қазақ Революциялық комитеті 1920 жылдың 5 наурызында «Алашорданың Батыс бөлімін тарату (жою) туралы» қаулысын қабылдайды. Қаулыда төмендегі жазбалар бар.

1. Қазақ ұлттық Алашорда үкіметінің Батыс бөлімінің жауапты басшыларын Қазақ өлкесінде Кеңес өкіметі нық орнап кеткенше қазақ еңбекшілерінен жырақ ұстау. Келіп отырған жауапты қызметкерлер ішінен Жанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Иса Қашқынбаев, Карим Жәлелов (мәтінде Джамалов) және Беркінғали Атшыбаев Москваға немесе басқа орталық губернияларға жіберілсін.

2. Алашордашылардың дүние-мүліктері қай жерде болса да қазыналық болсын, жекеменшік болсын, мүліктерді тиісінше бөлуге күзіреті бар бірден бір өкілетті орган – Ревкомның айрықша пәрмені болғанша есепке алынсын.

3. Алашорда үкіметінің, оған бағынышты органдардың түпкілікті жойылуына байланысты барлық мәселе жуырда өтетін Ревком мәжілісінде қаралсын, газеттерге Алашорда мен Ревком арасында ешқандай келісімнің болмағаны туралы тұрғындарға жария етілсін, ал бұл алашордашылардың өту шарты Ревкомның жауабында көрсетілген, яғни алашордашылардың жеке басына қатысты қолсұғушылық болмайды және бұрынғы саяси әрекеттері үшін жарияланған амнистия өз күшінде қалады.

4. Кеңестермен ниеттес қазақтар мен көшіп келгендердің арасында Батыс алашордалықтардың белсенді мүшелеріне қатысты жеккөрушіліктің барын ескере отырып, оларға Ревком мүшелігі, басқа да жауапты жұмыс беруді тоқтата тұру. (Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Ревком қаулыларынан алынған). Беркінғали Атшыбаев 1920 жылдың жазында ықпалды бестіктің алғашқысы болып, Орынборға жіберіліп, Қазревкомның Ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Әбдірахман Әйтиевтің ұсынысымен іс жүргізуші болып жұмысқа қабылданады. Б.Атшыбаевтың кеңестік жүйедегі еңбек жолы басталды. Ол орысша, немісше сауатты еді. Осы жұмыста, Әбдірахман Әйтиевпен бірге Жайық бойында кеңес билігін орнатуға қатысқан Дәрібай Бижанұлы Хангереевпен (1890-1938) танысып, жақын араласады. ҰҚК архиві деректерінде Хангереев Дәрібай Бижанұлының 1890 жылы Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының екінші ауылында туғандығы, әкесінің бай адам болғандығы жазылған. Ол 1920-1923 жылдары Қырғыз милициясы бөлімшесі бастығы, 1923-1925 жылдары Ақтөбе губерниясы атқару комитеті төрағасы, 1925-1932 жылдары Қазақ АКСР әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары, Ембімұнай тресті басқарушысының орынбасары, 1932-1933 жылдары жеңіл өнеркәсіп халық

комиссары, 1933-1936 жылдары Гурьев облысы Маңғыстау ауданы партия комитетінің хатшысы, 1936-1937 жылдары Ембімұнай тресі транспорт кеңсесі директоры қызметтерін атқарған.

1922 жылы құрылған Ембімұнай тресті басқармасы, 1924-1929 жылдары Мәскеуде орналасты. 1928 жылы жергілікті басшылықты нығайту мақсатында басқарма Гурьевке көшірілді. Қызылордадан тікелей Ембімұнай тресті басқарушысының орынбасары болып келген Хангереев бірден жұмысқа Атшыбаевты алғанын архив деректерінің өзі айғақтайды. Архив қорындағы №558 істе Хангереев Дәрібай туралы мол мағлұмат бар. НКВД тергеушілеріне берген жауабында Хангереев 1927 жылдың мамырынан 1930 жылдың қазанына дейін Ембімұнай тресті басқарушысының орынбасары болды. Осы жұмыста жүргенде Беркінғали Атшыбаевты өз жағыма тарттым деп жауап береді. Басында Доссорда, кейін Гурьевте трест қызметкері ретінде жақсы жағынан көрінген Атшыбаев 1930 жылдары геологиялық барлау портияларының геологы қызметіне тағайындалады. Осы жерде өзі білім алған Мәскеу политехникалық институтының профессоры атақты ғалым Иван Михайлович Губкин (1871-1939) есімін еске түсіреміз.

Атақты геолог, Мәскеу мұнай институтының негізін қалаушы (1930 жылы Мәскеу политехникалық институты дербес алты институтқа бөлінді. Сол жылдан Мәскеу мұнай институты) И.М. Губкин мұнайлы Ембіде 70-80 кен орын бар екенін ғылыми дәлелдеп, 1930 жылдары, «Үлкен Ембі» перспективті жоспарын жасауға үлес қосты. 1930 жылы Ембімұнай тресті жанынан геологиялық мекеме ашылды. Ол бірнеше бюродан тұрды. Доссор бюросын С.А. Кудашов, Мақат бюросын С.А. Лебедев, Байшонас бюросын Б.Н. Бочкаров, Қаратон бюросын А.С. Королев, Новобогат бюросын Н.В. Неволин басқарды. Оларға басшылықты С. Қарымсақов, бас инженер И.П. Смилга жүргізді. Геологиялық бюроларда 20 қолмен бұрғылайтын «Войцлов» станогы, механикалық станоктар 6 «Вирт», 1 «Ганиэль Люг» және жаңа шыққан «Крелиус» станогы болды. Атшыбаев тек геолог маман ғана емес, ел таныған сыйлы азамат екенін 1931 жылғы Мұнайлы кен орнындағы оқиға дәлелдейді. Қазақстан ОГПУ саяси өкілдігінің ерекше бөлімінің 1931 жылғы 13 маусымдағы №26 ерекше барлау мәліметі. Мәліметке бастық орынбасары Рогозин қол қойған.

10 маусымда 12 винтовка, бірнеше аңшы мылтығымен қаруланған белгісіз адамның басқаруындағы 250 адайлықтар Жилокосадан 100 шақырым жердегі Мұнайлы мұнай барлаушыларына шабуылдап көліктер мен жөндеу шеберханасын өртеп 62 адамның тамақ қорын алып кеткен. Осыған сай, Гурьевтен ОГПУ дің 68 -ші дивизионы мен 50 адамдық коммунистік қосын, Шалқар мен Аралдан арнайы екі топ жіберілген. Осы арнайы шараға Қазақстан ОГПУ ерекше бөлімі бастығы Белоногов жетекшілік етті.

Қазақстан ОГПУ ерекше бөлімі бойынша бастық орынбасары Рогозин қол қойған 1931 жылғы 17 маусымдағы №27 жедел барлау мәліметі.

Мұнайлы барлау орнына шабуыл жасаған бандылар 54 жұмысшыны жанұясымен қосып тұтқындаған. Кейін, бандылар әйелдер мен балаларды босатып ер адамдарды соттаған. Барлау тобының 7 жұмысшысы банды тобына

қосылған. Мұнайлы барлау орнынан бандылар 18 түйе, 5 жылқы, 3 айға жететін азық қорын, 3 аңшы мылтығы мен 250 оқты тонап алып кеткен. Мұнайлы геологиялық партия басшысы Пермьяковтың 1957 жылы 27 қыркүйектегі КСРО Бас прокуратурасы тергеушілеріне Атшыбаев ісі бойынша берген жауабынан. «1931 жылы 10 маусым сағат 04.00 де Мұнайлы кен орнын бұрғылап жатқан геологтарға адайлар шабуыл жасады. Геологиялық партияда 75 адам болған. Осы істе Атшыбаев көп көмек көрсетті. Бандылармен өзінше тіл тапты. Кейбірі оны танитын болып шықты. Партия құрамындағы 22 орысты бандылар бөліп алды. Соттап, атуға үкім еткенде Атшыбаев мені де бірге атыңдар деп орыс жұмысшылары қатарына қосылған. Банды басшылары ақылдасып, ұсталғандарды айдап алып кеткен. Сонда, Атшыбаев адамдарды қамап ұстайтын айдауыл бандылармен сөйлесіп орыс геологтарды аман алып қалған. Осы жерде айдауылдардан бандылардың Қаратонға шабуыл жасайтынын біліп, қасына 22 орыс жұмысшыларды ертіп дала жолымен Жилокосаға дейін барып, бандылар хабарын жеткізген. Қаратон күзеті күшейтіліп, бандылар шабуылынан аман қалған. Мұнайлыға шабуыл кезінде бандылар құрал - жабдықтарды, киім - кешек, азықты және 75 қап ұнды алып кеткен» деп көрсетеді. Геологиялық партиялардың тынымсыз еңбегі нәтижесінде Ембі ауданында жаңа кен орындары 1931 жылы Байшонас, 1934 жылы Ескене, 1935 жылы Қосшағыл, 1938 жылы Сағыз, 1939 жылы Құлсары кен орындары ашылып өнім бере бастады. Міне осы істе Беркінғали Атшыбаевтың да қолтаңбасы бар. Оны, 1957 жылғы жауап парақтарында көрсетілген атақты мұнайшылар Нәрен Имашев, Жолдасқали Досмұқамбетов және 1930 жылдары Ембімұнай тресті басқарушысының орынбасары болған Қалқай Берғалиев жазбалары дәлелдейді. Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаев мұнай өндірісіндегі кеңеске қарсы қызметі үшін Гурьев аумақтық НКВД бөлімі 1937 жылы 27 қазанда тұтқындаған. Осы жылы желтоқсанда Батыс Қазақстан НКВД сы қарауына Орал қаласына жіберіледі. Орал қаласының түрмесінде қайтыс болған. Жеке істе Оралдық тергеушілер туралы және Алашорда туралы ешбір жазба жоқ. Істе Беркінғалидың өмірлік серігі Лидия Георгиевнаның ерін іздеп жазған бірнеше арыз-шағымдары ғана тіркеулі. 1933 жылы техникум студенті кезінде танысып, үйленгенін 1937 жылы Беркін атты ұлы дүниеге келгенін көрсетеді.

Софенрейтер Лидия Георгиевна (1915-1987) техник-геолог. Гурьев мұнай техникумын бітірген. 1935 жылы «Ембімұнай» бірлестігі геологиялық-барлау кеңесінде техник-геолог, аға лаборант. 1939 жылы «Қазақстанмұнай» комбинаты Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясында сектор жетекшісі. 1941 жылы Индер геологиялық-барлау партиясында аға коллектор. 1943 жылы «Қазақстанмұнайгеофизика» кеңесінде есептеуші, техник-интерпретатор, аға интерпретатор, тақырыптық партия бастығы № 9 сейсмикалық партиясының инженер-интерпретаторы, кеңесінің аға геологі. 1960 жылы Қазақ геофизика тресінің Іле геофизика экспедициясында аға геолог, аға геофизик. Ал, Беркін Беркінғалиұлы Атшыбаев Волгоград автомобиль жолдары институтын аяқтап, ұзақ жыл Қазақ автомобиль жолдары министрлігінде еңбек еткен, министр орынбасары лауазымына дейін өскен. Биыл еліміз Батыс

Алашорданың негізі қаланған Қаратөбе съезінің 105 жылдығын және халқымыздың біртуар атақты перзенті, Батыс Алашорданың көсемі Халел Досмұхамедовтың 140 жылдығын атап өтуде. Ал, осы жерде Халелдің сенімді серігі, Батыс Алашорданың ғана емес «Алаштың Атшыбаевын» айналып өтуге тіпті де болмайды. Отандық тарих ғылымына деген оң көзқарасты қалыптастыру, ұлт тарихын баяндаудағы уақыт пен кеңістік, өркениет пен ұлы тұлғалар-міне, тарих ғылымының «ақтаңдақтары мен таңдақтарын» айырудағы негізгі ұғымдар. Қазақстандық тарихнамада тәуелсіздік жылдарынан бастау алған тұлғатану бағытының мәні - ұлт үшін қызмет жасаған Беркінғали Атшыбаев сияқты тарихи тұлғалардың тарихын мақтан тұту және болашаққа үлгі ету болып шығады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Алаш қозғалысы // Ақиқат. - 1991. № 11. 2-3 б;
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1996;
3. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. – Алматы «Ататек» - 1995. - 210 б
4. Нурмаганбетова Р.К. Проблема Алаш и Алашорды в Казахской историографии 20-90-х годах: автореф. дисс. канд. ист. наук. - Алматы, - 1999. - 29с.
5. Бердіғожин Л.Б., Алипова Д.Ж. Алаштың Атшыбаевы. \\ Мақат Тынысы. 26 шілде, 2023.

Сарбаев Д.Д.,
С.Бәйішов атындағы университетінің
аға оқытушысы,
Педагогика ғылымдары бойынша
тарих мамандығының магистрі
(Ақтөбе қаласы)

АЛАШОРДА АҚТӨБЕДЕ

XX ғасырдың басында қазақ елінің, қазақ ұлтының экономикалық, мәдени, рухани-саяси жаңғыруы бағытын ұран етіп ұстап, дамудың жоғары сатысына өрлеп жатқан озық жұрттардан қалып қоймау мақсатында алға басу үшін барлық қазақ ұлтының өкілдерін жаңару бағытын ұстанған Алашорда қозғалысы өмірге келді. Оның басында батырлар жырымен өмір танып, ірі-ірі қазақ ауылдарында ашылған діни қайраткерлер – медресе ұстаздарынан әріп таныған, шығыстың классикалық шығармаларымен сусындаған, араб, парсы тілдерін еркін меңгерген, одан әрі Абайдың тәлімін үлкендердің әңгімесінен естіп, Ыбырайдың бастауыш мектептерінен орыс тілін үйреніп, нақты ғылымдардың әліппесін меңгерген оқыған жастар тұрды. Қазақ оқымаса, заманауи білім түрлерін үйренбесе, кәсіп түрлерін меңгермесе - басқа жұрттардан көштен қалатынын ескерткен Ахмет Байтұрсынов бастаған ұлт зиялылары ел ішінде

үндеу жариялап, Алаш партиясы қанатында өсіп-өркендеу жолында әрекеттер жасауға көшті.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында Алаш партиясы, Алашорда үкіметінің XX ғасыр басында қазақ елінің дамуында алған орны жан-жақты ғылыми бағасын әлі алған жоқ. Қозғалыстың басында тұрған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты жекелеген қайраткерлері мен оларға ерген оқығандарға қатысты үзік-үзік мәліметтер болғанымен де, Алаш қозғалысына саяси, тарихи толыққанды баға берілген жоқ. Ең маңызды мәселе –Алаш партиясының ұйымдастырушылық, бір орталықтан басқарылатын орталығы –сол кездегі Орынбор қаласы болғаны белгілі. Бір жағынан, Алаш қозғалысының ұйымдастырушылық орталығына айналу себебі –сол кезде Орынборда мұғалімдер семинариясының орналасуы, екінші жағынан – Уфадағы «Ғалия» медресесін оқыған қазақ жастарының көп болуы да –қазақтың оқыған жастарының бастарын қосып, елдің дамуы үшін қозғалыс ұйымдастыруға септігі тиді. Оның үстіне, Ресей империясының ең шеткі әкімшілік-аумақтық бөлігінде орналасқан. Орынбор губерниясында түркішілдік бағыттағы қозғалыстар жанданып, татар, ноғай, башқұрт жастарының да рухани-демократиялық бағыттағы тың қозғалыстары өмірге келіп, жұмыс қызып жатты.

Алаш партиясының жетекші көсемдерінен өзге, осы жұмыстың басы қасында, әкімшілік шаруаларын атқарып жүрген талай мүшелері болды, ұланғасыр қазақ жерінің әр өңірінде Алаш қозғалысының бөлімшелерін ұйымдастырып, партиялық үгіт-насихаттық жұмыстар атқарып, сол кездегі «халықтың көзі, һәм құлағы» бола білген «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің таралуы үшін жұмыс атқарып, барлық жағынан елдің оқу-білімге үндеп, бай-бақуатты болуға кәсіп ашуға кеңес беріп жүрген азаматтар көп болды. Аймақтардағы Алаш қозғалысын жандандырған азаматарымыздың есімдерін түгендеп, қызметтерін нақтылап, бір жүйеге келтірудің өзі ғалымдардың жұмысы болуы тиіс. Осы орайда Ақтөбе облысы мемлекеттік архивінде толық болмаса да, Алаш партиясының жергілікті бөлімшелеріне қатысты мәліметтер сақталғанын атап өтуге болады. Бұл құжаттар қоғам үшін мәні мен мазмұнын бүгінгі күні де жоймаған талай тарихи деректердің жаңа беттерін ашуға мүмкіндік береді. Қолымыздағы құжаттарды саралай отырсақ, Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз, Темір аудандарында Алашорда қозғалысы қарқынды жұмыс істеген. Орталықтан, Орынбордан алыс жатқан қазақ ауылдарына қарағанда, тұрғындар саны көп, көлік қозғалысына жақын, ел ішін ұйыстырып отыратын азаматтары және дәулетті байлары бар, мектеп-медресесі жұмыс істеп тұрған өңірлерде жақсы жұмыс істейді. Ресей императорының пәрменімен Ресейді Түркістан өлкесімен байланыстырушы теміржолдың салынуы, оның жол бойындағы қазақтардың да теміржол қызметін пайдалана бастауы экономикалық қозғалысты жандандырды. Темір - Ақтөбе облысының ертеден дамыған қалаларының бірі, Көкжар жәрмеңкесінің орналасуымен саудасаттық өркендеп, Демидовтар тәрізді көпестердің кәсіпшілік ашып, ішкі Ресейден ағаш, темірден жасалған тұрмыстық бұйымдар, күміс т.б. қымбат бағалы металлдардан жасалған жиһаз, сәндік бұйымдарды әкеліп, сатып не тері,

жүнге айырбастап не өңдеп, мал өнімдерінің саудасын қыздырған орталыққа айналды.

Ырғыз өңірі – қазақ даласындағы Торғаймен шектес, мұнда да Ыбырай ашқан екі кластық орыс-қазақ училищесінен ауқатты қазақ жастары білім алып, әрі қарай Орынборда жалғастыратын. Міне, осы себептер Ырғыз, Шалқар, Темір уездерінде Алаш қозғалысы бөлімшелерінің көптеп құрылып, Орынбордағы оқыған қазақ жастарымен тұрақты байланыс ұстап тұруға себеп болды. Құжаттарда Ақтөбе облысының Ырғыз, Шалқар, Темір аудандарындағы Алашорда қозғалысына қатысты мынадай мәліметтер бар. Кеңес өкіметі орнай салысымен Алашорда үкіметінің қызметінде, немесе әскерінде болғандар өздері әскери мекемеге тіркеуге келуі тиіс екендігі міндеттеледі. Бұл жөнінде БКП (б) Ақтөбе облыстық партия комитетінің құжаттарында сақталған. Қырғыз өлкелік басқару әскери-революциялық комитетінің 1920 жылғы 5 мамырдағы №54 бұйрығында былай деп жазылған: «Все сотрудники бывшего правительства «Алашорда» и военнослужащие ныне находящиеся в 1-м Киргизском Красном Советском полку подлежат в 3-х дневный срок регистрации в Киркрайчека. После чего сотрудники поступают в распоряжение Киркрайвоенревкома, а военнослужащие в распоряжение Киркрайвоенкомата» деп берілген.[1] Осы құжаттың өте маңыздылығы сол, Алашорда партиясы таратылғаннан кейінгі оның мүшелері мен белсенді топтарын кеңес өкіметі құрылған күннен бастап, үнемі ревкомның қатаң бақылауында болып, тіпті олардың жүріп-тұрулары назарда болғандығын айғақтайды.

Ақтөбе губерниялық комитетінің 1926 жылғы құжаттарында Шалқар уезіне қарайтын Ырғыз болыстығын тексеру барысының қорытындылары баяндалады. Құжат 1926 жылдың 21 желтоқсанында тапсырылған. Мұнда 1917-1919 жылдар арасындағы Ырғыз жеріндегі ақтар мен қызылдардың тартысы, алашордашылардың қызметі, олардың көзқарастары тұрғысына жете мән берілген. Айта кету керек, 1917 жылы Ырғыз бен Торғай арасындағы ақтарды жақтаған алашордашылардың қызылдармен тартысы қатты жүріп жатты. 1917 жылдың көктемінде РКП (б)-ның арнайы тапсырмасымен Ырғызға Әліби Жангелдин келеді. 1918 жылы Ырғызда Ырғыз Совдепі құрылып, Ұзақбай Құлымбетов, Бәймен Алманов, Темірбек Жүргенов, Иван Киселев, Сәндібек Тұңғашинмен бірлесе Кеңес өкіметі орнатылды. Ырғыз ревкомның тұңғыш төрағасы –Бәймен Алманов. 1918-1921 жылдары арасында Ырғыз маңайында 16 болыстық, 138 ауылдық кеңес ұйымдастырылады. Ырғызда орнаған Кеңес өкіметін құлату үшін 1918 жылдың маусымында адмирал Дутовтың әскері басып алып, Ырғыз Совдепінің бастығы Сәндібек Тұңғаншинді кескілеп өлтірген. Ақтар келгенде, Бәймен Алманов Темірбек Жүргеновке ілесіп, қызыл отрядпен кетеді. Екінші рет Ырғызды Могилевтің әскері тағы да басып алып, қызылдарды қуып шығады. Әліби Жангелдиннің көмегімен Ырғыз 1919 жылдың қыркүйегінде Торғай мен поезд жолы –Шалқарды байланыстыратын телеграф желісімен жабдықталған Ырғыз ақтардан азат етілді. Бұл кезде Шалқарда қызылдардан жеңіліс тапқан Колчактың әскері Шалқар-Ырғыз-Торғай арқылы, қазіргі Қостанай аумағымен Сібірге қарай өтіп жатты. Кеңес өкіметі

Ырғызда қайта орнағаннан кейін Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов Ырғыз уездік революциялық комитетіне жұмысқа келді. 1920 жылы ол РКП (б) қатарына алынған. Өз өмірінің осы кезеңі туралы ол кейін былай деп жазады: «Өзге жолдастармен бірге мен ақтардың қалдықтарын жоюға белсене қатысып, бандитизмге қарсы күрес жүргіздім. Сол сияқты революциялық комитеттің уәкілі ретінде қару-жарақ жинау мен ауылдарды советтендіру жөнінде көптеген жұмыстар жүргіздім. Осыдан кейін менің тапсырылған іске адал қарайтыныма, совет өкіметінің жауларын құртуға белсене үлес қосқаныма көз жеткізген жолдастарым мені партия мүшелігіне кандидаттыққа, кейін мүшелікке қабылдады».

Архив деректерінде Ырғыз ревкомын басқаруға келген Ұзақбай Құлымбетов 1921 жылы қарсыластарын қудалады деп көрсетілген. Екі топ арасындағы қақтығыс ішкі алауыздыққа соқтырды. Ырғыз ауданындағы биліктегі топтар екі жаққа бөлініп, бірінші топ бірыңғай кеңес өкіметі саясатын ұстанса, ал оған қарсы топ – Алашорда саясатын астыртын түрде қолдаған Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов басшылығымен ұстанған.

1935 жылғы Ақтөбе облыстық партия комитетінің құжаттарында алашордашылар Ойыл ауданындағы Батыс Алашорда бөлімінде белсенді қызмет атқарған Еркін Ахметов (құжатта Иркен деп жазылған) пен Ақтөбе қаласындағы белсендісі -Темір Бекмамбетовке мінездеме берілген. Тәуелсіздіктен бері тарихшылар осы екі азаматтың Алашорда қозғалысындағы рөліне әлі күнге дейін баға берген емес. Бұлар кімдер, қай жерде оқыған, Алаш көсемдерімен байланысы қандай дәрежеде болды, ел үшін атқарған қызметтері қандай, тіпті туыскандары, ұрпақтары бар ма деген сауалға әлі жауап жоқ.

Бұрынғы алашордашылардың облыстағы контрреволюциялық қызметі туралы ОГПУ Ақтөбе бөлімінің 1933 жылғы 8 маусымдағы «Ұлтшылдық элементтердің БКП (б) қатарына контрреволюциялық мақсатпен енуі» атты №2 баяндау жазбасында алашордашы Жауымбаев Қажығалидың 1933 жылдың 3 мамырында түсінік беруін былай деп көрсетеді: «Контрреволюциялық ұйымның мүшесі ретінде партия қатарына өз мақсатымда пайдалану үшін ендім. Партия саясатына, яғни жаппай ұжымдастыру, байларды тап ретінде жою, т.б. шаруашылық саясатына қарсы 1931 жылдың наурыз-сәуір айларында контрреволюциялық жұмыс жүргіздім. 1932 жылы екінші рет партияға өтіп, контрреволюциялық қызметімді жалғастырдым. Контрреволюциялық ұйымға бұрынғы алашордашылар, партия мүшелері – Сыртқы сауда Қазақстандағы өлкелік өкілі – Наренов, Ойыл аудандық прокуроры - Нұрпейісов, Революциялық атқару комитетінің Ойылдағы төрағасы – Жұмағалиев, Молдағұлов, Көптілеуов (құжатта солай) кірді. Барлық ұйым жұмысы ауылдағы кеңестік шаруашылық саясатқа, ұжымдастыруға қарсы жаппай көшуді ұйымдастыруды қамтыды» деп түсінік берген.[2]

Баяндау жазбасында контрреволюциялық топ мүшесі Имандосовтың (құжатта солай) жауабы былай деп жазылған: «Ұйымның мақсаты –кеңес өкіметін құлату, осы мақсатқа сай кеңес өкіметінің облыстағы жүргізген саясаты: салық салу, ұжымдастыру, байларды репрессиялау дұрыс емес деп

тауып, қазақ халқының мүддесіне сай келмейді деп шештік».[2] Сонымен қатар алашордашылар – Еркін Ахметов, Сағымбай Әйімов, Ермек Төлеулиннің қызметтері, ОГПУ-дің Ақтөбе өкілдігінің баяндау жазбасында әшкереленген троцкистер, алашордашылар, ақ гвардия қатарында болғандардың тізімдері жазылып, жеке мәліметтері де тіркелген.[3]

Құжатта:

«1.Ахмедов Иркен (Уильск. р-н) – член ВКП (б), служил в Алашорде милиционером. Дезертировал из Красной Армии. Имел связь с баями.

2. Бекмамбетов Темир (г. Актюбинск) – член ВКП (б) с 1924 г. Работал зам. зав. облпланом. Офицер Алаш-Орды с 1918-1919 г. Имеется сведения, что он сопровождал в качестве адъютанта алашординца Копжасарова к Колчаку, когда он ездил по вопросу признания Алашорды. Как активный алашординец при чистке 1928 г. исключался из партии...» деп көрсетілген. [4]

Көпжасаров –Мұстафа Шоқайдың ең күрделі тапсырмаларын орындайтын ең сенімді көмекшісі болған адам. Түркістан республикасын құрып, оның Алашорданың Орынбордағы басты кеңсесіндегі партия мүшелерімен байланыс жасап жүргені, әрі Колчак штабымен астыртын хабарласып, қызылдар мен ақтардың арасындағы қақтығыстарға қатысып, Алашорда әскерінің ұйымдастырушылық жағымен де біраз жұмыс атқарған Көпжасаров туралы мәлімет өте аз. Ол кісі жөнінде әрі қарай зерттеу қажет.

Белгілісі –1928 жылы ірі байларды тәркілеу мен буржуазиялық элементтерге қарсы алғашқы майдан ашылған кезден бастап-ақ, Көпжасаров қызыл өкіметтің қара тізіміне іліккен.

Орталықта алашордашылар және ұлтшылдармен күрес қатты қарқын ала бастағанда, аймақтық басшылықта отырған бұрынғы алашордалықтар большевиктер партиясына мүшелікке кіргенімен, өткендері қазбаланып, бірте-бірте қысымға ұшырады. Қанды террордың ең қатыгезденген жылдары –1937-1938 жылдар. Сол уақытта қазақ өлкелік партия комитетінің, шаруашылық басшылығында Ақтөбеден шыққан бір топ азаматтар отырды. Қазақ өкіметінің 19 комиссары троцкийшіл-бухариншіл, ұлтшыл деген айып тағылып, 1938 жылдың ақпанында ату жазасына кесілді. «Социалистическая Алма-Ата» газетінің 1938 жылғы 22 наурыздағы № 66 санында былай деп хабар таратылды: «В Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР 6-12 марта 1938 года выездная сессия Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР на закрытом судебном заседании в порядке закона от 1-го декабря 1934 года рассмотрела дело национал-фашистов, троцкистов и бухаринцев –Кулумбетова У., Сыргабекова Н., Ескараева С., Молдажанова И., Нурмухамедова Х., Иванова В. И ., Случака В.Е., Чудочкина М. А., Берлина Б.М., Михайленко Я.И., Жургенова Т., Садвокасова Ж., Досова А., Курамысова И., Сафарбекова С., Мусина А., Кошанбаева Х., Султанбекова Ж., и Кенжина А. по обвинению в измене Родине, в попытках отторжения Казахстана от СССР и превращения его в колонию иностранного империализма, в террористической деятельности, вредительской и диверсионной работе и шпионаже в пользу иностранных

государств, т.с. в преступлениях, предусмотренных статьями 58-1А, 58-6, 58-7, 58-8, и 58-9 Уголовного Кодекса РСФСР.

Все вышеперечисленные обвиняемые полностью признали себя виновными в предъявленных им обвинениях.

Выездная сессия Военной Коллегии Верховного Суда приговорила обвиняемых... в высшей мере наказания – расстрелу. Приговор приведен в исполнение».

Қазақ өлкелік билігінің партиялық-шаруашылық басшылығындағы, облыстарда ірі-ірі өндірісті басқарып отырған азаматтарды қудалаудан бұрын оларға қарсы саяси науқан 1935 жылдан басталған еді. Ақтөбе облыстық архивінде сақталған 1937 жылдың 21 қыркүйегінде өткен Ақтөбе облыстық партия комитетінің Бюросы Қаулысында «ұлтшыл-фашистер, троцкистер мен бухариншілдер» Ж. Сәдуақасов, Ұ. Құлымбетов, Т. Жүргенов, С. Ескараев, Қапаров, Асқаров, Байкелев, Ормановты (құжатта солай) партия жұмысына тартты деп обком хатшылары А. Мусин мен Т. Брикульс кадр іріктеуде үлкен қателіктер жіберді, ұлтшыл» деп айыпталады. [5] Осыдан кейін жоғарыда «Социалистическая Алма-Ата» газетінің 1938 жылдың 22 наурызында жарияланғандай, А.Мусин Алматыда 19 комиссардың қатарында атылып, денесі Боралдайға жасырын көмілді.

Архив қорындағы құжаттарда Алаш партиясының бұрынғы мүшелерінің іс-әрекеттеріне қарсы түрлі айыптаулар тағып, үгіт-насихаттық қарсы жұмыстар арқылы оларды елге жеккөрінішті етіп көрсетіп, партия жиналыстарында, ауыл-ауылдардағы үгіт-насихаттық жұмыстарда ел ішінен окшаулауға тырысқан. Комсомол ұйымының түрлі деңгейдегі басшылары да алашордашыларға қарсы ақпараттық соғыста коммунистік партиядан қалыспаған. БКП (б) облыстық комитетінің нұсқаушысы Ембергенов (құжатта солай) Ойыл ауданындағы «Сарпыкөл», «Құмсай», «Бабатай» интернаты мен Мирзоян атындағы ұжымшар мүшелерімен кездесуде жұртшылық «Требовали высшую меру наказания остаткам троцкисто-зиновьевского параллельного центра, тем самым не делать никакой пощады алашординцам и местным националистам, как врагам трудящихся, в связи с этим при выступлении вскрыты активные участники Алашорды в Уильском районе, здесь был главным организатором Алаш-Орды Досмухамбетов Ж., поэтому мы должны разоблачать остатки контрреволюционной алашорды» деген мәліметтер бар. Алашорда қозғалысының өкілдерімен қоса, Ақтөбеде негізінен Темір ауданының азаматтарынан құралған «Жекей-Назар» контрреволюциялық тобы ұсталды. Жекей, Назар – ру аттары. Ал, кеңес өкіметінің саясатына қарсы жұмыс істеген контрреволюциялық ұйым деп айыпталған осы топта 47 адам жазалауға ұшырады. Атап айтсақ, Жекей тобынан –22 адам, Назар тобынан –25 адам. Темір аудандық партия комитетінің 1-хатшысы обком хатшысы

Т. Брикульске берген есебінде «Жекей-Назар» тобының «халық жауы» есебінде партиядан шығарылған мүшелерінің тізімін жариялайды. Ақтөбе облыстық партия комитетінің облыстық архивінде сақталған бюро мәжілісінің

құжаттарында облыс аумағында Алашорда партиясынан –136 адам, «Жекей-Назар» контрреволюциялық ұйымынан –47 адам бар деп жазылған.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары мен шаруашылық басқарғандарын, жалпы елді алға сүйрейтін озық ойлы тұлғалар есімдерін қалпына келтіруде архивтегі кез-келген жазба өте құнды дерек болып табылады. Оларды хронологиялық жүйелілікпен жинақтап, арманда кеткен арыстарымыздың есімдерін, тұрғылықты мекендерін көрсетіп, қызмет еткен жылдарын жүйелеп, бір форматқа түсірсек, ел-жұртымызға үлкен саяси апат болып келген қанды жылдардың көрінісі шынайылана түсер еді. Ең басты кінәміз –үлкен қайраткерлердің жанында қызмет еткен, ел-жұртына өлшеусіз еңбек сіңірген ауыл, аудан көлеміндегі тұлғалар туралы толыққанды жинақтай алмай жатқанымыз. Алаш қозғалысының барлық мүшелерінің тізімі түгелденсе, сол кездің оқиғалары туралы деректер толығы түсер еді. Сондықтан да оларды жүйелеп, зерттеу өз кезегін күтіп тұр.

Отан тарихы – өлке тарихынан бастау алады. Әр өлке тарихи-архив деректерін жүйелеп, айналымға түсірсе, ортақ тарихымызға қазық болып қағылады. Өткенін білмеген, өткенін зерделемеген ұлт ешқашанда кемелдікке жете алмайды. Ал, кемелдіктің басы – өткенді зерделеу, ұғыну, қателіктерден сабақ алу, сол арқылы болашаққа бағдар жасау. Бұл Алаш арыстарының идеясымен үндесіп жатыр.

Заманынан бұрын туып, сойқан саясаттың құрбанына айналған Алаш арыстарының негізгі мақсаты – ел-халқымызды озық жұрттар дәрежесіне жеткізу болатын. Бағдарламалық мақаладағы Қазақстанға ғана тән тарихи-өркениеттік даму жолын таңдай отырып, бұл жолда халқымыз ұстанған салт-дәстүр, байыпты да байсалды, барлық нәрсені сабырмен шешетін ұлттық мінезімізді алға ұстап, білімді де интеллектуальды ұлтқа айналу үшін көп тер төгу қажет. Алаш идеясының түп-төркіні де осында жатыр еді. Қазақстан мемлекетінің тұтасқан халқы өз атамекеніне ие болып, өркениет жолымен алға басуы тиіс. Арманда кеткен Алаш қайраткерлерінің кеңес өкіметі қабылдамаған мұрат-мақсаттарын жүзеге асырушы жаңа ұрпақ келді...

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. АОМА, қор 1, тіз. 1, іс 88, 12 б.
2. АОМА, қор 13, тіз. 2, іс 455, 2-3 б.
3. АОМА, қор 13, тіз. 4, іс 451, 6-8 б.
4. АОМА, қор 13, тіз. 4, іс 122, 72 б.
5. АОМА, қор 13, тіз. 7, іс 147, 1-16 б.
6. АОМА, қор 13, тіз. 6, іс 54, 11-12 б.

*Бердіғожин Л.Б.,
тарих ғылымдарының докторы
Аксерикова Т.Е.,
тарих магистры
Орынбаев Ғ.Б.,
I курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*

1937-1938 ЖЫЛДАРЫ ӨЛКЕДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН:ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚУДАЛАУ ШАРАЛАРЫ

Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мақаласында 1920-1930 жылдардағы отан тарихының «ақтаңдақтарын»ашуда тарихшыларға үлкен міндет артқан еді.Әсіресе,осы кезеңдердегі аштық пен қуғын-сүргін мәселесін кешенді зерттеу күн тәртібіне қойылды.

1920-30 жылдардағы «халықтың қарсылық қозғалысы»туралы Қазақстандық тарихнаманы қалыптастырған тарихшы-ғалым Т. Омарбеков 1930-шы жылдардағы ОГПУ құжаттарының мазмұнына қарай отырып, халық арасындағы беделді мемлекет және қоғам қайраткерлері билік тарапынан осы жылдары қуғын-сүргінге ұшырағанына айғақ бола алатындығын жазады. Олардың ұлт-азаттық қозғалысында жетекші рөл атқарып, кеңес өкіметін орнатуға үлес қосқанын айтады. Осындай тұлғалар «ұлтшыл», «түркішіл», «исламдық» бағыт ұстанды деп айыпталып, «шпиондар» «контрреволюционерлер» деген атақ берілгендігін ашып көрсетеді.1937-1938 жылдардағы И.В.Сталиннің қолшоқпары,НКВД (Ішкі істер халық комиссариаты басшысы Н.Ежов іске асырған саяси репрессияның орны тіпті бөлек. «Тазалау» деп аталған бұл қырғында «Мемориал» қоғамының есебі бойынша КСРО да 1 млн 710 мың адам тұтқындалып, соның 724 мыңы атылды. Ал шетелдік деректерге сүйенген Калифорния университетінің профессоры Дениэл Ранкур-Лаферрьері бұл санды бес миллионнан тоғыз миллионға дейін жеткен деп көрсетеді.. Қазақстанда репрессияға ұшырағандар саны соңғы уақытта табылған деректермен 118 мың адамға жетті, олардың 25 мыңдайы атылған.1921-1922 жылдардағы және 1931-1933 жылдардағы аштықта халықтың саны азайса, 1937-1938 жылдардағы «сталиндік нәубет» халқымыздың сапасын құрытты.

«Тазарту» жүргізу туралы бұйрықты Сталин 1937 жылдың ақпан-наурыз айларында болған ОК пленумында сөйлеген «Троцкийшілер және басқа да екіжүзділерді құрту бойынша партиялық жұмыстардың жетіспеушіліктері» атты баяндамасында берген. Осындағы сөздерінде ол «түп орнымен құрту», «көздерін жою» деген сөздерді нақты атайды. Бұл негізінен, қызмет басында жүргендер мен көзі ашық, көңілі ояу, сауаттылар мен білімділерді, соның ішінде ақын-жазушылар мен өнер адамдарын құртуға бағытталды. Зиялы қауыммен қатар дін өкілдерін де түп орнымен құрту мақсат етілді. 1937 жылы 30 шілдеде НКВД ның №00447 ның «Кулактарды,қылмыскерлер мен кеңес үкіметіне қарсы адамдарды

қудалау іс шаралары»атты арнайы бұйрығы шықты.Бұйрық бойынша қуғындауға жататын адамдардың тобы көрсетілді.

1.Бұрынғы кулактар(бұрын қуғындалған,қуғыннан бой тасалаған,түрмелер мен концлагерлерден қашқандар);

2.Бұрынғы қуғындалған дін иелері;

3.Кеңес үкіметіне қарсы қарулы күреске қатысқандар;

4.Бұрынғы кеңес үкіметіне қарсы саяси партия мүшелері;

5.Бұрынғы банды қозғалысына қатысушылар;

6.Бұрынғы ақгвардияшылар,жазалаушылар,шетелден қашып келгендер;

7.Қылмыскерлер.

Осы бұйрық бойынша,қуғындалатын адамдар екі топқа бөлінді.

1.Өте жау пиғылдағы адамдар. Олар тез арада тұтқындалып,үштіктің шешімімен атылуы тиіс болды.

2.Жау пиғылы бар адамдар.Олар тұтқындалып,үштіктің шешімімен 8-10 жылға еңбекпен түзету орындарына жіберілді.Осы бұйрық бойынша,қуғындалған адамдардың жанұя мүшелері туралы көрсетілді.Қуғындалған адамдар жанұясы орталық қалаларда тұруға қатаң тиым салынып,әйел адамдар да түрмелерге қамалды,кәмелетке жетпеген балалары балалар үйіне өткізілді.

1937 жылы 15 шілдеде НКВД бойынша №П51\262 бұйрық шығып,әрбір республикада,облыста арнайы үштіктер құрылды.Оның құрамына: НКВД басшысы төраға,жергілікті прокурор,партия ұйымының бірінші хатшысы мүше ретінде кіргізілді.Гурьев (Атырау) аумағы кірген Батыс Қазақстан облысы бойынша құрылған үштік құрамы төмендегідей болды.Батыс Қазақстан НКВД бастығы М.К.Ромейко (07 сәуір 1938 жылы орнынан алынды.Орнына А.П.Узников бекітілді)-төраға,облыс партия ұйымының 1 ші хатшысы С.Сафарбеков(1937 жылы қазанда қамауға алынды,орнына Ш.Г.Утепов бекітілді,1938 жылдың мамыр айына дейін)-мүше,облыстық атқару кеңесі төрағасы И.А.Спиров-мүше.Облыста құрылған НКВД үштігі мәжілісіне облыс прокуроры Гришин,хатшы Кабанов қатыстырылды.Қарайтын істердің көптігіне байланысты 1938 жылы 21 мамырда НКВД басшысының арнайы бұйрығымен милиция бөлімдерінде де арнайы үштіктер құрылды. Милиция үштіктері «қоғамға қауіпті әлеуметтік топтардың» ісін қарады.Олар 3-5 жылға дейін еңбекпен түзету орындарына жіберуге құқылы болды.1938 жылдың өзінде милиция үштіктері 400 мың адамның ісін қараған.

«Тазарту» жүргізу бойынша өлтірілуге тиісті адамдардың саны жоспарға енгізілген. Жергілікті жердегі жазалаушы органдар жоспарды атқарып болып, сол кездегі ұранмен артық орындау үшін жарысқа түсіп, қосымша тізімдер талап еткен.

«Халық жауларын әшкерелейік», оларды «түп орнымен құртайық» деген ұрандары соқыр тобырды, қалың көпшілікті бірін-бірі көрсетуге, бірінің үстінен бірі жала жабуға айдап салды. Сол-ақ екен,мыңдаған хаттар қарақшы органдардың үстін жауып кетті. Оның ішінде жеке басының жауларын да көрсетіп, көзін құртуды көздеген мақсатпен жазылғандары да көп болды.

«Іздегенге сұраған» осы еді, түпкі мақсаты «көсемнің» жеке дара билігін нығайтуды көздеген «үлкен террорды» бастап жіберуіне және оны әрбір аймаққа лимит енгізу арқылы қатаң бақылауға алуға қалың көпшіліктің осы сұранысы бір себеп болды. Сонымен бірге ұрып-соғуға шыдамаған ұсталғандардың өздері де жаным қала ма деп көптеген жазықсыз адамдардың фамилияларын атаған. Өз кезегінде олар да біреулерді көрсеткен, сөйтіп жазаланғандар саны геометриялық прогрессиямен өскен. Оның үстіне «халық жауларын» айыптаған толып жатқан жиналыстардың насихаты «шолақ белсенділердің» құлшынысын арттырып, террордың көрігін қыздыра түскен. Сотсыз, тергеусіз адамдарды атуға рұқсат беретін НКВД-ның үштігі болды. Бұлар өздерінің бастықтарының талабын мүлтіксіз орындап, кей күндері 2-3 мың адамға дейін атқызып отырған. Жүздеп, мыңдап қамалған адамдар сөйтіп із-түзсіз өлімнің қанды шеңгеліне ілініп жатты. НКВД-ның Ярославль облыстық басқармасының бастығы А.Ершов өзіне Ежовтың былай айтқанын еске алады: «Если во время этой операции и будет расстреляна лишняя тысяча людей – беды в этом совсем нет. Поэтому особо стесняться в арестах не следует». 70-80-ге келген қарттарды қайтеміз дегенде сол Ежов: «Аяғынан тұрса болды, атындар» деген екен. Ұсталғандардың тізімі бірінші және екінші санат деп бөлінген. Соның біріншісі ату жазасына кесілгендер, ал екіншісі – 10 жыл және одан жоғары мерзімге қамалатындар. Өңірлердің басшылары осы екі өлшемдегілердің тізімдерін Сталинге бекіттіріп отырған. Қазақстанға әуелде 2500 адамды бірінші, 5000 адамды екінші санатпен жазалауға жоспар берілсе, біздің жазалаушы органдар оны 10 және 18,6 есе артық орындаған. 118 мың адамды жазаға ілектіріп, соның 25 мыңын атқанын жоғарыда жаздық. Сол кездегі Қазақстанның басшысы, республика партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянның өз қолымен Мәскеуге партияның орталық комитетіне И.В.Сталинге 1937 жылдың 01 желтоқсанында сағат 18.30 да жазған телефонограммасында (Мәскеуге 1937 жылы 01 желтоқсан 22.00 түсіп, №2748 санымен тіркелген) бірінші топтың лимитін 600 адамға, екінші топты 1000 адамға арттыруды сұрайды.Әрине, Мәскеу 02 желтоқсан күні мақұлдап НКВД басшысы Фриновскийге жолдайды. Елдегі НКВД жендеттерінің өрескел заң бұзушылығын сезген И.Сталин 1938 жылдың 17 қарашасында партия орталық комитетінің №4387-ші арнайы қаулысын қабылдатып, репрессияны тоқтатуға мәжбүр болады. Қаулыда «тұтқындаулар енді тек қана сот пен прокурордың санкциясымен ғана жасалсын, НКВД-ның арнайы бұйрығын іске асыратын «үштіктер» жойылсын, алдағы уақытта барлық істер соттарға өткізілсін, адамды тұтқындауға прокуратурадан санкция алу үшін НКВД органдары өздерінің негізделген қаулыларын ұсынатын болсын, ал прокуратура органдары негіздеменің дұрыстығын мұқият тексерсін» делінген. Бұл қаулы біршама уақыт репрессиялық шаралардың қарқынын азайтқанымен қуғын-сүргінді толықтай тоқтатқан жоқ. Н.Ежовтың орнына НКВД-ның басшысы болған Л.Берия 1940 жылы сот пен прокуратураның адамды жазадан босату туралы барлық шешімі НКВД-мен келісілген соң ғана күшіне енеді деген заңсыз бұйрық шығарды. Конституцияға қарсы болғанымен ол бәрібір іске асты. Сөйтіп, миллиондаған жазықсыз жандарды шәйіт қылған «террор»

толықтай болмаса да біршама тоқтатылды. Осы науқанда КСРО бойынша алғанда екі жылдың әрбір тәулігінде орта есеппен 1200-1300 адамды атып отырған. Мұндай қылмыс адамзат тарихында басқа мемлекеттерде ешқашан болған емес. Жазықсыз жазаланғандар саны әлі күнге дейін әртүрлі мөлшерде айтылады. 1937-1938 жылдары 1 миллион адам атылып, 2 миллион адам тұтқында өлген. Гурьев аумағында, 1937-1938 жылдардағы нәубет кезінде кеңес үкіметіне қарсы жасалған халық қозғалысына қатысушыларды, олардың жанұялары мен жақын туыстарын қатаң жазалау шаралары жүргізілді. 1937-1938 жылғы «сталиндік үлкен террор» кезінде 1920-1930 жылдары халық қозғалысына қатысушылар қатаң жазаланды. Гурьев аумағы бойынша халық қозғалысына қатысқан 130 адам қамалса, оның 70 і бірінші категория бойынша ұсталып ең жоғары жазаға атуға тартылған. Ал, 60 адам екінші категория бойынша қамалып, 8-10 жыл мерзімге еңбекпен түзету лагерлеріне жіберілген. 1937 жылы 02 қыркүйекте НКВД үштігі Аманғали бандысына көмектескен, мал ұрлаған деген айыппен сегіз адамды ең жоғары жазаға кессе, оның ішінде ақын Насихат Сүгіров бар.

Тарих парақтарын ақтарған сайын тарих тағылымы мен тәжірибесінің мол мұрасы қалыптасқандығына көз жеткіземіз. 1920 жылдардың аяғында кеңестік дәуірде коммунистік идеологияның ықпалымен қазақ жұртшылығының әлеуметтік құрамына байланысты қабылданған шешімдер бүкіл Ресей мемлекетінде қалыптасқан стереотиптер шеңберінде қабылданды. Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мүлде ескерілмей, жұртшылықты үстем таппен қанаушы таппа бөліп қарастырды. Ал шындығында Қазақ қоғамында Европа мен Ресейдегідей кедейлерді сүліктей сорған бай-феодалдардың болмағандығын орыс зерттеушілері профессор Кушнер мен Полочанский XX ғасырдың 20-жылдары атап көрсеткен болатын. Жерінен, мал мүлкінен айыру қазақ шаруаларын әлеуметтік таппен ретінде ғана емес өмір сүру құқығынан айыру сипатында болды. Сондықтан, 1929-1931 жылдары өлкені шарпыған көтерілістер толқыны 18-19 ғасырдағы халқымыздың азаттық үшін күресімен және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісімен бірдей деңгейде болды десек қателеспейміз. Осы мәні бар саяси оқиғаны тарихи саралағанда, тарих ғылымын зерттеу мен оған тиісті баға берудегі және оны жас ұрпақ санасына жеткізудегі кеңестік идеология мен пікірлерден, тұжырымдардан арылып әлемдік тарихтың құрамды бөлшегі мен өзіндік ерекшеліктеріміз бен ұлттық болмысымызды ерекше көрсетуге мән беруіміз қажет. Бүгінгі отандық тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі қазіргі ұрпағымызды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. // Егемен Қазақстан. 05 қаңтар 2021 жыл.
2. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: КАЗАҚПАРАТ, 2001. – 404 б.
3. Батыс Қазақстан полиция департаменті архивы материалдары.

Боранбаева Б.С.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты
(Орал қаласы)

«КАПУСТИН ЯР» ӘСКЕРИ ПОЛИГОНЫ: ҚАЗАҚ ДЕПОРТАЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ

АҚШ пен КСРО арасындағы «Қырғи қабақ» соғыс кезінде Кеңес өкіметінің территориясында құрылған әскери нысандардың бірі Қазақстанның батыс аймағындағы «Капустин Яр» және «Азғыр» полигондары болып табылады. Бұл екі полигонда ядролық қарумен бірге, ұшақтар мен зымырандар сынақтан өткізілді.

Сөйтіп, КСРО Министрлер Кеңесінің 1947 жылы 13 мамыр күні 4 облыстың атап айтқанда, Астрахан, Волгоград және Атырау, Батыс Қазақстан облыстарының территориясында Орталық мемлекеттік «Капустин Яр» сынақ полигонын құру жөніндегі шешімі қабылданады.

КСРО билігі әскери сынақ аймақтары жөніндегі қандай да бір мәліметтерді аса құпия ұстады. Астрахан облысының жеріндегі Капустин Яр селосының атымен аталған полигон «өте құпия» деген грифпен ғана көрсетілді. Полигонның алғашқы әскери басшысы генерал-лейтенант В.И.Вознюк тағайындалап, ол бұл құпия әскери объектіні, 27 жыл басқарады. Кеңес Одағы 1947 жылы күзде «Капустин Яр» полигонында алғашқы баллистикалық ракетаны ұшырып, сынақты сәтті өткізді [1].

Сөйтіп, 1947 жылдан іске қосылған «Капустин Яр» әскери сынақ аймағы үшін Батыс Қазақстанның Жаңақала, Орда аудандарының территориясынан 1 555 784 гектар жер бөлінеді. Сондай-ақ «Азғыр» және «Капустин Ярдың» «Тайсойған» бөлігі үшін Гурьев облысы да 1,5 миллион гектар жер беруге мәжбүр болады [2, 47-б.].

Демек, Орда ауданындағы жергілікті халықты республиканың ішкі егіншілік және Оңтүстік Қазақстан облысының мақта шаруашылығы аймақтарына көшіру ісін 1952 жылдың жоспарына енгізу жөніндегі КСРО Министрлер Кеңесінің 1951 жылғы 28 наурызда шығарылған № 4017–Р бұйрығына И.Сталин қол қояды [3, 186-п.].

Осы жарлыққа сәйкес 951 жылы 14 желтоқсанда Қаз ССР Министрлер Кеңесінің республиканың ішкі көші-қон жоспарын жүзеге асыру жөнінде №1013-119 - С қаулысы шығарылады. Осы қаулы негізінде 1952 жылы 31 қаңтарда Орал облыстық еңбекшілер депутаттары атқару комитеті Кеңесінің № 62 санды төмендегідей шешімі шығарылады:

1. «1952 жылы Батыс Қазақстан облысының 300 атап айтқанда, Жаңақала ауданынан 125, Орда ауданының 175 колхоз шаруашылықтарын Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіретін аудандарына көшіру жоспары бекітілсін».

2. Бұл жұмыс Жаңақала және Орда аудандық атқару комитетінің төрағалары Валиев пен Вайсов жолдастарға міндеттелсін:

а) 15 ақпанға дейін көшірілетін колхоздарды және қоныс аударуға тілек еткен колхозшылардың жанұялары анықталып, көш жұмысын көтемгі егіс маусымына дейін аяқтау міндеттелсін;

б) қоныс аударудың шарттары мен жеңілдіктері колхозшыларға таныстырылып, жаппай түсінік жұмыстары жүргізілсін;

в) көшірілетін колхоз шаруашылықтарының анықталғандығы жөнінде және қоныс аударатын жанұялардың басшылары мен еңбекке қабілетті жанұя мүшелері жөнінде он күн сайын (ежедекадных) ақпар беріліп отырсын;

3. Аудандық атқару комитетінің сұранысы бойынша қоныс аударушы колхозшылар мен олардың мүліктерін теміржол станциясына тасымалдап жеткізуді автокөлікпен қамтамасыз жасау Топольцев және Плотников жолдастарға міндеттелсін;

4. КСРО Министрлер Кеңесінің 1951 жылғы 21 желтоқсандағы № 5263 қаулысы негізінде қоныс аударушыларға төленетін жеңілдіктер есебін жүргізу үшін аудандық ұйымдарға тиісті тапсырмаларды беру Одокиенко (Облфинотдел), Алексеев (Облсельхозбанк), Наумов (Облуполминзаг) жолдастарға міндеттелсін;

5. Қоныс аударатын колхоз шаруашылықтарының және колхозшылардың малдарын сатып алу жұмыстарын жүргізу ісі Коцурь (Облзаготживкантор) мен Вьюн (Облзаготкантор) жолдастарға міндеттелсін;

6. Батыс Қазақстан облысында Қоныс аудару және құжаттау жұмыстарын кең көлемде жүргізетін арнайы бөлімдердің жоқтығын ескеріп, Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Республикалық қоныс аудару басқармасының қызметкерлерін Батыс Қазақстан облысына көмекке жіберуді сұрайды [4, 185-п.].

Осылайша ата-бабаларымыздың ежелден құтты қонысы болған, шөбі шүйгін, жер асты суы мол, төрт түлік малы үшін жазы сая, қысы пана болған, табиғаты ерекше Нарын құмындағы Орда ауданы халқының Ұлы Отан соғысынан кейінгі тыныштығы тағы да осылай бұзылды.

Батыс Қазақстан облысының Орда ауданы жеріндегі Хаки соры деген тұзды көл әскери сынақ аймағы үшін нысана орталығы ретінде таңдалып алынды. Әскерилер мәліметі бойынша, сордың аумағы 832 мың гектар жерге созылып жатыр. Тәуелсіздіктің тізгіні тиген сонау тоқсаныншы жылдардың басында Хаки соры құлаған зымырандар «қабіріне» айналып, оның аймақтағы халықтың денсаулығына тигізген зардабы мен экологиялық қасіреті жөнінде ақпарат құралдарында жиі көтеріліп, қоғамда бұқаралық қозғалыс туғызғаны белгілі.

Жалпы XX ғасырдың 80 жылдарының соңына таман бүкіләлемдік антиядролық қозғалыс кең қанат жая бастады. 1992 жылы Батыс Қазақстан облысында ұйымдастырылған «Нарын» қоғамдық қозғалысының жетекшісі, халықаралық экология ғылым академиясының корреспондент мүшесі К.Көбейсіновтің деректеріне қарағанда, Қазақстанның батыс аймағында шамамен 39 ядролық жарылыс жасалған. Полигон аумағында 24 мыңға жуық ракеталар ұшырылып құлаған [5].

Ресми деректерге қарағанда, таратылған Орда ауданының Қарулы күштер қолына кеткен территориясында үш сынақ полигоны қызмет жасаған. Олар: Мемлекеттік орталық, Мемлекеттік ұшу-сынақ және Азғыр атом полигондары. Алғашқы екеуі ортақ атаумен «Капустин Яр» деп аталынып, орталығы Ресей территориясында орналасқанмен, сынақ алаңы Батыс Қазақстан жерінде жүргізіледі.

1994-2005 жылдар аралығында полигонның аймақтағы экологиялық зиянды әсерін анықтау мақсатында 13 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген. Алайда бұл құжаттардың «Капустин Яр» және «Азғыр сынақ аймағындағы жердің ядролық және химиялық ластану деңгейін анықтау үшін жеткіліксіз екендігі айтылды. Комиссия отырысының қорытындысында полигонға жақын орналасқан аумақтардағы тұрғындардың арасында жүйке, қан тамыр аурулары, эндокринді жүйе сырқаттарының жоғары екендігі көрсетіліп, жарылыс болған аймақтардың топырағы, суы мен ауасы толық зерттеліп, тұрғындарға жарылыс зардаптарының қалай әсер етіп жатқандығын анықтау үшін 4 бағдарлама дайындалып, зерттеу жұмыстарының басталатындығы айтылды [6, 29 б.].

Демек, полигонның аймақтағы экологиялық салдары түрлі деңгейдегі басылымдарда жарияланып келді. Ал біздің мақсатымыз – әскери сынақ аймағына айналдырылған Орда ауданы аймағындағы ішкі депортацияға ұшыраған жергілікті қазақ халқының басынан кешкен әлеуметтік-психологиялық күйзелісін және еріксіз жүргізілген көші-қон саясатының экономикалық зардабын тарихи деректер негізінде анық көрсету.

Ендеше, 1952 жылы шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысына Орда ауданының 5 колхозын қоныс аудару жұмыстары қалай жүргізілді.

Алдымен Батыс Қазақстан облыстық Еңбекшілер депутаттары атқару комитеті Кеңесінің 1952 жылы 29 мамырда өткізілген мәжілісінде (хаттама №21) қоныс аудару жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты комиссия құрылады. Төрағасы Ахмедзянов (облыстық ауылшаруашылық басқармасының өкілі), мүшелері: Алексеев (облыстық банк өкілі), Маркин (облыстық ауылшаруашылық басқармасының мал дәрігері) бекітілді [7, 131-п.].

Облыстық атқару комитетінің 1952 жылғы 16 маусым күнгі: «Обязать комиссию совместно с председателями райисполкомов и переселяемых колхозов немедленно приступить к реализации скота и подготовки колхозников к отправке» [194-п.], – деген шешімінен кейін комиссия төрағасы Ахмедзянов Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы Ваисовке Оңтүстік Қазақстан облысына қоныс аударатын 5 колхоздың малын көрші Чапаев ауданына: 2093 ірі қара, 4320 қой, 610 жылқы, 180 түйе; Жымпиты ауданына 328 жылқы; Казталовка ауданына 150 жылқы, Облыстық тұтынушылар одағына 160 жылқы сатуды көрсеткен нұсқауын жібереді [3, 131-п.], бұған қоса, облыстық атқару комитетінің төрағасы Ғабдуллин колхоз малдарының тірі салмақтағы сатылу бағасын: қой - ешкі 3 сом, ірі қара мал - 2 сом 50 тиын, жылқы, түйе – 2 сом деп көрсетіп жедел хатын жолдайды [3, 130-п.].

Жалпы 1949 - 1951 жылдар аралығында Орда ауданы бойынша мал өсімі төмендегідей болған :

Ірі қара мал – 1949 ж. – 5191; 1950ж. -5766; 1951ж. – 6087 ;
Жылқы – 1949 ж. – 17819; 1950ж. – 21383; 1951ж. – 25660;
Түйе – 1949 ж. – 2506; 1950ж. – 2666; 1951ж. – 2770;
Қой – 1949 ж. – 14 526 [8,1-10-пп.].

Облыстық архив қорында сақталған хаттамалар 1952 жылы ақпан айында Оңтүстік Қазақстан облысына көшірілетін Орда ауданының ауылдық кеңестеріне қарасты барлық колхоздарында колхозшылар жиналысы өткізілгенін дәлелдейді. Алайда, жиналыста Орда ауданының әскери сынақ алаңына айналатыны айтылмайды да, Нарын даласы егін, мал шаруашылығы үшін қолайсыз, бұл жерде колхозшылар табысын арттырудың ешбір мүмкіндігі жоқ деп сөйлеген колхозшылар: мақта өсіріп тұрмысты түзеуге болатын оңтүстікке көшуге өздерінің ризашылығын білдіріп, «Сталин жолдас» пен «коммунистік партияға» алғыстарын айтады. Сондай-ақ сөйлеушілер барлығы дерлік: «Бізге беріліп отырған жол қаражатын көбейтуді жоғары басшылардан сұраймыз», – деген өтініштерін білдірген [9, 52-69 пп.].

Жалпы Орда ауданының жергілікті халқын республиканың ішкі аудандарына депортациялау жұмысы қалай ұйымдастырылды?

1951 жылы 23 қараша күні Қаз ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Қоныс аудару Бас басқармасының № 59 бұйрығымен қоныс аудару ісіне жауапты өкілдері үшін 21 бөлімнен тұратын арнайы жадынама (памятка) дайындалған [3, 187-196 пп.]. Жадынамада республиканың ішкі қоныс аудару жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері көрсетілген. Ереже бойынша көші-қон ісі колхозшылардың еркімен жүргізілуге тиісті.

Алайда архив қорындағы сан түрлі жедел хаттар мен колхозшылардың аудандық атқару комитетіне жалынышты сипатта жазған өтініштері қоныс аудару ісінің шын мәнінде, колхозшылардың еркінен тыс, жоғарыдан келген бұйрықты шұғыл түрде бұлжытпай орындаудағы ел ішінде орын алған дүрбелеңді төмендегі деректерден анық байқаймыз.

Мәселен, Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы А. Ваисовтың № 46027 әскери бөлім бастығы лейтенант Б.С. Берендяға: «Войсковая часть лейтенант прошу отпустить для заправки пятьдесят киллограмма автобензина № автомашины А-5-18-35 гвардия майору Русакову В.С. для выполнение задания по отчистке людей и скота с запретной зоны» [3, 107-п.], сол сияқты, 1952 жылы 30 маусым күні Теректі ауылдық кеңесіне қарасты Калинин атындағы колхоз бастығына: «Сіздің колхоздың колхозшыларын Сайхын станциясына тасуға барған автомашиналар ауылды аралап, әр жердегі үйлерді жинап тиесп жүретін көрінеді. Бұл жағдайда колхозшыларды тасу жұмысы 5 июльге дейін аяқталынбайтын болып отыр. Сондықтан колхозшыларды бір орынға жинап сол жерден автомашинаға отырғызуды, сөйтіп, колхозшыларды Сайхын станциясына көрсетілген мерзімге тасып бітіруді ұйымдастыру Сізге міндеттеледі» [3, 121-п.] деген жеделхаттары көп жайды аңғартады.

Сонымен 1952 жылы 11 шілде күні Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Полякованың: «Телеграфьте когда отправлен эшелон переселенцами Южно Казахстанскую область. Высылайте отчет форме три

отправке переселенцев эшелоне» деген жедел хатына: «Уральск, Облисполком Поляковой. Переселенцы 223 хозяйства 724 человек 11 июня отправлено эшелон № 2433» [3, 105-п.], – деп Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы А.Вайсов жауап береді. Сондай-ақ ол: «Теректі ауылдық кеңесіне қарасты 3 колхоздың 223 отбасындағы 724 адам, 44 сиыр, ірі мүйізді 33 жас мал, 7 қой, ешкіні 43 вагонға тиеп, №2433 эшелонның Батыс Қазақстан облысы, Рязань-Орал темір жолы бойындағы Сайхын бекетінен Оңтүстік Қазақстан облысының Ильичев ауданы, Жетісай ауылына жөнелтілгені айтылған мәлімдемесін жолдайды [3, 106-п.].

Енді жоғарыдағы эшелонға тиелген мал жөніне келсек, көш қарсаңында, яғни, шілденің 4-і күні облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Ғабдуллиннің: «Реализации скота переселяемые колхозов Южно Казахстанскую область оставьте ограниченное количество одинокие колхозников» [3, 111-п.], – деп А.Вайсовке жіберген жеделхаты бойынша қалдырған болу керек деп болжаймыз.

Әрине, ата-мекенін тастап еріксіз көшу халық үшін оңай болмады. Мұны төмендегі естеліктерден анық көре аламыз. Оңтүстік Қазақстан облысына депортацияланған халықтың арасында болған ақын Қайрат Жұмағалиев: «Орда ауданының «Азғыр» дейтін ауылындағы мектеп- интернаттың 8- класында оқып жүрген едім. Кенет сабақты тоқтатып, бізді 100 шақырым жерде орналасқан өзіміздің ауыл Айғырқұмға алып келді. ...Содан бір түнде көшірді. Дүние астан-кестен, не болып, не қойып жатқанын ешкім білмейді. Жан-жақтан жиналған әкім қаралар дік-дік етеді. Жарытып жауап та бермейді. Барлығымызды әскери машинаға тиеп алып теміржолға қарай алып жөнелді. Шымкентке дейін тура 17 күн жүрдік. Жолда кез келген өткізу пунктеріне тоқтаймыз. Қашан қозғаламыз, қайда барамыз, ол жағы беймәлім. Ырғатылып келіп пойыз тоқтағанда, жапа тармағай түсе қалып, самауыр жағып, шай қайнатып ішеміз. Кейде шай қайнағанша пойыз жүріп кетіп, ыстық суды жерге төге салып, әрең ілінеміз. Қозғалған поездға асығыс отырам деп жүріп, бір адам темір дөңгелекке басылып қаза тапты. Ауа райы қоңыржай, жер асты ылғалынан сүзіліп шыққан құдықтың салқын суына үйренген біздер мында келіп еріксіз арықтың суын іштік. Осыдан іш ауру пайда болып, әсіресе балалар қынадай қырылды. Өлімнің көптігі соншалық, адамдар бір-біріне көңіл айтудан қалады екен. Заң қатты ешкімді себебсіз жұмыстан босатпайды, өліктерді жерлеудің өзі сын болды ғой. Өлікті жерлейтін адам жоқ. Қандай қасірет еді! Осылай біздің арқамызда ауылдың шетінде айналасы ат шаптырым қорым-зират пайда болды. Тағы бір сұмдықты айтайын: біздің бәрімізде паспорт жоқ, құжатымызды жинап алған. Адам санатында емеспіз. Төлқұжат жоқ. Қайда барамыз. Қашқандардың өзі малын қорасына байлап, отын жағып қойып, ешкімге білдірмей айлы түнде соқа бастарын алып, кетіп жатты. Шіркін осының бәрін кезінде айта алмадым» [10], – деп қамығады.

Әскери полигон аймағына айналған Орда ауданының бұдан басқа 4 ауылдық кеңесіне (Азғыр, Батырбек, Сүйіндік, Лабай) қарасты жерлері көрші Гурьев (қазіргі Атырау) облысына беріледі.

Сондай-ақ Қасымтау және Талап ауылдық кеңестеріне қарасты «Көсем», «Бастауыш», «Энгельс», «Талап» т.б. колхоздарының халқы мал-жанымен облыстың ішкі Жымпиты, Фурманов, Чапаев, Тайпақ аудандарына мал мүлкімен еріксіз көшірілген. Олардың ыдырамай, бірыңғай орналасуына ерекше көңіл бөлінген.

Алайда, «Ел аман, жұрт тынышта жер аударып,

Зарлады-ау, Құм Нарынның жас баласы!» [10], – деп жоғарыда айтылған ақын Қ. Жұмағалиевтың анасы Жаңылғаным Өкенқызы жырлағандай, Оңтүстік Қазақстан жеріне көшкен шаруашылықтарға қарағанда облыстың ішкі аудандарына көшкен колхоздар жергілікті партия, кеңес органдарының үлкен ұйымдастырушылық шаралары арқылы жүзеге асқан, әрі мал мүлік бірге көшірілген. Сол сияқты, оңтүстікке қарағанда, бұл көшкен шаруашылықтардың адамдары жергілікті жағдайға тез бейімделіп, байырғы тұрғын халықпен тез тіл табысып кеткен [11, 92 - б.].

Демек, облыстың ішкі аудандарына қоныс аударылған халық жергілікті жағдайға тез бейімделіп, әлеуметтік экономиканы көтеруге белсене араласты.

Алайда ішкі депортацияға ұшыраған халықтың моральдық-психологиялық жан күйзелісі ауыр болды. Бұл жөнінде куәгерлер: «Атам өзге жердің топырағын аяғыммен бастырма деп Ордадан осы Чапаев ауданына келгенше жылап келіп еді, тілегі болды ма, жүк тиеген машинадан түсерде құлап, аяғы сынып, бір айдан кейін қайтыс болды»; «Ордадан көшкенде мен 12 жасар баламын. Әкем колхоз басқармасы болды. Күнде абыр-сабыр. Адамдар үйге келіп, кіріп-шығып жатады. Бір күні әкем қасындағы адамдарға «Болмады, ертең көшетін болдық», – деді де шығып кетті. Артынан шықсам, әкем қораның артында жылап тұр екен. Қасына жайлап барған мені байқап қалып: «Балам-ай, әкеңнің көз жасын сенің көрмеуің керек еді, дегені есімде қалыпты», – дейді.

Ордадан депортацияланған көшті бастап шамамен 500 шақырым жердегі республиканың ішкі Чапаев ауданы Киров колхозына келген (қазір Ақжайық ауданы, Алғабас ауылы) Қадеш Иманғалиұлының «Елім - ай» өлеңімен үндес жазылған 50 шумақ өлең жолдары туған жерінен еріксіз көшкен халықтың психологиялық жан күйзелісін анық көрсетеді.

Қалды ғой бабалармен қайран Нарын.

...Үн - түнсіз келе жатыр көшкен халық

Көңілсіз бір-біріне сөз айтарға.

«Кировке» кешке қарай келіп жеттік

Күтірге әр жердегі бөлініп кеттік.

Үйлерді әзірлеген беріп жатыр,

Түсіріп жүгімізді мәкен еттік.

Ұмтылмас үйренгенше туған жерім,

Қарсылап алып жатыр қосқан елім.

Не пайда өкінгенмен болған іске.

Қайырлы қоныс болғай келген жерім.

...Бұл жердің отырықшы халқыменен

Бұйырса, ел болармыз, араласып [12].

Демек, бұл бейбіт күнде атамекені әскери сынақ алаңына айналдырылып, елінен еріксіз қуылған Орда ауданы халқының жан тебіренісі. Ресей патша өкіметінің тапсырмасымен алғаш монографиялық еңбек жазған А.И. Левшин қазақтар жөнінде: «Қазақтар туған жерін, ата мекенін қатты қастерлейді, кір жуып, кіндік кескен жерінен ешкім ешқайда кетпейді», – деп қазақ халқының туған жерін ерекше қадір тұтатын ұлттық мінезіне көңіл аударған болатын. Алайда тоталитарлық билік басындағылар қазақтың ұлттық ерекшелігімен санасып жатпады.

Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанға күшпен қоныс аударылған халықтардың қасіретін, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туған жері әскери сынақ аймағына айналып, ішкі депортацияға ұшыраған қазақ халқы да басынан кешірді. Ұлт тарихында орын алған бұл оқиға, жас ұрпақтың тәуелсіздіктің қасиетті ұғым екенін сезінуіне септігін тигізеді деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Коврин А. История военного полигона Капусти Яр [http:// fb.ru/article /294887/ kapustin-yar-astrahanskaya-oblast-istoriya-poligona](http://fb.ru/article/294887/kapustin-yar-astrahanskaya-oblast-istoriya-poligona)
- 2 Көбейсінов К. Нарыннан елордаға дейін. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 116 б.
- 3 Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив (БҚОММ) 850-қ, 9-т, 1555 -іс.
- 4 БҚОММ 850-қ, 9-т, 1075- іс.
5. Көбейсінов К. Ойсыраған орда // Егемен Қазақстан, 1996. 14 ақпан.
- 6 Боранбаева Б.С. Орал өлкесінің тарихи мәдениеті ХІХ ғ. ІІ жартысы – ХХ ғ. І жартысы. Монография. – Орал. «БҚМУ РБО», 2019. – 202 б.
- 7 БҚОММ 850-қ, 9-т, 1076 - іс.
- 8 БҚОММ 850-қ, 9-т, 920- іс.
- 9 БҚОММ 850-қ, 9-т, 1246- іс.
- 10 Ықсанғали С. Орданың ойраны шыққан күн // Түркістан. 2012. 7 - маусым.
- 11 Бірімжаров Б.Қ. Бөкей Ордасы. Монография. – Орал. «Полиграфсервис». 2017. – 220 б.
- 12 Иманғалиев Қ. Қолжазба . Автордың жеке архивінен.

Сапанов С.Ж.,
доктор исторических наук,
НАО Атырауский университет имени Х. Досмухамедова
Абдулов А.Д.,
магистр гуманитарных наук,
НАО Атырауский университет имени Х. Досмухамедова

ГОЛОД И ОТКОЧЕВНИКИ: ПОЛИТИКА СТАЛИНИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

В конце XX – начале XXI вв. начинается активное изучение политики сталинизма и проблемы голода в Казахстане, при этом в отличие от 80-90 гг. возрос интерес к откочевке казахов в последствии голода, карательных действий государства и различных насильственных действий власти в период политических репрессий в 1916-1930 гг.

Предлагаемая статья посвящена изучению голода 20-30 гг. и откочевке казахов, на основе анализа архивных документов и исследовании, которое на наш взгляд восполнить имеющиеся пробелы.

Поэтому обращение к данной многоаспектной проблеме в области отечественной истории считаем своевременной и актуальной научной проблемой. В соответствии с Указом Президента РК К. К. Токаева от 24 ноября 2020 года № 456 подписан указ «О государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий». В соответствии с этим члены Государственной комиссии республиканского, областного и городского уровней в рамках обозначенной темы исследования успешно работают по выявлению жертв советской политики, рассекречиванию документов, изданию сборников документов на основе собранных материалов.

Отсутствие теоретической направленности у советских-отечественных историков по теме исследования карательной политики Советского государства и различные насильственные действия власти в период политических репрессий в 1916-1930 гг. лишило их возможности для теоретического анализа. Поэтому при всей своей научной значимости отечественные историографические исследования, не затрагивали проблемы реабилитации казахстанских беженцев, вынужденных покинуть Казахстан во время политических кампаний и голода.

1.Историография голода в Казахстане 20-30 гг. XX века

В 30-40 –х годах исследования по данной теме не велись, так как историческая наука подвергалась жестокому идеологическому контролю, и многие факты истории Казахстана были завуалированы.

В 50-е годы с началом «хрущевской оттепели» тема голода становится актуальной, начинается усиленное изучение голода 1921г. в советской историографии. Различные аспекты истории с голодом получили отражение в монографиях и отдельных статьях [1]. В книге Нейштадта С.А. «Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР (1917-1937 гг.)» впервые говорится о числе голодающих в 2,3 млн. человек, а также о масштабах

голода и мероприятиях, проведенных государством в борьбе с голодом [2]. С темой голода 1920-х годов в Уральской губернии выступил Пимнев Н.А. на XXII научной конференции, которая состоялась в Уральске в 1958 г. В тезисах доклада содержался большой исторический материал с привлечением большого количества статистического материала [3].

Новый этап в изучении проблемы голода 20-30-х годов XX века был представлен трудами Дахшлейгера Г.Ф., Нурпеисова К.Н., Турсунбаева А.Б. и других опубликованных работ в 60-80 годах XX века [4]. В книге «Развитие народного хозяйства Казахстана за 50 лет Советской власти» под редакцией Баишева С.Б. и Чуланова Г.Ч. о голоде говорится вскользь, рассматривается сама борьба с голодом и его последствиями как о составляющей мероприятий, обеспечивающих восстановление сельского хозяйства Казахстана и возникновение социалистического уклада экономики [5].

В «Очерках истории Коммунистической партии Казахстана», отмечается, что голод был следствием не только засухи и крайней отсталости сельского хозяйства, но и чудовищным результатом гражданской войны [6].

Нурпеисов К.Н. в своей монографии раскрывает суть борьбы Советов с голодом. Засуха и джунты 1920-1922 годов, долгая зима без снега стали одним из главных испытаний для молодого советского государства. Автор монографии дал анализ деятельности советов по ликвидации последствий голода [7].

Виленский Е.Л. в монографии «Ликвидация безработицы и аграрного перенаселения в Средней Азии и Казахстане (1917-1932 гг.)» отмечал, что за время голода казахский аул и деревня сильно обеднели, резко выросла численность и удельный вес бедняков и кедеев. Голод ударил прежде всего по сельским районам страны [8]. В «Очерках экономической истории Казахской ССР (1860-1970)» говорится, что голод был вызван стихийным бедствием – засухой и как следствие произошел массовый падеж скота. Голодало около 2 млн. человек [9].

Определенный итог изучения проблемы голода 1921-1923 годов был обнародован в «Истории крестьянства Советского Казахстана», где отражены основные аспекты развития крестьянства и мероприятия Советской власти в области аграрных преобразований [10].

Таким образом, советские историки пытались свести причины катастрофы в основном к отсталости сельского хозяйства, последствиям 232 войны и засухи. Продовольственная политика Советского государства в период гражданской войны, имеющая следствием натурализацию сельского хозяйства и продразверстку, признавалась единственно верной. Примером такого подхода к проблеме голода 1921г. служит монография Е.М. Хенкина, опубликованная в Красноярске [11].

Мощный импульс и толчок формированию общественного мнения, ломке прежних идеологических штампов и оценок и становлению новых теоретико методологических подходов в исследовании проблемы дали монографические труды и публикации в периодических изданиях М. Козыбаева, К. Нурпеисова, Т. Омарбекова, К. Алдажуманова, М. Татимова, М. Койгелдиева, К. Атабаева и др.

Проблема коллективизации в Казахстане и ее катастрофических последствий стала объектом исследования многих казахстанских исследователей. В трудах демографа М.Б. Татимова прослеживаются изменения численности казахов в начале XX в. По его данным, в результате национально-освободительного восстания 1916 года, революции 1917 года и гражданской войны, а также голода 1921 года погибло 850 тыс. казахов и 200 тыс. бежало за пределы своей родины. Казахстан в итоге лишился более 1 млн. своих граждан. Труды М. Татимова поднимают на новый уровень демографические исследования [12]. На основе привлечения большого массива рассекреченных архивных документов известными казахстанскими учеными были подготовлены документальные сборники об истории силовой коллективизации и голода. В исследованиях современного периода начиная с 1990-х гг. казахстанские авторы стали рассматривать причины голода 1920-х годов. Этот вопрос рассматривался как в общих трудах, так и в работах, посвященных исключительно этому трагическому периоду в жизни казахского общества [13]. В современной историографии изучаемый нами голод в Казахстане датируется 1919-1923 гг. и определяется как массовая гибель сельского населения Казахстана, когда погибло более одного миллиона человек. Причиной голода 1920-х годов называют неурожай в разных регионах страны, в связи, с чем советской властью в январе 1919 г. была проведена продразверстка в рамках действовавшей с 13 мая 1918 г. продовольственной диктатуры. В заготовительную кампанию 1919-1920 годов продразверстка распространилась на картофель, мясо, а к концу 1920 г. на все сельхозпродукты. Проблему голода 1920-х гг. исследуют историки, как Казахстана, так и России. Алексеенко Н.А. в своем исследовании «Сельское население Казахстана 1920-1990 гг.» рассматривал динамику численности, национальный состав, миграционное и естественное движение сельского населения Казахстана. Им рассмотрены такие закрытые ранее проблемы, как демографические последствия голода начала 20-х и 30-х годов, массовые переселения в Казахстан и др [14].

Тема голода 20-х годов нашла освещение в статье Михаила Геллера «О голоде, хлебе и советской власти», приложенной к английской публикации бюллетеня «Помощь». Автор пишет: «... В перечне многочисленных причин 233 (официально признанных Советской властью) страшного голода не было лишь одной: политика советской власти с первого же дня ее рождения. Отсталость русского сельского хозяйства была фактом, однако Россия до 1-й Мировой войны являлась одним из крупнейших в мире экспортеров зерна. Война – сначала с Германией, потом гражданская, — тянувшаяся 7 лет, нанесла серьезный ущерб сельскому хозяйству. 1920, а в особенности 1921 г. – были засушливыми. Однако важнейшей причиной катастрофы была политика партии, захватившей власть в октябре 1917 г.» [15]. С ним соглашается В.В. Кабанов, считая, что продразверстка окончательно подорвала производительные силы крестьянского хозяйства и сельскохозяйственного производства, отняла у крестьянина право на продукт собственного труда и тем самым разорила крестьянина. Последовавший затем в 1921 г. голод был вызван не только и не столько неурожаем, сколько

последствиями продразверстки [16]. В 1997 г. появилось исследование А.М. Кристлана. В работе сделана попытка на основе нового подхода к изучению отечественной истории и на всем комплексе источников, ставших ныне доступными для историков, попытаться уяснить подлинные причины и масштабы голодной катастрофы; установить вклад в борьбу с голодом и его последствиями государственных органов и различных отечественных и зарубежных общественных организаций. Автор выделяет пять причин голода. Главные причины – это отсталость сельского хозяйства, последствия войны и продразверстка. Второстепенные – это засуха и исчезновение помещичьих и крупных крестьянских хозяйств [17]. Относительно причин голода в Казахстане в начале 1920-х годов, региональные историки, как и основная масса историков советской эпохи, придерживались положения, которое было зафиксировано в изданиях, ставших своеобразным образцом для региональных исследований. Самым распространенным вариантом было объяснение, что голод разразился из-за неурожая, а он, в свою очередь из-за «небывалой», «невиданной» засухи. Там сказано четко и безвариантно - причина всего - неурожай 1920 и 1921 гг. В современной казахстанской историографии признается, что наряду с засухой, отставанием аграрного сектора и последствиями гражданской войны, массовый голод был вызван и чрезвычайной экономической ситуацией в результате политики «военного коммунизма», жестко проводимой Советской властью и обернувшейся сильным ударом по народному хозяйству, особенно - по его сельской отрасли [18]. Книга «О голоде 1932-1933 гг. в СССР» завершает цикл монографий по истории советского крестьянства конца 1920-х-1930-х годов, автором является Ивницкий Н.А. В ней автор привел примеры из жизни народа, о проводимой политике Советской власти. Подробно описана сложившееся ситуация на территории Крайнего (Северного) Казахстана в 1921-1923 гг., о чрезмерном выкачивании хлеба и скота с казахского народа [19]. Подводя итог анализу отечественных и зарубежных исследователей можно прийти к выводу, что имеется целый комплекс причин голода 1921- 234 1923 гг. в числе которых засуха и вызванный ею неурожай; продовольственная политика большевиков, имеющая следствием натурализацию сельского хозяйства; первая мировая и гражданская войны, приведшие к разрухе и царское правительство, консервировавшее вековую отсталость сельского хозяйства, и белые, не желавшие отказываться от планов сохранения помещичьих латифундий, и крестьяне, ликвидировавшие сельскую хлебозапасную систему в 1917г. Но «основной причиной разразившегося голода стала продовольственная политика большевиков, завышенные нормы продразверсток, а также неоперативность местных органов власти, с запозданием оценившими размеры бедствия.

Сегодня историки получили доступ к рассекреченным архивным документам. Из их трудов цензорами теперь не изымаются страницы, где имеется хотя бы намек на негативные стороны главных процессов социалистического строительства-индустриализации, коллективизации, культурной революции и на грубейшие ошибки и просчеты союзных и республиканских высших партийно-советских органов.

В Архиве Президента Республики Казахстан и ГА РК хранятся большой массив документов трагедии казахского аула, когда из-за конфискации имущества и насильственной коллективизации, преступной деятельности действующей власти против человечности в стране назрел голодомор. В этих уникальных документах отражены: объемные обзоры республики в целом и по отдельным регионам, включая обзоры и информационные сводки ОГПУ по КАССР, отчеты и справки с мест о выполнении заданий центра, о случаях массовой гибели людей от голода, вооруженные восстания, жалобы и обращения граждан в различные инстанции и т.д. Многие из этих документов хранятся в особых папках и имеют гриф «секретно» и «строго секретно».

В 1929-1930-е гг. Москва запустила первый процесс коллективизации. В некоторых казахских регионах республики активисты начали программу «оседание на базе сплошной коллективизации»- механизм для одновременной оседлости и коллективизации кочевников. Голод начался зимой 1930-го года, на год раньше, чем в других частях Советского Союза. Хотя голод ударил и по русским и украинским крестьянским общинам на севере республики и юго-востоке, кочевые казахи пострадали от него особенно тяжело. Чтобы прокормиться, кочевники начали резать свой скот и бежать из республики. В период с 1931-го по 1933-й гг., пик казахского голода, республику покинули более 1,1 миллиона человек, подавляющее большинство из которых – казахи. Они бежали в соседние советские республики, а также зарубеж, в китайскую провинцию Синьцзян, которая граничила с советский Казахстаном на востоке. Многие из этих беженцев так никогда и не вернутся в Казахстан; они поселятся в Китае или в соседних советских республиках. Осенью 1929 года и на протяжении всего периода 1930-33-х гг. в Казахстане разразились массовые восстания, число участников которых достигало нескольких тысяч человек; они были жестоко подавлены войсками Красной Армии.

2.«Казахи - откочевники»

В получившем республиканскую государственную премию 4-м томе «Истории Казахской ССР» (АлмаАта, 1977) о голоде даже не упоминалось, но говорится о том, что в 1932 г. ЦК ВКП(б) и Совнарком СССР оказали Казахстану значительную помощь продовольствием. В специальной демографической работе представлялось самым «сильным» 11 выражение: «В этот период шел и отлив населения, связанный с «недородом».

Так, с 1 июня 1931 г. до конца 1932 г. из республики выехало 453,1 тыс. человек» [20].

В известном обращении заместителя председателя Совнаркома РСФСР Турара Рыскулова к И.В. Сталину, при оговорке, что сведения неполные, называется цифра казахов-откочевников в Западную Сибирь - 50 тыс. человек. Думается, она значительно занижена. И после введения в стране паспортной системы на рубеже 1932 и 1933 г.г. требование обязательной прописки в крае в ряде районов не выполнялось. Учет населения Запсибкрая, что отметили в Крайисполкоме в конце 1933 г., велся плохо [21].

Тем более далеко не всегда на местах фиксировалось прибытие «откочевников», на которых горсоветы, а особенно сельсоветы смотрели как на временно поселившихся, а зачастую - только как на проходящих по их территории.

Понятно, что с голодного края - Казахстана - в более благоприятные места бежало не только казахское население. Основная масса мигрирующего на север казахского населения из КАССР и оседала в этих близких по природе, хотя и более суровых по холодному климату приграничных районах Западной Сибири. Частично смешиваясь (насколько, скажут будущие исследователи-ученые) с компактно проживающей здесь казахской диаспорой.

Малограмотные, не владеющие русским языком бывшие кочевники на строительных площадках и в заводских цехах могли стать, особенно на первых порах, в массе своей чернорабочими, самыми низкооплачиваемыми и целиком зависящими от продкарточки.

Особо незащищенными из чиста бежавших из Казахстана в Сибирь оказались дети, потерявшие родителей. В октябре 1932 г, в Москву из Новосибирска сообщали: «В связи с недородом в ряде районов Запсибкрая и граничащего с ним Казахстана, мы имели значительный рост детской беспризорности, как за счет районов края, так и Казахстана» [22].

Главной ошибкой партийно-советского руководства Сибири являлось слепое восприятие сталинского лозунга об усилении сопротивления классового врага социалистическому строительству. При тоталитарном режиме с его командно-административной системой все негативное приписывалось козням враждебных социалистическому государству сил. Виновниками «великодержавного шовинизма», «казахского национализма» объявлялись не только те десятки зараженных этими антигуманными взглядами «интеллигентов» и руководителей, но и многие люди, которых в борьбе за кусок хлеба столкнул «царь-голод»

Как отмечает Е. Сыздыков-величайшая нелепость, когда в условиях жуткого голода с вымиранием населения Казахстан вызывал Сибирь на соцсоревнование сдать до 1 января 1933 г. 100% хлебопоставок, когда два крайкома ВКП(б) ставили советским и правоохранительным органам в качестве первоочередной задачу фильтрации «откочевников» с целью выявления байских элементов. Как будто бывшие богатые скотовладельцы и их близкие не стали абсолютно нищими, такими же голодающими, как и остальная масса беглецов от неминуемой смерти на просторах родных степей. Так же нелепо было усматривать в каждом случае бытовых столкновений рабочих (голодный парень-казах съел миску, наверняка, пустого супа - «баланды» опоздавшего к обеду голодного русского парня. Последний учиняет драку). Явно бытовое явление квалифицируется обязательно как сознательный великодержавный шовинизм. Идет поиск, кто же из бывших кулаков толкнул неграмотного вчерашнего батрака на «нарушение национальной политики партии», (крестьян) похищена последняя «кормилица» многодетной семьи - корова. Поверивший, что это дело рук казахов-откочевников хозяин принимает участие в самосуде над

подозреваемыми в краже. Конечно, за зверское избиение зачастую совершенно невиновных, еще более несчастных, чем он, людей, преступивший закон должен быть строго наказан. Но злостное хулиганство по заданной «сверху» установке судебные органы квалифицируют опять-таки с политическим обвинением в шовинизме), присуждают тюремное заключение и принудработы с удержанием, части заработка по статье 59-7 УК РСФСР.

Ключ к пониманию истинного положения в крае, куда жестокая судьба забросила сотни тысяч «новоселов», в том числе десятки тысяч несчастных вчерашних кочевников из Казахстана, думается, в тех нескольких «подлинно человеческих» документах, которые шли от людей, не задействованных», в чиновную систему. Основная же масса «казенных» документов дает фактографию трагедии «откочевников» (в какой-то мере и «сибирских» казахов, и остального населения Западной Сибири), но политизация их в духе вписывания в «генеральную линию партии», искажает картину реальной жизни. Голодающие (и русские, и казахи, и украинцы, и представители всех других народов и народностей) боролись за выживание; в процессе этой борьбы были и эксцессы проявления национализма, в том числе и великорусского шовинизма. Народы же - и русские, и казахи (татары, украинцы и т.д.) только совместными усилиями одолели голод.

Спасение от голода и «откочевникам» из автономной республики, и местному населению принес урожай 1934 г. Тогда же началось возвращение казахов на родину.

Заключение

Подводя итоги проблеме изучения голода и откочевки казахов, на основе анализа архивных документов и исследовании, можно отметить следующие выводы. Первое откочевка казахского населения было связано с голодом 1921-1922 гг. История голода 1921-1922 годов в Казахстане, продолжает оставаться малоизученной проблемой в отечественной исторической науке. Стоит отметить, что до настоящего времени отсутствуют комплексные научные работы, в которых бы было уточнено хотя бы приблизительно точное количество жертв, погибших от голода 1921-1922 годов и вызванных им эпидемий.

Вторая волна откочевки казахов было связано с политикой коллективизации и голодом 1930-1933 гг. Казахский голод способствовал созданию советского Казахстана, стабильной территории с четко очерченными границами, ставшего неотъемлемой частью советской экономической системы. Голод резко изменил существовавшие элементы казахской идентичности, такие как родственные связи, лояльность наследственной элите, да и сам кочевой образ жизни, накладывая категорию национальности «казах» поверх этих понятий. Цена такого формирования государства была ужасающей как для режима, который стал свидетелем резкого падения производительности сельского хозяйства в регионе в последующие после голода годы, но и особенно для самого казахского общества, понесшего несоразмерное бремя погибших вследствие катастрофы. Из 1,5 миллиона жертв трагедии около 1,3 миллиона составили

казахи. От голода погибли более трети всех казахов, и, как следствие катастрофы, казахи стали меньшинством в своей собственной республике.

Есть определенные проблемы в дальнейших исследованиях показателей смертности казахского голода: количество сбежавших голодавших беженцев, например, было гораздо более значительным во время казахского голода, чем в других примерах голода советской коллективизации. В ходе подготовки к переписи 1937-го года некоторые чиновники в Казахстане даже использовали эту цифру, как способ прикрыть существование голода: резкое падение численности населения республики, рассуждали они, может быть объяснено тем, что многие казахи эмигрировали на работу в другие республики в период первой «пятилетки» Сталина. Понятно, что такое объяснение не выдерживает никакой критики.

Третья вольна откочевки казахов связана с карательными действиями государства и различных насильственных действий власти в период политических репрессий в 1937-1950 гг. это требует отдельного исследования, авторы только обозначили проблему.

Список использованной литературы:

1. Генкина Э. Переход Советского государства к НЭПу (1921 – 1922 гг.). М., 1954; СССР в период восстановления народного хозяйства (1921 – 1925). М., 1955; Поляков Ю.А. Переход к НЭПу и советское крестьянство. М., 1967.

2. Нейштадт С. А. Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР в 1917-1937 годах (от докапиталистических отношений к социализму, минуя капитализм). Алматы, 1954. - 351 с.

3. Пимнев Н.А. Борьба с голодом и беспризорностью детей в Уральской губернии в 1921-1922 гг. XXII научной конференция. Уральск, 1958. - 200 с.

4. Дахшлейгер, Г. Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). Алма-Ата: Наука, 1965. 536 с.; Нурпеисов К.Н. Советы Казахстана в борьбе за упрочение власти рабочих и крестьян: (нояб. 1917 г.-июнь 1918 г.) Алма-Ата: Наука, 1968 170 с.; Турсунбаев А.Б. Победа колхозного строя в Казахстане. - Алма-Ата. Казгосиздат. 1957. - 326 с.; Его же. Колхозное крестьянство Казахстана. Алма-Ата. Казгосиздат. 1960. - 256 с.; Его же. Казахский аул в трех революциях. - Алма-Ата. Казахстан, 1967. - 483 с.;

5. Байшев С.Б., Чуланов Г.Ч. Развитие народного хозяйства Казахстана за 50 лет Советской власти. Алматы, 1967. - 464 с.

6. Очерк истории Коммунистической партии Казахстана. Казахское государственное издательство. Алма-Ата, 1963. 672 с.

7. Нурпеисов К.Н. Становление советов в Казахстане (март 1917-июнь 1918 гг.). Алма-Ата, 1987. - 240 с.

8. Виленский, Е. Л. Ликвидация безработицы и аграрного перенаселения в средней Азии и Казахстане (1917-1932 гг.) Алма-Ата, Наука, 1980. 277 с.

9. Байшев С.Б. Очерки экономической истории Казахской ССР (1860-1970 гг.). Алма-Ата Издательство «Казахстан», 1974. - 360 с. 235

10. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. – Алма-Ата 1985. Т. 1. – 247 с.
11. Хенкин Е.М. Очерки борьбы советского государства с голодом. Красноярск, 1988. -350 с.
12. Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. АлмаАта, 1989. -200 с
13. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы, 2000. Т.1; Шокменов Ю. Тенденции человеческого развития в Казахстане. Алматы, 2001.; Турлыгул Т., С. Жолдасбаев. История Казахстана, важнейший период и научные проблемы. Алмата, 2007 и др.
14. Алексеенко А. Н. Сельское население Казахстана 1920-1990 гг.: автореф. дис... дра. ист. наук. Алма-Ата, 1993.
15. Геллер М. О голоде, хлебе и советской власти// Помощь: Бюллетень Всероссийского комитета помощи голодающим (1921, № 1-3). Лондон, 1991.
16. Кабанов В.В. Пути и бездорожье аграрного развития России в XX веке// Вопросы истории. 1991. № 2. С. 39
17. Кристлан А.М. Голод 1921 года в Поволжье: опыт современного изучения проблемы / Автореферат дисс... канд. истор. наук. М.,1997.
18. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т.4. – Алматы: Атамұра, 2009. – 387 с.
19. Ивницкий Н.А. О голоде 1932-1933 гг. в СССР. М., 2006. – 345 с
20. Базанова Ф.Н. Формирование и развитие структуры населений Казахской ССР. Национальный аспект. Алма-Ата, 1987, с. 78.
21. Госархив Новосибирской обл. (в дальнейшем - ГАНО), ф. 47. оп. 1, д. 1889 л. 201.
22. ГАНО, ф. 47, оп. 1, д. 1519, л. 314

Таңатарова Ж.Т.,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі
Атырау облыстық комиссия жұмыс тобының жетекшісі
Каналиева М.И.,
Атырау облыстық архиві бөлім басшысы

ГУРЬЕВ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ТӘРКІЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ КОМИССИЯ ХАТТАМАЛАРЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Партия, кеңес ұйымдарының құжаттары, әсіресе, хаттамалар немесе олардың көшірмелері нақты тарихи дерек болып табылады. Мысалы, Гурьев қаласында 8 қыркүйек 1928 ж. өткен қалалық партия белсенділерімен бірге өткен тәркілеуге қатысты жүргізілген кеңестің хаттамасына назар аударсақ, оның күн тәртібінде тәркілеуге жататын байлар шаруашылығының тізімін қарастыру және ХКК-нің нұсқауларын өңдеу сияқты мәселелер ұсынылған. Мұнда әр аудан

бойынша байлардың тізімі және олардың әрқайсысына сипаттама берілген. Аудандардың ішінде ең азы Дооссордан үш бай ғана жазылған:

1. Джувоньяров Капа - ірі бай, топтар құрады, зиян элемент, создает группировки, вредный элемент, оған 1000 рубль салық төлеу белгіленген.

2. Умбеталиев 800 қой, 30 ірі қара малы, 160 жылқы, 50-60 түйесі бар, халықтың ішінде ықпалы бар.

3. Баетов Ирмагамбет Умбеталиев сияқты малы бар, ертеректе билеуші болған.

Байлардың ішінде Алашордаға жақындары да болған. Мысалы, Есбол ауданындағы И.Әлжанов тұрмыстық қылмысына байланысты бір жылға сотталған, Алашорда қызмет еткен, жағдайы орташадан жоғары, топ құрғыш адамға жатады. Ал, Қызылқоға ауданында Джулдусов Алашорда полициясының бастығы болған, Қазан революциясынан бастап құқықтарынан айырылған, рулық күрес жүргізетін жат элемент деп көрсетілген. Сонымен қатар, Медетов Алашорданың комиссары, Бөкейхановпен байланысы болған, қауіпті элемент, көшіру керек екендігі жазылған.

Байлардың қатарында дін иелері де болған. Есбол ауданындағы Хазрет Лұқпанов халықтың ішінде ықпалы бар, қауіпті екені көрсетілген.

Осы хаттамада, негізінен, байлардың мал басы көрсетілсе де, арасында кім қандай қызметте болғанын, не үшін шеттетілгендерін байқауға болады.

Бұл хаттамада алты ауданның байлары көрсетіліп, тізімделген: Яманхалинск, Доссор, Қызылқоға, Есбол, Новобогатинск, Теңіз аудандары.

Халық Комиссарлар Кеңесінің тәркілеу туралы нұсқауы бойынша тәркілеуге жататын байлардың тізімдерін жасау, мал есебін қарауды ұйымдастырған. Гурьев округінен тәркілеуге ұшыраған Айжігітов Аманша, Жұбаниязов, Алиев Өтепкали, Баетов Ермағамбет, Байтленов Әміржан, Бегалиев Саралы, Бекмурзин Қазбек, Ғабдрахманов Төлеген, Жармағамбетов Ерғали, Жұмабаев Дүзелбай, Смагулов Смадияр, Қожағұловтар, Мендалиев Демеу, Умбеталиев Жақсығали т.б. құжаттары және Азғыр өңірінен тәркілеуге ұшыраған Досқалиев Шамен, Өтегенов Балий, Омаров Шапен, Мамбетов Абубакир, Болдиянов Бомаш, Алғазиев Бектілеу, Омаров Латиф, Исенбаев Мақаш, Алғазиев Көптілеу, Ғаббасов Иманғали, Машекенов Халық, Мақатов Мұхамедьяр, Балқашев Сатай сияқты көптеген қудалануға ұшыраған адамдардың құжаттары Атырау облысы мемлекеттік архивіндегі жеке тектік қорларында сақталған.

Тәркілеу науқаныны кезінде Кеңестік билік республиканың өз ішіндегі көші-қон мәселесінде (жер аудару) жүзеге асырып отырған, атап айтсақ, Гурьевтен (қазіргі Атырау қаласы) Солтүстікке, орталық аудандарға ал ол өңірлерден батыс т.б. аймақтарға Петропавлге, Ақмоладан Гурьевке жер аудару туралы 1928 жылы 30 тамыздағы қаулысы шыққан еді. Осылай халықты ерсілік-қарсылы шұбырындыға түсіріп, оның зардабынан талай қазақ күштеп межелеген жерге жете алмай {әсіресе бала-шаға} жолда шығынға ұшыраған, Ақмола округінен Гурьевке 15 бай {үй-ішімен 69 адам} жер аударылып келген. Мысалы: Ақмоладан Байменов Нығметжан, Оразбаев Мырзахмет жанұялары

Қызылқоғаға жер аударылса, Қуандықов Мұқажан, Курпекбаев Смағұл жанұялары Есбол ауданына көшіріледі. Осы жанұялармен бірге келген Доғалақовтар, Шоқаев, Қапенютер Гурьев қаласына орналастырылады. Көп адамға туған жердің топырағы да бұйырмады. Ресми деректерге жүгінсек, тек жеке отбасы жер аударылған сияқты болып көрсетіледі. Ал шындығында, тәркіленген байлардың бала-шағасы ғана емес, туыстары да айдауға немесе қудалауға ұшырады.

1. Архивтегі 1928 жылғы құжаттарды ақтара отыра, Гурьев округі Новобогат ауданы Қаңбақты ауылынан тәркілеуге ұшыраған Смагулов Смадиярдың жанұясының тағдыры назар аудартты. Конфескелеу кезінде 320 ірі қара малы, шаруашылығында 2 көмекші ұстаған 45 жастағы Смагулов Смадияр патша үкіметі кезінде болыстың старшинасы болған. Жеке мал шаруашылығы әкесі Төленбаев Смағұлдан қалады. Смағұл 1917 жылы қайтыс болады. Әкесінің артында 85 және 70 жастағы Латифа, Бәтима есімді қарт аналары қалады. Конфескеге байланысты тергеу амалдары жүргізіліп, комиссияға қарсы наразылық білдіргені үшін 1928 жылғы 23 қазанда Гурьев округтық сотының көшпелі сессиясы қаулысымен Смагулов Смадияр 6 жылға, оның 19 жастағы баласы Смадияров Нұржанды 2 жылға соттап, жер аударады. Смадиярдан 38 жастағы әйелі Қамия мен 28 жастағы әйелі Дәріжан күйеуінен заңды айырылысқанын айтып берген түсініктемесіне, басқарушы органдар тарапынан бұл адамдардың некелерінің бұзылуының анық-қанығын жіті тексеру тапсырылады. Ал, Смагулов Смадиярдың 85 және 70 жастағы аналары Латифа, Бәтима және 15 жастағы немерелері Меңдешті этаппен Оралдың тергеу изоляторына қамайды.

Қиналған әйелдер ВЦИК-ке арызданып, өздіктерінен жүре алмай, нәселкемен ғана қозғалатынын, Петропавл қаласына баруға мүмкіндіктері алмайтынын, туған жерінде қалдырып кетулерін өтініп сұраған арыздарына Төленбаева Латифа мен Бәтиманы және 15 жастағы немерелері Меңдешті изолятордан шығарып, Орал округінде қыстап шығуға қалдыруға тапсырма келген.

2. Новобогат ауданынан бай ретінде қудалауға ұшыраған Омаров Майранның қудалану құжаттарында Омаров Майран Гурьев округтік атқару комитеті қаулысымен Петропавлға жер аударып, әйелі ажырасып барып Гурьевте қалады, 14,18 жастағы Саху және Гүлжамал атты екі қызы Мәскеуге, Кремльге, Калининге телеграмма жолдап, әкесін жер аудару барысында Оралда қалғандарын, әрі қарай өмір сүру қиындап кеткендігін, 18 жастағы қызды күйеуге шығуға, 14 жастағы қызды анасының қасына қалдыруға рұқсат сұрағандары құжаттарда айтылады. Осындай жанұялардың тағдырына қатысты деректерді талдай отыра, қазақ халқының басына 1928 жылдан басталған еріксіз көші-қон ісі қаншама жанұяның тағдырын тас-талқан еткенін, қаншама адам жапа шеккенін архив құжаттарынан көресің. /Қасіретті жылдардың/ Екінші кезеңінде репрессиялық шаралар өз жалғасып, бай, кулактарды тап ретінде жою, билік тарапынан мақсатты түрде жүргізілген.

Жалпы байларға қатысты жеке листоктар бар.

Аудандардың атқарушы комитеттері төрағалары және Өлкелік атқарушы комитетінің жанындағы Өлкелік бөлімдер меңгерушілері комиссиясының 21.08.1929 жылғы №3 хаттамада Молдажанов Доссор ауданының жағдайы туралы ақпарат бергені, Доссор ауданын қазіргі күйінде қалдыру мүмкін емес, осы ауданның экономикалық және мәдени жағдайы мен тұрғындарының аздығын, бұған қоса халықтың Доссор ауданының аумағында небәрі үш ай ғана тұратынын, қалған уақытта 300 шақырым жерге көшіп жүретінін ескере отырып, бұл жағдай көшпелі халыққа қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейтініндігі айтылған.

Соңғы рет мынандай қорытындыға келген болатын орталықты қазір Ракушқа ауыстыру, ал жаз мезгілінде Доссорға қайтару, ақыр соңында бәрі бір ауыздан болмады, бұндай жағдайда халыққа, әсіресе көшпенді халыққа қызмет көрсету өте қиын болады, дегенмен айдан орталығын қалдыру керек деп ойлаймын, ал орталықты ауыстыруға қатысты сұрақты өздеріңіз талқылап, бұның қаншалықты нысаналы екенін өздеріңіз шешіңіздер.

Аудан орталығын таратып жіберілсін, халқын көршілес аудандарға берілсін (Жилокоса және Есбол). Көшпелі халыққа қызмет көрсету үшін соңғылардың штаттарын ұлғайту қажет деп танылсын.

Өлкелік атқару комитеті белгілі бір әкімшілік ауылдарды көршілес белгіленген аудандарға қосу туралы сұрақты пысықтау қажеттігі хаттамада көрсетілген.

Пайдаланған әдебиттер тізімі:

1. Атырау ОМА, Ф. 2, оп. 1, д. 4, л. 1-7.

Аман Ә.Б.,

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.

(Ақтөбе қаласы)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ОМАР ЕСЕНҚҰЛОВ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ҚҰҒЫН-СҮРГІН

Алаш қозғалысының батыс өңірдегі көрнекті қайраткерлерінің Омар Есенқұлов 1886 жылы төңкеріске дейінгі әкімшілік-территориялық бөлініс бойынша Орал облысы Темір уезінде өмірге келеді. Қазақтың алғашқы жоғары білімді дәрігерлерінің бірі Омар Есенқұлов бастапқыда болыстық орыс-қазақ мектебін, қалалық орыс-қазақ Романов училищесін аяқтағаннан кейін, Орал реальдық училищесінде оқиды (1903-1910 жж.). Содан соң 1910-1914 жылдары Саратов университетінің медицина факультетінде оқуын жалғастырып, оны аяқтаған соң 1914-1916 жылдары Саратов қаласындағы Земгор одағында дәрігер-ординатор, 1916 жылы Орынбор қаласындағы Жедел жәрдем станциясында дәрігер болып қызмет атқарады [1, 169-б.].

Омар Есенғұловтың белсенді қоғамдық-саяси қызметі ақпан төңкерісінен кейін басталып, алаш қозғалысының батыс өңірдегі белсенді ұйымдастырушыларының біріне айналады. Алдымен Уақытша үкіметтің Орал облысындағы комиссары Г.Бизяновтың ұйғаруымен 1917 жылы Темір уезі бойынша Уақытша үкіметтің комиссары болып тағайындалады. Алаштанушы ғалым Д.Сүлейменованың жазуынша О.Есенқұлов Ж. Досмұхамедов, Ы.Токберлиев, Х.Тасымов, Т.Сарбөпиев, Е.Мұқанов, Д.Сәрсенбаев, Ғ.Әлібеков, Д.Күсепқалиев, Б.Жанқадамов, Р.Қаржаубаев, Д.Жұлдызов, Х.Досмұхамедов, Ы.Топтаев, Е.Әбенев, К.Жәленовтермен бірге Орал облыстық қазақ комитетінің мүшелігіне сайланады. Орал облыстық қазақ комитеті-Жайық өзенінің сол жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органы болатын. Комитет 1917 жылғы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өткен Жайық сырты қазақтарының 1-інші съезінде бұрынғы Жайық сырты бөлігін басқару жөніндегі уақытша комитеттің орнына құрылған болатын. Комитет 1-ші Орал облыстық қазақ съезінің Жайық сырты бөлігіндегі бұрынғы бюрократиялық басқару жүйесін халықтық басқару жүйесіне ауыстыру жөніндегі шешімінен туындаған барлық қаулы-қарарды жүзеге асырумен шұғылданды. Орал қаласындағы, уездердегі қазақ қаржысына салынған жылжымайтын дүние-мүлікті есепке алып, қазақ пайдасына қызмет еткізу, елден ерікті жылу жинау, оқу орындарын ашу, жәрмеңкелер өткізу, азық-түлікпен қамтамасыз ету, басқа қоғамдық ұйым-мекемелермен байланыс жасау ісімен айналысады.

Омар Есенқұлов Төңкерістен кейінгі уақытта жер, ұлттық теңдік, оқу-ағарту, қаржы, мәдени-шаруашылық мәселелерді көтеріп, ұлттық мүддеге сай келетін талаптар мен ұсыныстарды күн тәртібіне қоя отырып талқылаған облыстық қазақ съездерінің жұмысына белсене араласады. Алдымен ақпан төңкерісінен кейін өткен облыстық қазақ съездерінде, атап айтқанда 1917 жылғы 2-8 сәуірде Орынборда өткен І Торғай облыстық қазақ съезіне атсалысады. Съезде жалпы қазақ съезінде қаралатын мәселелерді дайындауға, өтетін орнын және уақытын лайықтап, жұртқа хабар беруге айырықша бюро құрып, оның құрамына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтармен қатар Омар Есенқұлов та енеді. Содан соң О.Есенқұлов 1917 жылдың 19-22 сәуірі аралығында Орал облыстық қазақ съезіне қатысып, онда 20 адамнан тұратын облыстық Қазақ комитеті құрылып, оның ішінде Х. және Ж.Досмұхамедовтер, К.Жәленов, Ғ.Әлібеков және басқалармен бірге О.Есенғұлов те болады [2, С. 36-38].

Бұдан соң Омар Есенқұлов тұңғыш жалпықазақ съезін ұйымдастырушылардың бірі ретінде 1917 жылы 21-26 шілдеде өткен бірінші жалпықазақ съезінің жұмысына қатысады. Съездің күн тәртібіне барлығы 14 мәселе қойылып, олардың арасында мемлекеттік басқару түрі, қазақ автономиясы, қазақ облыстарындағы жер мәселесі, әскер, жергілікті басқару, халық милициясы, оқу-ағарту ісі, дін, сот және т.б. мәселелер болды. Съезде Омар Есенқұлов Орал облысынан Жаһанша және Халел Досмұхамедовтармен бірге Құрылтай жиналысына кандидат ретінде ұсынылады [сонда, С. 50].

Омар Есенқұлов екінші жалпықазақ съезінен кейін Халел және Жаһанша Досмұхамедовтермен бірге Алашорданың батыс бөлімін құру ісіне атсалысады. 1918 жылдың 18-21 мамыр аралығында Жымпиты қаласындағы Орал өңірі қазақтарының ІҮ облыстық съезінде Ойыл уалаятының уақытша үкіметін құру туралы шешімге Комуч, Алашорда үкіметтері тарапынан қарсылықтың болуына орай, 1918 жылы қыркүйекте Уфа директориясын құру туралы мәжіліске қатысқан Алаш автономиясының делегаттары осы айдың 11-інде Алашорданың батыс бөлімшесін құру туралы шешім қабылдайды. Алашорданың батыс бөлімшесінің төрағасы болып Ж.Досмұхамедов тағайындалады. Жалпы саясат мәселелері жөніндегі өз стратегиясы мен тактикасын анықтай келіп, ІҮ Орал облыстық қазақ съезі өзінің негізгі міндеті ретінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мен болашақтағы Ресей Федерациясындағы қазақ автономиясы үшін күрес идеясын алға тартқан болатын [3,175-176 бб.]. 1917 жылғы Уақытша үкіметтің комиссарлар туралы ережесіне сәйкес, орталығы Жымпитыда орналасқан облыстық комиссар қызметі бекітіліп, оған Жанқожа Мергенов тағайындалады. Омар Есенқұловқа осы Уфа мәжілісінің қаулысымен Уақытша үкімет берген құқықтар негізінде жергілікті земстволық басқару ісіне бақылау жасайтын Темір уездік комиссарының міндеті жүктеледі. Осыған орай облыстық комиссары Ж.Мергеновке бағына отырып, Темір уездік атқару комитетінің Халық шаруашылығы бөлімі деп аталған жергілікті земстволық басқару құрылымының жұмысына бақылау жасайды. Сондай-ақ 1919 жылдың жазындағы Ж.Досмұхамедовке әскери тактикалық жағынан да жәрдем көрсетеді [1, 170-б.].

1919 жылы қарашада Темір қаласын қызыл гвардияшылар алғаннан кейін кеңестер жағына өтіп, ауылды кеңестендіру, жергілікті басқару органдарын қайта құру ісіне атсалысады. Темір қаласында эпидемиялық дәрігер болып жұмыс жасап, 1920 жылы қаңтарда сүзекке қарсы күресетін Эпидемиялық отряд меңгерушісі болып тағайындалады. 1920 жылы маусым айында РК(б)П Қазақ облыстық бюросы төралқасының шешімімен жаңадан құрылған Орынбор-Торғай губерниясы атқару комитетіне мүшелікке тағайындалады. 1925 жылдан бастап Ақтөбе қаласында орналасқан орталық амбулаторияда дәрігер-терапевт болып жұмыс жасайды. 1929 жылы Ішкі Істер Халық Комиссариаты органдары тарапынан тұтқындалып, Воронежге жер аударырылып, 1930 жылы елге қайтып дәрігер болып жұмыс жасап жүргенде қайтыс болды, -деп жазылады энциклопедиялық анықтамалықта. [сонда, 171-б.]. Алайда мерзімді баспасөз беттерінде кейінгі шыққан мәліметтер мен мұрағат деректеріне қарағанда Омар Есенқұловтың 1970 жылдарға дейін өмір сүріп, дәрігерлік қызметпен айналысқаны айтылады.

Қазақстан журналистер одағының мүшесі, тарихшы Орынбасар Сәдуақасовтың жазуынша кеңестік билік О.Есенқұловты 1922-1924 жж., 1925-1935 жж. және 1937-1947 жылдары үш рет жауапқа тартады. Бастапқыда «Жекей-Назар» жаласына, кейін байдың, болыстың баласы ретінде айыпталса, одан соң «алашордашыл» деген айып тағады. 1947 жылы лагерден елге келген соң, Мәртөк ауданының Құрайлы елді-мекеніне қоныс аударып, 1963 жылға

дейін сонда дәрігерлік қызмет атқарады. 1956 жылы толық ақталып, 1963 жылы Ембі қаласына қоныс аударып, 1970 жылы 84 жасында дүние салады деп жазады.

Омар Есенқұловтың төңкерістен кейінгі өміріне зер салатын болсақ оның ұзақ жылдар бойына қуғын-сүргін көргенін байқауға болады. Билікке келген сәттен бастап большевиктер алаш қозғалысы өкілдерінен қауіптеніп, оларды қайткен күнде де қоғамдық-саяси өмірге араластырмауды көздеді. Революциялық комитеттің 1920 жылғы 5 наурыздағы қаулысында алаш өкілдерінің, оның ішінде Алаш Орданың батыс бөлімі қызметкерлерінің орал казактары және басқа буржуазиялық құрылысты жақтаушылармен одақтас болғандығын есепке ала келе, оларға кешірім жасалғанына қарамастан, олардың Қазақстанда болуы кеңестік құрылыс ісіне зиянын тигізуі мүмкін, сондықтан олардың басшыларын өзге өңірлерге жіберу қажет делінген болатын [4, С.64-65].

Дегенмен жергілікті көзі ашық, оқыған зиялы қауымның өлкенің мәдени-экономикалық дамуын көтеру үшін қажет екенін түсінген большевиктік басшылық, көп ұзамай-ақ «Алаш Орда үкіметінің бұрынғы мүшелерін кеңестік жұмысқа жіберу және олардың өткен іс-әрекеті үшін қуғындауды болдырмау туралы» қаулы шығарады. Бүкілодақтық атқару комитетінің 1920 жылдың 3 шілдесінде қабылданған қаулысында жергілікті халықтан шыққан зиялылардың өлкенің мәдени-экономикалық деңгейін көтеру үшін қажет екендігі, міне дәл осы мақсатқа оларды пайдаланып, оларға кешірім жарияланғаны айтыла келе, оларға алдағы уақытта бұрынғы әрекеттері үшін қуғындауды тоқтату туралы айтылады. Сондай-ақ Мәскеудегі алашорданың батыс бөлімінің жетекшілері Халел және Жаһанша Досмұхамедовтерге, И.Қашқынбаевқа, К.Жәленовке қазақ өлкесіне келіп, кеңестік қызметке кірісуге рұқсат беріледі. Бұл басқа да Алаш-Орда үкіметінің мүшелеріне қатысты болады [5, С.200]. Бұл кеңес өкіметінің бастапқы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени, саяси өмірдегі оңды өзгерістер арқылы қалың бұқараның сеніміне кіру, қолдауына ие болу мақсатында жасалынған шараларының бірі болатын. Мұндай шаралар өмірдің барлық салаларын қамтығанымен көпке ұзамады.

Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатының құжаттарынан кеңес өкіметі орнағаннан кейін-ақ өзге қоғамдық-саяси қозғалыстарға тыйым салып, олармен ымырасыз күрес жарияланғанын байқауға болады. 1922 жылы 5 ақпанда өткен Ақтөбе губерниялық комитеті 2-Губерниялық партия конференциясында 1918 жылы Алаш Орданың құрылуына байланысты қазақ бұқарасының ұлттық сана сезімінің оянғаны, партия ұйымдарының қатарында ескі көзқарастардың бар екендігі, ендігі міндет осы құбылыстармен күрес жүргізу қажет екендігі аталып өтіледі [6, 10-парақ].

Осыдан көп ұзамай-ақ жергілікті алаш өкілдермен күрес жүргізіліп, олардың ізіне түсу басталады. Бұл Омар Есенқұловты да айналып өтпеген болатын. Ақтөбе губерниялық атқару комитетіне жолданған Темір уездік атқару комитетінен жолданған 1922 жылдың 15 желтоқсанындағы мәлімдемеде төңкерістен кейінгі революциялық күрес жылдарында Темір уезінде «Алашорда» ұйымы басшылық жасаған контрреволюциялық қозғалыс ұясының болғандығы, оның антикеңестік рухтағы ізінің әлі де сақталғандығын айта

отырып, осындай зиянкестіктің басты таратушысы алашорданың бұрынғы комиссары, белсенді қатысушысы дәрігер Омар Есенқұлов деп көрсетеді [7, 9-парақ]. Одан әрі Омар Есенқұловтың бұл өңірдің қоғамдық-саяси өмірі үшін аса қауіпті адам екендігін, оны шешудің басты жолы оны бұл өңірден аластату екендігі туралы былай деп жазады: «Уақытша үкімет тұсындағы комиссар ретіндегі өзінің беделін пайдалана отырып, О.Есенқұлов руаралық тартысты шиеленістіріп, халық арасында алауыздық тудырды, жергілікті халықтың идеологиясымен жақсы таныс адам ретінде Темір уезіндегі халық арасындағы қарым-қатынасты шиелісті жағдайға жеткізді. Қалыптасып отырған ахуал орталықтың назар аударуын талап етеді, әйтпеген жағдайда ол шиеленісіп, халықтың бейбіт өмір ағымына кесірін тигізуі мүмкін. Халық арасында орын алуы мүмкін түсінбеушіліктің алдын алу мақсатында оны Темір уезінен, тіпті Ақтөбе губерниясынан толық аластату қажет» [сонда, 9-парақ].

Бұдан соң Омар Есенқұлов 20-жылдардың ортасында Темір уезіндегі руаралық талас-тартысты ұйымдастырушы, байшыл, топшыл деген желеумен айыпталады. 1926 жылы 9 желтоқсанда Темір уезі бойынша құрамында Омар Есенқұлов, Елтай Қаналин, Мұқаш Қалменов және тағы басқалар бар барлығы 17 адамға Қылмыстық Кодекстің 57-ші және 62-ші баптары бойынша уезде Омар Есенқұлов пен Нұраш Қалменовтер заңсыз алашшыл, байшыл топ ұйымдастырып, уездегі үстемдік үшін өзара күрес жүргізіп, кеңестік, партиялық аппаратты басып алуды, тап күресін өз мақсаттарына пайдалануды көздеді деп жалған айып тағады [8, 4-45 pp.].

Алайда осы жылдың 24 желтоқсанындағы губерниялық прокурордың қаулысымен аталған адамдар жасаған әрекеттері дәлелсіз баяндалған, қылмыстық істі 57-ші және 62-ші баптарда көрсетілгендей қылмыстық белгілерінің болмауына байланысты тоқтатылып, барлық қамаудағылар босатылады [сонда, 55-парақ].

Жергілікті алаш өкілдерінің соңына түсу, оларды қоғамдық-саяси өмірден аластату 30-жылдары да өз жалғасын табады. Партия қатарын тазалау шаралары барысында көптеген партия мүшелерінің бұрынғы Алашорда өкілдері болғандығы «әшкереленіп» дереу партия қатарынан шығарылып отырды. 1935 жылғы БК(б)П Ақтөбе облыстық комитеті Алаш Орданың 136 мүшесінің тізімін жасақтайды. Олардың арасында Алаш қозғалысына белсене араласқан Тел Жаманмұрынов, Сағындық Досжанов және тағы басқалармен бірге Омар Есенқұловтің де есімі аталады. Тізімде О.Есенқұлов Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде көрсетіледі [9, 1-5 pp.].

Қорытындылай келгенде жалпыұлттық алаш қозғалысы, оның ішінде батыс өңірдегі көрнекті қайраткерлердің бірі ғана емес бірегейі Омар Есенқұловтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі әлі де кеңірек зерттеп, зерделеуді қажет ететіндігін байқауға болады. Қайраткердің өмірінен сыр шертетін деректер, жазылған естеліктер мен мақалалар оның төңкеріске дейінгі, кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы және соғыстан кейінгі кезеңдегі өмірін кезең-кезеңге бөліп бірізділікпен толыққанды зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. -528 б.
- 2.Алаш-Орда: сборник документов. (Сост.Н.Мартыненко). –Алматы, Айқап, 1992. -192 с.
- 3 Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. –Алматы: Ататек, 1995. -256 б.
- 4 Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919-1920 гг.) Сборник документов. –Алматы: Ғылым, 1993. -277 с.
- 5 История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. Уральск. Т.1. 2012. С.459.
- 6 АОММ, 516-қор, 1-тізбе, 84-іс.
- 7 АОММ, 3-қор, 2-тізбе, 32-іс.
- 8 АОММ, 516-іс, 1-тізбе, 1243-іс.
- 9 АОММ. 13-қ., 8-т., 176-іс.

Бегимбаева Ж.С.,
к.и.н., ассоц. профессор,
Актюбинский региональный университет
имени К.Жубанова,
(г.Актобе)

НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ И ПРОТЕСТЫ В 1920-1930-Е ГОДЫ ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ В АКТЮБИНСКОМ РЕГИОНЕ

Восстановление объективной картины насильственных кампаний и политических репрессий, проводимых в 1920-1930-х годах в Актюбинской области должно опираться на строго научную экспертную работу по выявлению, сбору и анализу архивных материалов в отечественных архивах, которые ранее были недоступны. Для полного и системного изучения жертв политических репрессий, расстрелянных без суда и следствия в ходе подавления 372 народных восстаний и протестов, была проведена большая научно-исследовательская работа. В архивах Актюбинской области (Государственном архиве Актюбинской области, архиве Департамента Внутренних дел Актюбинской области, архиве Актюбинского областного суда, районных архивах Актюбинской области), в Архиве Президента Республики Казахстан (Алматы) были изучены архивные документы.

Изучение архивных материалов Актюбинской области о жертвах политических репрессий, в ходе подавления 372 народных восстаний и протестов проводится в Государственном архиве Актюбинской области.

Бесспорно, проблема изучения народных восстаний и протестов была исследована в казахстанской историографии и некоторые архивные материалы были уже изданы в научных сборниках документов [1]. Эта научная тема активно стала исследоваться после обретения суверенитета и принятия независимости Республики Казахстан. В Актюбинской области плодотворно работает региональная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий

в ходе подавления 372 народных восстаний и протестов, налажена системная работа по изучению архивных документов в Актюбинской области [2].

Огромное значение в историографии изучения данной проблемы имеют научные труды известного историка, профессора Таласа Омарбекова (1948-2021). Ученый исследовал тему народных восстаний в Казахстане в 1929-1931 годах [3]. Впервые профессор Талас Омарбеков проанализировал новые архивные документы республиканских архивов и архивные источники КНБ Республики Казахстан. Видный ученый назвал эти народные восстания «народными протестами против силовой коллективизации и лишения собственности» [3].

За 30-летний период независимого Казахстана эта научная тема стала весьма актуальной. В статье Мусагалиевой А.С. «О народных восстаниях и протестах в Казахстане (1929-1931 гг.)» рассматривается история народных восстаний и протестов в Казахстане в 20-30-е годы XX века [4, с.87-96]. Автор при изучении проблемы, большое внимание уделил на причины, характер и лозунги восстаний. Проанализированы в том числе, непосильные скотозаготовки для казахских трудящихся, отмечается характер восстаний как народных, массовых, главное подчеркивается многонациональность восставших. Исследователь Мусагалиева А.С. приводит в работе лозунги из архивных документов для объяснения причин восстаний. Автором большое внимание обращается на численность восстаний и количество участников как один из самых ключевых моментов при изучении этой темы [4, с.88]. Исследователь Мусагалиева А.С. использовала в статье большой объем архивных документов, многие источники были впервые введены в научный оборот.

Именно изучение архивных материалов вносит новизну в исследование данной проблемы. И архивы Актюбинской области необходимо изучить и выявить жертвы политических репрессий в ходе подавления 372 народных восстаний и протестов.

По материалам Государственного архива Актюбинского области были обнаружены документы, раскрывающие организацию вооруженной борьбы с группировками. На заседаниях Актюбинского окружкома ВКП (б) от 5 марта 1930 года в протоколе №4 обсуждалось политическое положение в Иргизе: «По агентурным сведениям, донесению Досова, Курманбаева из Иргиза на лицо реальные угрозы Иргизу и Карабуту со стороны банд в 500-600 человек во главе муллы Хазрета, Мухотая Саматова» [5, Л.11].

Было принято решение выслать в Карабутак вооруженный отряд под командованием товарища Мельникова, запросить помощь с Оренбурга о срочной высылке оружия [5, Л.8]. Актюбинскому округу была предоставлена поддержка транспортом (автомашины, горючее), а также помощь из Самары – Оренбурга людьми и оружием [5, Л.10]. Были даны указания Акмолинскому и Кустанайскому окружкому о целесообразности их активных действий в Иргизском направлении, в связи с возможным отходом банды в их округа [5, Л.10].

В результате научно-исследовательской работы в Государственном архиве Актыобинской области были изучены архивные документы:

- бая №13 аула Иргизского района Тулебаева Хайруллы [6, Л.2].
- бая №12 аула Иргизского района Куанышева Курлембая [7, Л.1].
- бая №7 аула Темирского района Актыобинского округа Асауова Ахметкали [8, Л.5].

В архиве Департамента Внутренних дел Актыобинской области были выявлены данные, относящиеся к жертвам политических репрессий, расстрелянных без суда и следствия в ходе подавления 372 народных восстаний и протестов. В архивных документах Государственного архива Актыобинской области, архива ДВД, архива Актыобинского областного суда были обнаружены сведения, указывающие на определенные группы народных восстаний и протестов: Жакейназаровская, Каракумская и другие, поднявшиеся против коллективизации в 1931-1933 годы. Они назывались по числу, роду или имени предводителя, названию территории, где проходили выступления [9, с.14-15]. В архивных документах обнаружены сведения, подтверждающие еще одну форму протеста – откочевки казахского народа.

В результате научно-исследовательской работы в архивах Актыобинской области члены комиссии пришли к заключению, что восстания и протесты имели место во всех районах Актыобинской области. В результате жертвами политических репрессий, стали жители всех районов Актыобинской области: по Джурунскому району, по Табынскому району, по Ново-Российскому району, по Темирскому району, по Хобдинскому району, по Аральскому району, по Челкарскому району и по Степному району Актыобинской области [9, с.16].

Виды, формы, системность (последовательность, одновременность) и механизмы политических репрессий: жертвы политических репрессий приговаривались к ИТЛ на 10 лет, 5 лет; жертвы политических репрессий приговаривались в ИСПРАВДТРУД лагерь как правило на 10 лет; личное имущество было конфисковано; в 1937г. мерой наказания был – расстрел.

Научно-исследовательская работа по изучению архивных документов в Актыобинской области проводится и в образовательном процессе.

Республиканская комиссия будет принимать решение о реабилитации, перед членами региональной комиссии стоит задача провести инвентаризацию архивных документов, каждого дела. В рамках программы полной реабилитации жертв политических репрессий ученые, эксперты, общественные деятели начали проводить исследования в архивах и работать с ранее закрытыми архивными фондами. Необходимо также проведение полного рассекречивания всех закрытых фондов, по введению в научный оборот документов, содержащихся в них. Создание оцифрованной, полной, Единой базы жертв политических репрессий в Казахстане является велением современной истории Казахстана.

Необходима выработка рекомендаций для завершения полной реабилитации жертв политических репрессий в Казахстане. Планируется разработка законопроектов «О полной реабилитации жертв политических

репрессий», «О внесении изменений и дополнений в ряд действующих законов» [10].

Список использованной литературы:

1. Политические репрессии в Казахстане в 1937 - 1938гг. Сборник докум. / Отв. редактор Л.Д.Дегитаева. - Алматы: Қазақстан, 1998. -336с.
2. Электронный ресурс <https://www.zakon.kz/5025076-tokaev-poruchil-sozdat-komissiyu-po.html>. Дата обращения 20.03.2023г.
3. Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. Алматы: Санат, 1994. -272б.; Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. -320б.
4. Мусагалиева А.С. О народных восстаниях и протестах в Казахстане (1929-1931 гг.) // Отан тарихы № 3 (99), 2022. С.87-96
5. Государственный архив Актюбинской области Ф.9, Оп.1, Д.447
6. Государственный архив Актюбинской области Ф.191, Оп.3, Д.25
7. Государственный архив Актюбинской области Ф.191, Оп.3, Д.11
8. Государственный архив Актюбинской области Ф.707, Оп.2, Д.27
9. Бегимбаева Ж.С. О жертвах политических репрессий в ходе подавления народных восстаний и протестов по архивным материалам Актюбинской области // Ақтөбе өңіріндегі кеңестік құғын-сүргін зобалаңы. – Ақтөбе: "Хабар-Сервис" ЖШС», 2021. – 200бет.
10. Ахметова Л. Репрессии XX века в Казахстане // <https://mysl.kazgazeta.kz/news/15602> Дата обращения 26.03.2023г.

Коблан Е.К.,
Ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты
Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер
университетінің аға оқытушысы
АБ АҚ «Қазақстан аграрлық сараптамасы»
мекемесінің БҚО сынақ орталығының басшысы

ҚҰРБАН БОЛҒАН БАЙБАҚТЫ ДАУЫМШАР БАТЫРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша тізіміне менім аталарым Бекман Иманұлы және Қоблан Бекманұлы болу қажет. Бекман атамыз менім атамның әкесі болып келеді, ол кісі Иман Есейұлы Дауымшар атамыздың ұлы. Иман Есейұлы Дауымшар атамыз және інісі Бірәлі атамыз кезінде Қазақ Елінің батыс аймақтарындағы хандары Бөкей хан және оның ұлы Жәңгір хандардың серіктестері болған (1 кесте). Аталарым Дауымшар батырдың ұлы Кенжесінен – Есей – Иман – Бекман – Қоблан, жалғаса әкем Қапсыиқ тараған [1, 143-б.].

Иман атамыз дала сахарасы аристократтарының қатарына жатқан. Шекаралас Ресей губернаторларымен жер дауын шешіп отырған. Негізі, Бөкей хандығында Байбақты руының Дауымшар тайпасына Ішкі орданың старшинасы болып басшылық жасаған (2-кесте). Ықпалды, өте ауқатты адам болған, 19 ғасырдың I жартысында өмір сүрген [2,670,671-б.]. Жәңгір хан қаза болғанда Орынбор губернаторы В. Обручевке төрелер, билер, старшиндер есеп беру хатына қолын-тамгасын дәлелдеп қойған.Туған інісі Бірәлі Есейұлы Жәңгір ханның кеңесшісі болған, бір қызына үйленген.

1-кесте. Жәңгір ханның саясаты

Басқару жүйесінде:

1. Сұлтандардан тұратын «Хан депутаттары» органы олардың хан саясатын жүзеге асыру жөніндегі өкілі болды.
2. 1827 жылы Орда әкімшілігінің құрамдас бөлігі – 12 биден тұратын «Хан кеңесі» құрылды.
3. «12 старшиналардың кеңесі» хан өкімдерінің орындалуын бақылап, кеден салығын жинады.

№ 604

1845 г., августа 15. – Донесение султанов, биев и старшин Внутренней орды
оренбургскому военному губернатору В. А. Обручеву о смерти хана Джангера.

р. Торгу

Глубокое несчастье постигло Орду нашу, 11-го числа августа скончался, после шестидневной горячки, отец, начальник наш, хан Джангер.

Все в Орде, к кому только дошло известие об этом, горько оплакивают его кончину, но, оплакивая, остаются спокойно при своих обязанностях и занятиях, зная от покойного хана, что милостью государя императора преемником ханского достоинства назначен старший сын Джангера, любимый всею Ордою – Сагит-Гирей, твердо уповая, что мудростью и попечениями правительства и вашим управлением Ордою устроится к ее благополучию.

Покойный хан Джангер, в случаях отсутствия своего из Орды, поручал обыкновенно управление его старшему из находящихся при нем братьев, ныне, чтобы не остановить течения дел, чтобы не подать повода к безначалию и беспорядкам, мы, находящиеся налицо в Ставке султаны, бии и старшины, просили также старшего из находящихся всегда при покойнике братьев его, султана Адия, сына Букей-хана, впредь до получения приказаний начальства, заниматься исполнением текущих дел и вообще управлять Ордою так, как он и прежде делал в отсутствие хана Джангера.

Обязанностью почитаем вместе с султаном Адилем почтеннейше донести о всем этом вашему высокопревосходительству. Молим, по нашему обычаю, за великого государя императора, за правительство и за вас бога и ожидаем вместе с Ордою ваших приказаний.

Для почтеннейшего представления вашему высокопревосходительству сего донесения нашего и выслушания вашего приказания, избрали мы из среды себя султана Менглигирея Букейханова и биев Чумбала Ниязова и Алтая Досмухамедова, при предводительстве султана Чуки Нуралиханова, как старшего всех нас.

Чука-султан, сын Нурали-хана, дядя хана Джангера, родоправитель рода байбакты печать приложил¹.

Адиль-султан, сын Букей-хана, старший брат хана Джангера, родоправитель родов адай, маскар, тазлар и исентемир печать приложил¹.

Менглигирей-султан, сын Букей-хана, младший брат хана Джангера, родоправитель рода черкеш печать приложил¹.

Султан Бажак Касымов печать приложил¹.

Султан Султан-Гирей Хансултанов по-татарски подписался.

سلطانکیرای خان سلطان اوعلی²

¹ Приложена чернильная печать.

² Султан Хан Султануҗлы.

Султан Давлет-Гирей Букейханов по-татарски подписался.
 سلطان دولت کرای بقای او علی
 Султан Умбет-Гали Тюменов по-татарски подписался.
 سلطان اومبتعلی تنم سلطان او علی
 Тархан Самбай Худжибеков по-татарски подписался.
 طارخان ص یساتبای او علی قولتم قویدتم
 Тархан Кинжибет Сатыков тамгу рода своего приложил⁴.
 Бий Чумбал Ниязов, управляющий ногаевским родом, печать приложил⁵.
 Бий Алтай Досмухамедов печать приложил⁵.
 Бий Джюзбай Бутаганов тамгу приложил⁴.
 Бий Худайберген Кинжибаев тамгу приложил⁴.
 Старшина хорунжий Бармак Муратов печать приложил⁵.
 Старшина Джунус Джантелин печать приложил⁵.
 Старшина Джумали Юсупов печать приложил⁵.
 Старшина Саламат Исекенев печать приложил⁵.
 Старшина Иман Исеев тамгу приложил⁴.
 Старшина Али-Мирза Дюсенов печать приложил⁵.
 Старшина Буздак Асмамбетов печать приложил⁵.
 Старшина Айтуган Айбашев тамгу приложил⁴.
 Старшина Джалтыр Бараков тамгу свою приложил⁴.
 Старшина Чурмамбет Акмурзин тамгу приложил⁴.
 Старшина Исмамбет Кульбеков тамгу приложил⁴.
 Старшина Беис Киясов печать приложил⁵.
 Старшина Байтемир Кадыров печать приложил⁵.
 Старшина Джаны-Ногай Трукмамбаев тамгу приложил⁴.

ЦГА РК. Ф. И-4. Оп. 1. Д. 2350. Л. 26–29. Подлинник.

№ 605

1845 г., августа 16. – Письмо переводчика, титулярного советника М. Б. Вухина председателю Оренбургской пограничной комиссии М. В. Ладьянскому [1] с предложением об утверждении султана Сахиб-Гирей в ханском звании.

Ставка, р. 2

Ваше превосходительство! Милостивый государь Михаил Васильевич! 11-го сего августа месяца я имел честь донести вашему превосходительству чине хана Внутренней киргизской орды Джангера Букеева. Почти внезапно его первоначально поразила умы всех киргизов горестью, тем более, что его не осталось никакого акта, а с погребением на другой день бранных ос как присутствовавшими при этой церемонии, так равно и прибывшими с

¹ Султан Даулетгерей Букейуглы.

² Султан Умбетгали Тыным Султануглы.

³ Тархан Исетбайуглы колым койдым. – Так в документе.

⁴ Приложена тамга.

⁵ Приложена чернильная печать.

2-кестенің жалғасы

Байбакты — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Байұлынан таратылады. Байжиен, Батақ аталарына бөлінеді. Ертеде Еділ мен Жайық өзендері аралығын қоныстанған. Сондай-ақ, Ресейдің кейбір облыстарында да ұшырасады. Байбакты руынан атақты Жауғашты, Мөлке,

Күшпен, Дәуымшар, Жомарт, Шолан, Сырым, т.б. билер мен батырлар шыққан. Ұраны — Дәуқара, таңбасы — бақан.

Негізі бабамыз Дауымшар батырдың бас қонысы Батыс Қазақстан аймағындағы Шынғырлау жерінде Қыземшек таудың төңірегінде жайланған. Ресей империясының қазақ жеріне қысымдылығы басталған соң Бөкей ханмен ұлдары-аталарымыз Қамыс-Самар жеріне ауысып орналасқан. Дауымшар батыр Елің, жерін қорғап қалмақ-ойраттармен жие соғысқан, содан көп жараланып қаза тапқан.

Немересі атамыз Есей Кенжеұлының қыстауы Қамыс-Самар, жайлауы Еламан, Саралжын жағы болыпты. Жайлауға шығып бара жатырғанда 5 күн сырқаттаныпты. Екі жаққа былай-былай өткенде көш ауылды, малдарымды көріп жатайын, осы ауырып қалған жеріме қойындар деген екен, бірақ оған құлақ аспай жайлауға жерлейміз деп Қамыс-Самар қарай асыпты. Күн бұзылып қайта-қайта Ақтау деген жерден кері қайтып отырыпты. Үш рет сол айтқан жерге келіпті. Содан сол жерге қойған дейді. Қасында Есей деген атымен көл бар. Қазырғы уақытта Жуалыой ауылынан 10 шақырым жерде бейті құлпы тасымен орналасқан, Жаңақала ауданы Жуалыой ауылдың тұрғыны Қаныш Садыр ініміздің ақпараты бойынша сол ауыл-аймақтың тарихын білетін болған ақсақалы Қадырқұл Мусин деректеріне сүйеніп.

Дауымшардың шөбересі Иман атамыз Көктерек жағында Саралжын ауылының шетінде өзі қаздырып бұлақ суын шығарып салдырған Иман бөгеті қасында жерленген. Бейіті бүгінгі күнге дейін тұр, бірақ толық сақталмаған. Мазарының тасы жылқының сүті мен қылынан құйылған, биіктігі 3 метр болған, ұзындығы мен ені бірдей 5,5 метрге жайласқан.

Інісі Бірәлі атам туралы тарихшы Кенжалиев И.Н. «Мақамбет» кітабында жазған «Байбақты руының 500 нар, 1200 жылқы айдаған, жазда шанаға 2 нар жегетін тентек бойы Бірәлі Есейұлыда ханға келіп, өзі Бөкейден алған жерін қайта бекітуді сұрайды. Хан мыңқылдап, жөнін айтпапты. Бірәлі түрегеліп дорбаны хан басына төңкеріп: саған керегі ақшама, мә, - деп күмісті төбесінен құя беріпті. Хан ыржындап күле берген. Сондағы “Бірәлі бөгеті”, “Есей Саралжыны” деген әлі бар» [3]. Негізі Бірәлі атам ханға жақын дос болған, бір қызына үйленген. Жәнгір хан шақыруымен ат шабыс, күресу жарыстарға қатысып бірінші орын алып жүрген. Хан Саралжынға Дауымшар қонысына ескертпей келіп Бірәлі атамды сұрағанда, ол кісі тақсыр демалып жатыр дегенде мазаламаңыз тұрғасын келсің деген. Жәнгір хан үнемі аталарымызға сыйлық, құрмет көрсетіп жүрген.

Сол Бірәлі атамның Айғанша деген қызы болған. Оралдың Жалпақтал аймағында, “Айғанша” деген жер бар, бұл атам Бірәлінің бір тұрағы. Айтушылар Айғанша апамыз жасынан пысық, өнерпаз, қуатты болып, жылқы баққан, дойыр, сойыл жақсы меңгеріпті [3].

Әбіш Кекілбайұлының «Шандоз» кітапында мынадай деректер жазылған «1836 жылы ереуілшілер Нарында жайлауда жүргенде Махамбет Дауымшар Есейұлы Бірәлінің қызына Айғаншаға үйленді деген сөз бар, сол қызынан Махмұд дүниеге келген» [4]. Мақамбет пен Айғанша 1825-1829 ж.ж. арасында

табысқан болар деп жазылған аталған кітаптарда. Айтушылар Мақамбет батырдың қасіретті күні қасында болып жауларымен шайқасып қаза табады.

Бөкей хандығында ішкі орданың старшинасы болған Дауымшар Есейұлы Иманның ұлы Тәтіман, Бекман атамyzдың ағасы, сол дәуірдеге биліктен қысымшылық көріп қуғынға ұшыраған. Тәтіман 1881 жылы ұсталып Сібірге жер аударылған. Бұл туралы тиісті деректер Қазақ мемлекеттік архивінде сақтаулы. Дауымшарға жиен болатын Мұштанова Дариға апамыздың «Өз ғұмыр» күйші Құрманғазыға арналған кітабында себебі жазылған, мұнын бас шаталуы - Бірәлі көкесінің баласы Исаберген биліктің бишігін ұстаған ол Тәтіманға бір жылда дүние-мал байлығына екі рет салық салады [5, 233-239 б]. Содан әділдікті іздеп әуелі Бірәлі көкесін ортаға салады, сөйлестіріп қояр деп қарап күтеді, жоқ қоятын түрі жоқ.

Негізі осы тұста айта керек «Өз ғұмыр» кітабында жазылған: «Бір әке, бір шешеден тусада ағайынды Иман мен Бірәлі екеуінің мінезі екі бөлек. Мал мен басы Бірәліден бір де кем болмағанмен, Иманның бөтен мінезі жоқ. Иманынан жаңылмайды ол. Тобасы мен иманы аузында. Жалғыз осал жері-Бірәлі. Шаң жуытпайды оған. Басқалары басқашалау, паңқылау қылықтары болғанмен, ағасына келгенде Бірәлі де бөлек тұрады. Ағайынды екі байдың бір-біріне деген қимас татулықтары кәдімгідей аңыз бұл елге. Қызыкса да соларды айтуда, қызғанса да соларды айтады. Сол Иманнан туған Тәтіман әке байлығына мастанудан аман, иманшыл, аршыл жігіттердің бірі болып өскен. Төніректің бәріне сол қалпымен танылып, тәп-тәуір өмір сүріп жатқан адам еді ғой өз жайына».

Сосын биліктің бір өкілі би Мұнасіп баласы Болатқа шағым жасайды, ол дұрыс сөйлеспейді. Қамыс-Самардың аймағының билеушілеріне Көшекқали Шығажеке, Ғұбайдолла Есенбаевқа арыз айта барып жолығады, бірақ нәтиже болмайды. Әділ шешім табылмағасын Тәтіман атамyz «Қайдан шықса оннан шықсын, біреудің малына ауыз салғанды көрсетейін мен сендерге» деп атамyz, Ғұбайдолланың жетпіс бас жылқысын қуып әкетіп, Жайықтың ар жағынан бір шығарады. Бұл әрекетінің бір қызығы, өзі жүрмейді барымтаға. Қалын жылқының сыртынан айғыр апарып тастап кетеді. Өз аяқтарымен келіп, сіне бастаған жылқыны жайлап-жайлап асыра береді сосын керек жағына қарай. Бұған «Қазаққа барымтаны қойғызам» деп, қатал тәртіп орнатпақ болып күресіп жүрген Шәріп правитель шамданады енді. Дереу қуғын жіберіп ұстатып, шыбыртқылатып сабатып, мың шақырым жерге жаяу айдатады. Иманның баласын арылмас дауға киліктірген Исабергенді боқтап Бірәлі атамyz құтқаруға жолға шығады. Түрменің бастығына, әлде одан жоғарғысының ба, «Тәтіманның байлауын шеш Құдай» деп ақшаларын беріп босатып шығарады. Сол жолы құтылғанмен Тәтіманның дауы ұзаққа жиырма жылға созылған. Апыр топыр мезгілде Тәтіман мен Құрманғазы дос болып, қатты сыйласқан. Шәріп правитель бір неше Тәтіманның артынан түсіп қамауға алып жүргенде Құрманғазыда қамалады. Тіпті атқа мінігін жасқа келген балдарын, ағайындыларын соның ішінде Бекман атамyzда түрмеге жабылады [5, 233-239 б]. Сол қапылыстардың бірінде Елеуісов, Бөпеев дегендер Тәтіманның Сүндетқали деген баласын

шайқаста өлтірген. Соның азасына кек алу үшін 130 ірі қараны айдап кеткен Тәтіманды ұры атандырған. Тәтіман атамыз Сібірге айдалып сол жақтан келмеген. Атақты күйші Құрманғазы Сағырбайұлының жоқтау өлеңі: Тәтіман қайсар еді, ау көптен озған.

Ер еді Байтерекке колын созған.
Алысып күштілермен өле өлгенше.
Өзінің мақсатынан таймай тұрған.
Залымдар сөйткен ерді тайдырғанда,
Көп халық оны жақтап тілек қылған.
Баласын Тәтіманның өлтірген соң,
Кайсар ер Алақайға әлек салған.
Хан-төре байлармен жұбай еді
Тәтіман қарсы болып соларменен
Сібірге айдалуы солай еді.

Бекман атам Совет Үкіметіненде біршама қысымдық көрген. Ұлы Қоблан атам әке-аталарының кәсібің жалғастырған. Жайылысы, ауылдары Батыс аумағында белгілі купец Овчинников пен шеқаралас болған. Бір аурайы қолайсыз жағдайда атам Қоблан бар малынан айырылып қалған екен сонда әкесі Бекман шекесінен бір ұрып жіберіп қолына бес бармаққа сиятіндай алтын ұстатып қайтадан бір неше қора малынды толтыр деген екен. Ол әңгімелерді атам Қоблан қыздары-апаларым Сұлқия, Қапиза және Күнсұлу айтатынеді, інілері Қапсыиқ әкем үйне келіп біршама күндер қонып кеткенде. Апаларым 12-13 жаста тұрмысқа шықтық дейді. Әкеміз біздерге қара тон киім кигізіп қыстақтарына 2 ай аралығынды барып келеміз дейді апаларым, тағамдар апарып қал жағдайларын біліп, сонда атам малшыларына ет бітіп қалса мына жылқы басқа малдарын көрсетіп шығынға келтіріңіз деп айтып кетеді екен. Үнемі ауылының тұрғындарына қамқорлық көрсетіп жүрген! Шерхан Мұртаза ағамыз Ахмет Байтұрсын:

- Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Қиын ауыр осылардың бәрінен,
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны,- деп еді- ау сөздерін келтіреді.

Ағамыздың 1937 жылы әкесін тұрған ауылдағы шолақ белсенділері нақақтан жала жауып, ұстатып жіберді де жоқ қылды ғой. Обалы кімге? Қорлықты көп көрдік қой дейді Шерхан ағамыз солай жазып. Сол тағдыр әкемізде Қапсыиқ анасымен әжеміз Қамида мен көреді. Қамида әжем Қоблан атамның екінші ошағы болады. Әкемнің аналары бөлек екі ағасы болған Айшуақ және Ақмырза. Атамның немере ағайын інісі, ауылдың шолақ белсендісі Тоқыш Қиланбекұлы атама арыз түсіріп аталары Бөкей хан, Жәнгір хан серіктестері болған, соларға қызмет жасаған, байдың баласы деп содан өзі қызылдарды үйіне алып келіп көрсетіп ұстап береді. Содан Қоблан атам Орал қаласында жұртшылық айтатын «Қырық тұрба» түрмесіне қамалып лагерде қаза табады. Сол кезде әкем Қапсыиқ анасы Қамида әжем екеуі ауылдан қашып Еділ өзені жағасында Астарқан қаласы төңірегінде қызылдарының қуғынынан жасырынып

өмір сұрып біршама қиындықтар көреді, әкем солай әңгімелейді. Тек большевик-қызылдардың репрессия әрекеттері басылған соң Ресей шекарасынан 8 шақырым орналасқан Қоблан атамның және купец Овчинников ауылдары тұрғындарынан 1932 жылы құрылған совхоз «Н. Крупская» атындағы ауылға тұрақтаған. Атамның үлкен ұлы Айшуақта паналап келген. Айшуақ атам сол совхозда басшылық жұмыс-қызметтер істеген. Әжем айтатын көрінеді Айшуақ келгесін ол қамқорлығын көрсетіп тұрмысымыз жақсара бастады дейді. Айшуақ атамыз 1939 жылы Қызыл Әскерге шақырылып Орынбор әскерлік училищесінде оқып лейтенант шыңның алып соғыстың басында Рига қаласында ерлікпен қаза табады.

Кезінде атам Қоблан Бекманұлын ешқандай күнасы жоқ деп репрессиядан ақтау мәселелерін көтеріп құзретті органға хат жаздым, келген жауап ҚР ҰҚК БҚО бойынша департаментінің хаты №27/2922 тамыздың 26-нан 2020 жылы - нәтижесі жоқ (3-кесте)! Жоқ болғанда өкінішке орай атам туралы мәлеметтер, құжаттар табылмады деп жауап келді. Мен ойлайым артынан Ішкі істер органында істеген атамды ұстап берген сол Тоқыш Қиланбекұлы жойып жібермесе. Бір қызығы амам Сапура Ғизатқызы 1963 жылы сол Тоқыш Қиланбекұлы аталарымыздың Дауымшар ордасы Саралжында тұрған бауырлас Менеш апамызды бірге ертіп кешірім сұрауға келген екен. Әжем қарсыламай үйге кіргізбеген «Әкенді осы кісі ұстап берген қызылдарға» деп әкемізге сөйлеген, әңгімесің тыңдайық дегенде. Бірақ бір жылдан киін 1964 жылы әкеміз өмірден озған соң Тоқыш деген кісі Менеш апа екеу тағыда келген. Анамыз айтады әкең екеуі үйге кіріп бір сағаттан киін шықты дейді, әкеміз қой сойып қонақ етті дейді. Араларында қандай әңгіме болғаның әкеміз айтпаған.

3-кесте. Ақтау мәселелерін көтеріп құзретті органға жызылған хат

**Руководителю
Департамента КНБ РК
по Западно-Казахстанской области**

Согласно ЗРК "О реабилитации жертв массовых политических репрессий" от 1993 года и в соответствии с поручением Президента страны Касым-Жомарта Токаева о создании Государственной комиссий по реабилитации жертв политических репрессий, прошу Вас в архивах организации КНБ РК по ЗКО или МВД РК по ЗКО найти и предоставит документы (в т. ч. фотоматериалы) по аресту и реабилитации - если такое имеется, **Бекманова Коблан Бекмановича**.

В 1927-1928 годы после конфискации имущества и земель был задержан, возможно органами НКВД, зачинщиком задержания в то время (или по доносу, или участвовал) является заместитель районного исполнительного комитета Киланбеков Тоқыш. После ареста 1927-1928 годы мой дед находился и погиб в тюрьме «Қырық тұрба» г. Уральска или в лагере вблизи города, обстоятельства гибели деда нам неизвестны.

Мой дед **Бекманов Қоблан Бекманұлы**, в то время жил на территорий Фурмановского района, с/з Көктерек, село Киров (так называлось во времена Советского Союза, раньше называли 9 ауыл), где раньше до революции

распологались земли его отца Бекмана Иманұлы и деда Имана Есейұлы, деда Бралы Есейұлы из рода Байбақты сподвижников-советников Бокей хана и Жангир хана. Что стало основной причиной ареста моего деда **Бекманова Қоблан Бекманұлы**.

В середине 1990 годов, я обращался по данному вопросу в КНБ по ЗКО, но вразумительного ответа не получил.

Надеюсь, что Вы и Ваши сотрудники плодотворно займутся и выполните мою просьбу. Заранее благодарен за Вашу работу и помощь.

Мой адрес: г. Уральск, ул. Букетная 20, индекс 090014.

Электронный адрес: koblan.00@mail.ru

Тел. 87015542487, 87057903972.

С уважением к Вам Коблан Ержигит Капсынкұлы

Житель г. Уральска, госслужащий: Руководитель отдела

государственной зерновой инспекции ЗКО ТИ КГИ АПК МСХ РК

12.08.2020 года

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Ә.Ә. Карасаев. «Байбақты руы Дауымшар тайпасы ұрпақтарының ата-баба шежіресі». «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» РМК [1, 143-б.]

2 «История Букеевского ханства 1801-1852 г.г.», [2,670,671-б.].

3 Кенжалиев И.Н. «Мақамбет». 2003 ж.

4 Әбіш Кекілбайұлы. «Шандоз». Шандоз [Мәтін] : деректі-тарихи баян / Ә. Кекілбайұлы,; Батыс Қазақстан облысы Әкімшілігі мен "Арыс" қоры - Алматы : Арыс, 2004 .

5 Д. Мұштанова. «Өз ғұмыр» - Орал : "Шұғыла Принт", 2019. - 256 б.

Назымов Ш.Н.,

педагогика ғылымдарының кандидаты

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің профессоры,

«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері

Сағдиева К.Қ.,

Х. Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің

оқытушысы, тарих магистрі

КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ АУЫР ТҮРМЫСЫ АТЫРАУ ӨңІРІ МЫСАЛЫНДА

XX-ғасырдың 30-жылдарының бас кезінде тек ғана мал бағумен күнелтіп отырған Атырау өлкесіндегі көшпелі және жартылай көшпелі халықты совет үкіметінің күштеп отырықшылыққа көшіру саясаты сол кездегі жұртшылыққа аса қатты соққы болды. Бұл ежелден қалыптасқан шаруашылықты біржола

қиратты. 1920-1930 жылдары көшпелі шаруашылық көршілес Ресей және Орта Азия елдерімен экономикалық және сауда-саттық тұрғыдан біршама жақсы қарым-қатынаста болғандықтан өзінің табиғи шама-шарқын әлі де болса сарқа қойған жоқ еді. Сол кездегі индустриясы нашар дамыған, өндіргіш күштері әлсіз Қазақстан сияқты табиғи-географиялық ортада көшпелі мал шаруашылығы тиімді болатын. Өйткені жайылымды мал шаруашылығы қазақтың кең-байтақ даласындағы шөлді және шөлейт жерлерді тиімді әдіспен игеріп, соншама кеңістікті өзінің әлеуметтік болмысына қызмет еттіруге бейімдеп, табиғатпен сіңісіп кетудің бірден-бір тәсілі еді.

Қазақ халқының арасынан шыққан ұлт зиялылары мен прогрессивтік көзқараста болған кеңестік ғалымдардың көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықты радикалды түрде отырықшылыққа зорлап айналдыра отырып, іле шала ұжымдастыру шараларын жүргізудің түбінде үлкен қасіретке алып келетіні туралы дәлелдері мүлдем есепке алынбағаны былай тұрсын, олардың өздері кейін саяси қуғын-сүргіндерге ұшырады. Оның үстіне Қазақстанда ұжымдастыруды және отырықшылыққа көшіруді басқарып, байыппен іске асыра қоятын білікті мамандар да болған жоқ. Жергілікті басқару органдарында, ауыл-селоларда белсенділік көрсетіп, «шаш ал десе бас алатындардың» ешқандай сауаты жоқ не шала сауаттылар болатын. Колхозшылардың тұрмысы кеңестік жүйенің әсірелеп насихаттағанындай емес өте ауыр болды. Колхозшылар 1931 жылдан 1960 жылдарға дейін әртүрлі салықтардан көздерін ашқан жоқ.

Мал бағумен күнелтіп отырған көшпелі және жартылай көшпелі халықты күштеп отырықшылыққа көшіру саясаты қазақ ауылына аса қатты соққы болды. Бұл ежелден қалыптасқан шаруашылықты біржола қиратты. 1920-1930 жылдары көшпелі шаруашылық елдегі басқа аудандардың экономикасымен ауқымдаса отырып, табиғи шама-шарқын әлі де болса сарқа қойған жоқ еді. Сол кездегі индустриясы дамымаған, өндіргіш күштері әлсіз Қазақстан сияқты табиғи-географиялық ортада көшпелі мал шаруашылығы тиімді болатын. Өйткені жайылымды мал шаруашылығы қазақтың кең-байтақ даласындағы шөлді және шөлейт жерлерді тиімді әдіспен игеріп, соншама кеңістікті өзінің әлеуметтік болмысына қызмет еттіруге бейімдеп, табиғатпен сіңісіп кетудің бірден-бір тәсілі еді.

Бірақ осы дәлелдердің бәрі де ескерілмеді. Керісінше, бұған қарсы пікір айтқандардың бәрі де, егер жергілікті ұлт өкілдері болса -«буржуазиялық ұлтшылдар», ал орыс ғалымдары болса-«ғылымдағы ұлы державалық шовинистер» деп айыпталды. Мұндай айып тағылғандардың тағдыры қалай аяқталғаны белгілі.

Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа -ауыстыру мынадай сипат алды: 1930 жылы – 87 136 қожалық, 1931 жылы – 11 508, 1932 жылы – 77 674, ал 1933 жылы 242 208 қожалық отырықшылыққа көшті.

Қазақстанда ұжымдастыруды және отырықшылыққа көшіруді басқарып, байыппен іске асыра қоятын білікті мамандар да болған жоқ. Жергілікті басқару

органдарында, ауыл-селоларда белсенділік көрсетіп, «шаш ал десе бас алатындардың» ешқандай сауаты жоқ не шала сауаттылар болатын. Ұжымдастыру науқаны отырықшылыққа көшірумен қатар жүргізілді. Казкрайком бұл науқанды жүргізуге 8 мың жұмысшыны тартты. Бұларға қоса республикаға әйгілі 25 мыңшылардан 1204 адам жіберілді. Олар Мәскеу, Ленинград, Харьков және басқа өнеркәсіп орталықтарынан келген, жергілікті ұлт дәстүрінен, тарихынан, тілінен ешқандай хабары жоқ адамдар еді. Бұлар ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіруді тек халықты бір жерге жинап қоныстандыру, барлық мал-мүлкін ортаға салдыру деп түсінді.

«Революциялық қызумен» желігіп алған отырықшылыққа көшірушілер кейбір жерлерде жүздеген шаруа қожалығын күшпен бір жерге жинастырып, орыс деревнясы үлгісімен сахарада қаз-қатар тігілген киіз үйлерден түп-түзу көшелері бар «поселкелер» жасауға кірісті. Мұнын арты малшылардың шаруа кеңістігінен, жайылымынан қол үзуіне, малға қолайлы суаты мен жем-шөбінен айырылуына әкеліп соқты.

Казкрайкомның нұсқауы бойынша мал шаруашылығымен айналысатын аудандардағы ұжымдастыру қарқыны егіншілік аудандарымен біркелкі болуға тиіс еді. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы отырықшылыққа көшіру науқаны бұл жерлерде шаруаларды 100% ұжымдастырумен аяқталуға тиіс болды. Сондықтан мал өсіруші аудандар шұғыл түрде ауыл шаруашылығы артельдеріне біріктіріле бастады. Мысалы, Абыралы ауданында барлық шаруалардың 70%, Жымпиты ауданында – 80%, Жәнібек ауданында 95% бірден ұжымдастырылды. Республиканың басқа аудандарында да жағдай дәл осыған ұқсас болды[1]. Осы көрсетілген олқылықтар Атырау өңірінде де орын алды. Бұнда Нарын құмын мекендеген жұртшылықты Жайық өзені жағалауында орналасқан жерлерге күштеп көшірудің арты үлкен трагедияға ұласып, көп адам қалай бола солай асығыс салынған жертөлелердің астынан су шығып қаза болды.

Колхозшылардың тұрмысы кеңестік жүйенің әсірелеп насихаттағанындай емес өте ауыр болды. Колхозшылар 1931 жылдан 1960 жылдарға дейін әртүрлі салықтардан көздерін ашқан жоқ, олардың жеке бастарын айқындайтын төл құжаттары болмағандықтан, өздері тұрған жерлерінен өзге жерлерге қоныс аударуға, жұмыс орындарын ауыстыруына құқылары болған жоқ. Мақаланың өзектілігі колхозшылардың ауыр тұрмысын шынайы декректермен жеткізу болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы дайындаудың барысында XX ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік биліктің шамадан тыс қатыгез саясатының кесірінен қазақ жұртшылығына байланысты отырықшылық пен күштеп ұжымдастыру саясатының қасіреті туралы отандық тарихшылар Т. Омарбековтың «20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы.— Алматы: Санат, 1997.-320 бет», Т. Алланиязов пен А. Таукеновтің «Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930–1931 гг.» -Алматы: фонд «XXI век», 2000. 166 с., М. Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты». Алматы: «Қазақ университеті», 1992. 272 б., Ж.Абылхожин мен М.Қозыбаевтың, М.Тәтімовтың «Казахстанская трагедия»

//Вопросы истории.-1989. №7. с.53–71., Т.Алланиязовтың «О некоторых вопросах методологии и историографии: коллективизация в Казахстане» // Мысль,2002. №5 с.72-79. зерттеулері мен олардың әдістері басшылыққа алынды.

Мақсаты мен міндеттері: Қазақстан тарихының қайғылы беттерін құрайтын XX- ғасырдың 30-жылдары көшпенді жұртшылықты ата кәсібінен айырып, отырықшылыққа көшіру және оларды малынан айырып, колхоздарға біріктірудің қасіретін зерттеу болып табылады;

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттер қойылады:

- Отандық және шетелдік жазба деректерге анализ жасау;
- Архивтік материалдар мен жазба деректерді, көнекөз қарт адамдардың естеліктерін пайдалана отырып, тақырып бойынша жаңа қортындыларға қол жеткізу;

Мақаланың зерттеу тақырыбы бойынша профессор Ш.Нағимов пен профессор Б.Жұмағұловтың 2022 жылы Астана қаласындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметін үйлестіру Кеңсесінің органы «Ұлттық Жады» республикалық журналының № 2 номерінде баспасынан «Қазақстанның батыс өлкесіндегі Адай көтерілісінің белгісіз беттері» атты мақаласы жарық көріп, онда Адай көтерілісіне басты себептерінің арасынан қазақ жұртшылығын зорлап отырықшылыққа көшіру мен ұжымдастыру шаралары атап көрсетілді.1921 және 1930 жылдарғы ашаршылыққа байланысы Ш.Нағимовтың ашаршылық кезінде Атыраулықтаға мал өнімдерімен көмектеске байлар жөнінде «Халқына қамқор болған байлар» атты мақаласы «Қызылқоға «аудандық газетінде жарық көрсе,профессор Б. Жұмағыловтың « Сұрқия саясат сойқаны» атты монографиясы 2022 баспадан шығып, онда Адай көтерілісінің бұрын белгісіз болып келген себептері жарияланды. Батыс өлке жұртшылығының XX ғасырдың 30-50 жылдарында саяси қуғын-сүргіндерге ұшырауы, ірі байларды тәркілеу, азаматтарды сайлау құқынан айыру мәселері бойынша профессор Ш. Нағимовтың 2021 жылы Қарағанды қаласындағы «Medet Group» ЖШС баспасынан «Азалы ақ кітап», «Атырау өңірі XX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітаптары жарық көрді. 2021 жылдың 9 қыркүйегінде «Егемен Қазақстан» газетінде «Бұрынғы тарих - болашаққа ескерту» атты мақаласы жарияланды.

Мақаланы дайындау үшін жастары 85-тен 97-ге дейін келген 20-ның үстінде Атыраулық азаматтардың естеліктері жазылып алынып, қажетке жаратылды.

Негізгі бөлім. 1928 жылы Гурьев округінде де ірі байлар мен одан кейін іле-шала орташалардың малдарын кәмпескелегеннен кейін аудандарда әртүрлі ұжымдық шаруашылықтар шұғыл түрде көп жағдайларда күштеп құрыла бастады. Осы ұжымдық шаруашылықтар туралы мәліметтер 2008 жылы Алматы қаласындағы «Асем- систем» баспасынан жарық көрген «Атырау» (Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалықтан» алынып, оқушы назарына ұсынылып отыр. Бұл анықтамалық Атырау Облыстық Мемлекеттік Архивінің №№ 57,20, 855, 194- қорларының негізінде жасақталған[1].

Жылыой ауданында ең алғашқы «Қызыл Ту» ауыл шаруашылығы артелі Жаршық ауылдық Советінде 1929 жылы құрылды. 1940 жылға дейін ауданда «Алға», «Аралтөбе», «Ақкиізтоғай», «Қара су», «Ақ тайлақ», «Қызыл тал», «Жаршық», «Жарлы қамыс», «Қоңыр көл», «Жаңа тұрмыс», «Бірлік», «Қызыл жем» т.с.с. - барлығы 40 шаруашылық жұмыс істеген[2, 78б.].

Индер ауданы Гурьев округінің құрамында 1928 жылы 17 қаңтарда құрылғаннан кейін аз уақыттың ішінде 23 ұсақ ауыл шаруашылығы кооперативтері ұйымдастырылған. Олардың ішінде «Кедей шаруа», «Жаңа құрылыс», «Красный Октябрь», Красин атындағы, С.Разин атындағы кооперативтер, «Бірлік күш», «Жаңа жол», «Тұңғыш бірлік» және т.б. болды[3, 80б.]. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қазақ кедейлерін Жайық өзені бойында орналасқан казак- орыстардың хуторлары мен станицаларына жақындатып, оларды күштеп отырықшыландыру шараларымен қатар жүргізілгендіктен, бұндай жұмыстардың арты үлкен трагедияларға алып келді. Осы жолдардың авторының анасы 1906 жылы туған Едресова Мәзкураның айтуы бойынша Мәмбет құмын мекендеген Қаратоқай руының өкілдерін «енді сендер Жайықтың жағасынан егін, көкөніс, бақша өсіресіңдер»- деп, 90 км жердегі Мәмбет құмынан 30-жылдардың басында Зеленый селосына зорлап көшірген. Селода бұларға тұратын үйлер болмағандықтан Жайық өзеніне жақын орналасқан сайларға апарып жер қыстау қаздырып, бұларды сонда паналатқан. Нәтижесінде, күздің қара суығы мен қыс айларында бұрын су болған сайларға қазып салған жер қыстауларының едендерінен су шығып кетіп, көп адам ауруға шалдығып, балалары мен үлкен кісілері қайтыс болыпты. Содан кейін бұл байғұстарды қайтадан өздері бұрын тұрған Мәмбет құмына көшіріп, өздерінің ата кәсібі болып табылатын малға қосыпты. Сол құтты мекенде 1945 жылы мен дүние есігін аттаған едім. Совет үкіметінің бұл шаралары командалық, әкімшілік әдістермен жүргізіле отырып, толып жатқан өзгертулер мен қайта құруларды халықтың басынан кешуіне тура келді. 40-50 жылдары ауданың ұсақ ауыл шаруашылығы ұжымдары ірілендіріліп, үлкен колхоздарға айналдырылды. Нәтижесінде, аудан аумағында «Социализм», «Коминтерн», Сталин, Жданов, Киров, Жамбыл атындағы колхоздар, «Путь к социализму», «Мәдениет», «Красный Октябрь», «Правда», «Передовик» колхоздары жұмыс істеді[4, 81 б.].

Исатай ауданы бұрын Гурьев округінің құрамында 1928 жылы 17 қаңтарда құрылған Новобогат ауданы деген атпен белгілі болды. 1939 жылы ауданның территориясында 26 ауыл шаруашылығы серіктестіктері және 4 балық аулайтын артельдер болған. 1940 жылы олардың саны 34-ке жетті[5, 82б.]. 1950 жылдан бастап үкіметтің нұсқауына сәйкес ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бір-бірімен бірігіп, ірілендіріле бастады. Соның нәтижесінде «Забурын», Чапаев атындағы колхоз сияқты тек асыл тұқымды қой өсіретін колхоздар пайда болды. 1954 жылы бұлардан бөлек Ворошилов, Махамбет, Ленин, Фурманов, Новобогат атындағы және т.б. колхоздар құрылды[6, 82б.]. Бұл колхоздарда еңбек еткен колхозшылардың жеке бастарының ешқандай құқылары болған жоқ.

Колхоздың да, колхозшылардың қандай да саяси, әлеуметтік құқыдан жұрдай болғандығын, сол кездегі колхоздардың атауларынан-ақ көруге

болатынды. Оларға ешқандай еңбек ақы төленбегендіктен колхозшылар ақшаның не екенін білген жоқ. Оларға еңбек ақы еңбеккүн түрінде төленді. Осы колхоздардың негізінде 1957 жылдан бастап «Новобогат», «Забурын» және Чапаев атындағы совхоздар құрылып, оларда еңбек еткен бұрынғы колхозшылардың әлеуметтік жағдайлары жақсара бастады. Совхоздың жұмысшыларына олардың азаматтығын айқындайтын төлқұжат беріліп, еңбекақыларына ақшалай жалақы төлене бастады. Бұл жағдай 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін, билік басына Н.С. Хрущев келгеннен кейін қалыптасқан болатын. Бұл - халықтың «ауызы аққа толықтай жарымаса да» нан мен ет дастархан мәзірін толықтыра бастаған кез болатын. Оны біз бала болсақта, осылардың шет жағасын көре қалдық. 500 бас малды бағып отырып, ең болмаса ауырып өлейін деп жатқан қойды сойып, аш отырған малшыға тамағына пайдалануға рұқсат бермегенін қалай түсіндіруге болатын еді, сол кездегі биліктің? Соғыстан кейінгі жылдарда өмір сүрген халықтың ауызының аққа жарымағандығын Атырау облысын он жылдың үстінде басқарған көрнекті мемлекет қайраткері О. Көшеков өзінің «Ер қадірі – еңбекте» атты естелік кітабында былай суреттеген: «1953 жылғы қараша айының аяқ кезінде қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Г.Кузьмин шұғыл шақырып алды да: «Обкомның бірінші хатшысы С.Полымбетов пен республика Орталық Комитетінің екінші хатшысы Николай Афанасьевич Афанов малды аралап көргісі келеді. Мен мал қыстақтарына баратын жолды білмеймін, тез менің машинама мініп, бізге жол бастап жүресің», - деді. Еркінқала, Ракөш колхоздарының қойлары «Итбалық» деген жерге жаңа қоныстанып жатқан; малшылар жертөле үйлерде, мал ашық қорада болатын, - әкімдерге көрсетуге ұят сияқты. Бірақ менде не билік бар, оларды бастап алып бардым. Көлігіміз екі «Победа», бір ГАЗ-67 машиналары, өкілдігіміз, түріміз, ол күндегі жағдайды ескерсек, кісі шошытуға тұрарлық.

Әкімдер алдымен жайылымдағы малды көргісі келген соң шопандармен әңгімелестік. Енді малшылар үйін көру ұйғарылды. Келсек, үйлері кілең жаңадан салынған жөртеле, әрі шикі тастан қаланған пештері түтін тартпай, үй-іші көк ала түтін. Төсеніштер де тым жұпыны: ескі киіз, не алаша, адамдардың үстерінде жамап-жасқап киген киім, балалары жалаңаш, жалаңаяқ деуге боларлық, осындай жан түршігерлік жағдайға кездестік. Осы үйлердің біріне келгенде үй иесімен қорада кездесіп, амандасқаннан кейін, ол шай ішуге шақырды. Түскі тамақ ішетін мезгіл де болып қалған. С.Полымбетов малшыны ренжіткісі келмеді білем: «Жүріңдер, бірер шыны шай ішіп шығайық», - дегесін, бәріміз үйге кіріп отырдық. Бұл үйде де жағдай оған дейін көргенімізден сәл ғана тәуір болғанмен, мәз емес еді. Дастарханға келген тағам; қара шай мен қуырып ақтаған аз ғана тары. Үй иесі жағдайын айтып кешірім сұрады. Үйге қонақ сыйлайтын күйі болмаса да әдеп-ғұрып бойынша шақыра қойған болуы керек. Біздерді тіпті шайға отырады деп ойламаған да болуы мүмкін. Н.А.Афанов бұрын Омбы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, қазақша білетін кісі екен, үй иесімен қазақша сөйлесіп отырды.

Мені таңқалдырған жағдай, бір де бір малшы өз тұрмысының өте ауыр екенін айтып, жәрдем сұраған жоқ, өздері кінәлі кісідей тыныш қана отырды. Ол күнде жұрт колхоздағы ауыр хәлді айтуға да бата алмайтын. Себебі колхозды жамандаса, Кеңес өкіметіне тіл тигіздің деп қылмысқа тартатын. Сондай пәледен аулақ болуды да ойлаған болса керек. Әрі халқымыздың тағдырдың талай қытымыр қиындықтарына төзіп келе жатқан көнбістігі де болар.

Н.А.Афоновтың барлық колхозшылар да осындай нашар тұра ма деген сұрағына С.Кузьмин: «мен осы жұмысқа Семейден келгеніме аз ғана уақыт болды, әлі танысып, үлгерген жоқ едім» - деп қана жауап қайтарды. Мен шыдап отыра алмай, сөзге араласып, бәрінің де күйі осындай немесе осыған жақын дедім. Менің ойлағаным колхозшылар тұрмысын жеңілдетуге аз да болса пайдам тисе деген ой еді. Н.А.Афонов зейін салып тыңдады да: «Қандай ұсыныс айтар едіңдер», - деп сұрақ қойды. Ұсыныс айтқан ешкім болмай, бәрі үнсіз отырғасын, мен колхоздар экономикасын көтеру шараларын алумен қатар, колхозда еңбекақы төлеуді жолға қою, малы жоқ колхозшыны ет, сарымай тапсыру салығынан босату керек деген пікір айттым. Ол сол бойда жауап бермегенмен мені мақұлдағандай нышан білдірді.

Осыдан кейін біршама мезгіл өткенде С.Кузьмин мені тағы да шақырып алып, «колхоздарда, оның мүшелері де өздерінің ауылшаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарларын мезгілінде орындамайды, борыштары көп. Осыған байланысты сені КСРО Дайындау Министрлігінің өкілі етіп тағайындасақ қайтеді, С.Полымбетовпен келістім» - деді. Мен кішкене жүрексініп отырып қалдым. Сен жассың, ауылшаруашылығымен таныс көрінесің. Партия мүшесі жауапты жұмыстан бас тартпас деп сеніп айтып отырмын деп сөзін бітірді. Менде келісуден басқа амал қалған жоқ.

Осы қызметке тағайындалғаннан кейін мен мемлекетке ет, май тапсыратын барлық қожалықтардың тізімін алып, салық жинайтын агенттіктерді ертіп, үй-үйге кіріп, кім қандай себеппен борышты екенін анықтадым. Малы жоқ, әл-ауқаты нашар, ет, май сатып алып тапсыруға мүмкіндігі жоқ жеке қожалықтарға жергілікті кеңестердің қатысымен акт жасап, мойындарынан борыштарын түсірттім. Тағы бір анықталған жәй, бірқатар агенттер қожалықтардан ет, сарымай орнына ақша алып, квитанция орнына қол хат беріп, қылмыс істегендері анықталды. Оларға бір ай мерзім ішінде борыштарынан құтылмаса, жаза қолданатынымды ескерттім. Алынған шаралардың жоспар орындауға оң әсері тиді. Себебі салық агенттері бір ай мерзім ішінде борыштарын өтегені жөнінде квитанцияларын тапсырды»[7, 17 б.].

Қызылқоға ауданы 1928 жылы 17 қаңтарда Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен орталығы Қызылқоға ауылы болып құрылған болатын. Аудан құрылғанда оның құрамында 30-ға жуық ауыл шаруашылығы ұжымдары болған. 1944 жылы аудан қайтадан құрылғаннан кейін шағын колхоздар ірілендіріп, 30 колхоздың орнына 9 ірі совхоз құрылды[8, 83 б.].

Махамбет ауданы басында Жаманқала ауданы атымен 1928 жылы 17 қаңтарда үкіметтің қаулысымен құрылды. Аудан құрылған кезде 18 ауыл шаруашылығы артелі болды. Көп ұзамай шағын шаруашылықтарды біріктіру

және ірілендіру шараларының нәтижесінде бұрынғы 18 артельдің негізінде «Ортақшыл», «Тұңғыш бірлік», «Жаңа күш», Павлов, Энгельс, Фурманов атындағы 7 колхоз құрылды[9, 85 б.]. Бұл ауданда да 1957 жылдан бастап колхоздарды совхоздарға айналдыру процесі басталды. Құрманғазы ауданы 1928 жылы 17 қаңтарда үкімет қаулысымен Теңіз ауданы болып құрылды. 1929 жылдан бастап ауданның территориясында «Красный Октябрь», «Коллективный труд» т.б. артельдер құрылып, 1930 жылдың аяғына қарай олардың саны 50-ге жетті. Олардың ішінде «Алғабас», «Бір тілек», «Балғанияз», «Жігер», «Қайрат», «Правда», «Интернационал» және т. б. болды. Кейінірек, ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру шаралары басталып, 1934 жылға қарай олардың саны 34-ке жетті[10, 88б.]. Облыстың барлық аудандарында осы кезде құрылған колхоздардың аттарынан сол кезде совет үкіметінің өзінің күшіне әбден еніп, коммунистік идеологияның ықпалының өлшеусіз өскендігін Қазақстанның шалғай өлкесі болып табылатын Гурьев округі аудандарында құрылған колхоздарға ғылыми коммунизмнің негізін салушылар Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин мен олардың сенімді серіктері және сыбайластары Ворошилов, Микоян, Папанин, Чапаев және т.б. алпауыттардың есімдерін беруінен көруге болады.

Колхоздарды Қазақстанда, оның ішінде Гурьев уезінде құрғандағы совет үкіметінің мақсаты- онда еңбек еткен ешқандай құқылары жоқ адамдарды бүкіл Совет Одағының пайдасына орай сүліктей сору болатын. Сөзіміз дәлелді болуы үшін фактілерге жүгінейік: 1928 жылдан бастап Қазақстан бүкіл Одақты және ең үлкен қала Ленинград пен Мәскеуді етпен қамтамасыз ететін аймаққа айналды. "Союзмясопродукт" мекемесі Қазақстаннан тыс жерлерге 1929 жылдың 1 қарашасынан 1930 жылдың 30 қыркүйегіне дейін бір жыл ішінде 700025.0 тонна ет күштеп жөнелтілген. Қазақстанда ет тапсыру ашаршылық апаты өрістеген жылдарда да тоқтаған жоқ. 1932 жылы Қазақстанда 898,8 мың центнер (тірі салмақ) ет дайындалса, ал 1933 жылы бұл көрсеткіш 405,5 мың центнер болған. Ет дайындау науқаны қазақ жерінде мал басын кеміту есебінен жаппай аштықты ұлғайтып, «қызылдар аштығын» әкелді[11]. (Ғ. Нығымет «Үрейлі жылдар жаңғырығы». Мақала 2009 жылдың 28 мамырында «Мұнайлы Астана» газетінде жарияланды).

Колхоздардың 1928 жылдан құрылған кезінен бастап, олардың барлық қызметі тек орталықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, өздері аш-жалаңаш болса да мал өнімдері салығын - етті, майды, теріні, жүнді уақытында тапсыру болды. Мысалы ет тапсырудың нормасы 45 кг- нан 65 кг- ға дейін болғандығын архив деректерінен көріп отырмыз. Ең сорақысы- малы жоқ адамдар өздеріне белгілеген нормаға сай салықты өздерінің жиған терген ақшасына сатып алуға, немесе үйлеріндегі дұшпан көз дүние мүліктеріне айырбастап алып, қалай болғанда да салықты уақытында тапсыруға мәжбүр болған. Себебі, колхозшылар еңбек күніне ақша ала алмай, тек анда-санда оларға тізіммен аздап тары үлестірген. Азды-кемді ақша тиісті болса, оны жылма-жыл облигацияға жаздырып, ұстап қалатын болған. Сонымен қоса әрбір колхозшыға салатын салық көлемі шексіз көп болған: бір сиыры болса 30 кг ет, 2 кг сарымай, екі

сиыры барға – екі есе көп. Тіпті малы жоқ жанұя да 30 кг ет, 2 кг сарымай тапсыруға міндетті болатын. Халық арасында оны тұрба салығы деп атаған[12, 186.].

Еңбек ардагері 85 жастағы Көктоғай ауылының тұрғыны Егінбаев Мырзақанның айтуынша, ол кезде 210 еңбеккүн таппаса, малын қасқыр жесе сотталатын болған. Ешкімге зияны жоқ, өз күнін өзі көріп жүрген Күнзира деген әйелдің үш бұзаулы сиыры колхоз жерінен шөп жеп, шөмелеге түсті деген айыппен 8 жыл сотталыпты.

Тағы бір еңбек ардагері Жұмабай Ержанов өзінің 2005 жылы 18 ақпанда «Мұнайлы Астана» газетінде жарияланған естелігінде соғыс кезінде шыққан қаулыға сай үй басына 60 кг ет, 60 жұмыртқа, 4 кг сары май тапсырғандарын жазды.

Талдыкөл ауылының тұрғыны 87 жастағы Нәсіп Есенғалиева : «Ол кезде тұрмыс өте ауыр болды. Мал бағу менің анама жүктелгендіктен, біз балалар кішкентай болсақ та, сол кісіге қолымыздан келгенше көмектесетінбіз. Ол кезде тойып тамақ ішкен адамды кездестіру қиын еді. Алдында колхоздың бір отар қойы болса да, оның ішінен ең болмаса бір ұсақ малды сойып жеуге рұқсат болмағандықтан, біздер үлкендермен бірге сай саланы кезіп, су жағасында өсіп тұрған өсімдіктердің тамырын қазып алып үйге алып келетін едік. Сол ауыр жылдары біздің жанымызды сақтап алып қалған қара судың жағасында өсетін «Әншоқай» деген шөп болды. Оның тамырын қазып алып келгеннен кейін, анамыз құммен араластырып, қазанға қуырып, әбден піскесін тазалап, сумен жуып бізге беретін еді.Анда санда колхоз басшылығы нормамен бидай мен тарыны қадақтап үлестіретін. Менің есімде қалғаны: әбден ашыққанда анамыз бізге үйдегі малдың терісін пышақпен бірнеше бөлікке бөліп, қазанға салып пісіріп содан сорпа дайындап беріп жүрді». Нәсіп апаның колхозшылардың жанқиярлық еңбегі туралы естелігін Тұщықұдық ауылының бұрынғы тұрғыны, еңбек ардагері Қабышев Ұзаққали ақсақал төмендегі деректермен толықтыра түскен болатын: «Соғыс және одан кейінгі (1942-52 ж.ж.) жылдарда ауыл халқының жағдайы аса ауыр еді. Адамдар қыста жерден қазған шөп-шеген жер үйлерде, жазда көпшілік отбасылар шалаш-күркелерде өмір сүрді. Киерге киім жетпеді әсіресе, көп балалы отбасыларда аяқкиімге тапшылықтан балалары өз қатарымен оқи алмағаны есімде. Құм өңіріндегі халықтың негізгі күн көрісі бірді-екілі (сиыр, түйе) малдарына байланысты болды.

Сиыр сүтінен (күндігінен ауысқанын) ірімшік, сықпақұрт, сарысу қайнатып қыстық азығын жинайтын.

Түйесі, қойы-ешкісі барлар жүнінен тоқыма тоқып, сырмақ күрте тіктіріп киім қылатын.

Құмдағы халықтың аштыққа көп ұрынбауына шағылды құмда өсетін құмаршық шөбінің дәні-табиғат Ананың бұйыртқан ырысы болғанын ұмытпауға тиістіміз. Сол құмаршықты адамдар қостанып шағыл қуалап жүріп, таласатармаса қаптап жинап алатын. Бұл бір бейнеті көп жұмыс болса да әрі нан, әрі көже – құнары күшті тамақ болды. Осы құмаршыққа арналып облыс

орталығында ескерткіш-белгі қойылғаны жас өскіндерге ел тарихын ескере жүруге меңзейтін тарихи оқиға болғаны қуантады.

Соғыс, одан кейінгі (1942-54) жылдарда ауыл халқын ашықтырмаудың қамын жасау басшылардың да басты міндеттерінің бірі болғанын айту орынды. Құмнан бір бөлек отбасыларына көтеріп әкеліп, Боқсақ өзегінің бойына шығырмен суарып тары екті (5-10га). Алынған өнім мұқтаж отбасыларға тізіммен үлестірілетін болды.

Осы жылдардың қиындықтарын еске алғанда мына жағдайлар айналып алдыңнан шығады да тұрады. Олар: уақ колхоздардың көпшілігі жыл аяғында үкіметке қарыздар болып қалады да, колхоздың жыл бойына есептелетін еңбек күндері жартусыз болатын.

«Шықпа жаным - шықпа» - деп күнкөріс ауыртпалығын көтеруге мәжбүр болған халықты үкімет тарапынан әр отбасына түрлі алым-салықтар: ет, жүн, сарымай жинап тапсыру міндеттелетін. Осы орайда әр айдың аяғына қарай колхоздың май жинаушы агенттері Түсіпқалиев Сисенғали ағаның түйелеріне артқан бидондарына әр үйден жиналған жетілік бөтелкедегі сарымайдан аударып жатқаны көзге елестейді.

Бұдан бөлек Үкімет ауыл тұрғындарын колхозшы – шаруаларды есептегі малының санына қарай 3 проценттік облигация түрінде заем(қарыз) алуға мәжбүрлеп оның өтемі жыл сайын ойналатын ұтыс тиражымен өтелетінін сендіріп бақты. Бозбала болсам есімде қалғаны: бұрынғы К.Маркс колхозының малды мүшесі Ибрашев Машай қарттың өзі барында жүз мындап алған заем – облигациясынан не өзінің, не артында қалған балаларының ұтыс алып, қарық болғанын естімеппіз.

Осындай адам төзгісіз қиындықтарды бастан кеткен ауыл халқының 1954 жылға қарай тұрмыс жағдайы Үкімет тарапынан түзетуге бағыт ала бастады. Оған себеп болған мына тарихи жағдай екені даусыз.

Құмдағы Бабан ауылының тумасы ол кезеңде соғысқа қатынасқан жоғары шенді офицер Ғабдолмажит Сабыралиев (1926-2016 жж.) деген азамат (кейін Исатай ауданынан құрметті азамат атағы берілген) Прибалтикада әскери қызметте жүріп, демалысқа келгенде ауылдағы колхозшылардың жанқиярлық еңбегіне татырлық табысының жоқ екендігін, мал шаруашылығы жағдайының адам төзгісіз қиындығын, ауылдағы нашар тұрмыс, аш-жалаңаштықты, колхоз мүшелеріне салынатын салықтың ауырлығы туралы 1953 жылы большевиктер партиясының сол кездегі белгілі қайраткерлерінің бірі, Үкімет төрағасының орынбасары, колхоздар істері жөніндегі Одақтық кеңестің төрағасы А.А.Андреевке тәуекел етіп хат жазады. Бұл хат аяқсыз қалмай, тексеріліп облысқа тиісті жағдай туғызу жөнінде шешім алынып, әр отбасынан алынатын азық-түлік салығын қысқартуға қаулы қабылданған. Осы қаулының нәтижесін өз көзімізбен көріп қалған ұрпақпыз.

Ел тағдырын, жер тағдырын жан-жақты ойлайтын батыл азамат жәйінде 1990 жылдардан кейін Республикалық, облыстық баспасөз беттерінде қоғамдық пікір қаулап жазыла бастады». (Х.Әбжанов, тарих ғылымының докторы. «Жалған жұмақты әшкерелеген хат» Ақиқат журналы, 1993ж. №11).

Осы мәліметтерді Атырау қаласының тұрғыны 1939 ж.т. зейнеткер Ақсерікұлы Есжан колхоз өмірі туралы естелігі толықтыра түседі: « Мен Ақсериков Есжан 1939 жылы Гурьев облысы Есбол ауданы Қазбек ауыл советінде дүниеге келдім. Әкем Батыров Ақсерік пен анам Батырова Саржан Қазбек ауыл советіне қарасты Еңбек колхозында колхошы болып жұмыс жасады.1927 жылғы СССР-дің кезекті XV-съезд қаулысымен бүкіл елде колхоздастыру науқаны жүргізілді.Бұрын бытыраңқы,өз малымен көшіп –қонып күнелтісін тауып жүрген, кедей –шаруаларды бір орталыққа жинап колхоз құрды.Халық қолындағы бар мал –мүлкін ортаға салып,1930 жылы «Еңбек» колхозын құрды. «Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей»- дей жүріп,колхоз мүшелері сан түрлі еңбек етті.Менің де әке-шешем колхоз құруға белсене араласты. «Еңбек» колхозы мал шаруашылығымен,әсіресе сауын сиыр өсірумен және егін шаруашылығы тары егумен, мал азығы жем-шөп дайындаумен айналысты.Мемлекет әр колхозшы жанұясына бар –жоғына қарамай салық салатын 66 кг ет тапсыру міндеттеді,онымен бірге заем-ақшалай салық салды,сиырың болса бір сиырға 12 кг сары май төлеуге міндеттеді.Колхозда жұмыс істейтін әрбір колхозшының табысы трудовень-еңбеккүн бойынша есептелетін.Ер адам жылына 320 трудовней жинауы керек,ал әйел адамдар 160 трудовней жинауы керек болатынды.Жыл соңында колхоздың кіріс-шығысы есептеліп,таразыға түскенде колхозшының алатынынан бережағы көп шығатын,себебі колхозшыға еңбек ақы ақшалай төленбейтін, жыл соңында есептеліп шыққан өнімнен берілетін, ал колхозшы күнделікті ішіп –жемін жаздырып алатын да, жыл соңында бережақ болатын жағдайларда болып тұратын. Осының өзі -колхозшының ауыр тұрмысының дәлелі.1941жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда колхозда жұмыс жасап жүрген ер азаматтар майданға аттанды.Менің әкем Ақсерік 1942 жылы майданға аттанды.Ер азаматтар түгелге жуық соғысқа кетуіне байланысты колхоз жұмысына әйелдер мен балалар араласты.Шешелеріміз ерте кетіп, кеш келіп жұмыс жасайтын, түнімен майданға шұлық,қолғап тоқитын,тон тігетін. Соғыс жылдарындағы колхозшылардың тұрмысы өте ауыр болды.Майданның ең берік тылы болып, «Бәрі де майдан үшін-бәрі де жеңіс үшін»- деген ұранмен жұмыс жасайтын.Сол кездегі адамдар шаршадым деп айтпайтын, колхоз не жұмыс тапсырса да орындайтын, үйлерінде балалары күн ұзаққа аш отыратын. Емшектегі баласы бар аналар емізіп кетіп қайта жұмысқа баратын.Соғыс кезінде халық аш ,тамақ тапшы, тұрмысы өте ауыр болды.Колхоздың өндірген өнімі майданға жіберілетін.Сол жылдары Жайық өзені қатты таситын,өз арнасынан шығып көл-көлдер суға толатын.Сумен бірге келген балықты біз балалар аулап,сонымен күн көретінбіз.Жайықтан шыққан судың жағасына «Әншоқай» деген шөп өсетін.Күзде аналарымыз жұмыстан кейін сол шөпті тамырынан багормен тартып жинап алатын,біз балалар терісуге көмектесетінбіз.Шөптің тамырын қазанға салып құммен бірге қуырып алады,сосын аршып келіге салып түйетін,дәнінен көже жасайтын.Біраз жанұялардың аштан өлмеуіне септігін тигізген тамақ- осы әншоқай еді. Халықтың тұрмысы соғысқа дейін де, соғыстан кейін де өте ауыр болды Оны соғыстан бұрын туған балалар өте жақсы

біледі. Себебі осы қиындықтарды өз бастарынан өткізді, оқу жылы аяқталып каникул басталғанда жаз мезгілі колхоз жұмысына жұмсайтын. Шөп шабу, шөмелей салу, ат граблямен волокуштеу жұмыстарын жасап колхоз малына шөп дайындататын. Халық аш-жалаңаш жүрсе де жауды жеңсек, бейбіт күнге жетсек ер азаматтарымыз отбасымызға аман-есен келсе деген сеніммен жан аямай тер төгіп еңбек етті».

Ақсерікұлы Есжанның естелігіне біздің қосарымыз: Жайық бойында өмір сүрген халықтың сол ауыр жылдары ашаршылық пен жоқшылықтан жандарын аман сақтап қалған екі нәрсе болды. Олар- Жайықтың немесе өзеннен бөлініп қалған қарасудың шабағы мен қайтқан судың орнына шығатын «Әншоқай» деген өсімдік болатын. Оны өзінің жазбаларында т.ғ.д., профессор Х. Табылдиев те растайды. Балалық шағын Томарлы ауылында өткізген болашақ ректордың өмірінде осы айтылған тағамның түрлері ерекше роль атқарса керекті. Осы жерде тарихшы ретінде өз пікірімді білдіргім келеді. Менің пікірім - кеңестік кезеңде тарих оқулықтарының биліктің ыңғайына қарай бұрмаланып жазылып, мектептерде, жоғары оқу орындарында жас ұрпақты оқыту үшін пайдаланылғандығына байланысты. Біз оқыған СССР тарихы оқулықтарында Ресейдегі крепостной шаруалардың ауыр тұрмысы түрлі-түрлі бұлтартпас дәлелдермен біздің санамызға жеткізілген еді. Ал феодалдық құрылысты аяусыз әшкерелеп, түкке тұрғысыз қылған кеңес үкіметінің өзінің халқына істеген жәбірі мен озбырлығын қалай түсінуге болады? Біздің колхозшылардың көрген қиыншылығы мен үкімет тарапынан оларға жасалған озбырлығын жер бетіндегі ешбір халық басынан кешкен емес.

Десек те, совет билігіне уақыт өте келе ауыл шаруашылығына байланысты реформалар жасауына тура келді.

Колхоздар барлық аудандарға дерлік, басым көпшілігі 1957 жылға дейін жұмыс істеп, кейін оларды совхоздарға амалсыздан айналдыруға үкіметке тура келген. Себебі, халықты мәңгі бақи құлдыққа ұстап тұрудың мүмкін еместігін Хрущев бастаған үкімет мүшелері жақсы түсінді. Соғыстан кейінгі жылдары колхоздардан әуелі бірлі- жарым адамдар, кейін ондап, жүздеп қалаға, яғни Гурьевке қашып, ешқандай құжаттары болмағандықтан таптырмай кетіп жатты. Мысалы, 50-жылдардың басында қазіргі Құрманғазы ауданы территориясында 1938 жылы күштеп көшірілген корейлерден құрылған Лазо атындағы колхоздың тұрғындары 1951 жылы бір түнде жан-жаққа қашып жоқ болған. Олардың басым көпшілігі Гурьев қаласына келіп, осындағы тұрғындардың арасына сіңіп араласып кеткен.

Колхоз еңбекшілеріне салынған салықтың есебінен 1928 жылдан бастап 1957 жылға дейін Атырау өңірінен орталыққа мал өнімдері- ет, май, жүн, тері тонналап жөнелтілген. Оның есебін шығару мүмкін емес. Облыс аумағында басында көрсетілген аудандарда әуелі артель, серіктестік кейін колхоз болып құрылған шаруашылықтардың саны мен сапасы, сондай-ақ меншік иелері осы кезең ішінде талай рет өзгеріске ұшырап отырғандығына қарамастан, бәрібір олардың міндеті- орталыққа мал өнімдерін уақытында төлеу болып қала берді. Сонымен, 30-50 жылдар аралығында әуелі округ, 1938 жылдан бастап облыс

түрінде болған Атыраудың ауылдық жерлерде тұратын тұрғындарының санын 250 мың адам деп, әр түрлі өзгерістеріне сай колхоздардың санын 80-90 деп қарастырып, олардың әрқайсысында 200-250 отбасы(1938 жылы шағын ғана Сорочинка селосында 221 түтін болыпты) болды деп алатын болсақ, облыс бойынша орта есеппен 22500 түтін болды да, олар жылына әр қайсысы 45 кг ет тапсырып, облыс еңбекшілерінен бір жылда үкіметтің пайдасына 1.452 500 кг ет өндірілген екен[13]. Бұл тек бір жылдың ғана көрсеткіші. 1928 жылдан бастап колхоздардың басым көпшілігі 1957 жылы тарағанға дейін бейшара колхозшылардың өздерінің балаларының ауыздарынан жырып, орталыққа қанша тонна ет тапсырғанының толықтай көрсеткішін көзге елестетудің өзі өте қиын.

Біздің қолымызға тек бір елді мекен Махамбет ауданына қарасты Сорочинка селосы тұрғындарының ет салығын төлегендігі туралы құжаты ілікті. Бұл елді мекеннің ересек тұрғындарының саны 1938 жылы 229 адам болған, әрқайсысына 45 кг ет салығын салғандықтан олар үкіметке сол жылы 1 тонна 305 кг ет өткізген[14].

Сайып келгенде Атырау өңірінде қазақ жұртшылығын күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру шараларының зардабы өте зор болды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу барысында қазақ жұртшылығын отырықшыландыру және ұжымдастыру мәселесі бойынша сараптау, анықтау жүргізіліп, осы проблемаларға байланысты Атырау облыстық мемлекеттік архиві, Индер, Махамбет, Қызылқоға аудандық архивтерінде жұмыстар жүргізілді. Мемлекет қайраткерлері С. Құбашевтың, О. Көшекөвтың, З. Камалиденовтың т.б. еңбектері пайдаға жаратылды. Бұлардан бөлек 20-ның үстінде ардагерлермен сұқпат ұйымдастырылып, 50-60 жылдардағы колхоз еңбекшілерінің тұрмыс тіршілігі жөнінде нақты мәлімет алынды. Біздің сараптауымыз көрсеткендей, совет билігіне уақыт өте келе ауыл шаруашылығына байланысты реформалар жасауына тура келгені белгілі болды.

Колхоздар барлық аудандарға дерлік, басым көпшілігі 1957 жылға дейін жұмыс істеп, кейін оларды совхоздарға амалсыздан айналдыруға үкіметке тура келген.

Қорытынды. Колхоздарды Қазақстанда, оның ішінде Гурьев уезінде құрғандағы совет үкіметінің мақсаты- ода еңбек еткен ешқандай құқылары жоқ адамдарды бүкіл Совет Одағының пайдасына орай сүліктей сору болатын. 1928 жылдан бастап Қазақстан бүкіл Одақты және ең үлкен қала Ленинград пен Мәскеуді етпен қамтамасыз ететін аймаққа айналды. "Союзмясопродукт" мекемесі Қазақстаннан тыс жерлерге 1929 жылдың 1 қарашасынан 1930 жылдың 30 қыркүйегіне дейін бір жыл ішінде 700025.0 тонна ет күштеп жөнелтілген. Қазақстанда ет тапсыру ашаршылық апаты өрістеген жылдарда да тоқтаған жоқ. 1932 жылы Қазақстанда 898,8 мың центнер (тірі салмақ) ет дайындалса, ал 1933 жылы бұл көрсеткіш 405,5 мың центнер болған. Ет дайындау науқаны қазақ жерінде мал басын кеміту есебінен жаппай аштықты ұлғайтып, «қызылдар аштығын» әкелді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Алдажұманов, Ұжымдастыру зардабы. // Егемен Қазақстан газеті. 31 мамыр 2023 жыл.
2. Атырау(Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалық. «Асем-систем» баспасы. 2008 жыл. -175 бет-78-б.
3. Атырау(Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалық. «Асем- систем» баспасы. 2008 жыл. -175 бет- 80-б.
4. Атырау(Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалық. «Асем- систем» баспасы. 2008 жыл. -175 бет-81-б.
5. Атырау(Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалық. «Асем- систем» баспасы. 2008 жыл. -175 бет- 82-б.
6. Бұл да сонда.
7. О. Көшеков. Ел қадірі-еңбекте. « Дайк- Пресс», 1998 ж. -127 б.- 17-б.
8. Атырау(Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалық. «Асем- систем» баспасы. 2008 жыл. -175 бет-83-б.
9. Атырау(Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалық. «Асем- систем» баспасы. 2008 жыл. -175 бет-85-б.
10. Атырау(Гурьев) облысының колхоздары мен совхоздары туралы тарихи Анықтамалық. «Асем- систем» баспасы. 2008 жыл. -175 бет-88-б.
11. Ғ. Нығымет. «Үрейлі жылдар жаңғырығы». // « Мұнайлы Астана» газеті, 28 мамыр 2009 ж.
12. О. Көшеков. Ел қадірі-еңбекте. « Дайк- Пресс», 1998 ж. -127 б.- 18-б.
13. Махамбет аудандық архиві, Қор№ 96, іс№ 26, Жалғансай ауыл советінде 1940 жылы тұрған 114 адамға салынған салықтар мәліметі.
14. Махамбетаудандық архиві, Қор №11, Тізімдеме №_1 ж/қ_____.

Шардарбекова Г.С.,

*Түркістан облыстық қоғамдық -
саяси тарихы мемлекеттік архивінің басшысы,*

Мунашева Ж.Б.,

*педагогика ғылымдарының кандидаты
Орталық Азия инновациялық университеті*

Сұлтанова Н.Ж.,

*магистр
Орталық Азия инновациялық университеті
Шымкент қаласы*

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНДАРЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ САЯСИ ҚУҒЫН -СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ

Отан тарихын танудың жас ұрпақ үшін маңызды екені белгілі. 32 жылда халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылып, «Мәдени мұра» бағдарламасының табысты іске асырылғанын айта келе: Ата

бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр. Сондықтан, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймыз. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек деген болатын. Бүгінде бұл бағдарлама аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Әлі де атқарылар жұмыс жетерлік. Біздіңше, әсіресе, Кеңестік Қазақстандағы репрессия құрбандарын зерттеуде архив деректерінің маңыздылығы зор. Кеңестік заманда «жабық тақырыпқа» айқалған бұл маңызды мәселеге Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында назар аударылып, 1993 жылы «Қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі» заң қабылданса, 1997 жылы Елбасы жарлығымен 31 мамыр «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» ретінде белгіленді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жылы осы мәселе бойынша Үндеу жариялап, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауды мақсат тұтқан арнайы мемлекеттік комиссия құрылды. Расында да репрессия құрбандарына қатысты деректер әлі де қолжетімді емес. Олардың санында да нақтылық жоқ.

Мәселен, кезінде «Известия» газетінде 1937 жылы «контрреволюциялық» қылмыстары үшін – 936 мың 750, 1938 жылы – 638 мың 509 адамның тұтқындалғаны, 1937 жылы – 353 мың 74 адамның, 1938 жылы – 328 мың 618 адамның ату жазасына кесілгені, 1937 жылы тұтқынға алынғандардың әрбір үшіншісі, 1938 жылы олардың әрбір екіншісі атылғаны жазылыпты [2]. Жалпы алғанда Кеңес одағы бойынша 700 мыңға жуық адам осы 1937 -1938 жылдары атылса, Қазақстанның өзінде сол жылдары 100 мыңнан астам адам тұтқындалып, оның 25 мыңға жуығы ату жазасына кесілді. Олардың көпшілігінің бейіті күні бүгінге дейін белгісіз. Ал белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеев «Егемен Қазақстандағы» мақаласында Мәскеудегі Дон зиратында бірқатар зиялыларымыздың сүйегі жатқанын жазады. Яғни «Москва-Центр 1-ая категория» деген тізімдегі 111 адамның қатарында 15-ші болып Әлихан Бөкейханов, ал 76-шы болып Нығмет Нұрмақовтардың аттары анық жазылған. Әрі 27 қыркүйек күні атылған тұтқындардың өртелмегені, жерге көмілгені айтылған [3]. Жалпы кеңестік тоталитарлық жүйедегі саяси террор құрбаны саналатын осынау ұзын-сонар тізімдегі боздақтарымыздың саны 5000-нан асатынын ескерсек, бұл зобалаңның, ұлт басына түскен нәубеттің қаншалықты ауқымды болғанын аңғару аса қиын емес. Сондай-ақ жат жерде сүйегі қалып, Мәскеу түбінде топырақ бұйырған тұлғаларымыздың да жалпы санының 40 мыңға жуықтайтыны белгілі. Жаппай қуғын-сүргін – алдын ала дайындалған нәубет. Тіпті ол мақсатта заңдарға да бірқатар өзгерістер беріліп отырған. 1934 жылы 8 шілдесінде «Отанға опасыздық жасау туралы», 1934 жылы 1 желтоқсанда «Террористік актілер туралы», 1937 жылы 2 қазанда

«Зиянкестік пен диверсия туралы» заңдар жарияланды. Соған байланысты нәтижесінде Кеңес үкіметіне қарсы террористік ұйымдар мен террористік актілерді тергеу істеріне 10 күннен аспайтын мерзім белгіленіп, НКВД жүйесінің құрылымына, кадрлық құрамына өзгерістер енгізіліп, «Ерекше жиналыс», «Үштік», одан кейін «Екілік» деп аталған соттан тыс органдар құрылып, үкім шығарып отырды. Сол жылдарда республика басшысы Л.И.Мирзоянның өз қолымен Сталинге құпия хат жолдап, атылатын және түрмеге жіберілетіндердің санын арттыру жөнінде қосымша меже сұрағаны да белгілі. Осы жылдары жаппай қуғын-сүргін кезінде Қазақстанда чекистер, тергеушілер ерекше қаталдығымен көзге түсті. Демек бұл террордың жеке адамдарға көрсеткен қиянатын, іс-әрекетін әлі де ашық түрде зерттей түсуіміз керек. Тергеудегі қиянат турасында жарық көріп жатқан еңбектер де бар. Мысалы, Амантай Кәкен «Алаш идеясы – Қазақ идеясы» мақаласында 1919 жылдан компартия мүшесі, мұғалім, ҚазАССР-ның Заң наркомы, РСФСР жоғарғы сотының Қазақ бөлімшесінің төрағасы, Қазақ АССР-ның прокуроры, Қазақстан Компартиясы ОК-нің бөлім меңгерушісі Атаниязов Мырзағұлдың, Қазақстан Компартиясы ОК-нің мүшесі, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болған Арыстанов Жүсіпбектің өз «қылмысын» қалай мойындағанын тарқата жазыпты. Айталық Ж.Арыстанов 1955 жылдың 10 маусымында Л.Брежневке жазған хатында: «Мен Арыстанов Жүсіпбек отан жауларының арандатушылығының құрбанымын. Ішкі түрмеде екі жыл отырып, зорлық-зомбылық пен азаптың неше атасын көрдім. Менің «ісім» ұрып-соғумен басталды. Тамыздың 11 мен 16-сы аралығында дәм-су татырмады, демалыс бермеді, ұйықтатпады, қолымды төмен түсіріп, тік отырғызып қойды. Сұрақшылар кезек-кезек күзетіп, ұрысып: «сен фашистің, ұлтшылсың, соны мойында» деумен болды. Қол-аяғым, денем ісіп кетті, ұйқылы-ояу жағдайда орындықтан қисая бастасам, бүйірімнен не ішімнен ұра бастайды. Ес-түссіз құлап едім, үстіме суық су құйды, дәм татуға зауқым соқпады. Содан соң 17 ай бойы жеке камерада, оның ішінде біраз үзіліспен екі айдай карцерде отырдым. Тәулігіне үш, төрт сағаттан артық ұйықтауға рұқсат бермейтін. Ұрып-соғудан, моральдық қорлықтан, ашу-ызадан жүйкем жұқарып, сесімнен жаңылған кезім болды. Үстіме мұздай суық су құйғандықтан ауырып, тұмауға шалдықтым, басыма, желкеме шикан қаптап кетті. Менің осындай жай-күйімді пайдаланып, Катков пен Оспанов ақыры айқтанын істетті: олардың ойдан шығарған қылмысы қағазға түсіп, қол қойылды. Сөйтіп, қолдан жасалған құжат негізінде, тоғыз адамға, оның ішінде маған, іс қозғалып, бәріміз сотталып кете бардық...» [4], -деп жазса, Жазушылар одағының төрағасы, ҚазПИ-дің кафедра меңгерушісі. КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы президумының мүшесі, қазақ әдебиеті секторының меңгерушісі М.Қаратаев 1955 жылдың 26 мамырында өз қолымен жоғары жаққа жазған өтінішінде: «1938 жылдың 11 тамызында тұтқындалдым. Таңертеңнен аяғымнан тік тұрғызып қойды. Тәуліктің қақ жартысында түрегеп тұрсам, қалған уақытта бұрыштағы орындықта қолымды төмен салбыратып отырғызып қойды. Үш күннен кейін денем күп болып ісіп кетті. Тамақ бермеді. Сұраған да жоқпын. Зауқым соқпады. Су ішкім келе берді, бірақ оның өзін шектеді. Маған көрсетілген қиямет-

қайымның ішіндегі ең қиыны, қорқыныштысы ұйқыдан айыру еді. Ұрып-соғу, таяқ жеу дегенің бұған қарағанда түк емес, қайта сергітіп, өзінді ширата түседі екен. НКВД дегеніне жетті – сұрағанын жазып бердім» [5], -дейді. Демек айыптау материалдарына сүйенгенде де зерттеушілеріміздің абай болғаны жөн. Одан бөлек, тергеу құжаттарын мейлінше мұқият зерттеп, зерттеушілеріміздің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архив материалдарын еш кедергісіз пайдалануына жол ашуымыз керек-ақ. Өйткені Кеңестік қуғын-сүргіннің құрбаны болған, жазықсыз жазаланған тұғырлы тұлғаларды танып-білу, атпал азаматтардың ауыр тағдырларын, қоғамдық қызметін қайта қарап, түбегейлі зерделеу - кейінгі ұрпақтың борышы. Жеке тұлғаларды зерттеуде де аса құпия сақталған архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізудің маңызы зор. Қалай дегенде де бүгінге дейін біршама қарастырылғын тұлғалар өмірінің, олар тартқан тауқыметтің де бізге беймәлім тұстары көп. Қараңыз, айталық 1937 жылы Қазақстан компартиясы ОК-ның мүшелігіне сайланып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат ретінде ұсынылған Ә. Досовқа да елде жаппай қуғын-сүргін орын алып, «халық жауларын» жазалау етек алған уақытта ауыр айыптаулар тағылды. Мұрағат құжаттарындағы облыстық комитеттің хатшысы Таганскийдің қолы қойылған бір құпия құжатта «Южно-Казахстанская правда» газетінің редакторы Атаниязовтың Досовтың үстінен жазылған домалақ арызы біраз жайды аңғартса керек. Ол осынау бар-жоғы бір парактық арызында Әбілхайырдың антикеңестік буржуазиялық-ұлттық ұйымның мүшесі болғандығын ашық жазып, отанын сатқан опасыз ретінде, қазақ халқына қастандық жасағаны үшін партия қатарынан аластап қана қоймай, Шымкент сайлау округіне үміткер кандидаттығынан да қоса айыруды қала еңбекшілері атынан өтініп сұрайды [6]. Бұл жалаң айыптаулар жазасын ауырлатып, ол көп ұзамай «халық жауы» ретінде ату жазасына кесіліп кетті. Бұл уақытта Шымкентте де шолақ белсенділердің дәурені жүріп тұрған еді. Орталық комитеттің мүшелері, облыс пен қала басшылары бірі қалмай қуғындалып жатқанда Досовтың да өз қызметінде ұзақ уақыт отырмайтыны белгілі болатын. Осы тұста ескере кететін бір мәселе, репрессия құрбандарына қатысты материалдарды сараптағанда олардың перзенттерінің хаттары мен өтініштерін де мейлінше терең зерделеп, байыппен байлам жасағанымыз дұрыс болады. Себебі ұлт зиялыларының басына төнген нәубет олардың отбасын да ойранға салып, жазаға ұшыратты. Одан қалса, дүние-мүлкі тәркіленіп, баспаналарынан айырылып, бала-шағасы да қараусыз қалады. Көбі ауыр науқасқа шалдыққандықтан, қоғамнан шеттеп, елеусіз күн кешкені ешкімге жасырын емес.

Мәселен, біз жоғарыда сөз еткен Досовтың отбасы бір кездегі Шымкент қалалық партархивінің директорына жолдаған хатында былай депті: «Сәлеметсіз бе, Мұхамеджан Рүстемұлы! Газет жеткізіп бергеніңізге дән ризамыз. Алайда, ашығын айтайық, еңсеміз түсіп, көңіліміз қатты құлазыды. Бәлкім, біз туралы жазбай-ақ қойғаныңыз да жөн бе еді. Бір жағынан бізді бала кезден білетіндей бүге-шігемізді қалдырмай тізіп, мақаланы сұхбатқа ұқсатып жіберіпсіз. Сөйте тұра біраз нәрсені шатастырып алғансыз. Алдағы уақытта осы тақырыпқа тағы

да қалам тартар болсаңыз, бізді былай қойып, негізінен әкем туралы толғасаңыз тіпті риза болар едік. Ал әлгі Тухачевскиймен бірге түскен әкемнің суреті жайындағы дабылыңыз да құр даурықпа сөз деп білемін. Өйткені сізден кейін іле-шала сол мемлекеттік архивке біз де бас сұққанбыз. Сол жерден әкемнің түрлі съездер мен сессияларда сол жылдары ЦИК, ВЦИК басшыларымен, үкімет мүшелерімен бірге түскен бірқанша суреттерін таптық. Өкінішке қарай, ол суреттердің бірнеше көшірмесі бола тұра қолымызға бермеді. Өйткені картотека бойынша бұл құжаттар әкемнің атына тіркелмеген екен. Тіпті бала кезде де көзімізге түспеген Қазақстан делегаттарымен бірге түскен бейнесін көріп те бір жасап қалдық. Одан бөлек сол суреттің әлегімен Революция музейі мен М.И.Калинин атындағы мұражайын да шолып шықтық. Егер обком архивін осы суреттер қызықтыратын болса, біз олардың тізімін, индекстерін, қысқаша аннотациясын да салып жібере аламыз. Нақты қай музейден алынғандығын да көрсетіп бере аламыз. Енді Төлегенов туралы да айта кетейік. Ол жерде бір білместік болған. Бұл кісіні біз өмірі көрген емеспіз, таныс-білістігіміз де жоқ. Сондықтан біздің ойымызша, ол бізді басқа біреумен шатастырып алған болуы керек. Құрметпен, Р. және С.Досовтар. 31.01.1989 ж»[7]. Расында да арада жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, жүректерінде зобалаң жылдардың табы қалған хат иелерінің бұл қорқынышына түсіністікпен қарауға тиіспіз. Ал тағы бір қайраткер, «Ақ жол» газетінің шығарушы редакторларының бірі Қазмұхамед Құлетов 1937 жылы абақтыға түсіп, 1938 жылдың 13 наурызында Алматы қаласында атылды. 1957 жылы Хрущёвтік жылымық кезеңде, қазақтың зиялылары сияқты басы бүтін ақталып шықты. Дегенмен Қазмұхамедтің ұрпағы Райхан Қазмұхамедқызы Құлетованың (Исаева) Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихының архивінде сақталған, 1989 жылы 29 қарашада жазылған әкесі туралы естеліктерінде мынадай жолдар бар :«... Сол ызғарлы күндерде көшеге шықсам, барлық жерге Досовтың портретін іліп тастапты. Ұзаққа бармай Досов та қуғын-сүргінге ұшырады. 1938 жылдың 21 наурызында «Халық жауы» ретінде атылғандардың тізімі жергілікті газетте жарияланды. Апам қатты күйзеліп, жедел жәрдем келіп, кішкентай сіңлім Флора шала туылды. 1947 жылы-ау деймін. Сабақтан қайтып келе жатқам. Жолымды тосып тұрған байтаныс екі кісі Құлетовтің қызы екеніме көзі жеткесін анама ертіп баруын өтінді. Әкемнің жолдастары екен. Есімдерін ұмытып қалдым. Олар да қуғын-сүргін көріп, бақандай 10 жылын абақтыда өткізіпті. Әкемнің аманат сәлемін жеткізбекке келген беттері болса керек. Олар бізге кетерінде Сахалин мен Камчаткадағы саяси тұтқындар лагерінің адресін беріп кетті. Анаммен жанарлары жасаурай отырып ұзақ сыбырласып сөйлесті. Кейіннен осы мекенжайға 5 рет хат жолдадым. Жауап жоқ. 3-4 ай өтіп үмітім үзіле бастағанда қуантып бір хат келді. Жарамсыз қарандашпен көрінер-көрінбес етіп жазылған жалғыз сөйлемдік хатта әкем Красноярскіде кірпіш зауытында біраз жұмыс істегенін айтыпты. Мекенжайын да анық жазбаған, шимайланған қолын адам түсініп болмайды. Бір жағы әкемнің қолы емес деген күмән да болды бізде. Ағам осы хатты алып Ленгердегі ҰҚК-ға барып іздеу салуға тырысты. Ондағылар «Байқа бала, отпен ойнама, арандап қалып жүрерсің» деп үрейін ұшырғаннан соң, әкемді іздеуге

ешқайсысымыз тәуекел ете алмадық. 1957 жылы әкем толық ақталды. Осыған орай Алматы қаласы Ішкі істер министрлігінен ол кісінің 1945 жылы 25 ақпанда жүрек неврозынан қайтыс болғандығы жөнінде ресми хабарлама хат та келді»[8].

Шындығына келгенде, сол кездегі тергеу органдары атылып кеткен туыстарын іздеп келгендерді алдаусыратып, жалған мәлімет беріп отырған. Тіпті кейінгі кездері мерзімдік басылымдарда «мен ананы көрдім, мынаны кездестірдім, олар атылмаған екен» деген сияқты әртүрлі әңгімелер, мәліметтер кездесіп қалады. Қазмұхамедтің аурудан өайтыс болғандығы туралы хабарлама да осының айғағы. Сол себепті де ғалымдарымыз мұндай құжаттарға сілтеме берерде қолда бар мәліметтерін әбден елеп-екшегені дұрыс. Себебі олардың жазықсыз екенін, нақақтан-нақақ жапа шеккендерін тергеушілер өздері де сезіп, біліп отырды. Оларды тірі қалдырса, таяқтың бір ұшы өздеріне тиерін түсінді. Тағайындалған жазаға шағым түсіруге тыйым салынып, өлім жазасын дереу жүзеге асыруға, үкімді шұғыл түрде орындауға асыққан және солай орындап та отырды. Тағы бір анығы, «Халық жауы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілген тұлғалардың отбасы мүшелерінің дені солақай саясаттың саяси құрбанына айналды. Ұзақ уақытқа дейін олардың отбасын түртпектеу, сарсаңға салу жалғаса берген сияқты. Соның бірі белгілі қайраткер Сәдуақас Османов отбасына қатысты. Осынау жылдарда Османовтар әулетінің тартқан тақсыреті көп-ақ. Тіпті ақталған соң да бұл Оны қайраткердің жұбайы Х.Османованың облыстық комитеттің комиссия төрағасы Колебаевтың атына жазған бірнеше арызынан байқауға болады. Онда былай деп жазылған: «Екі ай бұрын мен сізге С.Османовтың ақталғандығы жайлы анықтаманы жіберген болатынмын. Ұзақ уақыт бойы Келес ауданының 1-хатшысы қызметінде болған күйеуімнің партиялылығын қайта қалпына келтіріп берулеріңізді сұранамын. Осы мазмұнда қаншама хат жолдасам да, бір ауыз жауап қатқан жан болған жоқ. Соған қарап, менің хатым тікелей сіздің қолыңызға тимеді ме деген күдігім де бар. Сондықтан осы хатымды жауапсыз қалдырмассыз деп үміттенемін. Себебі менің зейнетке шығуымның өзі осы бір парақ құжатқа қарап тұр. Құрметпен, Османова Х. 8.02.1959 жыл» [9]. Архив қорындағы осынау құжаттарды парақтай отырып, Османовтар көрген қорлықтың аз болмағандығын, Сәдуақас өмірінің беймәлім беттерінің әлі де көп екендігін көреміз. Сол себептен де бұл мәселе де зерттеушілердің назарынан түспеуі тиіс. Ал кейбір қайраткерлерді жазаға тартудың арнайы жоспары да жасалынған. Мәселен «Ақ жол» газетінің шығарушы-редакторларының бірі Иса Тоқтыбаевтықалай жазаланғаны уақытында ашық айтылмады. Сол себепті оның өмірінің кей тұстары жұртқа беймәлім күйінде қалды. Бір жағынан Тоқтыбаевтың бірбеткейлігі де өзіне соққы болып тиген сияқты. Мұны қаламгердің өзі де мойындап, былай деп жазғаны бар екен: «Кезінде Голощекиннің солақай саясатын әшкерелеп, оның өрескел қателіктері мен партияның нұсқауынан тыс әрекеттерін, есерсоқтық қылықтарын көрсетіп, партия басшылары Иосиф Сталин мен Лазарь Кагановичтің аттарына хат жолдағанмын. Осыны Голощекин кешіре алмады. Көпшілік алдында: «Мен оның жазасын тарттырамын!» - деп талай рет қорқытып еді»[10]. Кейінірек оның бұл қаупі шынға айналып, Қазақстанның ОГПУ органдары Голощекиннің

тікелей тапсырмасы бойынша Иса Тоқтыбаевтың үстінен «Джайлас» деген жасырын атпен іс қозғап, қалайда оны ойдан шығарылған, 1930-1933 жылдары белсенді түрде өкіметке қарсы жұмыс жүргізген ұлттық-контрреволюциялық ұйымның мүшесі етіп көрсетуге жанталаса кіріседі. Жазықсыз жала жабушылардың таққан айыбына қарасақ, бұл ұйымның «Тюркская народная партия» деген бөлігін Мұстанбаев, Мәскеудегі жастардың жасырын кеңесін Тоғжанов пен Есқараев, шетелдегі «Независимое Туркестанское государство» ұйымын Бірімжанов пен Шоқай, оның Орынбордағы бөлімшесін Қаржаубаев, Ленинградтағы филиалын Иса Тоқтыбаев басқарған-мыс. Осылайша И.Тоқтыбаев бір сәтте бар-жоғы белгісіз ұлтшыл-буржуазияшыл ұйымның белсенді мүшесіне айналып шыға келеді. Мұндай айып тағылған азаматтар туралы деректер Түркістан облысы қоғамдық-саяси тарихының архивінде сақталған құжаттарда да көптеп кездеседі. Нақтырақ айтсақ, обкомның бюро мәжілістерінің 1937-1938 жылдардағы хаттамаларында Б.Айкенов, С.Байменов, С. Кенбаев, У.Шамшиевтермен қатар барлығы 213 адамның үстінен қозғалған іс бойынша мұрағаттық анықтамалардың барлығында айыпталушылар «халық жауларымен» байланыс жасағаны үшін, контрреволюциялық жасырын ұйымның белсенді мүшесі болғаны үшін партиядан шығарылған[11]. Демек Кеңестік Қазақстандағы репрессия құрбандарын зерттеудегі архив деректерінің маңыздылығын ескере отырып, жаңа деректерді жарыққа шығару, сол арқылы тарихи шындықты қалпына келтіріп, ұлт ғылымына үлес қосу басты міндетіміз екенін қаперге сала кету де артық болмас. Қалай дегенде де саяси қуғын-сүргінге ұшыраған арыстарымыздың бай рухани мұраларының мән-маңызына үңілумен қатар, олардың жазықсыз жазалануына қатысты мұрағат материалдарын тереңдей зерттеу, жас ізденушілерге тақырып ретінде ұсыну т.б. шаралар жедел қолға алынуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21 қараша, 2018 жыл.
2. «Известия», 1998 жыл, 4 маусым.
3. Сәрсекеев Қ. Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақов «Дон зиратында» жерленген // Егемен Қазақстан, 2008 жыл, 24 желтоқсан.
4. Амантай Кәкен. Алаш идеясы – Қазақ идеясы. Айқап №1, 2012 жыл. 33-40 бб.
5. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 2274-қор, 3-тізбе, 7-іс. 2 п.
6. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 2274- қор, 3-тізбе, 8-іс. 2-8 п.
7. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 40-қор, 4-тізбе, 1679-іс. 11 п.
8. «Джайлас» операциясы немесе Иса Тоқтыбаевты жазалау жайлы // Егемен Қазақстан. 25 шілде, 2007 ж.
9. «Известия», 1998 жыл, 4 маусым.

10. Сәрсекеев Қ. Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақов «Дон зиратында» жерленген // Егемен Қазақстан, 2008 жыл, 24 желтоқсан.
11. Амантай Кәкен. Алаш идеясы – Қазақ идеясы. Айқап №1, 2012 жыл. 33-40 бб.
12. ТОҚСТМА 2274-қор, 3-тізбе, 7-іс. 2 п.
13. ТОҚСТМА 2274- қор, 3-тізбе, 8-іс. 2-8 п.
14. ТОҚСТМА 40-қор, 4-тізбе, 1679-іс. 11 п.
15. «Джайлас» операциясы немесе Иса Тоқтыбаевты жазалау жайлы // Егемен Қазақстан. 25 шілде, 2007 ж.
16. ТОҚСТМА 2274-қор, 3-тізбе, 2-іс. 2-6 п.

Сармурзина Н.,
тарих ғылымдарының кандидаты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Батырханова Ғ.,
№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық педагогикалық
колледжінің тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы

ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ЕСТЕЛІГІ

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары тарихымыздың аса қасіретті кезеңі болды. Алдымен алапат аштық орын алды. Жұрттың күн көрісіне тірек болған малы мен азық-түлігі түгелдей тартып алынды. Соның салдарынан халқымыздың тең жарымға жуығы опат болып, біраз бөлігі шетел асып босып кетті. Есеңгіреген ел есін жия алмай жатқан шақта тағы бір зобалаң жаппай қуғын-сүргін басталды. Келесі келген нәубет Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қанша қандастарымыздың кеткендігіне тарих куә.

1930-1931 жылдары Қазақстан еңбеккерлеріне жоспарлы түрде 493 500 тонна ет өткізу міндеттелген. Себебі, еліміз сол кезде ет дайындау базасы ретінде қарастырылған болатын. Сөйтіп, 1928 жылы 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» және 13 қыркүйекте «Тәркілеуге қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапқа тарту және ірі, жартылай ірі феодалдарды көшіру туралы» екі қаулы қабылданды. 700 ірі шаруашылықтың мал-мүлкін тәркілеу алдын ала жоспарланды. Малмен қоса бау-бақша, ауыл шаруашылығы құралдары да соқа-сайман, арба, шана, басқа да ауқаттылар меншігіндегі дүниенің бәрі тәркіленді. Жалпы алғанда 145 мың мал тәркіленіп, 619 отбасы көшірілді. Байлардың мал-мүлкін тәркілеу олардың кедей туыстарының қолымен жүргізілді. Осылайша, қазақтарды өзара араздастыру, олардың арасында таптық ұстаным негізінде іріткі салу саясаты тереңдеп, ел арасында ала ауыздық туып, өрши түсті.

Асыра сілтеушіліктен халқымыздың басына түскен қиын тауқыметтің бір ұшы шет елдерге шұбыра көшуге, босқыншылыққа жалғасты. Көшпелі халықты ата-мекенінде тек мал ғана ұстап тұрған болатын. Малынан айырылған ауыл халқы күн көріс қамын ойлап, жақын қалаларға, станцияларға, кейбір ауқаттылар

селолар мен деревняларға үдере көше бастайды. Көпшілігі, әсіресе бала-шаға, әйелдер, кемпір-шалдар діттеген жерге жете алмай жолда қалды. Жеткендері халық көп шоғырланған жерлерде сүзек ауруына шалдығып, өліп кеткен. Нәубет жылдарында қазақ ауылы тұрғындарының 90 пайызы босқыншылыққа ұшыраған. Олардың көпшілігі Қазақстан аумағынан біржола зұлматты биліктен құтылып кете алмаған. Жалпы сол кездерде Қазақстан шекарасынан шығып, босқыншылыққа ұшырағандар саны бір миллион отыз бір мыңнан асқан. Шамамен олардың жүз алпыс бес мыңы республика шеңберімен қатар, Одақ шекарасынан шығып көрші Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия жеріне кетіп қалып, Отанына қайта алмай қалды. Туған жерге оралмай қалған босқындар саны 616 мыңға жуық. Қудалап, асыра сілтеуге дейінгі Қазақстанның байырғы халқының санының он бес пайызы[1]. Қазіргі кезде шет елдер мен көрші республикаларда тұратын қазақтардың жартысына жуығы қасіреті мол зұлмат жылдарында өзінің ата-мекенінен бас сауғалап кетуге мәжбүр болғандар.

Бізге ақпарат берушінің ата анасында сол бір ел басына түскен нәубет жылдарындағы қиыншылықтардан кенде қалмаған жандар. Осы мақаламызда ел асып босқынға ұшыраған Сағынбайұлы Орнықбай атамыз бен Шариқан әжеміздің басынан кешкен қиындықтары туралы ұрпақтарынан алған мәліметтерді ұсынып отырмыз.

«Менің әкем Сағынбайұлы Орнықбай 1907 жылы Алматы облысы, Кеген ауданында туған. Әкемнің әкесі Сағынбай еліне елеулі азамат болған. Сол кездегі көптеген қазақтар секілді қарапайым, өзінің адал еңбегімен күн көрген орташа дәулеті бар адам болған. 1928 жылы байлардың мал –мүлкін тәркілеу басталғанда ірі байлар ертерек қамданып, мал мүлкін алтынға айырбастап, тығып үлгеріп, жазалаудан аман қалғанда өшін кімнен аларын білмеген кеңес үкіметінің «шолақ белсенділері» Сағынбай секілді орта шаруаларды қудалаған. Сағынбайға 20 (жиырма) тонна ет салығы салынған. Бар малын сол ет салығына беріп, сотталудан аман қалған. Әкемнің өзі Орнықбай 1932 жылы үкіметтің адамдарымен азықсыз қалған халыққа талғажау болсын деген ниетпен Монғолиядан мал айдап әкелуге барған.

Сол сапарынан қайтып келген соң үкіметтің бет алысын байқап, оның үстіне аштыққа ұрына бастаған туысқандарының жағдайын көріп, 1932 жылдың күзінде Қытай мемлекетіне жан сауғалауға мәжбүр болған. Қытай мемлекетінің Іле қазақ ауданын мекендеп, Құлжа маңында орналасқан қазақ ауылдарының арасына қоныстанған. Кеңестен қашқан қазақтар өздерінің төлқұжаттарын лақтырып тастағанда, әкем Орнықбай өз паспортының номерін жаттап алыпты. Сол кеткеннен 1963 жылы шекара ашылып, халық Қазақстанға орала бастағанда шекарадан паспорты барлар ғана кері өткізіліпті. Әкем жаттап алған төлқұжатының номері Таушелектегі түбіртегімен дәлелденіп, аман-есен туған жеріне оралыпты».

«Мәметқұл қызы Шариқан 1924 жылы туылған. Бес ұлдан кейінгі жалғыз қыз, ата-анасы өте дәулетті адамдар болған, 1928 жылы байлардың мал-мүлкін тәркілеу кезінде жазалауға ұшырап соқыр лағы да жоқ кедейге айналып шыға келген. Содан қолдарындағы алтын-күмістің қоры таусылып, 1932 аштық

жайлай бастағанда Қытайға қоныс аудару жөнінде шешім қабылдап, бір түнде ауылымен үдере көшіпті. Шариқан әже ол кезде 8 жастағы бала, барлығы көз алдымда, санамда сақтаулы деп отыратын.

Қашып келе жатқан ауылдастар тау арасында аңдып тұрған қызылдардың жасырын кеденіне тап болып, пулемет оғынан аман қалған 40 шақты адамның ішінде әжейде жаяу жалпы қашқан жұртпен ілесіп, ағаларымен Қытай шекарасына ілініпті. Ол жақта қазақтарды аңдып отыратын қалмақтарға тап болып, барлығының үстіндегі сырт киімін тонатып алыпты. Қалмақтар қарсыласқан еркектерді өлтіріп, қалғандарын бір шұңқырға иіріп, үстеріне киіз жауып жатқызып, екі қалмақты қарауылға қалдырып кетеді. Қазақтардың арасында қалмақша түсінетін бір жігіт, бұлар біздің киімдерімізді қытайларға сатуға кетті, одан жүн-жүн ішіп мас болып ұйықтайды, таңға дейін біраз уақыт бар сол мезетті пайдаланып қашайық, әйтпесе бізді де өлтіреді дейді. Қараңғы түскенін пайдаланып, екі қалмақты буындырып өлтіріп, тірі қалған қазақтар көйлек- дамбалмен жалаң аяқ, жалаң бас ішке қарай қаша береді. Таң атқанша жүріп, жарық түсе қайта тығылып, біраз жерді артқа тастап келе жатып иесіз тұрған бір қыстауға тап болады. Сол қыстауда түнеп шығады. Әбден әлсіреген үлкендер ұйықтап жатқанда әжей (кәшкене қыз бала ғой ол кезде) ерте оянып кетіп қыстаудың артында үйілген сабан шөп бар екен, сол шөпке қораның аласа төбесінен бірнеше рет секіріп көреді. Соңғы секірген кезде аяғы тізесіне дейін шұңқырға кіріп кетіп суырып алғанда жабысқан бидай дәнін көреді. Қуанғаннан айғайлап жіберген даусын естіп шыққан үлкендер бидайды көріп жылап жібереді, жейделерін шешіп, жаға жеңін буып, көтергенше бидай салып алады.

Бір жеңгесі елден кетердің алдында әлдеқандай күн болады деп, іш киімінің ышқырына тайтұяқ алтын тігіп алған екен. Сол алтындарын Қытай жерінде бұрыннан мекендеген қазақтардан 10 шақты бас ірі малға айырбастап алады. Иесіз қыстаудан табылған сол бидай мен тайтұяқ алтын бізді аштықтан аман алып қалды»- дейтін әжем [2]. Кейін ер жеткен соң Сағынбайұлы Орнықбай атамызбен кездесіп, қосылып елге аман келіп, өмірге ұрпақ әкеліп ел қатарлы тіршілік жасаған. Қазір ұрпақтары Қазақстанда, ел экономикасы мен мәдениетін дамытуға өзіндік үлестерін қосуда.

Тәркіленген байлар қыс мезгілінде жер аударылады, қараша, желтоқсан айында жолға шыққан адамдар межелі жеріне жете алмай боранға ұшырап, бала-шағалары жолда өлгені де бар. Қазақтар 1931 жылдың аяқ кезінен бастап қонысынан ауып, бір ауданнан екінші ауданға және Қазақстаннан тыс жерлерге көшіп, көктемге қарай бұл көшу күшейе түскен еді де, ал 1932 жылдың жазында қонысынан ауғандардың бір бөлігі (қолданылған шаралар нәтижесінде) мекендеріне қайтып оралған болатын, осы қонысынан ауа көшу қайтадан белең ала бастайды. Аштық пен індеттің салдарынан бірақтар қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында адамдардың қырылып жатқаны сонша, бұл мәселе орталық органдардың шұғыл араласуын қажет етеді. Қазақстанда қазақ халқының белгілі бір бөлігі душар болған мұндай мүшкіл жағдай өзге өлкелердің не өзге республикалардың ешқайсысында болған жоқ. Қазақ халқының саны жағынан әр жерде әрқалай қырығынға ұшырап жатқаны жөніндегі мұндай

мысалдарды басқа да бірқатар қазақ аударынан келтіруге болады. Әсіресе, балалардың арасында өлім-жітім көп. Қоныстарынан ауғандардың көпшілігі балаларын тағдырдың тәлкегіне тастап кетуде. Өзге өлкелерге қоныс аударғандардың өздерімен бірге балаларын ала келгендері некенсаяқ. Қазақстанның қалалары мен темір жол станцияларында қаңғып қалған панасыз балалар қаптап жүрген [3].

Қазақстанда кеңес үкіметі орнағаннан кейін, әсіресе Ф.Голощекин басшылық жұмысына келгеннен кейін жергілікті ұлтты отырықшыландыру жоспары қолға алынып, бұл идеология қазақтардың дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығын отырықшылыққа немесе егін шаруашылығымен алмастыруға және рулық құрылымды түпкілікті жоюды әкімшілік жолмен жүзеге асыруды қолға алғандығы белгілі. Ең ауыр кезең 1931 жылғы жаппай ет дайындау науқаны болды. Елу миллионға жуық мал басы сегіз миллионға дейін кеміді. Отырықшыландырудың мал басының азаюына әкелуі экономиканың тұралап қалуына соқты, салдарынан халықтың босқыншылыққа ұшырап көшіп-қонуы басталды. Бір миллиондай қазақтар көрші республикаларға және алыс, жақын шет елдерге көшіп кетуге мәжбүр болды. Олардың кейбіреулері елге қайтып келсе, көпшілігі сол елдерде қалып қойып, қазіргі мезгілде қазақ диаспорасын құрап отыр. Біз тілдескен Сағынбай ата ұрпақтарының әңгімесі осының айғағы. Кеңес үкіметінің шаруашылық саласы мен ұлттық мәдениетімізді күштеп құртуы қазақ халқының қабырғасын қайыстырып кеткені тарихымыздың ақтандақ беті, жазылмас дерті деп есептейміз.

Сталиндік диктатураның құрбаны болған, қуғын-сүргін көргендердің қасіреті тек жекелеген адамдардың емес, дәуір қасіретінің бір бөлігі. Кеңес үкіметі кезінде қуғынға ұшырамаған бірде-бір отбасы болмады десек артық айтқандық болмас. Әр қудаланған азаматтың артында бүкіл ұрпақтың тарихы жатырғандығы белгілі. Жазықсыз жазаланған, тағдыр тәлкегіне ұшырап басқа елден пана іздеп босып кетуге мәжбүр болған азаматтардың ұрпағымен кездесіп, мәліметтер алып, тарихи дерек көздерін жинақтау барысында қазіргі кезге дейін дақ боп түскен жараның жазылмағандығы байқалады.

Зұлмат жылдарында аштық пен жазықсыз қудалаудың азабын тартса да қазақ халқы жойылып кету қаупінен құтылып, біртұтастығын сақтап қалды, рухы асқақтай түсті. Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін, олар туралы мәліметтерді толық ашып, бір жүйеге келтіру жұмысы ұзақ уақытты қажет ететіні белгілі. Құпиясыздандырылмаған, ашылуға рұқсат етілмеген қаншама құжаттар жатыр, тасасында қаншама адамның тағдыры атаусыз қалуда. Қазақ елі үшін басын қатерге тіккен азаматтарымыз бен азаматшаларымыздың есімдерін іздестіріп олардың тағдырын бүгінгі ұрпақ санасына таныту үшін ұзақ уақыт зерттеу жұмыстарын тоқтатпай жүргізу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қыстаубаев З. Нәубет –Алматы: Жалын, 1990 ж.-448 б.
2. Сағымбеков М. О. Информатор-Алматы қаласы, 2023 ж.
- 3.Абдірайымов С. Қазақ қалай аштыққа ұшырады. Алматы «Қазақ университеті»,1991 ж.-208 б.

ЖАДЫДАН КЕТПЕС ҚАСІРЕТ

Қазақ халқының басынан өткен ашаршылық, тәркілеу, ұжымдастыру науқандарының салдарынан саяси қуғын-сүргінге ілінген қандастарымыздың тағдыры, ұлт боп ұйысқан қазақ халқының тіршілік қалыбын бұзғандығы белгілі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығы жарық көріп, онда басты міндетті – халықаралық стандарттар негізінде саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруді, олардың есімдерін халық пен ұрпақтарына қайтару міндетін қойған болатын.

Тарихтағы қазақ халқының басынан өткізген қилы тағдырларының қиын тұстарын архив құжаттары арқылы жан-жақты талдауына, келер ұрпаққа шынайы да, ғылыми дәлелденген фактілер негізінде дәйекті деректі ұсыну - тарихшылардың, зерттеушілердің парызы болмақшы.

Ұлттық тарихты дәйекті нақыштаудың жолы ұсынылып, өткеннің алдындағы борыш және келешектің алдындағы жауапкершілік деп ұғынуға мүмкіндік берді.

Тарихта болған жетістіктер мен кеткен ағаттықтарға объективтік баға берілуінің негізі, қоғам үшін өткенін ұмытпау – ертеңін өзгеше көру, қорқынышсыз өмір сүру, ауадай қымбат еркін өмірдің қадірін түсініп, соған қол жеткізу екені даусыз.

Атырау өңірінің архивтеріндегі қор құжаттарында өлкеде болған қуғын-сүргінге қатысты деректер көп-ақ.

Архивтік деректерді саралай отыра, қарапайым халықтың отаршыл жүйеден шеккен қасіретін, «халық жаулары», «сатқындар мен шетел жансыздары», «ұлтшылдар», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген желеумен елдің бас көтерер азаматтарының құртылғанын, осы саяси науқан кезінде ағайын мен ауылдас арасында аяқтан шалу, жала жабу сияқты жағымсыз әрекет кең етек алып, соңы жаппай тұтқындауға ұласқанын байқайсыз.

Қазақстанда БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті 1937 жылы 4 ақпанда «Антикеңестік троцкистік орталық үдерісінің қорытындысын түсіндіру туралы», 1937 жылы 19 қарашада ҚКП (б) Орталық комитеті бюросының репрессияланған антикеңестік элементтер санын көбейту туралы, осы жылғы 3 желтоқсанда БКП (б) Орталық комитеті Қазақстан ҚКП (б) Орталық комитетінің Қазақстан бойынша репрессияға ұшырағандар санын ұлғайту туралы шешім қабылданып, бұл құжат Қазақстанның барлық облыстары мен аудандарында талқыланып, Қазақстанда партия – кеңес қызметкерлерін жаппай қудалау қарқынмен жүргізілген.

1938 жылы Гурьев облысынан берілген ақпараттарда мектептерде мұғалімдердің арасынан «өзге пиғылды» адамдардың шығуы, сонымен қатар мұғалімдер тарапындағы жеке жағымсыз көріністер, облыстағы мектептердің бөтен, антисоветтік элементтердің айтарлықтай пайызды құрап отырғаны аталып: Гурьев педагогикалық колледжінде, мұғалімдердің жалпы санынан – 15 адам «дұшпандық және жат элементтер» екені, Стеркина деген мұғалімді көпестің қызы болғаны айтылса, география пәнінің мұғалімі Байтауовты Алашорданың старшинасының, байдың ұлы екені, әскери іс пәнінің мұғалімі Серебряковты бұрынғы кадет корпусының тәрбиеленушісі болғаны, химия-биология пәнінің мұғалімі Борисевичті саудагердің қызы, бұрынғы менышевик деп, неміс тілі мұғалімі Жукованы анархист десе, 4 мұғалімнің күйеуі контрреволюциялық әрекеті үшін қуғын-сүргінге ұшырағанын негізге ала, жоғарғыда аты аталған мұғалімдерді де «жат пиғылды» элементтер деп қуғындауды ұсынған.

Аудан мектептеріне жеке –жеке тоқтай келе, Жилокоса ауданы бойынша: мұғалімдердің жалпы санынан 22 адам болса, «бөтен пиғылды» 4 адамды атап, оларды «байлардың ұлдары, жат пиғылды элементтер» деп, осындай ұстаздардан ұжым арасында алауыздық туындауы мүмкін екендігін, мектептерде тәрбие жұмысы жүргізілмей, плакат, ұран, жетекшілердің портреті ілінбегенін, теріс пиғылды адамдардың кері әсері ретінде көрсетеді.

Бақсай ауданы бойынша, Сарайшық мектебінде мұғалімдердің жалпы саны 17 адам болса, 9 адам «қоғамға жат элемент» деп, антисоветтік көріністерде көзге түскенін, мектеп директоры Құрманбаевтың молда баласы екенін, мұғалім Құнысовты молда деп, қалғандары алашордалықтар, байлардың балалары, кейбіреулері контрреволюциялық қызметі үшін қуғын-сүргінге ұшырағандардың әйелдері деген анықтама береді.

Еспол ауданында Кулагин атындағы орта мектепте мұғалімдердің жалпы санынан 46,6 пайызы «жат элементтер» , Елтай және Горская мектептерінде «жат элементтер» пайызы Кулагин мен бірдей деп, байлардың ұлдары, алашордашылар десе, Доссор ауданына тоқталып, аудан мұғалімдердің жалпы санынан 13 адам, БК(б)К-ның бірде-біреуі мүшесі еместігін, оның ішінде «бөтен, жау элементтері» 3 адам екенін, неміс тілі пәні мұғалімі Искандерян Германиядан ол саусағына тағуға фашистік белгісі бар сақинаны әкелді деп күдік туғызар анықтама береді.

Ал облыстағы Денсаулық саласының жұмысы туралы берген ақпаратта Гурьев облыстық денсаулық сақтау басқармасының жұмысы үлкен алаңдаушылық туғызатынын, Теңіз өңірінде індет өршіп тұрған тұста облыстық денсаулық сақтау басқармасы індетпен күресуге мүлдем қауқарсыз екенін, Жилокосин, Мақат өңірлеріндегі жұқпалы ауруларға облыстық денсаулық сақтау басқармасы да төтеп бере алмай отырғанын, медициналық мекемелердің құрылымы анық «жау элементтеріне» толы деп, оған Кузьмин / Гурьев облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы/ соншалықты үйреніп қалған, оны тазарту туралы ойламайтынын, аппараттағы кадр халық жаулары, троцкийшілер екенін, мысалы Кузьмин троцкийші Гросс деген дәрігерді 1937

жылы Орал қаласынан Гурьев қаласына әкеліп, жұмысқа орналастырғанын, сол Гросс тұтқындалып, контрреволюциялық әрекеті үшін сотталғанын, Колчактың контр-барлау офицері болған, дәрігер Мейсель Кузьминнің қамқорлығымен контрреволюциялық қызметін жалғастырғанын, одан жауап алу кезінде шетелдік барлау агенті ретінде тұтқындалған Мейсель әрқашан Кузьминнің қолдауы мен қамқорлығында болғаны туралы жауап бергенін айтқан.

Гурьев облыстық денсаулық сақтау басқармасында қызмет ететін «жат пиғылды элементтерді» тізбектеп, қалалық ауруханада тәжірибелі дәрігер болып жұмыс істейтін Радзиевскаяның күйеуі контрреволюциялық әрекеті үшін сотталған адам екенін, рентгенолог болып жұмыс істейтін Сүндетов байдың баласы екенін, жедел жәрдемде істейтін дәрігер Огаркованы контрреволюциялық қызметі үшін репрессияға ұшыраған адамның әйелі екенін, дәрігер Шепиловтың әкесі контрреволюциялық әрекеті үшін атылғанын, Ганюшкино селосындағы фельдшерлік пунктте екі фельдшер Растегаев пен Трусовты белсенді ақ гвардияшылар, кулактар деп анықтама берген. Осындай «қоғамға жат элементтердің» жұмыс жасауына облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Кузьмин немқұрайлылық танытып отырғанын, қылмыстық жауапкершілікте болуы керектігі жөнінде айтылып, «денсаулық сақтау саласындағы Кузьминнің жұмысы оңшыл-троцкийшіл ұйымның міндеттеріне толық сәйкес келеді» деген тұжырымдама берілген.

1938 жылғы Гурьев облысы бойынша УНКВД УГБ партия ұйымының жабық партия жиналысында НКВД облыстық басқармасы басшылығының Ромейко мен оның сыбайласы Низульконың мұнай және балық өнеркәсібінде «халық жауларын» қолдап отырғанын, Гурьев облысындағы Борат өнеркәсібінің «Индерборстрой» мекемесін табиғи байлығы жөнінен әлемдегі екінші орындағы өнеркәсіп екенін, бұл кәсіпорын шетелдік барлау агенттіктері басқарып отырғандығын айтылады.

1938 жылы 15 мен 23 мамыр аралығында өткен партия конференциясында жекелеген делегаттардың Михайловтың, Черников пен Хасеновалардың сөйлеген сөздерінде Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы мен оның бөлімшелерінің жұмысын аяусыз сынға алып, облыстық ұйым басшылығына еніп кеткен жау элементтері бар екенін, оның ішінде Михайлов деген: Гурьев партия ұйымы конференция барысында айтылған сын үлкен оқиға екенін, Сталиннің жетекші кадрларды іріктеу мәселесіне Қазақстандағы партия ұйымының басшылығы әдейі мән бермей отырғанын, халық жауы Мирзоян жан-жақтан өз адамдарын басшы қызметтерге қойғанын, аудандық атқару комитетінде қызмет еткен Ақботин, Сафарбеков, Сидоров, Орумбаев, Резниковтарды Мирзоянның құйыршығы «халық жаулары» болғанын, Мирзоянның өзіде Отанын сатқан сатқын деп, оның Құлымбетовты, Сәдуақасовты және басқаларды қорғағанын, «Прикаспийская коммуна» газеті шетелдік тыңшылық жұмыспен айналысып отырғанын, бас редакторы Патрикеевті «қоғамға жат элемент» деп сынға алады. Сол конференцияда сөз алған Резников: *«Я как член партии преданный делу партии категорически заявляю, участником подобных разговоров никогда не был. Никого родства у*

меня и по линии моей бывшей жены не было, если не считать только национальность (жена была армянка).

Меня называют хвостом Мирзояна, я этого никогда не скрывал и должен сказать, тот кто меня знает может подтвердить, что я был очень плохим хвостом Мирзояна, потому, что всегда считал и считаю себя прежде всего большевиком. Я долгое время воспитывался комсомолом и затем партией и знаю, что подобные вещи чужды большевизму и всегда приводят человека подверженного этими слабостями в гнилое болото обывателей» деп жауап берген.

Конференция тартысты жағдайда өтіп, төрт «халық жауын» әшкерелеумен қатар, (Сидоров (бюро хатшысы), Патрикеев (облыстық газет редакторы), Андреев (Мақат ауданы партия хатшысы, Федоров (редакция хатшысы) сонымен қатар конференция басшылығына саяси сенім бермеген 1-ші хатшы Өтеғалиев пен Гутинді конференцияның президиумнан алып тастап, Гутин бір күннен кейін делегаттық мандатынан айырылып, коммунист ретінде оған саяси сенімсіздік білдіріледі.

Бұл деректерді саралай отыра, репрессияның жалғасы «тазалау» қарқынды жүргізілгені көрінеді. Көптеген адамдар «байлармен байланысы бар», «молданың ұлы» деген желеумен қуғынға ұшырап кете барған. Округтік комиссия мүшелігіне кандидаттардың тізімдерін тексеру барысында кейбір тұлғаларда мынандай деректер анықталып, Бақсай ауданы бойынша Таңдайдан Ахмедов Ибат – «қауіпті элемент, жау тыңшысы» желеуімен НКВД органы соттаған Мұқатов Төлебайдың жақын туысы, Хасанов Аишты «қауіпті элемент» деп, Қуанышев Ахметті байдың қызына үйленген деп, Жалғансайдан Ныгметов Қайымды, Таспулаев Жұмашты Манаш ауылында байлармен тығыз байланыста болған, Қалмұхамбетов Мұхамбетті «қауіпті элемент» деп, Еспол ауданы бойынша Есқалиев Көшен, Кенжеғалиев Идрекен, Көшенев Рамазан, Қалиев Сайдыкен және Жакиев Жаршығалиды «қауіпті элемент» қатарына қосып, сенімсіздік білдірілген.

Гурьев окружкомы НКВД басшысы Низюлькоға Ескине кен орнында директор болып істейтін Ілиясов Алғазыны молданың баласы екені туралы ақпарат беріп, әкесі Ілияс молда 1917-1918 жылдары ақ гвардияшы генерал Толстовты қолдау мақсатында Мақат кен орны жұмысшыларына ашық контрреволюциялық үгіт жүргізіп, ақтар Мақатқа жеткенде Ілияс молда халық арасында өте танымал болғандықтан қолына құран ұстап, жұмысшыларды ақтар жағына өтуге шақырды деген, сонымен қатар балаларға мұсылмандық дінді үйретумен айналысып, халық арасында әдет-ғұрыптар жасап, діни дәрі-дәрмек таратады деген ақпарат береді.

Сонымен бірге, райкомның қызметкері Ілиясов Халеннің де сол молданың баласы екенін, Ілиясов Алғазының інісі екені, олардың (Ілиясовтар) бір-бірімен шыққан тегін де, туыстық қатынасын жасыратыны туралы мәліметтер беріп, қуғынға ұшыратуға негіз бергендей.

Архивтің бір ғана қордағы бір жылдағы екі айдың құжаттарын ғана саралай отыра, бір ауылдың адамдары арасында аяқтан шалу, жала жабу сияқты

жағымсыз әрекеттерден қаншама адамның аты аталып, арты жаппай тұтқындауға ұласқанын байқайсыз.

Құжаттардағы аты аталған қаншама адамды «қауіпті элемент» қатарына қосып, сенімсіздік білдірілгеннің соңы саяси репрессияға ұласып, Алланың берген өлшеулі өмірінде қаншама жанның жапа шеккенін, тағдырларының күл талқан болғанын бағамдайсыз.

Зұлматты жылдардағы жазықсыз жапа шеккендердің әрқайсысының тағдыры жеке-жеке тарих...

Сол зобалаң саясаттың кесірінен қаншама ұрпақ талай уақыт бойы елім деп еңіреген тұлғаларын Отанын сатқан жау қатарында санап өсті...

Тарихи жадты мемлекеттің тарихи саясаты жасайтындықтан, тоталитарлық режимнен саяси террор құрбаны болған қаншама жанның төгілген қаны, құрбан болған жаны, тәлкекке ұшыраған тағдыры - халық жадында қалмақ.

Сарбаев Д.Д.,

*С.Бәйішов атындағы университетінің аға оқытушысы,
Педагогика ғылымдары бойынша
тарих мамандығының магистрі*

Даулетьярова Т.Ш.,

*Ақтөбе Жоғары политехникалық
колледжінің арнайы пән оқытушысы
(Ақтөбе қаласы)*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ТЕЖЕУЛЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

Қазақстан тарихы бойынша деректемелердің бір үлкен тобы кеңестік кезеңнің баспасөз жарияланымдарынан тұрады. Қазақстанда 1920-жылдары жарық көрген алғашқы құжаттық-деректі басылымдар РК(б)П Жарғысы, бағдарламалық құжаттары, жекелеген нұсқаулары, Кеңес үкіметінің декреттері болды. РК(б)П - БК(б)П - КОКП Орталық Комитеті мен оның Қазақстандағы комитеттерінің қаулылары мен шешімдері белгілі бір міндеттерді шешуде олардың Пленумдарының, мәжілістері мен съездерінің нұсқауларымен бірдей басшылыққа алынып, Коммунистік партияның билігін жан-жақты нығайтуды мақсат етті. Партиялық және мемлекеттік дербес екі жүйесінің құрылуы Қазақстандағы тарих ғылымының дамуына кері әсерін тигізді. Соған сәйкес, ғылымның екі бағыты – жетекші-бағыттаушы партиялық ғылым мен оған бағынышты азаматтық тарих ғылымы қалыптасты.

Коммунистік партияның қол шоқпары болған тарих ғылымының дамуы туралы төмендегідей басылымдарда жарық көрген мемлекеттік құжаттардың жариялынымының түп нұсқасында көрсетілгендей Қазақстандағы тарих ғылымының тоталитарлы саясаттық жүйенің толықтай бақылауында болып, тұралағандығын анық байқатады.

Кеңес үкіметінің Бүкілодақтық коммунистік партиясының хатшысы И.Сталин "Егер Ұлы Ресейдің тарихы КСРО-ның басқа халықтарының тарихынан алшақтамаса – бұл біріншіден және КСРО халықтарының тарихы жалпы еуропалық және жалпы әлемдік тарихтан алшақтамаса-бұл екіншіден" КСРО-ң Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) Орталық Комитетіндегі тарих ғылымының майданында КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқытудың маңыздылығына мән бере отырып, КСРО мен БКП(б) ОК Халық Комиссарлары Кеңесі 1934 жылы 16 мамырда "КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы, «Бізге КСРО тарихының осындай оқулығы қажет"-деп арнайы қаулы қабылдады және жариялады. Бұл қаулыда Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (б) ОК КСРО мектептерінде тарихты оқытудың қанағаттанарлықсыздығын атап өтті. Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) ОК тарих оқулықтары мен оқытудың басты кемшіліктері оларды алаңдататынын, болмыстық сипаты бар екенін анықтады.

Азаматтық тарихты маңызды оқиғалар мен деректерді кезеңдік дәйектілікпен баяндай отырып, шынайы түрде оқыту, тарихи тұлғалардың сипаттамасымен оқушыларға әлеуметтік-экономикалық құрылымдардың деректі анықтамалары ұсынылады, осылайша азаматтық тарихпен байланысты бейімделуін маңызсыз әлеуметтанулық болмыстардың орынымен алмастырады. (Халық Комиссарлары Кеңесінің және БКП (б) ОК 1934 жылғы 16 мамырдағы қаулысынан).

Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) ОК оқушылардың тарих курсын игеру беріктігінің шешуші шарты тарихи-кезеңдік талаптарды сақтау болып табылатынын атап өтті, маңызды тарихи кезеңдерді міндетті түрде бекіте отырып, тарихи оқиғаларды баяндауды оқушылардың жадында қалдыруды реттеу. Тек осындай тарих курсы студенттерге тарихи деректердің қол жетімділігін, көрнекілігі мен нақтылығын қамтамасыз ете алады, соның негізінде тарихи оқиғаларды дұрыс талдау және дұрыс хабарлау студенттерді тарихты марксистік бағытта түсінуге жетелейді".

Осыған сәйкес 1935 жылдың маусымына жаңа тарих оқулықтарын дайындау туралы қаулы шығарылды: а) Ежелгі әлем тарихы; б) орта ғасырлар тарихы; в) Жаңа тарих; г) КСРО тарихы; д) тәуелді және отаршыл елдердің жаңа тарихы. Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (б) ОК жаңа оқулықтар жасау үшін 5 топ құруды ұйғарды және осы топтардың жеке құрамын бекітті.

1934 жылы 9 маусымда БКП (б) ОК және КСРО Одағының Халық Комиссарлары Кеңесі бастауыш және кіші орта мектепте КСРО тарихының бастауыш курсын енгізу туралы мәселені шешіп, КСРО тарихының қарапайым оқулықтарын құрастыру бойынша топтар ұйымдастырды.

1934 жылы 14 тамызда БКП (б) ОК және КСР Одағы ХКК Сталин, Киров және Ждановтардың КСРО тарихы мен жаңа тарих туралы жаңа оқулықтардың мәтіні туралы айтқан ескертулерін мақұлдады. Бұл ескертулерде мәтіндер жан-жақты талданып, қатты сынға алынды, бұл ретте КСРО тарихы туралы мәтін айтарлықтай қанағаттанарлықсыз жасалды.

Сталин, Киров және Ждановтардың ескертулері мәтіндер мен дайындалған оқулықтарды қай бағытта қайта қарау керектігін жан-жақты көрсетті. Қандай да болмасын, кемшіліктердің кесірінен жаңа тарих оқулығының қысқаша мәтіні зардап шекті. Алайда, КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитеті қазір ХКК мен Орталық Комитеттің қарауына ұсынылған тарих оқулықтары көбіне қанағаттанарлықсыз, жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден зардап шегуді жалғастыруда. Профессор Ванагтың тобы ұсынған КСРО тарихы бойынша оқулық, сондай-ақ Минц пен Лезинский топтары ұсынған бастауыш мектепке арналған КСРО тарихының бастауыш курсы бойынша оқулықтар өте сапасыз құрастырылған.

Тарих бойынша жазылған оқулықтарды қайта өңдеу үшін Халық Комиссариаты мен БКП ОК (Б) құрамында Т. Т. Жданов (Төраға), Радек, Сванидзе, Горин, Лукин, Яковлев, Быстрянский, Затонский, Файзулла Ходжаев, Бауман, Бубнова және Бухариндерден құралған комиссиясын құру туралы қаулы шығарды. Бұл комиссияға жеке оқулықтарды қарау үшін топтар ұйымдастыруға, сондай-ақ комиссия тарапынан түбегейлі қайта қарауға жататын оқулықтардың орнына оқулықтар байқауын жариялауға құқық берілді.

Халық Комиссарлары Кеңесі мен Орталық Комитеті Сталиннің, Киров пен Ждановтың ескертулерін және осы мәселе бойынша басқа да мәліметтерді баспаға шығаруға шешім қабылдады. Ең алдымен, КСРО тарихының бастауыш курсы және жаңа тарих бойынша оқулықтар қаралуы керек.

КСР Одағы ХКК төрағасы БКП (б) ОК хатшысы В.Молотов және Сталин. 26 қаңтар 1936 ж. [1]

Қазақстан тарихы ғылымы – дүние жүзі халықтары тарихының бір саласы болып табылады. XX ғасырда тарихи деректерді зерттеу мен пайдалану жөнінен тарихшылардың, мұрағатшылардың, қоғамтанушылар мен гуманитарлық ғалымдардың біріккен бай тәжірибесі жинақталды.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында тарихи деректерге қатысты білімнің жаңа салалары — мұрағаттану, деректану, археография, құжаттану ісі жолға қойылды. Мұрағат қорларын қалыптастыру мен оларды ғылыми-танымдық мақсаттарда пайдалану ісінде оң өзгерістер көрініс тапты. Осының бәрі тарихи деректердің ғылым мен рухани құндылықтардың ерекше маңызды саласы ретіндегі мәнінің өсуіне қызмет етеді. Жетістіктеріміздің нәтижесінде Қазақстанның тарих ғылымын ешбір алаңдаусыз дамытуға қол жеткізіп отырғанымызды үлкен жеңіс деп есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Актюбинская правда», 1936 жыл, 29 қаңтар, № 23 (1120), Мекен жайы: Ақтөбе қаласы, Ленинская, 29.

Шардарбекова Г.С.,
Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихы
мемлекеттік архивінің басшысы
Мунашева Ж.Б.,
педагогика ғылымдарының кандидаты
Орталық Азия инновациялық университеті
Жолдасбек А.С.,
магистр
Орталық Азия инновациялық университеті,
(Шымкент қаласы)

СЫРДАРІЯ ГУБЕРНИЯСЫ БОЙЫНША ІРІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ АУҚАТТЫ БАЙЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУ

Қазақстан Республикасы Президентінің 240 қараша 2020 жылғы №456 Жарлығына сәйкес «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаны белгілі. Соған сәйкес облыс, қала көлемінде комиссия құрылып, архивтік зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ауқатты байлардың мал мүліктерін тәркілеуді архивтік деректерге негіздеп баян етейік.

Байлардың мал мүлкін тәркілеу – XX ғасырдың 20 жылдарының соңында «Кеңестік қызыл империяның» қазақ қоғамында «ірі, жартылай феодал-байлардың шаруашылығы мен мүлкін тәркілеу» мақсатында жүргізген саяси науқаны. Кәмпесклеу науқаны «қаймағы бұзылмай келген» қазақ қоғамының басына түскен қасіретті кезең ретінде тарихта қалды. XX ғасырдың 20 жылдары қазақ даласына орнаған кеңестік биліктің жүргізген билігі мен саяси ұстанымы, қазақ халқының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан рулық құрылымға негізделген саяси-әлеуметтік және экономикалық қатынастарын маркстік – лениндік идеология тұрғысынан қайта қарап, таптық-партиялық қағидаларға сай бай мен кедейге, қанаушы мен қаналушыға бөлуге кірісті. Бұл жағдай ұлттық бірліктің ыдыратып, қоғамдық теке-тіреске негіз болды.

Түркістан облыстық мемлекеттік, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архив қорларында ел тарихындағы оқиғаларды айғақтайтын аса құнды құжаттар сақталып келеді. XX ғасырдың бірінші жартысы қазақ тарихында жасампаздық реформалармен қатар орны толмас қайғы-қасіретті оқиғалармен сабақтасып жатыр. Сондай тағдыршешті оқиғалардың бірі – 1928-1929 жылдар аралығында жүргізілген байлардың мал-мүлкін кәмпескелеп, өздерін жер аудару науқаны еді. Тарихи оқиғалардың қисынына жүгінсек елде жүргізілген кәмпеске науқаны 30 жылдары жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргіннің бастамасы болғандығын көреміз. Бұл сөзімізге мұрағатта сақталған құжаттардың мазмұнына үңілсек көзіміз жете түседі.

Еліміздің асыл азаматтары, алаш қайраткерлері, XX ғасырдың басындағы ұлттық элитаның көрнекті өкілдерінің көпшілігі байлардың балалары болғаны жасырын емес. Дәстүрлі қазақ қоғамында байлардың атқарған саяси-әлеуметтік рөлі өте жоғары болатын. Бүкіл қоғамдық өмір осы байлардың іс-әрекетімен

тығыз байланыста өрбіді. Ал пролетариат диктатурасын орнатуға ұмтылған кеңестік биліктің теңгермешілік саясаты байларды қанаушы тап ретінде қоғамнан аластауды көздеді. Бұл мақсат тоталитарлық билікке қазақ қоғамын өз еркінше билеп-төстеуге жол ашатын еді. Сол себепті де қоғамның экономикалық өзегін құраған байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу науқаны Орталықтың жан-жақты ойластырылған саясатына айналды.

Байларды тәркілеу – XX ғасырдың 20-жылдарының соңында «Кеңестік қызыл империяның» қазақ қоғамында «ірі, жартылай феодал-байлардың шаруашылығы мен мүлкін тәркілеу» мақсатында жүргізген саяси науқаны. кәмпескелеу науқаны «қаймағы бұзылмай келген» қазақ қоғамының басына түскен қасіретті кезең ретінде тарихта қалды. XX ғасырдың 20-жылдары қазақ даласына орнаған кеңестік биліктің жүргізген билігі мен саяси ұстанымы, қазақ халқының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан рулық құралымға негізделген саяси-әлеуметтік және экономикалық қатынастарын маркстік-лениндік идеология тұрғысынан қайта қарап, таптық-партиялық қағидаларға сай бай мен кедейге, қанаушы мен қаналушыға бөлуге кірісті. Бұл жағдай ұлттық бірлікті ыдыратып, қоғамдық теке-тіреске негіз болды.

Таптық күресті жалаулатқан жаңа өкіметтің билігі мен жүргізген саясаты нәтижесінде ел арасынан «шаш ал десе, бас алатын», ар мен ұяттан безген шолақбелсенділердің қатары көбейді. Осыған орай, кәмпескелеу науқанында байлардың қатарына қазақ хандары мен сұлтандарының ұрпақары, болыс, би, молда, ишандармен қоса, азын-аулақ малы барлар да енгізілді. Кәмпескелеу тек малды тартып алумен ғана шектелмей, жылжымайтын мүліктерді, шаруашылыққа қажетті құрал-саймандарына да қамтыды. Осылайша кәмпескелеу әкені – баладан, әйелді – ерден, ерді – елден айырды. кәмпескеленгендер атадан балаға мұра болып келген атамекені мен ел-жұртынан айырып, басқа өлкелерге жер аударылды. Бұған дейін бір рулы ел болып көшіп-қонып жүрген ағайынның арасындағы арақатынас үзіліп, бірқатары мал-жаны мен ұрпағының қамы үшін бас сауғалап, үркіншілікке ұшырап, шекара асуға мәжбүр болды. Ашаршылыққа ұшырап, қырғынға тап болды. Бұл қайғы-қасіретке толы оқиғалар кәмпеске науқанының салдары еді.

I бөлім. Аталған категория бойынша большевиктік-сталиндік үкіметтің саяси қуғын-сүргін қудалауының себептері мен жағдайлары Қазіргі таңда большевиктік-сталиндік билік тарапынан жасалынған жаппай саяси репрессияның себептері мен салдарлары мұқият сараланып, қуғындауға ұшыраған азаматтардың категориялары анықталу үстінде.

1928-1929 жылдардағы ауыл халқына қарсы жаппай саяси қуғын-сүргіннің басты себептерінің бірі Кеңес өкіметінің әлеуметтік-экономикалық және саяси іс-шараларына қарсылық көрсететін байлар мен қазақ қауымдарының бейресми көшбасшыларының жойылуы болып табылады. Кремльдің негізін қалаушы Ф. Голощекиннің пікірінше, бұл қарсылықты болдырмау үшін қазақ ауылымен "Кіші Қазан" арқылы жүріп, "рулық топтардың" жетекшілерін ауыл, ауыл және ауылдық кеңестерден оқшаулау қажет. Тағы бір себеп байлардың малы мен мүлкін кедей-батырақ шаруашылықтардың пайдасына қайта бөлу туралы идея

болды, осылайша қазақ ауылын бөлшектеуге негіз болды. Қазақ ауылын қоныстандыру жөніндегі науқан шеңберінде Кеңес аппаратын халық бұқарасына жақындату, жергілікті халықты басқарудың тиімділігін арттыру мақсаты көзделді. 1929 жылдың соңынан бастап Кеңес өкіметі "байлар мен кулактарды тәркілеу" деп аталатын жаңа науқан әзірледі. Бұл іс-шара ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, РСФСР-дің өнеркәсіптік аудандарын қамтамасыз ету үшін жергілікті тұрғындардан астық және ет өнімдерін алу бағытында күш-жігермен жүргізілді. Тәркіленген мал, ауыл шаруашылығы құралдары, байлар мен кулактардың мүлкі жаңадан ұйымдастырылған колхоздардың бөлінбейтін қорларына берілді.

II бөлім. Аталған категория бойынша саяси қуғын-сүргін бастауына негіз болған басшылықтың (Ленин, Сталин, Голощекин және т.б.) нормативтік-құқықтық актілері, нұсқаулықтары Саяси себептер бойынша классикалық қылмыстық қудалаудан, жер аударудан, мәжбүрлі еңбекке тартудан бастап, жалпы қылмыстық немесе террористік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартумен аяқталатын түрлі тәсілдер мен құралдар Кеңес өкіметінің қарсыластарына қарсы күрес құралдары болып табылады. 1919 жылы В. И. Ленин «артық нанды ұстап тұрған шаруалар мен басқа буржуазияға қарсы аяусыз, террористік күрес пен соғыс жүргізу керек» деп жариялады. Бұл тұрғыда партия мен мемлекеттің саясатына қарсылық білдірген кез-келген ауыл тұрғыны халықтың жауы болуы мүмкін, өйткені бүкіл «шаруа ортасы кулактар тәріздес». Сталиннің ауқатты және бай шаруа қожалықтарына ойластырылған және дәйекті көзқарас туралы сендіруіне қарамастан, іс жүзінде аграрлық сектордың осы бөлігін жоюға бағытталған жедел саясат жүргізіле бастады.

Өз кезегінде Голощекин "құрамында мәдени-артта қалған ұлттары бар Қазақ республикасында осы уақытқа дейін өткізілген іс-шаралармен революцияға дейінгі ескі қарым-қатынастар әлі де тиісті дәрежеде өзгертілмегенін, Қазақ республикасында Кеңес өкіметінің жұмыс істеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қазіргі таптар мен бұрынғы артықшылықты топ өкілдері ауыл мен қыстақта Кеңес өкіметінің негізгі іс-шараларын өткізуге кедергі жасайды, қаскөйлікпен үгіт жүргізеді, кедейлердің рулық қатынастары мен экономикалық тәуелділігін пайдалана отырып, ұлтаралық және рулық алауыздықты қоздырады және сол арқылы республиканың экономикалық және мәдени даму қарқынын тежейді» деп атап өтті. Меншікті алып қоюды, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік кемсітушілік көріністерін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету ҚазССР Орталық Атқару Комитеті мен ХКК-нің 1928 жылғы 27 тамыздағы "бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы" қаулысы болды, осыған сәйкес Адай округін, бұрынғы Жетісу және Сырдария губернияларының мақта өсіретін аудандарын және Қара-Қалпақ автономиялық облысын қоспағанда, бүкіл республика бойынша ауқаттылығы әртүрлі деңгейдегі шаруашылық иелері экспроприациялауға ұшырады, жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өздерінің мүлктік және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге кедергі келтіретін

байырғы тұрғындардан неғұрлым ірі малшылар көшіріледі. Қаз АКСР Орталық Атқару Комитеті мен ХКК-нің 1926 жылғы 20 мамырдағы «Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы», 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік қайта құруды нығайту және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» декреттер.

III бөлім. Аталған категорияның жалпы сипаттамасы және оның топтарға бөлінуі 1928 жылы тамызда тәркілеуге және шығаруға жататындар:

а) көшпелі аудандарда ірі қара малға аударғанда 400 бастан астам, жартылай көшпелі аудандарда 300 бастан астам малы бар, олардың айналасындағы халыққа қатынасының болмашы сипатына байланысты әлеуметтік қауіпті болып табылатын немесе рулық артықшылықтар мен экономикалық үстемдікті пайдалана отырып, ауылды кеңестендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге кедергі келтіретін байлар;

б) жоғарыда көрсетілген нормадан аз болса да, ірі қара мал саны бар, бірақ жергілікті билік «а» әрпінде көрсетілген жағдайларға байланысты әлеуметтік қауіпті деп таныған адамдар

в) бұрын мәртебесі бойынша артықшылықты топтарға жататын адамдар, мысалы: сұлтан, хан ұрпақтары, патша үкіметінен ерекше наградалар алған бұрынғы ауыстырылмайтын болыс басқарушылары, яғни жеке немесе мұрагерлік азаматтар атақтары, еңбек сіңірген қызметі үшін медальдар мен басқа да ерекшелік белгілері немесе оларға қандай да бір артықшылықтар беру туралы ерекше грамоталар және бұл адамдар мүлктік жағдайына қарамастан шығарылуға жатады. "А" пунктіне түскендер тәркілеу мен көшірудің 1-ші тобы бойынша, "б" және "в" пунктіне түскендер 2-ші тобы бойынша өтті, олар және олардың отбасы мүшелері автоматты түрде сайлау құқығынан айырылды. Декретке сәйкес малдан басқа бай шаруашылықтарында ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтары, көлік құралдары, зергерлік және кілем тоқу өнерінің бұйымдары тәркіленді. Жер аударылған шаруашылық иелері мен олардың отбасы мүшелерінің меншігіне малдың орташа құндылығы және бір киіз үй берілген.

1930 жылдардағы кулактарды иеліктен шығару және дебаизация категориялары. ОСК және ХКК-нің 1930 жылғы 1 ақпандағы қаулысы бойынша аймақтық (облыстық) атқарушы комитеттері мен автономиялық республикалардың үкіметтеріне кулактарға қарсы күресте барлық құқық берілді, мүлкті толық тәркілеуге және оларды тұрақты тұратын жерлерінен аудандар, аумақтар, облыстар шегіне шығаруға дейінгі шаралар қолданылды. 1-ші санаты. Бірінші санатқа революцияға қарсы кулак активі кірді. Бұл контрреволюциялық сөз сөйлеулердің қатысушылары болған шаруалар, немесе Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихаттың кез-келген түрінде байқалған немесе

күдіктенгендер. Олар қамауға алынды және олардың ісі ОГПУ желісі бойынша өтті.

2-ші санат Екінші санатты ең ауқатты шаруалар құрады, олар кулактар мен подкулактар (жанашырлар) болды. Олар елдің аз қоныстанған аудандарына мәжбүрлеп жер аударылды. Қалған "кулактар" 3-ші санатты құрады, олар өз ауданы немесе ауданы бойынша ең нашар жерлерге көшті. Екінші және үшінші санаттар бойынша кулак шаруашылықтарының тізімдері колхозшылардың батрақ-кедей жиналыстарының қаулылары негізінде аудандық атқарушы комитеттерімен құралды. 1930 жылғы 20 ақпандағы қаулыға қосымша "Ұлттық экономикалық артта қалған аудандарда ұжымдастыру және кулактарға қарсы күрес туралы" БК(б)П ОК саяси бюросының қаулысы қабылданады, онда ұлттық аудандардың ерекшеліктері ескеріледі.

Оған сәйкес өтініште, бұл:

а) контрреволюциялық бай-кулак белсенділері (бандитизм мен контрреволюциялық ұйымдардың ұйымдастырушылары, қатысушылары және сыбайластары) ең жоғары қуғын-сүргін шарасы қолданылғанға дейін аса зиянды элементтерге қатысты тоқтаусыз концлагерьлерде қамауға алынсын. (1-санат).

б) анықталған қалған кулак (бай) элементтерін шекарадан алыс, бірақ осы ұлттық Республика шегінде нашар жерлерде жаппай ұжымдастыру аудандарынан тысқары орналастыру (2-ші және 3-ші санаттар). Кулактарды тәркілеу және «кулактар» мен «байларды» көшіру 1930 жылдың қаңтар айының ортасында-ақпан айының басында басталып, 1933 жылға қарай ресми түрде аяқталды.

IV бөлім. Саяси қуғын-сүргін түрлері, формалары, жүйелік ерекшеліктері Шаруашылықтарын тәркілеу, бас бостандықтарынан айыру, дауыс беру құқығынан айыру, 1-санаттағы кулак отбасыларының отағаларын қамауға алынып, отбасы мүшелері және 2-санаттағы кулактар КСРО-ның шалғай жерліне күштеп көшірілген. 3-санатқа жатқызылған кулактар аудан шегінде колхоз массивтерінен тыс жерлерде олар үшін арнайы бөлінген жауа жерлерге қоныстандырылған. «Қазақстанның кеңес комитеті мен комиссарлар кеңесінің қаулысына» сүйенсек, біздің аймаққа кіретін Жетісу мен Сырдария округінің кісілері негізінен Орал округіне жер аударылған. Бүгінгі таңда ауыл / ауыл халқына қарсы қуғын-сүргін екі түрге бөлінеді: Қазақ мал өсірушілеріне қарсы репрессия (дебаизация процесі деп аталады) және басқа ауыл, қышпақ және ел тұрғындарына қарсы репрессия (қазақтар, орыстар, украиндар, басқа славян / еуропалық халықтардың өкілдері, өзбектер, ұйғырлар, дүнгендер және т. б. Шығыс халықтары) (кулактарды жою процесі). Қуғын-сүргін нысандары: мал мен мүлікті (жылжымалы және жылжымайтын) тәркілеу, тұрақты тұратын жерлерінен республиканың басқа аудандарына немесе одан тыс жерлерге көшіру, түзету үйлеріне қамауға алу, еңбекпен түзеу лагерлеріне (ЕТЛ) жіберу, ең жоғары жазалау шарасы (ЖМН).

V бөлім. Аталған категория бойынша жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырау нәтижелері: Күні бүгінге дейін жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінде 1928 жылдың соңы мен 1929 жылдың басында жалпы саны 228 адам қуғын-

сүргінге ұшырады. 1930-1931 жылдары 1727 адам тізімге алынды. 1930-1931 жылдары 153 адам шетелге, Өзбекстанға, оның ішінде Ташкентке – 19 бай, Бұхараға – 1, Әндіжан – 15, Жалалабад-7, Шымкентке -1, Қызыл құмға - 5, Түркістанға – 6, Қызылтуға – 46 адам, Суындыққа - 19 және Созақ -34 байдың қашып кеткені дереккөздерден белгілі. Арыс ауданы бойынша 47 қуғын - сүргінге ұшырағандардың 25,5%-ы – бай кулактар, 4,3%-ы ауқатты кулактар, 6,4%–ы орта шаруалар – кулактар, 17%-ы, байлар, 29,8%-ы, атқамінер- орта шаруалар, 14,9%-ы атқамінер-байлар, 2,1%-ы кедей отбасылар. 1931 жылы Сыр-Дарья округінің Беловод ауданы бойынша - 52 отбасы, саны 100-ден астам адам табылған (БК(б)П Сыр-дария округтік комитеті 29 қор тізімдеме.1 іс. 751).

Жалпы бүгінге дейін 05.03.1926 жылғы РСФСР-дің Қылмыстық кодексі бойынша сотталған кулактар саны – 30, олардың ақталғаны – 1, кулак балалары 2 болса, 75-ке жуық байдың аты-жөні анықталып отыр. Одан бөлек 15 бай баласының 1-еуі, 27 орташаның 2-еуі ақталған. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» жарлығының аясында архив құжаттарың негізінде Сырдария округі бойынша мал- мүлкі тәркіленген бай-кулактар саны былтырғы жылы 3090 бай-кулактың тізімі дайындалып мемлекеттік ақтауға ұсынылды. Еліміздің тарихында жазықсыз жазаланып, есімдері ел есінде қалмаған ата-бабаларымыздың есімдері анықталып, өскелең жас ұрпақтың жадында жатталып қалуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архив қорларынан Сырдария округі бойынша бай-кулактар тізімі

2. Қор 29, тізімдеме 1, іс 308

3. Қор 97, тізімдеме 1, іс 20

Сатанова А.Б.,

Құлсары қаласының

№13 жалпы орта білім беретін мектептің

тарих және өлкетанушы мұғалімі

ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ (1875-1930 ж.ж.)

Бұл жаңғыру – өрге бастау Ұлтымды,

Бұл жаңғыру – төрге бастау Ғұрпымды.

Ұлттық дәстүр – менің ұлттық құлпым,

Кім көрінген қолды етпесін кілтімді.

Бұл жаңғыру – ұлыларды ұлықтау,

Ұлы Абайдың даналығын ұмытпау.

Бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің де ғасырлар сынына төтеп беріп небір жаугершілік заманда да ұлттық тұтастығын сақтап қана қоймай дербес мемлекеттігін қалпына келтіруінің өзі халқымыздың біртуар перзенттерінің ақылгөй билері мен ел қорғаған ерлеріміздің, жақсы мен жайсандарымыздың

ұлттық бірлікті қамтамасыз ету жолындағы ғасырлар бойғы күрестерінің 299 нәтижелері екені даусыз. Бүгінгі әңгімеміз-сол жайсандарымыздың бірі, кешегі алмағайып заманда халқына қорған бола білген, ел еркіндігі жолында құрбан болған жұмбақ та, заңғар тұлға Тобанияз Әлниязұлы хақында. Жастайынан сөзге жүйрік, тілге шешен, 14 жасынан бастап дау жанжалдарға билік айта бастайды. Патша үкіметі тұсында Бозашы түбегіндегі Шылым болысына болыс болып сайланады. Кейіннен 1916 жылдары қазақ жастарын армияға алуға қарсы шығып сол үшін түрмеге жабылады. 1918 жылы Адай уезі төңкеріс комитетінің төрағасы болып сайланады. Кейіннен уезде «Жеке дара хандық билік орнатқаны үшін» деген айыппен 1923 жылы кері тұтқындалады. Сол жылы халық комиссары Айтышевпен, Қаратаевтардың араласуымен босатылып елге келіп, Сағыз, Мұқыр өңірлерінде ел арасындағы жұмыстарға араласады. 1929 жылы кері тұтқынға алынып ату жазасына кесіледі. Тобанияз 1990 жылдың 26 сәуірінде Қазақ КСР Жоғарғы Сотының шешімімен ақталады. Өз перзентін өз халқына жау етіп көрсеткен, кешегі аласапыран заман талабы, Тобанияз туралы ақиқат деректерді халыққа жеткізуге мүмкіндік бермейді. Тобекеңнің 1922 жылы ревком төрағалығынан босағаннан кейін өлке мектептерінің құрушысы оның өзі болған. Қандай ел болмасын білімсіз, ғылымсыз жарқын болашағын қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, Тобанияз басшылық қызметінде болған кезінде халықты ағартуға ерекше мән беріп, әсіресе, балаларға көптеген қамқорлықтар жасаған. Маңғыстау уезінің революциялық комитетінің төрағасы болысымен, бір жылдың көлемінде Маңғыстауда көптеп мектептер аша бастаған. Алғашқы мектептер Ақмышта, Жыңғылды мен Тигенде, Қызылқоға ауданының Ақшелек, Сағыздың Қопа, Буракөл деген жерлерінде ашылған. Осы мезгілдерде Фортта балалар үйі және интернат ашылып, қызмет істей бастады. Интернатта шалғай жатқан елді мекендер балалары жатып оқыса, балалар үйінде жетім балалар тәрбиеленеді.

...Ревком төрағасының мәмлегерлігі арқасында Дағыстан, Әзербайжан, Астраханьмен арадағы айырбас саудасы да бір сыдырғы жолға қойылды. «Тобекеңнің дипломатиялық-мәмлегерлік қызметінің шыңы Хорезм республикасымен арадағы бейбіт қарым-қатынасты жолға қоюы»-деп Ә. Спанов осы саладағы қайраткерлігін әділ бағалайды. (Ә. Спанов. Тобанияз 44 бет, 1995 ж. Ақтау) Тобекеңнің қайраткерлігінің жаңа қырын дипломат ретінде ашқан, осы 1921 жылғы Бесқалаға барған сапары. Хиуа хандығы мен Адайлар арасындағы ежелден келе жатқан барымта-тартыс күшейіп, шекаралас отырған ауылдарды түрікпен жасақтары жиі шауып кетіп отырған соң, Тобанияз бұл мәселені орталықтың алдына қойған. Алайда, Қазақстан үкіметі бұл жағдайға ықпал ете алмайды, әрі, үкімет басшылары өздерін бейтараптау ұстап бұл іске жете маңыз бермейді. Тобанияз бұл мәселені ревком мүшелерінің сұрауымен өз қолына алды. Бұл кезде Тобанияздың жақсы қаруланған мықты әскери күш құруға мүмкіндігі бар еді. (Қару-жарактың көбі Толстов армиясын талқандағанда қолға түсірілген, әрі бұрын Тобанияздың Түркістан майданының қолбасшысымен тікелей 300 байланысы болған). Түрікпен және қарақалпақ халықтарының беделді адамдарымен, жергілікті үкімет мүшелерімен келіссөз жүргізіп,

жағдайды талқылайды. Шекара, сауда-саттық, көші-қон, ел арасындағы қақтығыс мәселелерін ағайынгершілікпен, бейбіт шешу туралы келісімге келеді. Осылайша жауласқан көршілер арасындағы ұзақ жылғы жанжал тиылып, екі ел арасында бейбіт заман орнайды. 30-шы жылдардағы аштықтан босқан Адайлардың көбі Түрікменстанға барып жан сауғалағанда, екі ел арасындағы негізін Тобекең қалаған татулықтың маңызы зор болды. Қазіргі ашылып жатқан архив материалдары Тобекеңнің қазіргі Маңғыстау аумағының осы деңгейде қалыптасуына тікелей атсалысқан қайраткер екенін дәлелдейді. Бүгінгі Маңғыстау облысы, кезінде Закаспий облысының құрамында Түрікменстанға қарап келсе, 1920 жылы Тобекеңнің Орынборда Адай уезін Қазақстан құрамына қосу туралы мәселе көтеруі нәтижесінде, қазір егеменді Республикамыздың бай өндірістік өлкесі болып отыр. Бұл да Тобекеңнің еңбегінің жемісі екенін ұмытпағанымыз абзал. 1922 жылы, сол кездегі бірден-бір дара билік иесі және ел таныған көсем ретінде, халқы «қарадан шыққан хан» атаған Тобанияз қудаланып, қызметінен алынады және, «ұлт араздығына жол берген, дінді, ескілікті дәріптейді» деген сияқты айыптармен кінәланып, тұтқындалады. Алайда, оның халық ішіндегі беделінің зор екенінен сескеніп, абақтыдан амалсыз босатады. Тобанияз «Кіші Қазан» науқанына да қарсылық білдірді. «Ұжымдастыру елдің тұрмыс-салтына қарай біртіндеп, асықпай жүргізілгені дұрыс. Қазақта орыстардағыдай көп бай жоқ, сондықтан оларға салық саясатын қолданған жөн. Әйтпесе ел бүлінеді. Тізгінді қолдан бір шығарып алған соң бұл тарпаң ел қайтпайды, жұртын сипап қаласыздар» дейді Тобекең. (Ө. Спанов. Маңғыстау. 21 қаңтар. 1995 ж.) Мұның қаншалықты дұрыс пікір екенін уақыттың өзі дәлелдеді. Қазақстандағы ПП ОГПУ төрағасының орынбасары жендет Алшанский Голощекинге жазған хатында... Әлниязов Тобанияз басқаратын контрреволюциялық ұйымдарды әшкерелегенін хабарлайды. Тобаниязға және оның «контрреволюциялық ұйымына». «1922 жылы Форт-Александровскіде кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс дайындаған, Адай даласында жергілікті ұлтшылдықты қоздырып орыстарды қуғындаған, кеңес үкіметінің нұсқауын елемей оларды шарифат заңдарымен ауыстырған, Түрікменстан мен Ауғанстанға халықтың жаппай көшуін ұйымдастырған, Құрмаш Қосжанов бандысын қолдаған»-деген сияқты толып жатқан айыптар таққан. Алайда, ОГПУ оларды дәлелсіз, негізсіз айыптайды. «Дегенмен жергілікті халыққа сыйлы да құрметті, әрі өзінің де едәуір ауқатты шаруашылығы бар Тобанияз секілді көзі қарақты, көкірегі ояу ірі тұлғалардың дәстүрлі шаруашылықты қорғап, күшпен ұжымдастыруға наразы болғаны, Адай даласын басқаруға бөтен, орыс ұлты өкілдерінің жіберілуіне қырын қарағаны, зорлық, зомбылық пен аштық апаты төніп келе жатқан Адайлардың жан бағып Түрікменстанға жаппай көше бастауларын ұйымдастыруы заңды, табиғи еді деп ойлаймыз». (Т. Омарбеков. 301 Ақиқат. №6, 1995 ж.) Осы пікірлердің иесі тарихшы, ғалым Талас Омарбеков сол кездегі жағдайды дәл, әділ бағалаған. 1929 жылы желтоқсанда Тобанияз ұсталып Ақтөбе түрмесіне жөнелтіледі. 1930 жылы ОГПУ-дың үштігі Тобанияз бастаған 69 азаматтарды соттайды. Тобаниязбен бірге 20 адам мал-мүлкі тәркіленіп атылады. Қалғандары әр түрлі мерзімге

түрмеге айдалады. Бұлардың көбі Гурьев округтік партия конференциясына 1928-1929 жылдары Форт Александровскіден сайланған коммунистер еді. Халқымыздың ең көзі ашық зиялы деген 22 мың азаматтары атылып, 44 мыңы түрмелерге қамалған. Тобанияздың Дидар атты баласы жасынан қайтыс болды, ал Бердіхан мен Зәкіржан деген балалары әкесі үшін қудалауға түсті. Бердіхан азап түрмесінде көп зардап шегіп, аман оралған, кейін соғыста айып батальонында қаза тапса керек. Ал нағашыларын паналап Түрікменстанға қоныс аударған Зәкіржан сол жақта өмір сүріп, 1974 жылы 52 жасында өмірден өткен. Тобанияз бабамыздың өзі айтқанындай, 12 атасынан бері қара табан кедей болған, етікші де болған, жона тіліп, ер шапқан, киіз үй жиһаздарын да жасай білген. Жастайынан тілге шешен, аңғарымды, зерек болып өседі. 12 жасынан бастап, ел ісіне араласа бастайды. Бала би де атанады. Ат құлағында ойнайтын шабандоз әрі ержүрек болып өседі...патша заманында болыс та болады. 16 жылдың дүрбелеңінде патша жарлығына қарсы шыққаны үшін, екінші рет түрмеге түседі, одан Ақпан көтерілісінен кейін бостандыққа шығады. Қазан төңкерісінен соң да қоғамдық істен шет қалмайды. 1918 жылы Маңғыстау ревкомының төрағасы болып тағайындалады. Жергілікті тұрғындар арасында ескі ұғыммен оны «хан» деп түсінгендері де болған. Алайда, Тобанияз Әлниязұлы ондай орынсыз даңғаза мадаққа қарсы болған. Оның үстіне, сол заманға сай орысша-қазақша сауатты хатшылары болғаны тарихтан белгілі. Оның қазақ халқының алдындағы орасан зор еңбегінің бірі –1920 жылы Маңғыстауды Закаспий облысынан Қазақстанға қосу кезінде атқарған айрықша еңбегі. Төрт ай бойы айтыс-талас, дау-шарды басынан өткерген. Оның алдында, жұртқа белгілі Әліби Жанкелдиннің отрядына байланысты, академик Салық Зимановтың айтуынша, Тобанияз 40 күн бойы ат үстінен түспеген. Алмағайып кезеңде оның басынан нелер келіп, нелер өтпеді дейсіз. «Жақтым – жала, жақтым – күйе» демекші, қаралаудың неше түрін естіді. Голощекиннің оны «князь!» деп атауын қайтерсің. Өткен ғасырдың 50 жылдарына дейін, кез келген милиция қызметкері «Тобаниязды мен ұстаған едім...» «Тобанияз бостандыққа шығыпты, елге келе жатыр екен» деген сияқты қауесеттер таралған-ды... «Аққа – Құдай жақ», - демекші, ақырында, Тобанияз Әлниязұлы түбегейлі ақталып шықты. Тағы бір әңгіменің ұшығы Тобанияз бабамыздың әке-шешесіне тіреледі. Оның анасы Маңғыбай Көрпе Төртқара деген кісінің қызы, кенже Пұсырман келіні Жансұлу 80 жасында дүниеден өткен. Бүкіл ауыл оны «кәрі шеке» деп атап кеткен. Тобанияздың жазғы жайлауы - ұлы бабасы, халық батыры Ер Қонайдан қалған қонысы, қазіргі Қызылқоға ауданына қарасты Буракөл деген елді мекен. Сол көлдің солтүстігіндегі шағын қауымда біраз ағайындары мен анасы Жансұлу 302 қария да жерленген. «Тобекеннің әкесі Әлнияз жайлы ел аузында не жақсы, не жаман деген сөз жоқ. Мүрдесі қайда екені де белгісіз. Әлнияз, Құлнияз, Тұрнияз, тіпті, түпкі атасы Пұсырман зираттары не Алып Ана, не Түкті Ата не болмаса Көкмешітте болса керек. Олардың қайсы бірі осы маңда жерленген сияқты. Себебі Тобекеннің жаз жайлауы Буракөл-Қопа маңынан ұзамаған, отырықшылық кезінде де осы аймақта тұрақтайды. Оның үстіне құдасы Уәли (Абдолла хазіреттің ұлы –Т.Ж) де осы атырапта тұратын. Көнекөз қариялар

Тобекеңнің арғы аталары Жоңғар шабуылынан көп бұрын Алтай өлкесін жайлаған деседі. Адайдың Жеменей атты тайпасы болып есептелінетін бір бөлігін құрайды. Оның өзі Алтайдағы Жеменей өзенімен аттас. Ал, бұлардың Сауран айналып, Маңғыстауға жетуі тарихта 18 ғасырдың орта кезеңі деп есептелінеді. Содан тарайтын Тобекеңнің бесінші атасы Қонай ел аузына іліккен атақты батыр, өмірде болған адам. Оның ерлігі жайлы аңызға бергісіз әңгімелер бар. Белгілі халық ақыны Сәттігүл Жанғабылов оған жыр арнаған. Сол Қонайдың жасөспірім кезін бейнелейтін бір аңыз әңгіме төмендегідей. Бірде ел үдере көшіп, қалмақтардан қашып келе жатады. Көштің алды Сырдан өтіп кетсе керек. Көш соңында жасы жеткен Есен қартқа қарайлап, оның екіқабат тоқалы, бір кішкене қызы мен он төрт жасар Қонай қалады. Кенеттен жау шоғыры көрінеді. Ойланып- толғанып тұруға уақыт жоқ. Есен қарт астындағы атын Қонайға ұсынып: «Шешен мен қарындасыңды мінгестіріп, мына атпен дариядан жалдап өт!» -, дейді. – Кәке, өзінді қалай тастап кетемін, - деп, жылайды бала Қонай. «Мен жауға қарсы тосқауыл жасай тұрамын, тез атқа мін!» -, деп ақырады. Амалсыздан тоқал шешесін артына мінгестіріп, қарындасын алдына алып, дариядан жүзіп өтеді. Жағаға шыққан соң, артына бұрылып қараса, әкесі Есенді қалмақтар найзаларымен түйреп алып, жоғары көтеріп тұр екен. Сонда Есен қарт: -Көш бетін құбылаға түзесін. Бөгелме, кете бер! Елге сәлем айт, қош бол, балам! – деп, айқайлап үлгереді... Қонай бала батыр болып өседі, ел қорғанына айналады. Жем, Сағыз бен Ойыл бойында да Тобанияз бабамыздың бедерлі іздері қалды, талай дау-шарларда, айтыс, таластарда қара қылды қақ жарған әділ биліктері мен игі істері халық жадынан өшпек емес. Қазіргі жас ұрпақ тәуелсіздігіміздің қадірін елім деп еңіреп өткен кешегі аға ұрпақ өкілдерінің тарихи өмір шындығын тек жете білгенде ғана түсінетін болады. Ерін ардақтаған ел азбас, Тобекең халқымен қайта табысты. Осы күнге дейін Тобанияз туған халқының назарынан қағыс қалып келсе ол біздің кінәміз емес, заман кінәсі, уақыт кінәсі деп ұғынайық, ағайын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Төлеуішов Ә. Сағыздың бой ен жайлау «Арыс» баспасы Алматы 2009ж.
2. Көшербаев Қ. Е. Адай көтерілісі «Нұрлы Әлем» баспасы 2010ж
3. Серікқалиева С.Қызылқоға- құт мекен «Өлке» баспасы 2005ж
4. Нәутиев Ә.И. Қызылқоға энциклопедиясы «Үш қиян» баспасы 2002ж 303.

*Көшербаева Б.А.,
Атырау энергетика және құрылыс колледжінің
Тарих-география пәні оқытушысы,
Педагог - модератор*

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫ – ҰЛТЫМЫЗ ҮШІН ЕҢ ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы тарихы – саяси айырықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы – қазақ қоғамы үшін қиын қыстау сол бір дүрбелең шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ болғаны тарихтан белгілі. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімін таба білді. Алаш қозғалысы Кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы Тәуелсіздік қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. XX – ғасыр басындағы қазақ зиялылары бүкіл қазақ халқы атынан іс-қимыл жасай отырып, отаршылдықтың нәтижесінде елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, қазақ халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, халықты жалпы адамзат құндылықтарымен таныстыруға ұмтылды.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін қазақ зиялылары жеке құрудың, автономиялы республика орнатудың қажеттігін толық түсінеді және аумалы-төкпелі кезеңде өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға тырысып бақты. Мұндай мүмкіндік ғасырда бір туатынын бағамдай алды. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар» деген сөздері бар. Алаш партиясымен Алашорда үкіметінің шаңырағы астына біріккен ұлт зиялылары шын мәнінде қазақ ұлтының тарихында қайталанбас тұлғалар еді. Қазақ тарихындағы тұңғыш демократиялық ұлттық ұстанымдағы партия «Алаш» партиясы болатын. Бұдан бұрын да, бұған дейін осындай дәрежеде құрылған Алаш партиясындай партия болған жоқ. Құрылған күннен бастап Алаш партиясы саяси күреске белсене араласты. Оның мақсаты қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, буржуазиялық демократиялық үлгідегі мемлекеттігіне қол жеткізу болды. Алаш партиясының бағдарлама жобасы 1917 жылғы желтоқсан

айында Орынборда өткен ІІ жалпы қазақ съезінде мақұлданды. Жоба он баптан тұрады: мемлекет құрылымы; жергілікті бостандық; негізгі құқық; дін ісі; билік һәм сот ісі; ел қорғау; салық; жұмысшылар; ғылым – білім үйрету; жер мәселесі. Алаш партиясы және оның жетекшісі Ә.Бөкейханов Қазан төңкерісінің жеңісін қабылдаған жоқ және Кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуіне қарсы болды. Алаштың басшылары тығырықтан шығудың жолын Қазақстанды автономия деп жариялаудан іздеді. Уақытша үкімет құлағаннан кейін Қазақ аумақтық ұлттық автономия құруға шешім қабылданды. Алашорданың құрамына Бөкей ордасы Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары мен Әмудария аймақтары кірді. Осы аталған аймақтардағы табиғат байлықтары, жер астындағы және оның үстіндегі барлық қазына Алаш автономиясының меншігі деп жарияланды. Съезд 25 мүшеден тұратын Уақытша халық кеңесін құрды. Азамат соғысы жылдарында Алаш азаматтары Кеңес өкіметіне қарсы күреске шығады. Бірақ соғыс жылдарында контрреволюциялық күштердің қазақ халқына ешқандай жақсылық әкелмейтінін түсініп, Кеңес өкіметінің жағына шығады. Бүкіл ресейлік Орталық Комитетінің (БОАК) 1919 жылы 4 сәуіріндегі қаулысында Алашорда үкіметінің мүшелеріне кешірім жарияланды. 1920 жылы Алаш өкілдерінің талап – тілегі ескеріліп, Қазақстанға автономия берілді. Алаш Орда уақытша республикалық үкімет құрды. Большевиктердің күш жинауымен бірге орыс үстемдігінің жаңа қатері пайда болды, [зиялылар] осыған қарсы күресті (Васон, 1968: 117). Алаш туралы берілген мәлімет қысқа болса да, бұл автордың еңбектері көп оқылады.

Жаһанша Досмухамедов Орал қаласындағы курсы аяқтаған соң, 1906 жылдың 22-інші тамызында император атындағы мәскеу университетінің ректорына өтініш хат жазады. Бұл өтінішінде Орал қаласындағы Орал әскери-реалды училищесін бітіргенін және Орал облыстық басқармасының степендияты екенін хабарлап, Император атындағы Мәскеу университетінің заңгерлік факультетіне оқуға түскісі келетіні туралы жазған. Жаһаншаның бұл өтініші қанағаттандырылып, Жаһанша Досмухамедов 1906 жылы Мәскеу қаласына оқуға түседі. Бұл дерек Орал қаласының тарихи өлкетану музейінің қорында сақталған [1]. 1906-1910 жылдар аралығында Жаһанша Досмухамедов Император атындағы Мәскеу университетіндегі оқуын аяқтап шығады. Осы оқу жылдарында Жаһаншаның саяси құқықтық көзқарастары қалыптасып, елдегі қоғамдық-саяси мәселелерге араласып, қатыса бастайды. Университет, басқа да оқу орындар сияқты халық ағарту министрі А.А.Кассоның жеке бақылауында болатын, әсіресе шығыс тілдер факультетінің студенттері қатаң бақылауға алынды [2]. Университет студенттерінің арасында ұлт аймақтарынан келген студенттер сирек кездесетін, дегенмен олар оқуда, қоғамдық кездесулерде, пікірталастарда белсенділігімен көзге түсетін. Жаһанша Досмухамедов Орал қаласында құрылған «Көш-қон басқармасының» қарамағында статистикалық комиссиясының құрамына мүше болып кіреді. Бұл басқарма Ақмола, Торғай, Орал облыстарындағы қырғыз (қазақ) шаруашылықтарының есеп жинақтарын алу жұмыстарымен айналысты. Жаһанша Досмухамедов қазақ жұртынан шыққан тұңғыш прокурор. Бұл жөнінде

ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ: Д.А.Аманжолова., В.В. Рыскулов «Председатель Западного отделения Алаш-Орды. Д.Досмухамедов и судьбы казахской интеллигенции в Әлихан Бөкейхан оқулары – 2023 17 период Сталинских репрессий» [7] және Ш.Забих «Возвращение Ж.Досмухамедова» [8], Р. Мажитов «Жаханша Досмухамедов» [9] т.б. еңбектер жарық көрді. Жаханша Досмухамедовтың заңгерлік істі атқаруда ұстанған басты қағидалары мынандай еді: Адам тағдырын аса жоғары бағалап, ақиқатқа жүгініп, үкім-шешім шығарарда кітапта, заңда жазылғанына қарап емес, өз көрегендігіне, іс-тәжірибесіне сүйену; Айып істеген кісіден кешірім сұрауды талап ете отырып, адам жазаға лайықты іс қылса, оның кінәсінің ауыр, жеңілдігіне қарап жаза беруге болады; Ақыл-парасат биігінен қарап, жазаланушыға қатал болмай, мейірімділікке, биязылық шапағатты ұстанады [10]. Қазақ халқының кешбасшысы болған зиялылар жаңа қоғам құру сәті келгенін айқын түсініп, жаңа жағдайдағы саяси күрес жолына шықты. Алаш өкілдері өкімет құрамына енді. А.Байтұрсынов оқу – ағарту халық комиссары, Ж.Аймауытов оның орынбасары болып тағайындалды. Бірақ Кеңес үкіметі басшылары уәдесінде тұрмады. 1929 жылдан бастап Қазақстан ғылымының, оқу-ағарту ісінің, қазақ әдебиеті мен өнерінің, халық шаруашылығының дамуына үлес қосқан Алаш қайраткерлеріне «халық жауы» деген жала жабылып қуғын-сүргін жылдары бәрі сталиндік әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің құрбандары болды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау – жауапты іс. Бүгінгі ел тарихы, өскелең ұрпақ үшін тарихи құндылықтарымызды жаңғыртатын жаңа зерттеу жинақтары аса қажет. 31 мамыр – жыл сайын елімізде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде атап өтіліп келеді. Саяси қуғын-сүргіннің құпиясы толық ашыла қойған жоқ. Архив деректері талай сырды бүгіп жатыр. «Жаптым – жала, жақтым – күйе» дегендей, Атырау өңірінде солақай саясаттың сойылын соққан әпербақандардың асыра сілтеуімен 4 460 адам репрессияға ұшырағаны белгілі болып отыр. Солалдың бірі Зұлмат жылдар құрбаны болған Исатай өңірінің тумасы Насихат Сүгірұлына тоқталсам, Өз бетінше сауат ашқан, өлең-толғауларын ауызша шығарған. Патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына сәйкес майдан жұмысына алынып, 1-дүниежүзілік соғыс кезінде Румыния, Австрия аумағында болған ақынның “Айдады патша жыраққа” (1916) атты дастаны осы тұста жазылған екен. Азапты сапарды бастан өткерген ақынның дүниеге деген әлеуметтік көзқарасы мен танымы осыдан кейін өзгеше сипат алды. 1930 жылы 22 ақпанда ақын жазықсыз жазаланып, алғаш Астрахан, кейін Атырау түрмесіне қамалған. Абақтыда ол “Еділ, Жайық – екі су” атты толғауын шығарды, өлең кеңестік түрме жағдайын сипаттаған алғашқы шығармалардың бірі еді. Тұтқыннан босап, 1932–37 жылы Мыңтөбедегі Қызыл ту ұжымшарында еңбек етті, 1937 жылы қайта тұтқындалып, сол жылдың 22 қарашасында ату жазасына кесілді. Насихаттың “Ел құрсауы – ер жігіт”, “Танысу”, “Дүние, шіркін, жел қайық”, “Телегей жатқан теңізден”, “Жүйрікті көпке мақтама”, “Мен қиядан ұшқан қырғимын”, “Ұяда жатып талпынған”, “Тұмарланған тұлпар ат”, “Шалқыған көлге қу қонар”, “Ауылға келгенде”, “Қазіргі заман түрі”, т.б. терме, толғаулары бар. Ол өлеңдерінде ел қамын

ойлаған азаматтар ісін өнеге етіп, ақиқат пен жалғандық жайлы жырлайды. Өткенге көз жіберіп, келешекке сеніммен қарауға, қайсарлыққа, жігерлілікке үндейді. Насихаттың өлең, толғаулары “Алқаласа әлеумет” (1991), “Қапаста жазылған хаттар” (1992), “Қазақ поэзиясының антологиясы” (1993) “Жыр – дастан” жинақтарында жарияланған. Ауыл шаруашылығын күштеп ұйымдастырғаннан кедейлер мен орташа шаруалар қолындағы барынан айырылып, күштеп көшіріліп не болмаса Сібірге айдалып кеткені жайындағы деректер мен мәліметтердің салмағы жазуға қалам көтереді дегеннің өзінде өте ауыр. Ұжымдастыру, колхоздастырудан кейін келген аштықтың салдарынан қаншама қазақтың өмірі күл-талқан болып, шаңырақтар ортасына түсті, қаншама жас ұрпақ көктей солды. Бұның бәрін білуіміз керек. Күні ертең өсеміз, өркен жаямыз дейтін, өркениетті қоғам құрудан үмітті елдің үлкен-кішісі тарихты зерделеп, қазақ тарихының осындай қаралы даталары мен оқиғаларын біліп, халықтың басынан өткен қиыншылықтардан сабақ алуы тиіс.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болып, жеке мемлекет болып өркендеп жатқанымызға биыл 32 жыл толғалы отыр. Еліміз талай-талай даму кезеңдерін бастан кешіріп, экономикасы тұрақты дамыған болашағымыздан зор үміт күтетін елге айналдық. Одан бері арада қанша мезгіл өтсе де, сол бір халқымыздың басына қасірет пен қайғының қара бұлтын төндіріп, қырғын мен ашаршылыққа ұшыратқан, жазықсыз жаланың құрбанына айналдырған, жапа шектірген сұрқай кезеңнің ащы сабағы оны бастан кешкен жандардың ұрпақтарының есінде сақталып, жадында жатталды. Кеңестік солақай саясаттың салқыны тиіп, өткен тарихымыздың әлі болса ашылмай қалған ақтаңдақ беттері қаншама? Оны зерттеп-зерделеп, ақ-қарасының жігін ажыратып, ақиқатына жету жолында атқарылар істер ұлан-ғайыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мажитов Р. Жаханша Досмухамедов. Алматы. 2008 г.
2. Сүлейменова Д. Батыс Алаш арыстары. Орал. 2017 ж.
3. Аманжолова Д.А., Рыскулов В.В. Председатель Западного отделения Алаш-Орды Ж. Досмухамедов и судьбы казахской интеллигенции в период сталинских репрессий. 2004г.
4. Интернет ресурстары:
5. Батыс Қазақстан Орталық Мұрағаты. №23377-В қор.
6. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. –Алматы «Ататек» -1995. -210б
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. ҚҰЭ. -Алматы, 1998

Алиев Ж.Б.,
*ЖШС «Жалпы орта білім беретін Смарт Білім»
мектеп-гимназиясы»
педагог-зерттеуші, тарих пәні мұғалімі, магистр.
(Ақтөбе қаласы)*

«САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАР»

Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағатында кезінде құпия, аса құпия белгісімен сақталған құжаттарға бүгінгі таңда тарихшылар мен зерттеушілердің қолы жетіп тарих таразысына салынып ақиқат жарыққа шығуда. Бұл қорлар 1920-1950 ж қазақ даласында орын алған Кеңес өкіметінің күштеу, зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін айқара ашып береді деген ойдамын. Алашордашылар мен алаш қозғалысына ниеттес тұлғалармен күрес XX ғасырдың басында қарқын ала бастағанда, аймақтық басшылықта отырған бұрынғы алашордашылықтар большевиктер партиясына мүшелікке кіргенімен, өткендері қазбаланып, бірте-бірте қысымға ұшырады. Тіпті алашордаға кірмеген бірақта ниеттес болып алашордашылардың оң істерін жақтап жүрген қарапайым қазақтарда істі болып қудаланды. Олардың құқықтары бұзылып, «халық жауы» тізіміне еніп кетулері қазақ даласының тыныштығын бұзды. 20-30 жылдардағы қазақ ауылының көрінісі ел ішін «саяси індет» жайлаған сипатта болды. Ел ішінде сыйлы азаматтарды дауыс беру құқығынан айыру, мал мүлкін тәркілеу, өздерін өзге аймақтарға жер аударып жіберу фактілері белең ала бастады.

Қазақ өлкелік комитеті ұстанған позициясына қатысты нұсқаулықты орталықтан алып отырды. Бұл әсіресе қуғын-сүргіннің жаңа толқынында айрықша көрінді. Саяси қуғын-сүргіннің алдағы толқыны халық арасынан ұлтшыл оппозициялық топтардың жетекшілері мен мүшелерін іздеп тауып әшкерелеу болды. Ендігі кезекте алашордашыларға ниеттес жақтастарын анықтап оларды жазаға тарту жұмыстары жүргізілді. Осындай мақсатта қазақ арасында атқамінер, ишан, имам, мулла, мұхтасиб, мушавир және т.б қандай да бір сауаты бар тұлғалардың тізімдері жасалынып қудалау механизмдері іске қосылды.

Список (сов.секретно) лиц, подлежащих лишению избирательных голоса на основании ст.65 Конституций СССР. Бұл құпиясыздандырылған құжаттың ішінде дауыс беру құқығынан айырылған 753 адамның тізімі жазылып аты-жөні мен әлеуметтік статусы көрсетілген. [1, 37п.]. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған құжаттар мен істердің ішінде Қазақстанның басқа өңірінен де жер аударылып қудаланған адамдардың жеке істері сақталған. Осындай істердің бірі, «Қызыл-Ордалық ұлтшыл-оппозициялық ұйымның материалдар» жинағы. Онда Садвакасов, Султанбеков, Мустамбаевқа қатысты тың деректер сақталған. Констатировать, на основании материалов, выявившихся после 15-го Съезда, что летом 1927 г группа Садвокасова (Садвокасов, Султанбеков и Мустамбаев) , осуждения парторганизацией (3-й Пленум) за антипартийный националистический уклон, углубленный ими после

3-го Пленума (земельный вопрос, строительство Казахстана, партруководство, см. статью Садвокасова, «Большевик» №1), блокировалось с троцкистской оппозицией. [2, 53п.]. Алаш үшін қандай заманда да алдыңғы орында тұратын екі нәрсе болған. Ол «Жер дауы мен жесір дауы». Алаш Орда үкіметінің де бағдарламасын оқып қарасақ алдыңғы орында жер мәселесі қойылғанын көреміз. Осы жерде ұлт ұстазы атанған Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлы) сөзі еріксіз еске түседі екен: «... Қазақтың бас адамдары! Әуелі, Сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақты іс істеңдер. Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істеңдер. Сендер адассандар, арттарыңнан ерген Алаш жұрты адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына Сіздер қаласыздар!». Айтарым, кеңес өкіметі Алаштың бас серкелерінің басын қырқып болған соң, оған ниеттес ел тізгінін ұстауға жарайтын ел ағалары мен ақсақалдарын тап үшін күрес деген желеумен көздерін жоя бастады. Бірін бай-кулак деп қудаласа, екіншілерін ұлтшыл оппозиционер кеңес үкіметін күшпен басып алып ауыстырмақша жат элемент деп заңды, заңсыз жолдармен соңдарына түсті.

1928-1931 жылдары саяси қуғын-сүргін жалпылама сипат алды. ОГПУ-дің тапсырмасымен неше түрлі әдіс-тәсілдермен жалған істерді мойындату кең етек ала бастады. Ол тіпті, астық, ет дайындау, бай-кулактарды тап ретінде жою, социалистік меншікті қорғау науқандары кезінде жоспарды орындай алмаған қара халыққа қарсы қолданылған репрессиялық науқанға айналды. Ырғыз, Темір, Шалқар өңірлерінің ауыл ауқаттылары (кулактар) бар, мал-мүлкілерін мемлекетке тапсырсада халықтың арасында кеңестік өкіметке қарсы үгіт-насихаттар жүргізген деп айып тағылды. Олар жер аударудың үш бағыты бойынша өз жерлерінен тыс өңірге көшірілді. Жер аудару үш бағытта жүргізілді:

1. Ақтөбе облыс көлемінде (бір ауданнан екінші ауданға)
2. Республика көлемінде (маселен, Ақтөбеден Қостанай, Семей т.б)
3. Республикадан тыс жерлерге (Ресейге, Сібірге)

Мұрағаттағы ОГПУ бөлімінің арнайы жазбаларында барлық округтерден «арнайы мәлімдемелер», жинақталып «жоғарыға» жіберіліп отырған. Ал, астық жинау науқанында кеңес өкіметіне наразылық білдіргендерді «террористік іс-әрекет» жасады деп айыптаған. Қылмыстық Кодекстің 58 бабының 8 тармағымен ату жазасына кесілген. 1930 жылдан бастап өлім жазасына кесілгендер туралы ақпарат мемлекеттік құпияға айналды. [3,46п.]. 1920-1930 жылдары Қазақстанның бүткіл аймағын қамтыған кеңестік-шовенистік идеологияның жергілікті ұлттан шыққан белсенділерді билік тармақтарының барлығынан алшақтатуы, оларға қарсы жасалған қастандығы деген ойға келеміз. Қазақ сол уақытта да, қазірде ру-руға, жүз-жүзге бөлініп, ата-баба дәстүрін ұстанып өз елінің тентектерін өздері тезге салып жөндеп ел болып өмір сүрген халық екенін тарихтан білеміз. Осынау тамыры тереңге кеткен дала өркениетінің тармақтарын, сепаратистік пен рушылдыққа негізделген мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіретін күш ретінде қарастырған кеңестік үкімет онымен күрес жүргізді. Ақтөбе губерниясының 1920 жылғы жергілікті кеңестік

басшылыққа тағайындау үшін Темір, Шалқар және Торғай уездерінде өткізілген сайлау алды науқаны жүргізілген.

Родовые группировки, в связи с предстоящими перевыборами в уездах Актюбинской губерний, имеются и в значительном количестве. Так в карабутакском волости Челкарского уезда существуют две группы, имеющие цель захватит в свои руки соваппарат, путем проведения в аульные и волостные советы сторонников. В Иргизской волости Чалкарского уезда активными лицами 1-ой группировки являются: 1)Бекмурзин Калназар (быв.переводчик), 2)Бекмурзин Сандыбек, 3)Сандыбеков Утеназар, 4)Кийсыков Турмухамед-быв.переводчик и вол.управитель. 5)Ахмед Тунгачин-вет врач (Алаш партиясының мүшесі) и другие. [4,22п.]. Мұрағат істерін зерттеу барысында біздің өткен тарихымыз Кеңестік таптық идеология тұрғысынан жазылғандығын ұғыну қиын емес. Мәселен, Кеңестік дәуірдің азаматтары «кедейдің бәрі жақсы, байдың бәрі жаман» деген психологиямен тәрбиеленді. Мемлекеттік мұрағаттағы әрбір жеке ісінде оның шыққан тегі, әлеуметтік статусы, қызметі туралы деректер берілген. Кеңестік идеология бізге кедейді дәріптеді. Сондықтан да әр адам өзінің ата-бабасы түгел кедейден шыққан деп өмірбаянын толтыруды ар көрмеді. Қазақта «тексіз» деген өте ауыр сөз бар. Біз сол тексіздігімізді өз қолымызбен жазып, мақтанышқа айналдырдық.

« ... О работе союза КОШЧИ (Жарлы)» Исходя из всего этого, основной задачей, стоящей перед всей партией в С/кошчи по Губернии является : 1) Выявления социально – имущественного положения членов, взяв линию на очистку союза от чуждых, по социально-имущественному положению, элементов. [5,34п.]. Әдебиетіміз де, тарихымыз да шолақ байталдың құйрығындай шолтыып қалды. Оның үстіне жердің де, елдің де, тарихи тұлғаларымыздың да аттарын әбден шатастырып жіберді. Қазақтың дүниетанымында «Дәулет-өз иесімен» деген түсінік ертеден қалыптасқан. Бұның мағынасы әр адамның ырысы, несібесі өзімен бірге келіп, бірге кетеді дегенді білдіреді. Батыр, би, шешен мен жырау кемеңгер адамдардың халық үшін дүниеге келетіні секілді, байға дарыған дәулет те елдің игілігі үшін келеді. Кім бай болғысы келмейді, құдайы қаламайды деген де сөз содан қалған болса керек. Елде болса ерінге тиеді деген сөз бар халқымда. Бұны сол кездегі қазақтың өзі де білді. Кеңестік саясаттың алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін қандай да бір қарсылық көрсеткен әлеуметтік топтардың немесе жеке адамдардың ой-пікірі, сөздері мен іс-әрекеттері тайға таңба басқандай етіліп, «банда», «банда/шайка», «жат элемент», «атқа мінер», «бандалық топ құрушы», «банда жетекшісі», «мулла», т.б. деген айдар тағылып сотсыз тергеусіз қамауға алынуға тиіс еді. Қысқа мерзімде ол адамдардың үстінен қылмыстық істер қозғалып «айрықша кеңестер», «екілік», «үштік», «бестік», «ерекше алқалар» соттан тыс органдардың бір жақты шешімдері бойынша жазаға тартылатан еді. Осындай қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған алаш арыстарының тізімдері анықталып қазіргі таңда зерттеліп жатыр. Актюбинский губернский отдел ГПУ. Списки осужденных лиц лишенных права проживания в шести пунктах озноченных губерниях и пограничных губерниях. [6,14п.]. Саяси қуғын-сүргін

салдарының салқындығын сейілту үшін, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық рух қалыптастыруда, мұрағаттағы шаң басқан іс-қағаздарды тарих таразысынан шұғыл түрде өткізуіміз керек. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері Отандық тарихымыз қайтадан сараланып кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғам тұсындағы саяси қуғын-сүргін зардаптарын жою іс-шаралары жалғасуда.

Сондықтан да зерттеушілерге әлі де көптеген құжаттарға қол жеткізу уақыт еншісіне қалдырылған. Мұрағат құжаттары бойынша кейбір жеке адамдардың істері қайта қаралғанға дейін, олардың ешбір дәлелсіз қамауға алынғандығы туралы айғақтар бар. Шала сауатты, озбыр, шаш ал десе, бас алуға даяр, шолақ белсенділер репрессиялық саясаттың нәтижесі. Кеңес өкіметінің қызыл террорының әсері, кейінгі ұрпақтың бойында жасқаншақ, момын, қорқақ, сенімсіз, көнбіс секілді жаман қасиеттердің жемісін бере бастады. Саяси қуғын-сүргін салдарынан тексіздікке жол ашылғанымен, сталиндік зобалаң ұлт болмысының тамырын қиюға шамасы жетпеді.

Жаңа Қазақстанды құру үшін Алаш Орда үкіметінің идеологиясымен қарулануымыз қажет. Ал ол үшін алдымен Алаш үкіметін құрған арыстарымызды түгендеп тарих шаңынан арылтып ақтап алуымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ақтөбе облыстық мемлекетік мұрағаты. 3-қор. 1 тізбе, 69-іс.
 2. Ақтөбе облыстық мемлекетік мұрағаты. 516-қор. 1 тізбе, 1517-іс.
 3. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сб. Док/отв. Ред.Л.Дегитаева. А., 1998.-336с
 4. Ақтөбе облыстық мемлекетік мұрағаты. 516-қор. 1 тізбе, 996-іс.
 5. Ақтөбе облыстық мемлекетік мұрағаты. 516-қор. 1 тізбе, 976-іс.
 6. Ақтөбе облыстық мемлекетік мұрағаты. 681-қор. 1 тізбе, 220-іс.
 7. Ақтөбе облыстық мемлекетік мұрағаты. 3-қор. 2 тізбе, 69-іс. (Барлығы 753 адам тізімі бар, соның 327 адам аты-жөні осы баяндамада беріліп отыр)
- Кесте №1

Кесте №1

Список лиц, подлежащих лишению избирательных голоса, на основании ст.65 Конституций СССР

[7,42]. Барлығы-753, Тізімде берілген адам саны – 327

№ п/п	Фамилия и имя	Причина отвода	Адрес
1	Кадырбеков Ахмедкали	имам	Актюб. вол. аул №4
2	Карабасов Байрак	мулла	Актюб. вол. аул №4
3	Карабаев Мутыгулла		
4	Кадыров Абдрахман		
5	Досмухамедов		аул №3
6	Байдавлетов Утарасил		
7	Кургыназов Зайлят	Мулла-имам	

8	Баранкулов Бикей	мулла	
9	Жанузаков Баймухамел		аул №2
10	Исенаманов Избасар		аул №1
11	Калыбасов Кенжигалий		
12	Исалиев Байбарак		
13	Адилов Нигмат		аул №2
14	Галимжанов Зайнутдин	Мулла-имам	Илекская вол. аул№4
15	Илеков Бертуган	мулла	
16	Камалов Есит		
17	Сдемпаев Жумабай		аул №5
18	Муканов Бисембай		
19	Ишкалов Кабул		аул №2
20	Кужбанов Ирмукат		аул №1
21	Исмагулов Иржан		аул №2
22	Сулейманов Бектай		аул №2
23	Нурмухамедов Ишмухамед		
24	Баймухамедов Абдрахман		аул №3
25	Токбанов Сафар		
26	Айтмухамедов Шамген		аул №2
27	Исмагенов Китей		
28	Жумагулов Сатулла		Тузтюб. Вол. аул№3
29	Казгулов Абдулла		аул №10
30			аул №6
31	Уркушев Сулейман	мулла	Тузтюб. Вол. аул№6
32	Исказин Какай		аул №2
33	Алиев Ничзаглий		аул №1
34	Муртазин Абдрахман	мударис	Ак-Булак
35	Хужаев Нуртдин	имам	Карахобд. в. аул №1
36	Абдуллин Бисен	мулла	2
37	Бажимбаев Хайрулла		
38	Жиеналин Хусаин		
39	Кошмухамедов Хайрулла		аул №3
40	Тлеубаев Сафаргалий	мулла-ходжи	
41	Жумагулов Сагидулла		аул №4
42	Исагиморданов Абдул-Хаким	мушавир	аул №2
43	Истлеув Жантлеу	мулла	аул №3
44	Аймухамедов Абдулла	мударис	Магаджан. в. аул №10
45	Ахмедов Абдул-Хаким	имам	аул №1
46	Тобжанов Сулейман	мулла	аул №11
47	Тюребаев Жумагалий		аул №10
48	Жуламанов Арабай		аул №2

49	Айтесов Бахтбай	ишан	аул №3
50	Мендыкулов Мухамедгалии		Аккемир
51	Назарлин Уразмухамед	мулла	аул №7
52	Айманов Тулеш	имам	Каратуг. в. аул№6
53	Гусманов Тождаulet		аул №5
54	Муканов Байсембай		аул №6
55	Мухамедгалиев Иргалии		аул №5
56	Жуламаков Жандаulet		аул №4
57	Турмухамедов Ишмухан		аул №5
58	Исембаев Нуржан	мулла	аул №3
59	Исенгалиев Галим		аул №2
60	Хасанов Муллагазы		
61	Галимов Курмач		
62	Машенов Мухамед-Гариф		аул №1
63	Алипов Аитмухамед	мухтасиб	пос. Бегала
64	Бадраков Омантурк	имам	Хобд. вол. аул №6
65	Мухамедов Татр	мулла	аул №5
66	Саркулов Абдулкарим		аул №6
67	Абдиев Жумаш		аул №4
68	Кустаев Каулеш	мулла	Хобд. вол. аул 3
69	Мухсафин Исагамет		
70	Абдыров Ажекереi		
71	Умбетов Нурмухамет		
72	Абдрахманов Хажгазы		
73	Абдулин Бисан		аул 2
74	Дуйсенов Нурмухамед		аул 1
75	Рахманкулов Мубарак		аул 4
76	Докенов Джумагул	ишан	аул 1
77	Асмухамедов Нуржан	мулла	
78	Арсижанов Адиль		аул 2
79	Абдулбаниев Гумар	мухтасиб	Гор. Актюбинск
80	Ишмеев Нурмухамед	мулла	
81	Мухамедшин Сабирзян		ст. Мартук
82	Байкаданов Шахеретдин		пос.Шкунов
83	Нурахмедов Хасан		Ново-Алексеев.вол.
84	Баймухамедов Нурахмед		Алимбетов.вол.аул3
85	Гатаулин Габидулла		
86	Кушкумбаев Нургалий		аул 2
87	Самилыков Гусман		
88	Айтуов Файрагсит		
89	Иржанов Айжарык	мулла	аул 1
90	Шалабаев Исхак		

91	Файтахутдинов Хусайе		
92	Альмуканов Нигматулла		Тамдин.вол.аул 4
93	Байшуаков Жамугул		3
94	Алимжанов Жакит		2
95	Баргулов Ибай		1
96	Мухамедов Укай		2
97	Досанов Нурахмед		
98	Айткулов Усен	хозрет	Бурлин.вол.аул 6
99	Бижанов Умбет	мулла	
100	Умурзаков Каназар		
101	Сатабалдин Абдрахман		3
	ТЕМИРСКИЙ УЕЗД		
102	Дасаобирбаев Мухамбет	мулла	Казбекск.в.аул 1
103	Имбетов Мухамед-Жума		2
104	Нурпеисов Сармухамед		3
105	Байкунов Москикум		4
106	Рыспаев Колымбай		4
107	Бисбаев Темиргалий		9
108	Токжанов Исназар		9
109	Жиеналин Хусаин		Каиндин.в. аул5
110	Жекабаев Абдулла	ишан	Тем.Уркач.в.аул1
111	Машаков Кооиагамбет	мулла	
112	Саркулов Жалмухамед		
113	Наурузгалиев Ибат	ишан	аул 2
114	Шекабаев Абдулла	мулла	
115	Мухамедов Абдулла		
116	Жакебаев Наурузгалий	ишан	аулы 1-2
117	Баймухамедов Ажмухамед	Мулла	аул 3
118	Иманкулов Абдразак		аул 4
119	Касамаков Балмухамед		аул 6
120	Нурахмедов Усман		аул 10
121	Балмашов Каракул		Калма.Карг.аул 1
122	Жатаев Тоймухамед		2
123	Сеитгазыев Доцан	ишан	3
124	Беркимбаев Досмухамед	мулла	4
125	Бутсулов Айжатык		5
126	Айтмухамедов Абдугалий		8
127	Бегимов Нуртаза		7
128	Арзмухамедов Валий		8
129	Абдулин Мухамеджан		10
130	Байдагулов Доцан		11
131	Космукамедов Сатай		Кумды-Уильс.в. аул 1

132	Тойжарыков Досмухамед		
133	Тлеулин Бисен		аул 2
134	Локбанов Аскар		3
135	Жантлеув Райдуймухамед		4
136	Бекенов Калмухан		5
137	Курманиязов Саукай	б/и писарь, рук.групп.	9
137	Балмухамедов Окан	мулла	Кумды-Уильс.в. аул 6
138	Кызгулов Рахматулла		7
139	Айжарыков Жакен		8
140	Дильманов Исхак		9
141	Алматов Абиш		10
142	Балмагамбетов Алмагамбет		Эмбо-Темир.вол.аул 3
143	Казыбаев Казыкабий		7
144	Ахмедов Султангазий		2
145	Баимухамедов Сулейман		10
146	Абакиев алекар	ишан	9
147	Сарсенов Мусса	Мулла	9
148	Баймурзин Аж		8
149	Избасаров Х		8
150	Аманбаев Джанлаган		8
151	Ялмухамедов Сагетдин		6
152	Сиданов Ниязгалий		6
153	Айтмухамедов Жиздибай		5
154	Битимбаев Абдулла		Эмбенской вол.аул 5
155	Кулмухамедов Муллагазы	ишан	4
156	Дартаев Курманша	мулла, рук. группы,бай	3
157	Муллагазин Шарип	мулла	4
158	Бирмухамедов Идрис		2
159	Кузаев Наурзбай	имам	2
160	Ниязов Абдулсаттар	мулла	11
161	Брмухамедов Сатдулла		4
162	Балмухамедов Идрис		4
163	Космухамедов Самбет		2
164	Чаднаров Мухамед		1
165	Исенов Кадырберды		Кашкарат.вол. аул 1
166	Доцанов Габдулла	ишан	Джид.Сагиз.вол.аул 1
167	Буканов Баяубай	Мулла	6
168	Жамансарин Айкагул		5
169	Илеумухамедов Габдулла		3
170	Агламов Даумухамед		2

171	Казыбаев Аглам		2
172	Уралов Альмухамед		1
173	Ниязгулов Мсидыбай	имам	Эмбо-Байсар.вол.аул 1
174	Курманиязов Саукай	б/ш писарь, рук. группы.	9
175	Дашмухамедов Бахит	мулла	Эмбо-Байсар.вол.аул 7
176	Салфигов Брмухамед		6
177	Идарбасов Ибрай		3
178	Тулепбергенов Касым		2
179	Кошмухамедов Симбет		2
180	Курманалеев Нуртай		ст. Джурун
181	Абдюшев Хайрулла		ст. Эмба
182	М.Носыров Ибн-Ахмед	мухтасиб	гор.Темир
183	Истлеув Сагидулла	ишан	пос. Шиповский
ТУРГАЙСКИЙ УЕЗД			
184	Койкин Омар-Гумар	мулла	Тусун.вол.аул 2
185	Саукенов Умар		
186	Каркембаев Кожмухамед		3
187	Каукенов Гослад		3
188	Кожурбаев Абдрахман		3
189	Шалбаев Ирмухамед		3
190	Машитов Кожабек		4
191	Кудабаев алим		4
192	Ибрагимов Ашим		5
193	Усманов Абдрахман		5
194	Табанкужин Фирзадак		5
195	Аманбаев Кошеубай		5
196	Нурмаков Галим	имам	5
197	Исмагилов Ахия	мулла	6
198	Кинжестаев Абдулла		6
199	Курманбаев Ахмед		6
200	Асанов сазих		
201	Муслимжанов Ахаил		5
202	Уизбисов Исмухамед		Каракугин.вол.аул 1
203	Бекебергенов Валий		4
204	Жасбаев Талосбай		4
205	Авимов Аргатай		3
206	Тосбатыров Сарсембек		3
207	Ажимов Арсыгалий		3
208	Куиков Брмжан		2
209	Токмагамбетов Омар-Хамза		1
210	Токитов Омар		1

211	Асембеков Нуржан	имам	Каратург.вол.аул 3
212	Жаманов Акмолда	мулла	4
213	Жаманов Мухамеджан		4
214	Кудабаев Успан		4
215	А.Рыскулов Нурмухамед		3
216	Тосбулатов Сарсембек		2
217	Сатубалдин Файзулла		2
218	Ибраев Габдулла		2
219	Сатубалдин Зиятдин	мухтасиб	2
220	Сатубалдин Мирза	ишан	2
221	Сагимбаев Ильяс	мулла	1
222	Бектубаев Баймухамед		1
223	Утегенов успан		1
224	Галиев абду-Жалим		1
225	Алтаев Сарсембай		1
226	Аласов Жумабай		1
227	Токкожин Бижан		1
228	Жулдыбаев Исмагил	ишан	Майкарин.вол.аул 2
229	Шакаев Рыскильда	мулла	4
230	Мухамедов Нурахмед		4
231	Барлыков кушекбай		4
232	Курдебаев Гейксбай		3
233	Бекмурзин Елькай		2
234	Хафизов Гусман		1
235	Тобулов Сейтмухамед		1
236	Исенаев Турмабибай		1
237	Каржаув Ибрай	имам	Наурзум.вол.аул 2
238	Мурзаев Мухамед-Садык		3
239	Акбаев Бимагамбет	мулла	1
240	Темирбеков Исхак		2
241	Мухамедов Таирбай		2
242	Жаграев Токобатыр		2
243	Казакбаев Жалмухамет		4
244	Ильтанов Ободу	имам	4
245	Кунжегарий Ахмед	Мухтасиб	4
246	Беисов Мурза	мулла	4
247	Уркембаев Мрзыбулат		3
248	Асылбеков Ержан	имам	Наурузалин 5 аула
249	Ахмедбеков Мерза		2
250	Тожигулов Жукус	мулла	Кайраульская в. 4
251	Балгобаев Алкыбай		4
252	Оситт Ахмедов Абубакир		3
253	Уребаев Ахмед		3

254	Колмухамедов Брмухамед		3
255	Багожин Жагафар		2
256	Жунусов Зейнел-Гобден		1
257	Искаков Фотык		Сары Тург. вол. 5
258	Тлепбергенов Айтмухамед		4
259	Умбетов Рахмет		4
260	Тюрежанов Губа		3
261	Ибраимов Абдулла		2
262	Султанов Нурмухамед		2
263	Ахметов Азберген	Ишан	2
264	Мухамбетов Юст	мулла	Сары Тург. вол. 1
265	Умбасов Хамза		1
266	Тосбаев Ахмед		1
267	Жакупов Мулла-рахмед		1
268	Тлекишев Сатубалды		1
269	Исмаилов Калий		1
270	Карабасов Осит Вакас		1
271	Кулмухамедов Брмагамбет	мухтасиб	1
272	Салихов Тухватулла	мулла	г. Тургай
273	Мочеев Науэн		г. Тургай
274	Досмогулов Жуламан	ишан	ст. Кандагач
ЧЕЛКАРСКИЙ УЕЗД			
275	Кошкинбаев Тулькебай	мулла	Чулак-жидин. вол. Исентаев аул.
276	Ангельдин Калмагамбет		Колбоктил аул.
277	Шарипов Мухамед Садык		тоже
278	Итесов Аман-Галий	мухтасиб	Бакандин аул.
279	Торсмуратов Абдулой	мулла	Балатондин.
280	Рызаев Козы-Олда		Орыз-Кульск аул
281	Шорсин Даулет		тоже
282	Бектемов Жалубан	ишан	Балопондин аул
283	Щомухамедов Махмуд		тоже
284	Амралин Куанышбай	ишан	Балопондин аул
285	Абдулгалимов Абдужалым	мулла	Арыз-Кульск. аул
286	Сарниязов Дихан		Бурлинский аул
287	Магманкулов Шатмурат		тоже Карабутацк. вол
288	Космухамедов Алдымжар		Толдыкск. аул
289	Кулназаров Баумухамед		Толдыкульск аул
290	Досмухамедов Тасмурат		Толдыкск. аул
291	Колдыбаев Раюм		тоже

292	Книязов Ирай		Белкатин аул
293	Илемесов Мохмуд		Аксуатск. аул
294	Устамбаев Даргул		тоже
295	Байтонгатов Альжан		тоже
296	Бекбосов Исмаил	мушовир	Бурбакбаев аул
297	Пурмухамедов Муса	мулла	тоже
298	Мамбетов Бердоулет		Кналы-Кульск.аул
299	Сагынов Жубаткан		тоже
300	Баймухамедов Губойдула		Балгужинск
301	Кубланов Илеубай		тоже
302	Суюнбаев Махмуд		Кайротдин. аул
303	Икешев Апос	мулла	Ак-Култыкск
304	Минашев Абу-Талий		Аралпийский
305	Утенов Жолмугамбет		Чингильск аул
306	Едигетов Алмаш	ишан	тоже
307	Кудайбергенов Закария	мулла	Жакойский
308	Намахбаев Умбет	ишан	Талды-Кульск
309	Султанов Сетхажа	мулла	тоже
310	Бремжаров Минаш		Аралтюбинск
311	Фахретдинов Мутыгулла		тоже
312	Сатубалдин Нурохмед		Г.Челкар
313	Назийдаров Потовозий		тоже
314	Вильданов Ахмед-Гориф	Мушавир	Тоже
315	Тщанов Алдия	мулла	Ак-Култук аул
316	Истлеу Джаниязов	мулла	Кукаральск аул
317	Жарымбет	ишан	Тулагайский
318	Зайрембетов Юсуп-Асти	мулла	Кара-Некатск аул
319	Жугунусов (Куанышев)	Набиб Ишан	тоже
320	Алданазаров Жанзак		Женды-кульск аул
321	Мендыбаев Мухетдин	мушовир	Ак-Бостин
322	Жаимбетов Жумагазы	мулла	тоже
323	Сабитов Жулай	ишан	Мендыкульск
324	Журумбетов Асубай		Атстинский
325	Кожегенов Костаубай	мулла	тоже
326	Аргызбаев Аймагамбет	мулла	Кора-Чокат
327	Кулмухамедов Мухамет-Нобий		тоже

Камешева Б.Б.,
№42 Н.Балғымбаев ЖББМ
Тарих пәні мұғалімі,
зерттеуші

«АТЫРАУЛЫҚ САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ»

*Мен керексіз қазақ болдым бұл күні,
Тақалғанда жауыздардың мылтығы.
Сонда мені аяп тұрған оқ қана,
Өзгелердің көрге тығу күңкілі.
Көз алдымда көлеңке жоқ, тас түнек,
Әлгі мылтық шүріппесін басты кеп.
Атылған оқ өн бойымды суытты ,
Қарт өмірмен қош айтысты жас жүрек.
Өлдім сөйтіп заман бәрін көріп тұр,
Айдалаға кетті бізді көміп құр.
Өкінбеймін, елім үшін өлдім Мен,
Ей, Құдайым, ұрпағыма соны ұқтыр.
Ұрпағымды жақсылыққа жолықтыр,
Сол заманның жүрегі әлі соғып тұр.
«Айтылған сөз - атылған оқ» деуші еді,
Атылған оқ - айтылмас сөз болып тұр...*

деп Саят Әбенев ақынның «Атылған оқ» дәл сол кезеңді өлең жолдарымен сол сәтті өзі сезініп өте әсерлі жазған [1].

Қазақстанда саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу 1997 жыл 31 мамырдан бері аталып келеді. Әр жыл сайын зұлмат жылдардың құрбаны болған арыстарды еске алып арнайы ескерткіш тақтаға келіп тағзым етілу артында қалған ұрпақтардың жазықсыз құрбан болған еске алуы үрдіске айналып келеді. Қасіретті жылдың құрбандарына арналған ақын өлеңдері, жазушылардың, зерттеушілердің еңбектері жыл сайын көбейіп тарихтың сол кездегі ақ таңдақ беттерін әр ақын өзінше зерттеген әр адам оқығанда әр жанға түсінікті болу үшін барынша тың деректер қосып мұрағаттағы ақпараттармен толықтыруда. Десекте біз әлі де зерттелетін де жазылатын жырлардың да соңы болмайтынын білеміз.

«XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргін миллиондаған адамға қайғы-қасірет әкелді. Қазақ халқының көрнекті перзенттері – Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин және басқа да көптеген санлақтарымыз қуғын-сүргін құрбандары болды» деп Елбасымыз атап көрсеткендей, бұл жылдарды еске алып, тарихымызға тәу етіп, бүгінгі арқалаған аманат пен ертеңгі болашақтың мәнін тану, маңызын ұғыну әр бір қазақстандық үшін басты міндет.

1924-1933 жылдардағы аштық 2,5 миллион қазақтың өмірін жалмаған. Қазақстанда 1937-38 жылдары 107 мың адам репрессияға ілігіп, 27 мыңы

атылған. 1921-1953 жылдар аралығында жалпы Кеңес халқының 5,5 миллион азаматы қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 642980-і атуға кесілген. 2369220 адам кемі 5 жыл немесе 25 жылға лагерьге айдалған, түрмеге қамалған және ұзақ мерзімге жер аударылған. Тұтқындарды қамау үшін 53 лагерь құрылған, ал түрмелердің саны 30 мыңнан асып жығылған. Қазақстанда Карлаг, Степлаг, Алжир деген атаумен арнайы лагерлер жұмыс істеген. Қазақстанның өзінде «Халық жауының» әйелі болғаны үшін 18 мың әйел азап лагерінен өткен.

Өктем халықтардың отар елді әрқашан да тұқыртып ұстауы әуелден мәлім жай. Екі ғасырға жуық патша үкіметі жүргізіп келген аяр саясат Кеңес үкіметі тұсында өрши түспесе кеміген жоқ. 1919 жылдың басына қарай Қазақстанға кеңес билігі орныға бастады. Алаш қайраткерлеріне кешірім жасалды. «Ақ болсын, қызыл болсын бәрібір, мен тек қазақ ұлтын тебіннен құтқарып, соның мүддесін қорғайтын мемлекетті жақтаймын», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, өзге де Алаш қайраткерлері енді Кеңес үкіметі мүмкіндік берсе, ұлтына адал еңбек етіп, ойға алған ұлы мақсаттарын қолдан келгенше орындап қалуға тырысты. Алайда үкімет билігі күшейіп алғанша ғана қулық жасаған кеңестік құрсау сорпа бетіне шығар зиялы қауымға қайта шүйлікті.

Архив құжаттарына негізделіп, ресми дереккөздерінен алынған ақпараттарға сүйенсек, Атырау облысынанда 11 мыңнан астам адам репрессия құрбаны болған. Оның 800-ге жуығы ату жазасына кесілген. 2000 мың адам бас бостандығынан айырылып, 300-дейі жер аударылған. Жазықсыз жала құрбандарын ақтап, олардың ешқандай «халық жауы» болмағанын, кінәсі жоқтығын дәлелдеу, адам атын қалпына келтіру — бүгінгі ұрпақтың парызы, азаматтық борышы.

Осындай ізгі мақсатта 1993 жылдың 14 сәуірінде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Одан кейін Мемлекет басшысының Жарлығымен 1997 жыл – Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ, 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жарияланды. Бұл – ұлтымыздың болашағы үшін құрбан болған боздақтарға, Алаш қайраткерлеріне, тарихи тұлғаларға деген үлкен құрмет. Мұның бәрін жазықсыз жапа шегіп, қазақты егеменді, еркін, азат ел қылуға ұмтылған ерлердің алдындағы борышты өтеуге, парызды ақтауға арналған жүйелі жұмыстардың игі бастауы болды деп бағалаймыз. Бұл – ұлтымыздың болашағы үшін құрбан болған боздақтарға, Алаш қайраткерлеріне, тарихи тұлғаларға деген үлкен құрмет.

Біз бұл күнді қаралы дата деп атап өтіп, оңай айта салғанымызбен, оның түбінде үлкен қайғы қасірет жатыр. Әрбір тамырында қазақ қаны соғып жатырған қазақтың баласы осы қайғы қасіретті ұмытпау керек. Мысалы «Еңбекші қазақ» газетінде Қызыл тақта және Қара тақта деген айдарлары болған. Осы екі айдардың аясында қызыл тақтаға қуғын сүргін, ашаршылыққа қарамастан шолақ белсенділік танытып жүрген мекемелер, ұйымдар, колхоз, *совхоздардың басшылары туралы мақтау мадақтау материалдары болса, қара тақтада ма ақ теріп халық жауы атанған қарапайым, кінәсіз адамдардың есімі тізімге

жазылатын болды. Қара тақтаға ілінгендер күні ертең ату жазасына кесіліп отырды. Ашаршылық пен репрессия тақырыбын айтпас бұрын, сол кезеңмен, саяси құрылымын тарихи деректермен қатар қарастыру қажет. Бір жақты баға беру мен бір жақты көзқарас таныту тарих беттеріндегі ақтандақтарды одан сайын көбейтеді. Мәселен, Қазақстан тарихы оқулықтарымызда репрессия тақырыбында тек біржақты мәліметтер берілген. Көп жағдайда нақты цифрлар жазылмай оқушылардың тарихшы мұғалімдеріміздің өзін әрі сәрі етіп нақты шешім қабылдауға қиындық келтіреді. Бір оқулықтарда 2 миллион қазақ қырылды десе енді бірінде 4 миллион деп келтірілген. Кәзіргі таңда жан – жақты біраз зерттелгенмен мұнда тіпті бұл оқиғаларға кінәлі адамдардың аты анық айтылмайды. Тәуелсіздікке дейін де кейін де шыққан кітаптарда саяси тарихи қателер көптеп кездеседі. Яғни, бұның барлығы біздің тарихи сананың жаңартылмағанын, зерттелмегенін, өз деңгейіндегі шындық әлі ашылмағандығын айтып отыр.

Жыл сайын 31 мамыр күні атыраулықтар да Жеңіс саябағындағы мемориалға тағзым етіп, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуды мызғымас дәстүрге айналдырды. Бұл – нұрлы болашақ жолында құрбан болған боздақтарымызға, елінің ертеңі үшін күрескен тарихи тұлғаларымызға деген бүгінгі ұрпақтың ұлағатты құрметі ретінде жалғасын таба бермек.

Осы саланы зерттеп жүрген арнайы ақтау комиссиясында жүрген Атыраулық тарихшы ғалым Шәкіман Нағымовтың осы тақырыпты қозғап, облыстық «Атырау» газетіне жариялаған ғылыми-зерттеу мақаласында репрессия төңірегінде біраз дерек-дәйектер келтіріліпті. Оның баяндауынша, 1920-1930 жылдары республикамызда кеңес өкіметінің пәрменімен сайлау құқығынан айырылған азаматтардың да күні кешеге дейін ақталмай келгендігі айтылған. Бір ғана Атырау облысының өзінде олардың саны 3 мыңнан асады. Сорақылығы сол, сайлау құқығынан айыратын адамдарды анықтаған кезде кеңестік «конвейер» «жарамсыз элементтерді» ақылға сыймайтын санаттар арқылы жіктеген. Соның ішінде, отбасымен қудаланғандарға қатысты сұрқия тірліктің түйіні сол, алалау мен өзге де қиындықтар олардың тек өзін емес, отбасыларын да шарпып, зардап шегушілер санын еселеп арттырды. Мысалы, «қанаушы кулак» санатында көрсетілген Гурьев қаласының тұрғыны Липатий Пупыкиннің үш ұлы да осы тізімге енген. Дәл осындай жағдай Ходин, Тоцаков, Демидов, Приданов, Мустахимов, Артамонов, Карамышев, Ибатуллин, Әжікеев, Ұзақпаев, Липатов, Чанпалов, Чертихин, Зарщиков, Фофонов, Өтепбергенов, Ротновтардың отбасыларына қатысты болды. Мәселен, бір ғана Новобогат (қазіргі Исатай) ауданы бойынша дәулет иесі Қали Әлменовпен бірге анасы Дәметкен, бәйбішесі Жансекер, ағалары Бисен мен Кенжеғали, олардың әйелдері Қарашаш, Жамал, Болған да сайлаушы мәртебесінен айырылды. Сондай-ақ, ағайынды Ахмет, Тәпеш, Шалақұл, Боқан Далдақовтар мен олардың анасы Үнзира, әйелдері Мақан, Разия, Жұмаштың да мүмкіндіктері шектелген. Онымен қоймай, бар құқайды отағасымен бірдей көрді. Гурьев облысы бойынша асыраудағы 1801 адам сайлау құқығынан айырылса, бұл жалпы тізімдегілердің тең жартысы еді.

Олардың арасында әсіресе, дін жолын ұстанғандарға көзқарас аса жағымсыз болды. Тізімдегілердің 20,4%-ы құраған бұл санаттағыларға қатысты қуғын-сүргін КСРО-ның жазалау саясатында ерекше орынға ие және ерекше мақсат-міндеттерді көздеді. Большевиктердің дін мен діни қызметкерлерге қарсы іс-қимыл бағдарламасы 1919 жылы В.Лениннің Ф.Дзержинскийге жазған әйгілі хатында ашық көрініс тапқан. «Дін мен поптардан мүмкіндігінше тезірек құтылу керек. Поптар барып тұрған контрреволюционерлер мен диверсанттар ретінде тұтқындалып, барлық жерде атылу керек және мүмкіндігінше көбірек. Шіркеулер жабылуға жатады. Храмдардың, шіркеулердің үй-жайлары қоймаларға айналады». Шынында да, тек шіркеулер емес, мұсылман мешіттері де осы санаттан табылды. Патша өкіметі кезінде Гурьев уезіндегі 90-нан астам мешіт пен медреседе 2 мыңға жуық шәкірт тәлім алған. Ал, 1930-1932 жылдары мешіт атаулының 80 пайыздан астамы арнайы нұсқауға сәйкес жабылып, көпшілігі бұзылды. Дауыс беру құқығын жоғалту сол дәуірде үлкен соққы болды. Бұл санаттағыларға 1923 жылдан басталған науқан бай-феодалдарды тәркілеу, діни қайраткерлерді қудалау, көшпелі және жартылай көшпелі отбасыларды күшпен отырықшыландыру, қазақ зиялыларын саяси қуғын-сүргінге ұшырату шараларына ұласты [2.] Ал, 1929-1933 жылдар аралығындағы нәубет пен алапат аштықтың кесірінен 3,5 миллион қазақ опат болды. Әрине, бұлардың арасында атыраулықтардың аз болмағаны ащы да болса шындық. [3.]

Саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау бойынша жұмыс басталды. Тәуелсіз республикада қабылданған алғашқы заңдардың бірі 1993 жылы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау туралы заң болды. Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қасірет мекені КАРЛАГ пен АЛЖИР-де тоталитарлық жүйенің шексіз қатігездігін үнемі еске салып тұратын тарихи мемориалды кешендер ашылды.

2020 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссияның басты міндеті – кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санатына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру. 2022 жылы мемлекеттік комиссия жұмысының нәтижесінде саяси қуғын-сүргін тарихына арналған материалдар мен құжаттардың 31 томдық жинағы жарық көрді. Кітаптар XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының түрлі санаттарына қатысты бұрын жарияланбаған архив құжаттары мен материалдарынан құралған.

Мемлекеттік комиссия қуғын-сүргін құрбандарының тарихын зерттеу, архив құжаттарын цифрландыру және электронды қорларды қалыптастыру бағытындағы жұмысын жалғастырады.

Қортындылай келе, қалай дегенмен де, қазақ тарихындағы бұл қасіретке бей жай қарамау, санамыздан өшіру елдігімізге сын емеспе? Ашщы тарихымызды білмеу – тәуелсіздік қадірін түссінбеумен теңбе тең.

Ендеше ,ұрпақ санасына өткен дәуір тарихын жаңғырту ,халық зиялыларын жадымыздан бір сәт те шығармау баршамыздың ұлт алдындағы азаматтық парызымыз деп білейік!

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаев атаулы күнге айрықша мән беріп, репрессия құрбандарын ақтау бойынша мемлекеттік комиссия құру туралы ұсыныс көтеруінің өзі де осы арқылы тарихты түгендеуге ниетті екенін көрсетті. Деректер мен дәйектерге жүгінсек, өткен 1927–1953 жылдары еліміз бойынша 125 мыңнан астам адам жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңнан астамы тар қапасқа қамалып, атылған. Талай шаңырақты қиратып, кейбір жерлерде тұтас елді мекендерде тігерге тұяқ қалдырмаған осынау зұлмат жылдарда сол кездегі Кеңестер одағында 953 лагерь болса, оның 20-дан астамы Қазақстанда орналасқаны мәлім. Қолдан жасалған осы қырғынның тарихта алатын орыны мен өкініші көп .Мылтықсыз майданның құрбанына айналған жандарды ұрпақ ұмытпауы тиіс. Коммунистік режимді жеңе алмасын білсе де, қазақ зиялыларының ұлттық келбетімізді сақтап, тарихымыздан, тіл-дінімізден ажырап қалмау үшін жанын салып күрескені баршаға белгілі. Олар осы әрекеттері үшін жазасыз қалмайтындарын түсінді. Десе де елі үшін аянбады қазақ елінің өзге елмен иық тіресіп алдан көрінетініне сенді. Сол сенім мен үміт оларды алға жетеледі. Қуғын-сүргінге ұшырап, репрессия қақпанына түсетінін болжады. Сонда да болса, ешқайсысы негізгі идеяларынан айнымады, өз істерінің ақтығын, түпкі мақсаттары орындалып, түбі жеңіске жетіп, әділдіктің салтанат құрарына сенді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Саят Әбенев «Атылған оқ»
2. «Атыраулық ғалым репрессия құрбандары» туралы тың дерек жариялады Шәкіман Нағымов Атырау газеті 19.08.2021 ж
3. «Атырау өңіріндегі репрессия құрбандары» 24.03.2023 ж «Sakhara» республикалық қоғамдық саяси газеті.

Әжібаева А.Б.,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
2-курс магистранты
(Ақтөбе қ)

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА БАЙ-КУЛАКТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТІ (АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ БОЙЫНША)

XX ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес үкіметінің сталиндік тоталитарлық жүйесі толығымен орнықты. Қазақ өлкесінде социалистік қатынастарды түбегейлі орнату үшін түрлі шаралар мен заңдар күшпен орындалып отырды. Бұл шаралар халықтың қаналуы мен ұлт зиялыларының өмірімен өлшенді. 1925 жылдың жазында қазақ жеріне басшылыққа Ф.И. Голощекиннің келуі

ұжымдастыру жұмыстарының жедел әрі қанау түрінде өтуіне себепші болды. Ф.И. Голощекиннің жүргізген «Кіші Қазан» саясаты шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу арқылы қазақ ауылдарында тапаралық кикілжіңдер туғызған еді. Бұл саясат оңтайлы әрі тез нәтиже бермегендіктен жаппай қауырт шаралар жүргізілді.

Қазақ жерін кеңестендіруде басты негізгі кедергі әрі тап жауы ретінде байлар мен кулактар саналды. 1929 жылы 29 желтоқсанда өткен маркстіл аграршылар конференциясында Сталин кулактарды түбегейлі жою мәселесін бірінші орынға қойды. Ақтөбе губерниясында да байларғы қарсы осы науқан жүргізілді. Соның ішінде бай, кулактардың мал-мүлкін тәркілеу, жайылымды жерлерінен ығыстыру, берілген тапсырманы орындамағандарды жазалау жұмыстары орын алып отырды. Байларға қарсы көптеген істер ойдан шығарылды. Тек мал санынының көптігі үшін олар аймақтан тыс жерлерге жіберілді. Газеттерде осы көрнекті қайраткерлердің 1921 жылғы көтеріліске қатысуы туралы істер жарияланды. Сонымен қатар олар ұжымдастыруға қарсы болды деп айыпталды. Көпшілігінің 1928-1929 жылдары мүлкі тәркіленіп, содан кейін бұл процесс 30-шы жылдарда жалғасын тапты, содан кейін олар айыптау актілерінде "бай" емес, "кулактар" деп жазыла бастады. Кеңес өкіметі 1928 жылы нақты құжатты, дәлірек айтсақ, бай фермаларын тәркілеу туралы қаулыны бекітті. Олар үш топқа бөлінді. Біріншісіне 400-ден астам жылқы мен ірі қара малы бар бай кірді. Екіншісінде – 300-ден астам, үшіншісінде-кемінде 150 бас. Бұл процедураға ұшырауы керек адамдардың санын көрсететін белгілі бір жоспар болды.

Өткен ғасырдың 30-жылдарында қазақ даласында болған оқиғаларды Қазақстанда "Кіші Қазан" революциялық-репрессиялық бағдарламасын іске асырудан басталған апат деп атауға болады. Оның саяси-құқықтық негізі Коммунистік партияның Орталық Атқару Комитеті Төралқасының 1928 жылғы 14 наурыздағы "ірі байлар мен мал өндірушілердің отбасыларымен тұрақты тұратын жерлерінде жер пайдалану және тұру құқығынан айыру және олардың мүлкін тәркілеу туралы" қаулысы болды. Бұл қаулы Конституцияға да, сол кездегі заңдарға да мүлдем қайшы келді. Оның негізінде Коммунистік партияның Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ Автономиялық Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесінің "бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы" 1928 жылғы 27 тамыздағы, "тәркілеуге қарсы іс-қимыл үшін қылмыстық жауапкершілік туралы" қаулылары, Қазкрайком бюросының "класс ретінде кулактар мен байларды жою туралы" қаулысы және тағы басқалар қабылданды.

Кеңес үкіметі 1920 жылдардан бастап кулактарға экономикалық қысым көрсету саясатын жүргізіп келеді және кулактарды экономикалық қудалауға және "қарусыздандыруға" бағытталған. Алайда, 1929 жылдың аяғы мен 1930 жылдың басында ел басшылығы колхоз құрылысын дамытуға бағыт алды. Осыған байланысты ұжымдастыру жоспарланған болатын.

1933 жылға қарай елдің негізгі астық аудандарындағы кедей-орта шаруа қожалықтарының басым бөлігі, ал құлақ шаруашылықтары жойылады.

Конференциялар мен конвенцияларда үздіксіз ұжымдастыру қажеттілігін және "ауылдың капиталистік элементтерінің" қаупін түсіндіретін дайындық үгіт-насихат жұмыстары басталды. Іс жүзінде өндіріс құралдарын тәркілеудің орнына барлық тұрмыстық заттар, тіпті киілетін зығыр, белгішелер мен бұйымдары алынды. [1, 41-б.].

Осы мәліметтердің тікелей дерек көзі ретінде Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві және Қазақстан Республикасы Президентінің архивін қолдана аламыз.

Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінің №681-нші қорында 1919-1937 жылдарды қамтитын деректер көрсетілген. Оның ішінде Ақтөбе уезінің Темір, Шалқар, Торғай, Мендығара, Аманқарағай, Ырғыз, Қарабұтақ, Жетіқара секілді аудандарың бай кулактарының «анкеталары» жазылған. Бұл анкеталарда әр ауылдың байлары туралы ақпараттар көрсетілген. Осы анкеталардағы берілген ақпараттарға қарап, байлардың мал-мүлкі, отбасылық жағдайы және қоғамдық саяси дәрежелерін білуге болады. Мысалыға:

Ұлттық-діни қозғалыстың көрнекті қайраткерлерінің бірі Айбалтин Жарбол Торғай ауданы № 14 ауылдың байларының бірі. Қыпшақ руынан тарап, өз ауылының ақсақалы және ру басшысы қызметін атқарған. Ірі бай және ақсақал ретінде үлкен ықпал мен беделге ие. Мал шаруашылығымен айналысып, 345-ке жететін ірі қара мал саны болған. Төмен білімді, ислам дінін ұстанған. Архив құжаттарында «Аксақал, участвует в родовых байских группировках во время перевыборов советов, держит в экономической зависимости бедняков своего аула, эксплуатирует таковых беспощадно в особенности во время ловли сусликов. Лишен права голоса.», - деген деректер көрсетілген. [2, 3-б.].

Келесі бір құжатта берілген анкета Ырғыз ауданы № 135 ауылының байы Байкадамов Медерге берілген. Іс 1928 жылдың 24-шілдесінде басталып, 1932 жылдың ақпан айының 25-і аяқталған. Байкадамов Медер, 1877 жылы туған. Отбасында 6 жан бар, ұлты бойынша қазақ, сауатты, Құламан руынан оның ішінде "Айбас" руынан шыққан. Әлеуметтік жағдайы бойынша бай, жеке айырылған. 1928 жылы ірі қара малға ауыстырылды: 59 бас, жалдамалы еңбекті пайдаланды, бір уақытша және бір тұрақты батырақтары болды. 1930 жылы сотта мал дайындау жоспарын орындамағаны үшін тәркіленді.

Дело формуляр №135 На бая 22-го аула Иргизского района Байкадамова Медера. *Начало 24 июля 1928г. Окончено 25 февраля 1932г.*

Меморандум на бая №6 аула Карабутацкого района Актюбинского округа Медера Байгадамова. Составлен 24 / VII-23г.

Содержание

Байгадамов Медер является баем аула № 6 Карабутацкого района происходит из рода «Куламан» подрода «Айбас». Семья состоит из 8 человек. В зимнее время проживает на урочище «Иргиз» в своей землянке из двух комнат и 1 сарая к ней постройки из саманного кирпича. В летнее время кочует на урочище «Аккум». Имеет скота в переводе его на крупный 59 головок. Из с/х инвентаря имеет: 1 плуг, 1 косилку с граблями. Имеет 7 десятина пахотн и земли и имея 15 десятина сенокосных угодий собирает еще сено с не арендованной

земли в разных местах. Хозяйство полукочевое, в котором применяет наемную силу, имея одного постоянного батрака и 1 сезонного. С целью укрытия от ЕСХН свое хозяйство Байгадамов Медер раздробил на три части записав часть на своего сына Сеилхана /25 лет/ и часть на свою мать Мнасипу. До революции служил аульным старшиной и народным судьей /аксакалом/. Основное же его занятие скотоводство. Принимает участие в родовых группировках в особенности активно поддерживает бая Касыкова Улжая. [3, 4-б].

Кеңес үкіметінің байларды жаппай кәмпескелеуі түрлі қарсылықтар мен наразылықтарды тудырды. Кейбір байлар өз мал-мүліктерін аман алып қалуға әрекет етсе басқа бір бөлігі аудан басшыларына тікелей қарсы шығып, ашық көтеріліске шыққан болатын. Осындай жағдайдың бірі Меңдіғара ауданының № 2 ауылының тұрғыны бай – Сокурбай (тегі белгісіз) ісінде жазылған.

Аманқарағай ауданының, № 2 ауылы Сокурбай (тегі белгісіз) бай мүлкінің тәркіленуіне байланысты өз шаруашылығын өз отбасы мүшелері арасында бөлу арқылы, біріншіден, малдарының бір бөлігін өз ауылының сенімді кедейлеріне беру арқылы, екіншіден, өз малын біртіндеп сату және жоғары және құнды тұқымдарды сатып алу арқылы бөлшектеуді көздеді және осылайша, саны есебінен, сапасын жақсарту және тәркілеуді болдырмауға тырысты.

Оның үйінде бір ауылдағы үш кедей адам, отбасы мүшелері ретінде бірге тұрады, Сокурбай бәлкім, малдың бір бөлігін соларға беруді көздейді.

Сонымен қатар, ол өз іс-шараларын басқа да байларға тапсырды, мысалы, №5-ші ауылдың байы Садық Бурамбаевқа да қатысты. Осы ақпараттарға қосымша агенттік жазба да берілген.

Агентурная записка На беседы с с/о «Нур» от 6 июня 29г

1. Крупный бай Аманқарағайской волости №2 аула Сокурбай послал письмо в Кзыл-Орду, инструктору Казхлебторга Ералину Нуртазе с просьбой дать совет, как поступить со скотом, в виду предстоящей экспроприации.

Во время хлебозаготовительной кампании Ералин приехал вместе с Касабулатовым в Кустанай, как представитель центра.

Тогда же в Кустанай приехал сын Сокурбая, пригласил Ералина в гости в дом Джетыбаева в Татсlobодке, устроил угощение и просил о том же. Ералин посоветовал, во первых разделить скот между членами семьи, часть передать 2-3 м надежным одноаульцам. Кроме того постепенно имеющийся скот продовать и приобретать породистый и ценный скот, который был бы количеством меньше, а качеством лучше. В таком случае экспроприации можно избежать.

В доме у них живет один престарелый старик со старухой и молодой человек. Когда союза Кошчи предложил им зарегистрировать их как батраков, то Сокурбаев заявил, что это член семейства.

2. К баю №5-го аула Аманқарағайского района Садыку Бурамбаеву заехали ночевать инструктор Округа Союза Кошчи Бирмухамедов и уполномоченный РИК а по посвкампании Беркумбаев Сату. Вечером Бурумбаев обратился к Беркумбаеву, что бай Сокурбай рекомендует распродавать или роздать бедноте скот, во избежании экспроприации, но беднота не надежная. Просил дать совет как можно сохранить имущество. Бурумбаев рекомендовал обратиться за

советом к Бирмухамедову, как представителю центра, но Бирмухамедов прикинулся спящим.

В доме проживают 2 человека посторонних на правах членов семьи.

3. Представитель Батбаккаринского РИК а и член ЦИК СССР Рсалдин вторично женился, не разводясь с первой женой, на Тургайской вдове Домбаевой имеющей солидное состояние.

4. 6-го июня с поездом должен прибыть студент Иржанов Амрале и остановиться у Кайдосова.

5. Исмагамбет Макишев имеет 2-х братьев, живут вместе. Лошадей имеют до 450шт. Он является сватом баю Жадрину Исмагамбету. Его другом является председатель Совторгслужащих.

Макишев известный предводитель скотокрадческих шаек, оперировавших не только в пределах округа, но далеко за ним.

Его другом являлся так же и бывший председатель Округа ИК а Байсенов.

Верно: Уполномоченный ВО (Сагитов). [4, 2-б.].

Істері қаралған байлардың барлығы дерлік жайылымды жерлерде көшпелі мал шаруашылығымен айланысқан. Ол қазақ халқының тұрмысының бір бөлігі болып қалыптасты. Қазақ жерінде әлеуметтік таптардың болуымен қатар, өз араларында бейбіт өмір де сүре алған. Ел ішінде беделді болған байлар, ақсақалдар, ру басшыларының рөлі жоғары болатын. Олардың қарапайым халықпен байланысы әрқашан тығыз болды. Мәселен, Ақтөбе өңірінде байларды кәмпескелеу шарасына қарапайым халық та қарсы болғанын көрсетеді. Ауыл ішінде бай және кедейлердің болуымен, күнделікті шаруашылықтары да жүріп отырған еді. Кеңес үкіметінің шұғыл саясаты сол қазақ халқының қалыпты тұрмыс-тіршілігін бір мезетте жойған еді.

Қорытындылай келе, 1920 жылдардан бері жүзеге асырылып келе жатқан байларға қарсы репрессия саясаты үш кезеңде болды деген қорытынды жасауға болады.

Бірінші кезеңде 1920 жылдары шаруаларға әртүрлі әлеуметтік-саяси және экономикалық қысым жасау саясаты жүргізілді, олар бірге "кәмпескелеу" деп аталды. Осы кезеңде кулактардың мүлкі экспроприацияланды, ол кедей және орта шаруа массасы арасында бөлінді.

Екінші кезеңде 1929 жылдың желтоқсанынан 1933 жылдың аяғына дейін КСРО-да астық мәселесін шешу мақсатында үздіксіз ұжымдастыру жүргізілді. Бұрын жоспарланғандай ауыл шаруашылығын дамыту үшін арнайы қоныс аударушылардың аз ғана пайызы пайдаланылды, өйткені байлар қоныстанған аудандар бұған іс жүзінде бейімделмеген. Нәтижесінде Кеңес үкіметі өз мақсатына қол жеткізді – Лениннің анықтамасы бойынша ауылдың гүлденген шыңы тек тап ретінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік топ ретінде де қалды. Айта кету керек, байлар үшін сталиндік қуғын-сүргіннің шарықтау шегі 1937 жылы емес, 1932 жылы болды.

Үшінші кезеңде 1934 жылдан 1938 жылға дейін "зиянкестер" және "антисоветиктер" стигмасы қойылған бұрынғы кулактарға қарсы репрессиялар жүргізілді. Нағыз "жауларды аулау" басталды, атуға және лагерьлерге қамауға

алынатын адамдардың саны астық немесе ет дайындау сияқты жоспарланған. Осы соңғы кезеңде бұрынғы кулактар сынып ретінде емес, физикалық тұрғыдан "зиянкестер" ретінде жойылды. 1930 жылдары Жоғары Кеңес басшылығы үшін тұрақты басшылық жалғасты

Кеңес заңнамасы іс жүзінде объективті айыптау принципін қолданды, оған сәйкес үй шаруашылықтарының басшылары ғана емес, сонымен бірге олардың әйелдері мен балалары да қуғын-сүргінге ұшырады, олар анықтама бойынша кедей-орта топты пайдалана алмады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ванюков Д.А., Суслов И.В. Годы репрессий. - М., 2007.
2. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві, 681- қор, 1- тізбе, 38- іс.
3. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві, 681- қор, 1- тізбе, 42- іс.
4. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві, 681- қор, 1- тізбе, 47- іс.

Жұқатаева Д.Б.,
*«Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» КМҚК,
тарих пәні мұғалімі
(Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы)*

ҚАСІРЕТ ӘКЕЛГЕН ЗОБАЛАҢ ЖЫЛДАР ЗАРДАБЫ

XX ғасырда Кеңес үкіметінің қазақ елінің ішінде жүргізген зобалаң саясатының салқыны орасан зор зардап әкелді. Қазақ ұлты, өзінің ежелгі мезгілден бері тұрып жатқан отанында, атажұртында бейбіт өмір сүріп отырып, апатты деңгейге дейін азайып, құрып кету және дербес ұлт ретінде өзінің этностық жеке-даралығын сақтай алмау, жоғалтып алу қауіпі бар жағдайында тұрды.

Адамзат тарихында отарлық бұғау мен езгіні бастан өткерген халықтар баршылық, бірақ солардың қай-қайсысы да орыс патшалары мен коммунистік өктемдік жылдары қазақтар бастан өткергендей қасіретті көрмегені анық. Артымызға бір қарап, өткен жолымызға көз жіберсек қасіретті жылдар елестеп, көңілді босатады. Ұжымдастыру саясаты жүргізіліп, дәулетті адамдардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері қуғындалып жапа шексе, алдындағы малынан айрылған кедей қазақ 1931-1932 жылдары ақсирақ аштыққа тап болып қырылды. Аштық бала деп баланы да, кәрі деп кемпір-шалды да, уыздай жас екен деп қыз-бозбаланы да, ошақ-ұрпақ иесі ғой деп ерлі-зайыптыларды да аяған жоқ. Адамы түгел қырылып қалған ауылдардың аттары да жойылып кетті. Таяқ тастам отыратын қалың ауылдардың қатары селдіреп, адамдарының саны азайып қалды. Отызыншы жылдардың ортасында ұлтжанды азаматтарға «халық жауы» деген жала жабылып, нақақтан құрбан болды. Алаштың ел бастар серкелері атылып, жер айдалып, халықтың рухы жанышталды. Соғыстың алды мен соғыс жылдары сталиндік саясаттың құрығы аз халықтарға түсті. Еділ бойын қоныстанған немістер, кәрістер және тағы басқалары өз мекендерінен жер аударылып,

Қазақстанға қуғындалды. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған бұлар меймандос қазақтың бауырынан пана тауып, қырылудан аман қалды.

1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық «гуманитарлық апат» деген анықтама аясына сыймайды. Ол – адамзатқа қарсы жасалған қылмыс, ғаламдық қасірет.

Тарихшылардың мәліметіне жүгінсек, 1927-1953 жылдары 40 миллион адам, оның ішінде Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. 1937-38-ші жылдары республикада 100 мыңнан астам адам заңсыз сотталып, 25 мыңға жуығы жазықсыз атылған. Тәуелсіздік жылдары жарияланған деректерде 1920-1930 жылдарда қазақтар 4-4,5 млн. адамынан айырылған. 1921-1922 жылдардағы аштық кезінде 1 млн. 700 мың адам, 1932-1933 жылдары 2 млн. 300 мыңға жуық адам құрбан болған. Соңғы мәліметтерде «1920 жылдардағы ашаршылықтан өлгендердің саны 2,3 млн. Адамға жеткені», қазақ демографы Мақаш Тәтімовтың деректерінде «XX ғасырда болған азамат соғысы, қолдан жасалған ашаршылық, қуғын-сүргін кездерінде, Екінші дүниежүзілік соғыста бас-аяғы 3 миллион 850 мыңға жуық қазақ қырғынға ұшырағаны» айтылады. [1, 9-б.].

Ашаршылықтың қандай сұмдық зардап әкелгенін көру үшін мына дерекке жүгінелік: Далалық қазақ өлкесінің Төтенше комиссары Әліби Жангелдиннің 1918 жылғы май айының басында Халық Комиссарлары Советіне жазған хатында Далалық өлке тұрғындарының жалпы саны 10 миллион, оның ішінде қазақтар 6 миллион, орыс және басқа ұлттар төрт миллион екені айтылған. Арада жиырма бір жылдай уақыт өткеннен кейін, 1939 жылы жүргізген халық санағында қазақтардың саны 3 миллионнан сәл ғана астам болды. Осынша мерзім ішіндегі өсім өз алдына, 1918 жылғы мөлшерінің жартысы кеміп кеткен. [2, 230-б.]. Мұндай ауыр кезеңдерде ауыртпалық, әсіресе, қазақтарға орны толмас қасірет әкелді. Оның басты себебі ғасырлар бойы тіршілігі тек қана мал шаруашылығына байланысты болған көшпелі өмір сүрген қазақтар «гүлденген социализмді тез орнатпақ болған» солақайлардың асыра сілтеу нәтижесінде қолындағы күнкөріс көзі – малынан айрылды да аштан қырылды. Мұның басты қатесі – тарихи дамудың дөңгелегін даму заңдылығынан тыс, күшпен тездету идеясында жатқан еді. Бүкіл бұрынғы Кеңестер Одағындағы кейбір Украина, Қазақстан тәрізді жекелеген аймақтарды осындай алапат аштыққа ұрындырған ең басты себеп – сталиндік тоталитарлық жүйе немесе сталиндік аграрлық реформа. Тарих көшіндегі күштеу, зорлық-зомбылық механизміне негізделген бұл шұғыл да дөрекі бетбұрыс ұжымдастыру еді. Осынау төтенше бағыт балама ұсыныстарды, қазақ даласындағы дәстүрлі шаруашылықтың даму бағытын көзге де ілмеді. Алты алашқа әйгілі, қазақ деп қабырғалары қайсқан Ә.Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, К. Кеменгеровтың, С.Сәдуақасовтың бір сөзбен айтқанда алаш зиялыларының ұлттық шаруашылық дамуын сақтауға байланысты ұсыныстары аяқ-асты етілді, ал олардың өздері ашық қуғын-сүргінге ұшырады.

Қазақстандағы ұжымдастыруға балама жолды ұсынып, туған халқын жан-тәнімен беріліп сүйген Міржақып:

Көзім көріп, айтуға тілім бата алмай,

Ішім қайнап, тағы да шыдап жата алмай,
Мендей мүскін бар ма екен хақтың құлында,

Керексіз болған еңбегі еткен ақы алмай, - деп, күрсіне жырлаған еді. Тап осындай күйге түскен ұлы қазақ зиялыларымен қатар орыс оқымыстылары да ащы шындықты тап басып айтып, қазақты аштықтан құтқаратын даму жолын нұсқап көрсеткен болатын. Бірақ амал не, жедел қарқынмен жүргізілген сталиндік индустрияландыру азу тісін ақситып, бейшара шаруадан ет, астық және т.б. ауылшаруашылық шикізат өнімдерін тартып алды. Оған дүниежүзілік капиталдан қорғанамыз, бүкіл әлемде социалистік төңкеріс жасаймыз, сөйтіп барлық елдің пролетарларын біріктіреміз деп қоқиланған, қаруланған жана әскери техникаларын Қазақстандағы 1930 жылғы Ырғыз және Қарақұм көтерілістерін басуда сыннан өткізген Қызыл Армия және қосылды. Оны етпен асырауда қазақ шаруасына зор міндет жүктелді. Өзін қырып жатқан әскерді етпен асыраған байғұс қазақ көп кешікпей-ақ өзінің де аштан қырылатынын ойлап үлгере алмады.

Ұжымдастырудың әкімшілік-зорлықшылдық сипаты кулактар мен байларды тап ретінде жою аясында белен алған сол бір қуғын-сүргін іс-шаралары арқылы орасан зор қасірет түрінде бой көрсетті. Ұжымдастырудың төтенше сипаты кулактар мен байларды жоюдың мемлекеттік бағытын жүзеге асыру ауқымында өрістеген шараларда ерекше күшпен көрінді. Жергілікті органдарға жіберілген деревняларда жойылатын кулак шаруашылықтарының үлес салмағы шаруашылықтың жалпы көлеміне қарағанда 3-5 проценттен аспау керектігі айтылған. Бірақ көптеген аудандарда кулактардың саны бұған жетпей қалды. Сондықтан, кулакқа жатқызу саны барлық жерде жаппай ең жоғары шекті деңгейге көтерілді. Ал, көп жағдайларда «жалпы сан жөніндегі» жоспардың құлшына орындалғаны соншалық, іс жүзінде субъективті түрде белгіленген адам санынан екі, тіпті үш рет асып кетіп отырды. Мұндай «жетістікке» жетудің сырын түсіндіру оп-оңай: нағыз қанаушы элементтермен қоса дәулетті және орта шаруалар да кулакқа жатқызылды. Капиталистік жеке меншіктік құрылыстың басты белгісі – жалдамалы еңбекті пайдалану және қосымша құн жасауға бағдар ұстау – оның шын мәніндегі әлеуметтік-экономикалық жаратылысын танытудан гөрі қандай да бір шаруашылықтың өндірістік қуатын білдіретін ойдан шығарылған белгілердің тасқынында жоғалып кетті.

Бұрынғы КСРО-ның Мемлекет қауіпсіздігі комитеті мен Ішкі істер министрлігінің архивтерінде жатқан құпия болып келген материалдарға талдау жасау қажет. Дегенмен де 1930-1931 жылдары «кулактық жер аударуға» жіберілген Қазақстан шаруаларының саны толық емес деректер бойынша 6765 адамға жеткені мәлім. Алайда, республика шегінде де шаруа қожалықтары кулакқа жатқызылып, «кулактық жер аударуға» жіберілді. Сонымен қатар, малды тәркілеу, астық дайындау, салық салу, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау, отырықшыландыру және басқа күштеу науқандарында да іс жүзінде шаруаға қарсы жазалау жүргізілгенін ескеру керек. Оларға қылмыстық кодекстің алуан түрлі баптары қолданылды. Сондықтан да «кулакқа жатқызылған» топқа жүздеген мың адам ілігіп кетті. Оның үстіне сталиндік режим Қазақстан жерін

елдің басқа аймақтарындағы ондаған мың шаруалар үшін «кулақтық жер аудару» алабы деп белгіледі. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма – Ішкі істер халық комиссариатының еңбекпен түзеу лагерьлері бас басқармасы арнайы қоныс аударушылар жөніндегі бөлімінің декреттері бойынша республикаға 46091 үйелмен немесе 180 мыңнан астам адам айдалып келген. [3, 2-б].

Кулакқа жатқызу идеологиясы кейіннен шаруаларды бұрын-соңды болып көрмеген кең көлемде жазалауға ұласқанын айту керек. Мәселен, 1932 жылғы 7 тамызда «Мемлекеттік кәсіпорындардың колхоздар мен кооперативтердің мүлкін қорғау және қоғамдық меншікті нығайту туралы» Заң қабылданды. Заңда ату жазасы, ал жеңілдікті жағдайда мүлкін тәркілеп, 10 жыл түрмеге қамау жазасы көзделді. Конституцияға қарсы осы норма қолданылған алғашқы жылдың өзінде Қазақстанда 33345 адам сотталды.

Кулакқа жатқызу жөніндегі науқанның барысында шаруаға қарсы жаппай жазалау өріс алғаны жоғарыда айтылды. Кулакқа жатқызылды дейтіндерге қылмыстық сипаттағы басқа да көптеген баптар қолданылды. Бұл орайда ешқандай да істі сотта қарау нышаны болған жоқ. Істің бәрін Конституциямен қолданылып жүрген заңдарды бұза отырып құрылған жедел үштік шешіп отырды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма ПП-сының органдары 5 жыл ішінде, яғни 1929-1933 жылдары Қазақ АКСР-інде, толық емес деректерге қарағанда, 9805 істі қарап, 22933 адам жөнінде шешім қабылдады, соның ішінде 3386 адам ең жоғары жазаға – ату жазасына, 13151 адам 3 жылдан 10 жыл мерзімге дейін тұтқын лагерьлерінде ұстау жазасына кесілді. Үштіктің шешімін өлкелік және облыстық партия комитеттері бекітіп отырды. [3, 2-б].

Жағдайдың шиеленісіп, халықтың, әсіресе шаруалардың тарапынан қарсылықтың күшеюінде БК(б)П мен Кеңес мемлекетінің дінге қарсы, атеистік саясаты елеулі рөл атқарды. Мәселен, Қазақстанда қысқа мерзім ішінде мешіттердің, намаз үйлері шіркеулердің көпшілігі қиратылды. Халықтың пікірімен және көңіл күйімен санаспай, селолық аудандарда діни үй-жайлардың барлығы дерлік құлатылды немесе жабылды. Күштеп қысым жасау мен дөрекі озбырлыққа қарсылық ауылшаруашылық өндірісінің күрт құлдырауынан ғана көрініп қойған жоқ. Бүкіл елдегі сияқты, Қазақстанда да халық ашықтан-ашық наразылық көрсетті, ол бірсыпыра реттерде шаруалардың қарулы қимылдарына ұласты.

Қазақстанда 1929-1931 жылдары 372 көтеріліс болды, оларға 80 мыңға жуық адам қатысты. Әсіресе, Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Абыралы, Биен-Ақсу, Шыңғыстау, Қастек, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау және басқа аудандардағы шаруа қозғалыстары ерекше қасіретімен әйгілі болды. Көтерілістердің аяғы халықтың республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шетелдерге үдере көшуіне жалғасты. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281230 шаруа қожалығы көшіп кетті. Ашаршылық жылдары республика шегінен тыс жерлерге барлығы 1130 мың адам көшті, олардың 616 мыңы біржола кетті де 414

мыңы кейіннен Қазақстанға қайтып келді. Оралмай кеткен 200 мыңға жуық адам шет елге - Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға және Түркияға жол тартты. Соның ішінде Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшіп барғандар санын келтірсек, шамамен алынған соңғы деректер бойынша, қазір Орта Волгада – 40 мың, Қарақалпақстанда – 20 мың, Батыс Сібірде – 50 мың, Қырғызстанда – 10 мың, Орта Азияда 30 мың қазақ бар екен. Тұрақты әскерлердің және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының күшімен бас көтерген халыққа қарсы аяусыз жазалау акциясы жүргізілді. 1929-1931 жылдардағы ірі көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының өзі ғана 5551 адамды соттап, оның 883-ін атып жіберді.

Қазақстан этностарын қамтамасыз ету жүйесін талқандаған озбырлық күштеу бұрын-соңды болып көрмеген демографиялық апатқа ұшыратты. Бұрын большевиктер партиясында меньшевизм қандай рөл атқарса шет аймақтардағы коммунистік ұйымдарда «ұлтшылдық» сондай рөл «атқарады» деген сталиндік тезисті басшылыққа ала отырып, мемлекет қазақтың ұлттық интеллигенциясына қарсы нағыз соғыс жариялады, оған қатысты жазалау шараларын кеңінен және дәйекті түрде жүргізіп отырды. Осының нәтижесінде 1928-1932 жылдары 90-ға жуық адам қылмыстық жауапқа тартылды. Олардың көпшілігі ұзақ мерзімге қамалды, ал бір бөлігі атылды.

Қорытындылай келе, бүгін де қазақ елінің тарихы қайта жазылып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш арыстары туған халқымен рухымен де, тіпті, мүрделері туған жерге оралуымен де қайтадан қауышуда. Өткен тарихқа терең баға беріп, оны кейінгі ұрпақ жадына мықтап сіңіру, одан әрі болашағымызды жан-жақты бағдарлауға негіз қалайды. Жас буын қазіргідей мамыражай заман қаншалықты құрбандықтармен келгендігін біліп өспейінше, олардың бойында ұлтжандылық, Отанға, халқына деген оттай ыстық сүйіспеншілік қалыптасады деп айту қиын. Болашақ ұрпақтың санасына өткен дәуір тарихын жаңғырту, халық зиялыларын жадымыздан бір сәт те шығармау баршамыздың ұлт алдындағы азаматтық парызымыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Атырау газеті. «Нәубет» Исатай Балмағанбетов, №41, 25 мамыр 2016.
2. Қазақ қасіреті. Сапабек Әсіп, Алматы «Қазақстан» 1994.
3. Егемен Қазақстан газеті. «Қолдан жасалағын қасірет», №292, 22 желтоқсан 1992.
4. Ұлы жұттың жазбалары. В. Михайлов, Алматы 1992.
5. Қазақ қалай аштыққа ұшырады. Алматы «Қазақ университеті» 1991.

Бекбаулиева Э.,
Тарих пәнінің мұғалімі
Жалпы білім беретін №3 орта мектеп
(Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы)

КӨКМЕШІТТЕГІ ҚУҒЫН – СҮРГІН

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуі тарихымыздағы «ақтаңдақтардан» арылуымызға және ұлттық рухани құндылықтардың қайта жаңғыруына жол ашты. Біз тәуелсіз қазақ мемлекеттілігі жағдайында ұлттық санамызды жағыртып, тарихи танымыздың көкжиегін кеңейту үшін «тар жол тайғақ кешуден» өткен халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын жаңаша көзқараспен жазуға және қазақ тарихындағы «ақтаңдақтардың» орнын толтыруға міндеттіміз. Өзірет Сұлтан Қожа Ахмет Яссауи негізін салып кеткен дәстүрлі дінді қазақ өлкесіне таратып, арнаулы үлгідегі мешіт тұрғызған Абдолла хазірет үлкен тұлға. Абдолла хазірет Жаналыұлы 1855 жылы дүниеге келіп, Шибұлақ деген жерде мешіт ұстап бала оқытқан. Маңғыстау ойпаты Орынбор аралығында көшіп жүрген Адай, Беріш, Есентемір, Таз, Тама, балаларына арнап медресе салмақ болады. Абдолла да әкесімен бірге осы жерлерде аймақ балаларының сауатын ашуға атсалысады. Жаналының ұсынысымен қазақ балаларын сауаттандыру мақсатында мешіт салу ісін қолға алып Көкмешітті тұрғызады. Мешітті 1910 жылдың төңірегінде салып, 1914 жылы бітіреді. 1918 жылға дейін мешітке Абдолла хазірет өзі басшылық жасайды. Көкмешіт Байғанин ауданы территориясында жатқан Ебейті елді мекенінің күн батыс бетінде, Сағыз өзені бойына таяу орналасқан. Мешіттің жанынан медресе мен кітапхана болған. Құран сүрелерімен қатар жаратылыстану, жағрафия, гигиналық гуманизмге тәрбиелейтін сабақтарда жүргізілген. Қабидолла атамыз Хазірет атасынан қалған мұра тозып, мүжіліп кеткен «Құран», «Мұқтасар», «Әптиек» секілді кітаптары сақтаулы тұр [1]. 1929 жылға дейін Көкмешітте 100 бала ақысыз оқыған. Жанақ Әшір, Тіней Тәжі, Жанұзақ, сияқты зиялылар оқыған. Оларға хазіретте дәріс берген. Кейін білімдерін Башқұртстандағы медреселерде білімін жалғастырып, Көкмешітте имам болады. Көкмешіттен жергілікті халық балалары: Молдаш, Жұбаназар, Азанқұл, Бейіш, Ержан, Аймұрат, Ағишан, Әбишан, Шаңғала, Бабахасын, Тұрған, Аңдамас, Жүсіпқали, Тұрарқұл, Сарымолда, Дүйсен, Сыран, Молдабай, Мұхаммеди, Қонарбай, Әмірше, Сабырғали, Тайжан, Нұраш білім алған.

Жанақ Әшір Тілегенұлы өте зерек, оқуға қабілетті болған. Әшір Башқұртстанның Старлы деген қаласындағы медресесіндегі діни білім алып шығады. Осы оқуын бітіргесін Әшір елге келіп, Көкмешітке шәкірттерді арабша оқытады, діни білім берді. Көкмешіттегі шәкірттердің бірі Сұпығали Бейіш әкесінің әңгімесін Әшір ахун туралы естелігінде: « 1929 жылыға шейін Көкмешітте жүз бала оқыды. Төменгі мектепте Еспай молда, жоғары мектепте Өшекең оқытты. Ол кісі кітапқа көп жүгінбей діни уағыздарды тәлім тәрбиелік мәні зор қадистерді жатқа айтатын. Көкмешіттегі оқудың ең ерекшелігі

Көкмешіт тарихының құндылығы зор. Кезеңде қазақ балаларын дәстүрлі дін жолына оқыту еді. 1929 жылы қызыл империяның қыспағымен Көкмешіт жабылып, Әшір ағайын – тума, бала- шағасын ертіп Ақшелек ауылына келіп, қоныстанады. Діни ислам жолын уағыздап, жақсылықпен ізгілікті жүрегіне сіңірген ол ел жұртына сөзін өткізіп, аласапыран кезінде төңірегіндегілерді адаспауына жөн сілтеп отырған. Әшір ахун халыққа сөзі өтетін, мейрімді, адамгершілігі мол жан болған екен. Асыра сілтеушіліктен туған ашаршылық деген аждаһаның қазақ елін аяусыз жалмағаны белгілі. Бұл қасірет Сағыз бойына да соқпай кеткен жоқ. Көптеген ауылдар түгелімен қырылып қалса, босқындардан жер қайысты. Осы кезде ол үлкен ұлы Азанқұлмен екеуі далада аштан өлген адамдарды іздеп тауып, Ақшелекке әкеліп жерлеп, үлкен азаматтық танытады. Ол ауыл ішінде сөзі өтетін, көреген жан еді. Сол жылдары ашыққан ауылдар Маңғыстауға, одан әрі шекарадан асып үдере көшкенде ол ағайын тумаларымен ауылдастарын көшірмей алып қалады. Әшір атамызмұндай жақсылықтарымен ауылдастарына беделді болсада сол кездегі елдегі жандайшаптарымен белсенділер құрығынан құтыла алмады. Олар оны «молда, ел арасында ескіні көксейді, іріткі салады»деп көрсетіп соттады. Бірақ ақталып шыққан. [2]

Былқылдақтыда мешіт тұрғызған Жанұзақ қажының немере інісі Бейіш Темірбайұлы 1886 жылы туған. Бала күнінде Жылыой өңіріндегі Дүйсеке ата мешітінде дәріс алған. Хиуада 18 жыл оқып, ахун атағын алған. Біраз жыл Жем бойындағы Бекет ата дүниеге келген Ақмешіттегі мешітте дәріс береді. Аталарының солтүстікке қарай көшуіне байланысты Шибұлақтағы Абдолла мешітінде білімін толықтырып, 1930 жылға дейін ұстаздық еткен. Кейін Жанұзақ мешітінде де Тәжі ахунмен дәріс берген. Ұлдарының ішіндегі Сұпығали діни сауатты болған. [3]

1920- 1930 жылдардағы Кеңес үкіметінің кінәлілерді «халық жауларын» іздестіру кеңінен өрістетілді. Абдолла хазірет бес жылдай басқарды. Ол 1918 жылы пайғамбар жасына жетіп қайтыс болды. Абдолла хазірет балаларына «заман бұзылып барады. Түбінде мешіт ашып, бала оқытқаным, хазірет атанғанымнана сендер қорлық көресіңдер ме деп қорқамын. Сондықтан маған жеке кесене не там салам деп қиналмаңдар жұрт қатарлы жерлендер. Әйтпесе күншілдердің көзіне, өкіметтің қырына қаласыңдар» деп өсиет етеді. Хазіреттің қайтыс болар алдындағы болжамы рас болып шықты. Голощекиннің «Қазақстандағы Кіші Қазан» бай-кулактың мал- мүлкін тәркілеп, олардың көбін түрмеге жауып, Сібір итжеккенге айдағаннан кейін, елдегі көзі ашық, көкірегі ояу оқығандармен діни зиялыларына қырғидай тиды. Кеңес үкіметі қазақ жеріндегі көптеген діни медреселер мен мешіттердің орындарын қиратып, дінбасыларын түрмеге жаба бастаған кезең болатын. 1930 жылы Көкмешіттің мүлкін тәркілеп, таран-таражға салып, кітапханасындағы кітаптарды өртеп жіберген. Аса бай кітапханасын жасырып, қалу үшін, жерден ұра қазып, кітаптарды көмген. Көкмешітті 1930-1932 жылдары жергілікті Советтің төрағасы Ұлықпан және НКВД ның қызметкерлері жермен жексен еткен. Мешіттің құрылысы материалдарын Гурьев- Орск мұнай айдау құбырына

пайдаланған. Қазір Шибұлақта жер –жердегі медреселермен байланыс орнатқан, осы өңірдің көген көздерінің сауатын ашқан мешіт болды дегенге ешкім сенбейді, оның орынында жеке қожалықтың малы қыстап отыр.

Көкмешітте оқығандардың , дәріс бергендердің тізімін Уфадан алдыртып оларды қызылжағалылар ел арасында тінту жүргізіп, имамдарды ұстап, қамауға ала бастады. Осынау ұлағатты әулие адамның аруағы қор етіліп,оның ата жолын қуған ұрпақтарын «халық жауы» деген жаламен ұстап көпшілігі өлтірілді. Көкмешітте оқыған шәкірттермен дәріс берген имамдарды нәубет жылы 72 адам ұсталып түрмеге қамалған. 1930 жылы Абдолла хазіреттің баласы Уәли, інілері Хасен, Құсайын, Сәмеш «халық жауы» деген жазықсыз жаламен Ақтөбеге қамауға алынып,Құсайын мен Уәли атылған.[4] Сәмеш он жыл мерзімге сотталып, осы кезде ашаршылық басталып,отбасылары аштан азып тозып, кетеді. Абдоллаұлы Уали 1930 жылы 6 желтоқсанда 58-10 бабымен 42 жасында ату жазасына кесілген, Жаналиев Хусаин – 1930 жылы 14 маусымда 58-8,58-10, бабымен 49 жасында ату жазасына кесілген. 1930 жылы 14 маусымда Жаналыұлы Құсайын үштік қаулысымен Ақтөбе облысы орталығындағы түрмеге тұтқындайды. Жала жазасы ату жазасы бұнда үштік делосында жазылған, үкіметке қарсы шықты, қарсы насихаттар айтқан, қарақшылықпен айналысып жүрген Құрмаш, Құныскерей, Құлшарды қонақ қылған. НКВД жауап алғаннан кейін екі күн Уали інісі екеуі түрмеде отырады. Екі күннен кейін солдаттар Құсайынның тек шапанмен шығуын сұрап, алдарына алып кете барады. Келесі күні Құсайынның шапаны мен сәлдес, етігін, Уәлидің абақтысына әкеліп тастаған. Қазақстан Республикасының заңына сай репрессияға ұшыраған атамыз 1993 жылы 14 сәуірде ақталған. 1939 жылы Ақишан, Ахметнияздар тергеуде жатып, мешітте оқығаны үшін 10 жылға Қарағанды қаласының азап түрмесінде ауыр күндерді басынан өткізіп елге оралады. Отбасы қиындықты бастарынан өткеріп, екі баласымен аштан өледі. Ахметнияз – Гурьев НКВД-сында түрмеде отырып, 3 айдай екі көзі ісіп 1940 - 50 – жылға дейін түрмеде отырып, үйде соқыр болып отырып, 1956 жылы көз жұмады. Семаш- 1930 жылы 16 ақпанда 58-10 бабымен он жылға 19 жасында абақтыға жапқан. Кейін Ақтөбе прокуратурасының шешімі бойынша 1993 жылы 14 сәуірде ақтау туралы заңы қабылдады.

Әшір Тілегенов Көкмешіттің бас ахуны болған, Жұбаназар Тілегенов, Азанқұл Тілегенов, Машырық Можиев, Бейіш Темірбаев оы бес адам 1940 жылдың қаңтарында тұтқындалып, аз ғана уақыттан кейін ешқандай қылмыстары дәлелденбестен атып тастаған. Көкмешіт оқиғасына байланысты тұтқындалған Молдаш Шананқұлұлы мен Ағишан Абдуллинді он бес жылға соттап, жер аударып, Сібірге айдалған. 1940 жылыдың соңында Ахметнияз бен Сұпығали ұсталады. Жиырма екі жастағы Сұпығали Бейішұлын алты жылға соттаған. Теңізшілердің балықшыларға көмекке жібереді. Бейіш темірбаевтың ұлы Сұпығали Бейішов толықтай ақталып, «Халық жауы» атағынан құтқарылды.

Газетте «Советтік ауылда молда әлі отыр» деген мақала жарияланады. Соның ішінде Әшір ахунда бар. 1940 жылдың жазында НКВД ның шекпенділері жетіп келгені. Оны көрген Әшір ахун намазын ұзақ оқыды да, алдын ала

дайындап қойылған киім- кешегін алып, НКВД ның алдынан шығады. Әшір ахунның немересі Әбдіразақ қарт «Түрмеден түрге ауыстырылып, ақыры Қарлағ лагерінен бір ақ шығады. » Қарағандының Спасск шахтасында тәшкі итеріп келе жатқанда, жүрегі шыдамай құлапты, содан тұра алмапты деседі. Қайткендіе оның қабірі, жатқан жері беймәлім.» Әшір ахунның қайтыс болған жері туралы немересі Кәдірбектен сұрағанымда: « Әлдекімдер Үйшік түмесінде жүргенінде ауырып қайтыс болған деп етідім. Атамның 1941 жылы атылғандығы анықталып, ұрпақтары Атырау қаласының Баутин көшесінің басындағы қауымда жерленгенін біліп, белгі қойылды. Атамның көзі деп сақтап отырған асатаяғы мен құран кітабы қалды». Өскінбай Тәпенұлы ақталып, елге оралады. Ол бір әулеттен қалған түяқ еді. Кезінде ақ адал еңбегімен дәулетін құраған Тәпен 1933 жылы ашаршылыққа ілініп, төрт ұлы және барлық отбасылармен аштықтан өледі. Осы әулеттен барлығы 27 адам Ақшелектегі молада жатыр. Қуғын- сүргін қасіретін бастан кешкендер арасында сталинск репрессияны бастан кешіріп елге оралған тек қана Шананқұлұлы мен Ақишан Абдуллин болды. Олар 14 жыл Гурьевтің , Шымкенттің түрмелерінде, Қарлағтың тас қабырғасында барлық жастық шақтарын өткізді. Жұбаназар Тілегенұлы Сағыз кәсіпшілігінде дамба тұрғызып жүргенде аштық пен қорлыққа, ауыр жұмысқа шыдамай қайтыс болады. Азанқұл Әшірұлы Чкалов облысының Солойлецкідегі НКВД түрмесінде 10 маусым 1942 жылы дүние салады. Оны да Ұлттық қауіпсіздік комитетінің көмегімен танысқан құжаттардан білдік. Бұлардың барлығы 1958 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан республикасы Прокурорының берген наразылығына орай Қазақстан Республикасының Жоғары сотының 30 желтоқсанындағы төралқасының шешімімен ақталды. Сөйтіп олардың сүйектеріне басылған қара таңба 18 жылдан кейін ғана мәңгілікке алынып тасталды. Атырау қаласының Баутин көшесінде орналасқан Әшір ахун мен Бейіш молданың құлпытасы 2010-2011 жылы қойылған.

Қорытынды. Бұл күнде Сағыз селосынан 20 шақырым қашықтықта осы өлкеге мұсылмандықтың нұрын шашқан, ұлтымыздың қадір-қасиетін дәріптеген, бастарын ажалға тігіп отырғандарын білсе де ештеңеден тайсалмай, жауларына қасқая қарсы тұрған қазақ халқын оқуға, білім алуға үндеген «Көкмешіттің» орны ғана тұр. Өткен дәуірдің жантүршігерлік, адам айтса сенбейтін сұмдық оқиғаларының куәсі болған бұл жердің айналасын ұрпақтары өздері қоршап, қастерлеп отыр. Бұл кеңес үкіметінің «қызыл саясатының» кереғар көрінісі, қазақ халқына жасаған қатігездігінің, бір ұлттың екінші бір ұлтына үстемдігінің тарихи куәсі.

Осыған орай келесідей ұсыныс білдіремін: 1. Қазақ балаларына арнап медресе ашқан, зұлмат заманының құрбаны болған имамдарымызға жинақ шықса; 2. Көкмешітте білім алып, кейін дәріс берген имамдарға арнап ескерткіш орнатса.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қызылқоға газеті. « Абдолла хазірет». №40 2019 ж 4 қазан
- 2 .А. Қуанбай «Бек сауытты Ер Жанақ және ұрпақтары» Астана: Профил Медиа 2014. 440 бет

3. К.Тұманбайұлы «Тағлым» Алматы: Атамекен, 2012 199 бет
4. Сағыз бойы ен жайлау. 1 Кітап. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. 240 бет.
5. К.Ахметнияз. «Жаналы Абдолла Хазірет ата» Ақтөбе: Хабар Сервис, 2020 ж-280 бет
6. Т. Жанаев Тобанияз қыстауы: Алматы: Жазушы 1998 ж 144 бет
7. Қызылқоға газеті. «Зұлмат заманның зардабын тартқандар» №22 2018 ж 31 мамыр

Нурғалиева А.Т.,
Тарих пәні мұғалімі, педагог - зерттеуші
Кенбай орта мектебі
(Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылы)

ТОБАНИЯЗ ӘЛНИЯЗҰЛЫ – МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Егеменді ел болып ес жинағаннан бері елі үшін жанын қиған ерлер есімі құрметтеліп, санамызда қайта саралана бастады.

Соның бірі, бірі де емес бірегейі Тобанияз Әлниязұлы. Қызыл қырғилардың қанды тырнағына ілініп, өзі орнатқан үкіметтің қапас түрмесіне қамалып, оның жендеттерінің қолынан қаза тапты.

Күні кешеге дейін Кеңес үкіметі оның есімін тарихтан өшіруге бар жанын салды. Ол туралы деректерді құпия сақтады. Халықтан жасырды. Алайда қашанда әділдіктің ақ жолы ерте ме, кеш пе қайта айналып соғатындығына тағы да көз жетті. Сөйтіп, Тобанияздың екінші өмірі қайта басталды.

Сондықтан да Орталық архивте сақталған Тобанияз Әлниязовқа қатысты кейбір құжаттарды елге таныстыруды жөн көрдік. [1, 4 - 6].

Тобанияз Әлниязұлы - қоғам қайраткері. 1875 жылы дүниеге келген. Діни мектепте бастауыш білім алған. 1915 жылы болыс басқарушысы болып сайланған. 1916 жылы патша жарлығына қарсы шыққаны үшін тұтқынға алынып, 1917 жылы патша өкіметі құлағаннан кейін абақтыдан босатылды. 1918 - 1923 жылдары Адай уездік революциялық комитетінің төрағасы Алашорда үкіметінің батыс бөлімшесінің жетекшілері Халел және Жаһанша Досмұхамедовтармен тығыз байланыста болды. Жангелдин экспедициясына қолдау көрсетті. Қазақтар мен түркімендердің достық қарым - қатынаста болуына күш салып, екі халық арасындағы келіспеушіліктерді бейбіт түрде шешуге қол жеткізді. Қылмыс жасағандарға құн төлету керектігін жақтап, мұны өзі басқарған уезде енгізбекші болды. Кеңестік билікке қарсы Қаракұм өңірінде жүріп жатқан қозғалысқа қолдау танытты. Билік орындарының нұсқауларында жергілікті халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі, дініндегі ерекшеліктердің сақталуын талап етті. 1923 жылы Тобаниязға «ұлтшыл», «діндар» деген айып тағылды. Соған орай ол уездік революциялық комитеттің төрағасы қызметінен босатылды. 1924-1928 жылдары уездік салық инспекторы болып қызмет етті.

1929 жылы желтоқсанда тұтқынға алынып , ату жазасына кесілді. 1990 жылы 26 сәуірде Қазақ КСР - і Жоғарғы сотының шешімімен ақталды. [2, 397 - б].

Тобанияз жөніндегі архив құжаттарына талдау жасасақ , ол тек қана халыққа қамқоршы болған, оның жоғын жоқтап, мұңына ортақтасып, қабырғасы қайысқан біртуар азамат. Себебі, Тобанияздың ат жалын тартып, азамат болған шағы Маңғыстау уезіндегі елдің басында табиғат апатынан болған қайғы мен қасіретіне толы кезең еді. Олай дейтініміз Маңғыстау уезі тек XX ғасырдың алғашқы 30 жылдығында 8 рет жұт пен ашаршылықтың тақсіретін тартты. Әсіресе , 1910- 1911 жылдары өткен жұт Маңғыстау өңіріне адам айтқысыз апат әкелді.

Бұл жөнінде 1912 жылғы 22 наурызда Закаспий облысының бастығына Маңғыстау уезінің бастығы, подполковник Бялонович былай деп мәлімдеді: «Уезде 12 -15 мың жаны бар 3000 үй ешқандай қаржысыз, қарекетсіз қалды. Малдың қырылғаны соншалықты, бұл өлке жақын шамада ешқандай табыс бере алмайды. Аш жалаңаш қалғандардың бірсыпырасын егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік жасауға болар еді, бірақ оған бұлақтарды, жер асты су көздерін іздестіруге, суды көтеруге шара жасау қажет. Оған айналып келгенде көптеген қаржы мен уақыт керек», деп уездегі жағдайды нақты көрсеткенмен, елді әлеуметтік қиындықтан, аштықтан, жалаңаштықтан құтқарудың жолдары жөнінде жағын ашпаған.

Осындай тағдыр тәлкегіне ұшыраған ел қасіретіне Тобанияз Әлниязұлы немкетті қарамады. Оған оның адамгершілігі, азаматтық ар-намысы да төзбейтіндігі тумысынан белгілі. Ол ел қайғысын өз қайғысы деп түсінді. Солай сезінді. Енді бұл ауыртпалықтан шығудың жолын іздеді. Күні-түні тыным таппай уездегі беделді адамдарды ұйымдастырып, ақ патшаның жергілікті көзі уез бастығына елдің бұл күйзелістен шығу жолдарын көрсетіп өтініш жазады.

Алайда уез, облыс басшылары тарапынан ел тағдырына күйзелген азаматтардың ұсыныс пікіріне, өтінішіне жөнді құлақ аспағандықтан Тобанияз бастаған болыстар мен билер бұл мәселені қайта көтеріп, ақыры олардың талап етуімен және барлық болыстар мен билердің, старшындардың, ел басшыларының қатысуымен уезбастығы 18 дәлу (қазіргіше қаңтар) 1914 жылы қарауға мәжбүр болды.

Тобанияз бастаған топ мынадай негізгі талапты қойған:

1. 1913 жылдың 1 қаңтарына дейінгі қарыздарға кешірім жасау, оған дейінгі төленген қарыздарды елдің меншігі деп табу;

2. Қазір кассада бар ақшаны 1913 жылғы қарыздарды келешектегі касса қоры деп есептеу;

3. 1915 жылдан бастап уездегі 16 мың үйдің әр отбасына 30 тиыннан есептеп, жыл сайын 4800 сомға дейін жинап , әр ауыл бойынша 1913 жылғы 1 қаңтарға дейін қарыздарды өтеп, бас аяғы 6-7 жылда кассаның қорын өз қалпына келтіруге міндеттенеміз.

Өкінішке орай, еңкейген кәрі мен еңбектеген баланың ашыққан зары, ел мұңын жоқтаған азаматтардың өтініші облыстық, не өлкелік басшылар тарапынан қолдау таппады. Олар бұл кезде «Байтал түгіл бас қайғы» болып,

дүнежүзілік соғыстың алапатына араласып, оның аяғы 1916 жыл оқиғасына ұштасты да патша үкіметінің уездегі, облыстағы басшылары көмек берудің орнына қайта елден жылу жинап, Маңғыстау уезінен 1917 жылғы 22 қаңтарға дейін 462 мың 500 сом ақша, 1000 түйе, 1000 әскери ат жинап алды.

Күйзеліске ұшыраған ел жер емшегін ембей көнеуі кеткен шаруасын қалпына келтіре алмайтынына көзі жеткен Тобанияз бұл іске өзі мұрындық болуды және тікелей өзінің бастап іске кірісуін жөн деп шешті. Тобанияз егін егуді күн көрісі нашарлауынан емес, бұл істі өзі бастап елге үлгі көрсету, соған халықты үйрету үшін қолға алды.

Әйтпесе, оның өзіндік малы, жағдайы, дүние - мүлкі болғаны анық. Оған ешкім де күмандана алмайды. Патша үкіметі тарапынан қайырым мен қамқорлық болмайтындығына көзі жеткендіктен елді егінмен айналысуға итермеледі. Осыған сәйкес Тобанияз Әлниязовтың Маңғыстау өңіріндегі Қаратаудың бұлақтары бастарынан шығыр орнатып, егін егумен айналысу үшін уез бастығына жазған екі арызы және осы мәселеге байланысты жеті құжат Орталық мемлекеттік архивте сақталған.

Соның бірі 1912 жылғы 3 наурызда уез бастығынан Қаратаудың «Аусар» бұлағы жанынан, «Сары аша» бұлағы басынан егіндік жер сұраған арызы. Тобанияздың бұл өтініші Жеменей болысының кандидаты Тұрмағанбет Әбілғазиев, Тоқабай ауылының ауылдық сотының кандидаы Оразбай Шораев, Шоңай ауылының ауылдық сотының төрағасы Сарсен Қараманов, Есен ауылының ауылдық соты Арзықұл Қабиғұловтардың қолдарымен қанағаттандырылды. 1912 жылғы 4 сәуірде Тобаниязға қарайтын 10 үйге жер беріліп, «Сары ашаға» 4 шағыр орнатып, егін егу үшін жер берілгендігі жөнінде арнайы куәлік тапсырылды.

Отырықшы болып қоныстанып, егін егумен айналысудың тиімділігін Тобанияздан көрген маңғыстаулық көшпенділер енді бұл мәселеге айрықша назар ударып, уез бастығынан Қаратау бойындағы бұлақ бастарынан егін егуге жер сұраушылар көбейді.

Біз Тобанияз Әлниязовтың халық қамқоршысы болғанбір ғана ісіне шолу жасадық. Архив құжаттарына үңілсек, оның бұлардан басқа да талай халық үшін, Маңғыстау өңіріндегі ел үшін еткен еңбегі ұшан – теңіз. Әсіресе, оның Маңғыстауды қазақ өлкесіне қосу, Адайлар съезін шақыру, Адай атты атты әскер полкін ұйымдастыру, елдің экономикасы мен мәдениетін көтеру жөніндегі ұйымдстырушылық іс - әрекеттерін ешкім жоққа шығара алмайды.

Әділдігі керек «Атқа міндің, ажалға міндің» деген қазақтың сөздері де дәл Тобанияздың басында болды. Кезінде Тобанияздың тасы өрге домалап тұрғанда түкірігін жерге түсірмеген кейбір пенделер кейін басына талай пәлені жауып, жалған арыз жазды. Ақыры сол арыздың құрбаны болды. [3, 8 – б].

Тобанияз бен Келбатыр Әліби Жанкелдинмен кездесіп алдағы жағдайды түбегейлі шешкен. Жер жерге шабарман жіберіп ақыраптың 25 жұлдызы күні сәскеде Қаратөбеде съез ашылатынын, онда қаралатын мәселе Адай революциялық комитетін құру екенін қалың қауымға егжей тегжейлі түсіндірген. Халық жиналғасын, Әліби сиезді ашық деп жариялады.

- Съезде қаралатын мәселе екеу. Біріншісі, Владимир Ильич Ленин жолдастың арнайы тапсырмасымен Адай ревкомын құру, екінші, оның төрағасын ашық дауыспен тағайындау, - деді Әліби. Төрағалыққа өзі Әлниязұлы Тобаниязды ұсынатынын жан - жақты дәлелдермен келістіре айтты. Екінші мәселе төңірегінде пікірталас, айқай - шу көп болды. Ақыры қалың жұрт Тобанияз бен Мәтжан биге тоқтап еді. Ортаға Мәтжан шығып:

- Ағайындар, туыстар, мен төрағалыққа Тобанияз лайықты деп білемін. Өйткені, қалың бұқараның арасынан шыққан ол бұқараның тұрмыс- тіршілігін, олардың мақсаты мен мұратын, ел мен жердің жағдайын жақсы біледі. Сонан соң ескіше сауатты, сөйлесе шешен, елді біріктіріп, болашаққа бастай алатын көсем, елдің өткен тарихын, ата баба тарихын өте мөте терең біледі. Турашыл, жалтағы жоқ, бір мінезді кісі. Мен Әлниязұлы Тобаниязды Адай революциялық комитетінің төрағасы, әрі сегіз арыс Адай елінің ханы деп білемін. Және де осы ұсынысымды қабыл алуларыңызды өздеріңізден өтініп сұраймын - , деп еді, жиналған халық «дұрыс, дұрыс», «Бердік, ел тізгінін Тобаниязға» деген дауыстар көпке шейін басылмады. Қалың жұрт қаумалап келіп, Тобаниязды көтеріп әкетті...

Келесі күні Әліби Тобаниязды оңаша шақырып алып: - Тобеке, сенің алдында кезек күттірмейтін төрт мәселе тұр. Бірінші, өзіңнің штабыңды құрып, орынбасарыңды тағайындау; екінші, атты әскери полк құру; үшінші, елді отырықшылыққа бейімдеу; төртінші, ревкомның жанынан елді жаппай сауаттандыруға белсене кірісетін сауаттандыру мектебін ашу. Бұларға жұмсалатын қаржыны барған бойда қарастырып, кешіктірмей жіберемін- деді, ақсұр өңі алабұртып.

Бұған қоса Тобанияз да өз ойын, нақты нақты пікірін ортаға салып, Әлібиді қуантып, көңілдендіріп тастады. Екі күннен соң Әліби отряды Тобанияз сызып берген карта бойынша сапар шегетін болды. Жол білетін керуен басшы іріктеліп алынды. [4, 371 – 6] .

Уездің алғашқы ұйымдастыру жұмысы, көшпелі өмір тұрмысында өте ауыр кезеңде өтті.

Қалай болғанда да осындай кең көлемде «аттың жалында, атанның қомында жүріп», бұрын негізі жасалынбаған, жаңа жүйеде уезді ұйымдастыру, оны Кеңес үкіметінің бағытына көшіру, көшпелі өмірді кеңестік өмірге бейімдеу, шаруашылық, мәдени, оқу-ағарту, сауда т.б. халық шаруашылығын жаңа арнаға салу оңай емес. Сондықтан, сол кезеңдегі Тобанияз Әлниязовтың атқарған ісін тек ерлік деп бағалаймыз.

Алайда ел ардақтыларын қылмысқа тартудың, оларды масқаралаудың қара дауылын әкелген, оларды тарих тұңғығына батырған Ф.Голощекиннің әпербақандығы кезінде өзі ұйымдастырған уезде елін көркейту жөнінде аянбай терін төккен асыл ер Тобанияз ОГПУ – дың құрбандығына шалынды. Талай боздақтар «тобаниязшылар», «әлниязовшылар» деген айдармен жазаға тартылды.

Мемлекет қайраткерлігіне дейін көтерілген қазақтың көрнекті ұлдарының бірі Тобанияз Әлниязұлының өмір жолы қым - қиғаш, шым - шытырық.

Кемелденіп, толысқан елу бес жасында Кеңес үкіметінің қаһарына ілігіп, 1930 жылы жазықсыздан жазықсыз атылып кеткен бұл аяулы жанның сан салалы қызметінің өзі неге тұрады?

Тек тәуелсіз ел болып , енді енді алды артымызға көз жүгіртіп, біз кім болдық , қандай жолдардан өттік дегенді енді сарапқа сала бастадық. Елі үшін өмірін қиған ерлер есімін елеп - ескеруге мүмкіндік туды. Сегіз арыс Адай еліне хан Тобанияз атанған қайраткердің есіме кейінгі ұрпақтың жадынан мәңгі өшпейтіні сөзсіз.

Тобаниздың атыларда айтылған сөзі:

Мені атты , мені атқанмен халқым аман ,

Мақсаты ел - жұртымның айқын маған

Дарига - ай , жете алмадым мұратыма.

Көзімді құртты заман арқыраған.

Серкесі бола алмадым сенгендердің

Соңыма маған сеніп ергендердің .

Қош жұртым , қош болыңдар , енді мені,

Қосыңдар санатына өлгендердің... [5, 374 – 6].

Халқымыздың бостандық жолында өзін құрбан еткен аяулы азамат, күрескер, қоғам қайраткері Әланиязұлы Тобанияздың есімін мәңгі еске қалдыру үшін, оның атақұлдігі атанған Атырау облысы Қызылқоға ауданының Сағыз ауылынан көше , ескерткіш тақтасы ашылып, Қоңыраулы елді мекені Тобанияз Әланиязұлы атымен аталса, аға ұрпақ алдындағы парызымыз өтелгендей болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ижанов З. «Тобанияз» Алматы «Өлке» баспасы 2016 жыл [1 , 4 - 6] , [3, 8 – 6] .

2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, «Қазақ энциклопедиясы баспасы редакциясы» , Алматы , 2006 жыл [2, 397 - 6] .

3. Мәжитов М. «Тобанияз» Ақтөбе «А – Полиграфия» 2009 жыл [4,371-6] , [5, 374 – 6].

Қуатова Қ.,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
филология мамандығының 1 курс магистранты*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Еліміздің фильмографиясындағы 1937-1938 жылдардағы репрессия тақырыбы Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан басталды десек қателеспейміз. Оған дейінгі кеңестік құрылым кезінде бұл жабық тақырып болатын және ол кезде жұмыс істеген қырағы Көркемдік кеңес оған жанама болса да қатысы бар кез-келген көріністі, диалогты жібермеуге күш салатын.

Ел тарихындағы ақтандақтар ашыла бастағалы отыз жылдан астам уақыт ішінде репрессия тақырыбына тек бірнеше көркем фильм түсірілді. Түсінікті болу үшін айта кетсек, бұл тақырыпта түсірілген деректі фильмдер аз емес. Қазақстан жерінде репрессияның қалай жүргені, зардабы, қуғын-сүргін құрбандары жайлы мәліметтер негізіндегі деректі фильмдер мен телехабарларды көптеп кездестіруге болады. Алайда, көркем фильм, көп сериясы фильмдер мен сериалдар тарихи материалдың көптігіне қарамастан әлі күнге саусақпен санарлық. Әрине, бұл жерде көркем фильмдер түсірудің сценариіне қойылатын талап жоғары, сондай-ақ, шығыны өте үлкен болатынын да ескерген ләзім. Оның үстіне, тарихи трагедияға құрылған күрделі тақырыпты көрерменнің көңілінен шығатындай етіп түсіруге аса тәжірибелі және жан-жақты білімді болмаса кез-келген режиссердің батылы барып, тәуекел етпейтіні де анық.

Осындай үлкен жауапкершілік пен қаражатты талап еткендіктен болар, жеке режиссерлердің бастамасымен коммерциялық туынды ретінде түсірілген репрессия туралы фильм жоқтың қасы. Дегенмен, «Қазақфильм» мекемесі мен «Қазақстан», «Хабар» сынды мүмкіндігі жоғары ірі телекорпорациялардың қолға алуымен бірнеше картина халыққа жол тартты. Соның бірі, 2017 жылы «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «арнайы ұлттық тележобасы» ретінде таныстырылған сол тұстағы зиялы қауымның әйелдері мен балалары тартқан тауқыметті баяндайтын «Алжир» (Қармен жуылған қан) атты 5 бөлімнен тұратын телехикая. Фильмнің бас кейіпкерлерінің бірі, Света есімді бойжеткен әжесінің соңғы аманатын орындау үшін Ресейден Астанаға аттанады. Оның қолында әжесінің осы лагерьде басынан өткізген оқиғалары жайлы жазылған ескі күнделігі сақталған. Светаның мақсаты - қылышынан қан тамған сұрапыл «қызыл террор» жылдары анасы мен әжесін аштық пен ажалдан қиын жағдайда қарамастан қорықпай аман алып қалған Әлихан есімді қазақ жауынгерін іздеп табу. Ол кісі бүгінгі күні жасы тоқсаннан асқан ауыл ақсақалы. Света мен қарт Әлихан бүкіл фильм бойы азапта өткен сонау сұрапыл жылдарды еске алып, қайтадан сол кездерге оралғандай болады. Фильмнің қоюшы-режиссері - Әнуар Райбаев.

Бұдан бөлек, 2013 жылы режиссерлер Дарья Виолина мен Сергей Павловский түсірген «Дольше жизни» фильмі кейбір дерек көздерінде «репрессия жайлы көркем фильм» деп ұсынылып жүргеніне қарамастан, бұл жанрға мүлдем келмейді, ол – бастан-аяқ мәліметтерге құралған деректі фильм. Ал 2018 жылы түсіріліп, сол жылдың 12 қыркүйегінде Алматы қаласының кинотеатрларынан премьерә түрінде көрсетілген «Архипелаг КАРЛАГ» фильмінің (идея авторы және жоба жетекшісі Нұрлан Дулатбеков, режиссер Алмагүл Меңлібаева) толық нұсқасын еш жерден табу мүмкін емес.

Сталиндік қуғын-сүргін зардабы жөнінде түсірілген көркем фильмдерге байланысты мынадай ерекшеліктерді көрсетуге болады. Біріншіден, іріктей келгенде, дәл біз көрсетіп отырған 1937-1938 жылдардағы репрессия туралы фильмдер саусақпен санағандай болып шығады. Қазақ жерінде одан басқа да нәубет, зұлмат жылдары аз емес. Сол себепті, кеңестік режимнің қалыптасу кезеңіндегі ұлт қасіретін көрсеткен фильмдердің бір тобы ашаршылық

тақырыбына арналады. Соңғы жылдары бұл тақырыпты ашық экранға алып шығу бойынша оң өзгеріс, үлкен ілгерілеу бар екені қуантады.

Тағы да Қазақстандағы «репрессияны көрсетті» деп есептелетін фильмдер тарихтың басқа кезеңдерін қамтиды. Мәселен, 2016 жылы режиссер Сатыбалды Нарымбетов түсірген «Аманат» фильмі Кенесары ханның өмірбаянын зерттеген тарихшы Ермұхан Бекмахановтың қуғын-сүргінге ұшырау хикаясын баяндайды және оқиға желісі 1950 жылдардан сыр шертеді. Сондай-ақ, көрермен мен сарапшылар тарапынан жоғары бағаланған, халықаралық кинобайқауларға қатысқан режиссер Рүстем Әбдірашевтың «Сталинге хат» фильмі Сталиннің туылғанына 70 жыл толуы қарсаңындағы 1949 жылғы жағдайды суреттейді. Яғни, аталған сюжетте 1937-1938 жылдары қазақ даласына жер аударылып келген кейіпкерлер болғанмен, фильм тікелей аталған уақыт аралығындағы репрессияны баяндауға құрылмаған.

Бұл тұрғыдан келгенде 2010 жылы режиссер Сламбек Тәуекел түсірген «Жерұйық» фильмі біз мысал ретінде алып отырған кезеңге барынша жақындайды. Ол 1937-1944 жылдардағы Қазақстан жеріне күштеп жер аударылған түрлі ұлттардың қилы тағдырын көркем экранда көрсетеді. Соңғы екі фильмде де қазақ халқының қуғын-сүргін көріп келген халықтарды мейірбандықпен қарсы алып, бір үзім нанын бөлісіп жегені, халықтар достығы паш етіліп, көркем туындылар Қазақстан халқы ассамблеясы желісі арқылы жақсы насихатталып, 1 мамыр – халықтар бірлігі күні қарсаңында телеарналардан көрсетіліп келеді.

1937-1938 жылдардағы репрессияны үлкен экраннан көрсету мәселесіндегі тағы бір көзге түсетін жәйт, оған қатысты Алашорда тақырыбының жақсы көтеріле бастауы. Осы орайда соңғы жылдары «Ахмет - ұлт ұстазы», «Тар заман», «Міржақып, оян қазақ», «Мағжан. Мен жастарға сенемін» сынды Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақын Дулатов, Мағжан Жұмабаевтардың өмір жолдары жайлы түсірілген телехикаялар түсіріліп, сен қозғалғандай әсер берді. Соңғы бір айдан бері Қазақстан кинотеатрларынан көрсетіліп жатқан режиссер Мұрат Есжан түсірген «Міржақып, оян қазақ» телехикаясының қысқартылған бір сериялы фильм түріндегі нұсқасы ticketon.kz сайтының 18 қазан 2023 жылғы мәліметі бойынша, прокатта 107 067 000 теңге жинап, қаралымы мен қаражаты жағынан рейтингте бірінші орынға шыққан. Алдағы уақытта бұл тенденция жалғасын тауып, сталиндік репрессияның зиянын шеккен басқа да жеке тұлғалар, жалпы халық жөнінде көркем туындылар көптеп түсіріле бергені жөн деп білеміз.

Осындай жетістіктерге қарамастан, жалпы алғандағы репрессия тақырыбы Қазақстан кинометографиясында қарқынды көрсетіліп келеді деп айту қиын. Салыстырмалы түрде айтсақ, Ресейдің кино саласында Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін бұл салада үлкен қозғалыс байқалды. Көптен буулы тұрған қаптың аузы ашылып кеткендей көрініс пайда болып, көркем фильмдер мен сериалдар жаппай түсіріле бастады. Тек репрессия құрбандары емес, оны жүзеге асырған Сталин, Берия, басқа да жоғары басшылықта тұрған тарихи кейіпкерлердің сұрапыл кезеңдер кезіндегі жеке өмірі, саяси шешімдері, басқа да

жайлар бай эмоциялық аспекте көрсетіліп, көркем туындылар түрінде халыққа жол тартты. Олардың ішінде тек соңғы жылдардың ішінде «А.Л.Ж.И.Р» (2019), «Зулейха открывает глаза» (2019) сияқты Қазақстанмен, атап айтқанда, қазақ жеріндегі Алжир, Карлаг лагерлерімен байланысты түсірілгендері де жетерлік. Тағы да өзімізді сынағандай көрінуі мүмкін, бірақ, өз жерімізде орналасқан осы түрмелердің репрессия кезіндегі және одан кейінгі рөлі жайлы көркем фильм түсіру мүмкіндігі біздің режиссерлерімізде қалай болғанда да жоғары екендігін жасыра алмаймыз.

Бұдан бөлек, 1937-1938 жылдардағы репрессия зардабы жөнінде тек орталықтандырылған түрде емес, еліміздің түрлі өңірлерінен де көркем фильмдер түсіріле бергені жөн болар еді. 2005 жылы Атырау облысы Мақат ауданы Доссор өңірінде жазушы Сәтімжан Санбаевтың сценариимен түсіріліп, Асанәлі Әшімов пен Игорь Вовнянко режиссерлік еткен «Тұзды көл жағасындағы үй» фильмі жарыққа шықты. Бұл фильмде де сталиндік қуғын-сүргіннің, бірақ, біз алып отырған тарих кезеңінде емес, Ұлы Отан соғысы кезеңінде жер аударылып келген өзге ұлт өкілдерінің тағдыры баяндалады.

Әрине, елдің басынан өткерген тарихтың қай кезеңі де – біз үшін маңызды. Бұл жерде айтқымыз келгені, «үлкен террор» деген атаумен белгілі 1937-1938 жылдардағы репрессияның Атырау облысы аймағында қалай жүзеге асқаны жөнінде де осындай көркем фильмдер түсірілсе нұр үстіне нұр болар еді. Ал ол үшін қажетті, тың, жүрек құйқасын шымырлататып, терең ойға батыратын эпизодтар жергілікті өлкетанушылар мен тарихшылардың қолындағы құжаттарда жетіп артылады.

Айталық, қазіргі күні мұнай компаниясының иелегіндегі, арнайы рұқсатпен ғана кіруге болатын Прорваға жақын жердегі елді мекендерді көшіріп, «халық жауларына» арналған лагерь салынғаны, Доссор жерінде әйелдер түрмесі болғаны, олардың балалар үйіне жасы жетпеген сәбилері үшін арнайы балабақша ашылғаны жөніндегі деректерді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғалымы Ұлжан Ахметова зерттеп келеді (2). Оның қолындағы мәліметтерге сүйенсек, тек қана әйелдер түрмесінде 350-500 шамасында адам болған және сотталғандар балық шаруашылығымен айналысқан.

Сол сияқты, тарихшы Шахман Нағымов 1937-1938 жылдары елдегі зиялы қауым өкілдерінің, атап айтқанда, халықтың сауатын ашумен айналысатын көзі ашық мұғалімдердің, сондай-ақ, молдалардың, ауқатты саналған адамдардың, басқа да, «саяси сенімсіз» саналған топ өкілдерінің атылғаны жөніндегі мәліметтерді жинақтап, бірнеше кітап түрінде оқырманға ұсынған (1,3). Бұдан бөлек, сол жылдары елде «сайлау құқығынан айырылғандар» санатына жатқызылған адамдар тобы болғаны, олардың сайлауда дауыс беруден бөлек, құжаты, басқа жерге көшу құқығы болмағандығы, басқаша айтқандай, жағдайларының Үндістанның ең төменгі касталарын еске салатындай өте мүшкіл болғаны жөніндегі деректерді қалың көпшілік біле бермейді.

Осы аталғандармен қатар, аталары мен әжелері репрессия кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған жергілікті тұрғындардың естеліктерінен де кино тіліне сұранып тұрған эпизодтарды көптеп кездестіре аламыз. Мәселен, Саяси қуғын-

сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссияға келген атыраулық азаматтардың бірі Қосай Бектаубаевтың тарихы мынадай. Оның атасы Ерғали байлар санатына жатқызылып, айдауылмен бірге абақтыға жөнелтіледі. Оны қасындағы серігімен бірге көздеген жеріне жеткізіп, атып тастауы әбден мүмкін еді, бірақ, түнде айдауылдардың мызғып кеткенін пайдаланған екі жігіт тұтқыннан қашып шығады. Сөйтіп, жол-жөнекей бір үйді паналайды. Ол үйдегі қарт «Мен кәрі қойдың жасындай жасы қалған адаммын, сендерде құжат жоқ, тығылып жата алмайсыңдар, көшеге шықсаңдар ұстап әкетеді, одан да біреуің менің құжатыммен жүріңдер» деп жеке бас куәлігін Ерғалиға береді. Осылайша, бір әулеттің шығу тегі, шежіресі түгелімен өзгеріп, басқа арнаға түсіп кеткен. Бір қызығы, бүгінгі күні Атырау облысында осы екі фамилияны иеленген отбасылар, яғни, сол кісілердің бүгінгі ұрпақтары бар және олар биологиялық жағынан бір-біріне мүлдем қатысы болмағандықтан, бір-бірін танымайды да, араласпайды да. Осы жайдың өзі фильмге сұранып тұрған сюжет емес пе?!

Жоғарыда аталған фильмдердің сюжетінде кейбір қайталанатын көріністер кездесіп жатады. Айталық, Қазақстан түсірген «Қармен жуылған қан» мен Ресейдің «А.Л.Ж.И.Р» сериалдарында тұрғындардың сотталғандарға тас атып, оның кейін кәдімгі қазақтың құрты екені белгілі болатыны жайлы эпизодтар бар. Меніңше, батыс аймақ немесе Атырау өңірі бойынша тарихи көркем фильм түсірілген жағдайда, құрттың орнына ашаршылық, соғыс кезінде ғана емес, қуғын-сүргін кезінде асырушысынан айырылып, аштан өлу қаупі туған талай отбасыны аман алып қалған құмаршық өсімдігі жайлы хикаяны пайдалануға болар еді (5).

Бір кездері В.И.Ленин «Өнердің ішіндегі ең маңыздысы – кино» деп айтқан болса, бұл сөз әлі күнгі дейін өзектілігін жойған жоқ (4). 1937-1938 жылдардың зардабы, ақиқаты жайлы жазылған хронологиялық, көркем шығармалар көп, деректі фильмдерге де мысалды көптеп келтіруге болады, алайда, көркем фильмдердің әлі күнге ауыз толтырып айтарлықтай тиісті деңгейде түсірілмеуін олқылық ретінде санауға болады. Тарих ақтаңдағын кино арқылы көрсету – оны ұрпақ санасына сіңірудің, кейінгіге жеткізудің бірден бір тиімді де әсерлі жолы әрі әдісі екеніне ешкім шәк келтірмесі анық.

Әлбетте, бұл тарихшы кеңесшілерден, білікті режиссер басшылық ететін, мықты сценариге құрылған түсірілім тобынан тұратын шығармашылық ортаны және қомақты инвестицияны қажет ететін ірі жоба екені айтпаса да түсінікті. Одан бөлек, бұл жерде «бұл шындықты экран арқылы қалай да жеткізуіміз керек» деген ұлтжандылық принципіне де көп нәрсе байланысты. Сондықтан, репрессия туралы көрермен жүрегіне жол тартатын, шынайы көркем фильмдер түсіру – уақыт еншісіндегі жай деп есептеп, алдағы уақытта ондай кинотуындыларды көріп, тамашалаймыз деп сенгіміз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Азалы ақ кітап (XX ғасырдың 30-50 жылдары саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған мұғалімдер туралы)». Ш.Нағымұлы, Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2021;

2. Ахметова Ұлжан, НКВД ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва-Астрахань еңбекпен түзеу лагері (1932-1950 жылдар), «Университет» газеті, қазан, 2022 жыл;

3. «Батыс өлке тарихының тағылымды беттері», Ш.Нағымұлы, Ақтөбе, «Хабар-Сервис» ЖШС;

4. «Кино өнеріне кіріспе», Дэвид Бордуэлл, Кристин Томпсон, Джефф Смит, «McGraw-Hill Education» баспасы, 2016;

5. «Қазақстанның батыс өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңа деректер мен зерттеу ұстанымдары» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, 27-28 қазан, 2022, Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ типографиясы, 2022.

*Сагиндикова С.С.,
Бөбек колледжі, тарих магистрі,
(Алматы қаласы)*

САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Қазақ халқының, оның зиялы тұлғаларының қилы да, қиын тарихын қазіргі және болашақ ұрпаққа жеткізу тарихшылардың, қала берді қоғамның басты міндеті. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында, дұрысын айтсақ Ленин дүниеден озғаннан кейін қалыптасқан әміршіл-әкімшіл жүйе, оның көптеген қырлары тек жастарға емес, бұқара халыққа да белгісіз күйде қалып келеді. Тарихта «ақтандақ» деп аталатын өткен ғасырдың 20-50-ші жылдарда қолдан жасалған Сталиннің саяси қуғын-сүргін саясатының халықтың рухани ой-санасын тәлкек етіп, қоғамда ұлт зиялыларына, ұлттық интеллигенцияға жазықсыз жала жауып, мүлдем құртып жіберу екенін білуіміз керек. Мұндай саясаттың құрбаны болғандар, әрине Алаш зиялылары. Билік тарапынан болған қоқан-лоқы, зорлық-зомбылық оларға жаппай «жікшілдік», «ұлтшылдық» деген айыптарға ұласты. Иә, Алаш зиялыларының қазақ халқының еркін, экономикасы мен мәдениеті дамыған автономиялы ел болғанын қалағандары ақиқат. Бұл Кеңес үкіметінің ұлт саясатындағы басты ұстаным болатын. Осыған қарсы күрес билік тарапынан ашық түрде айыптау сипатын алды және ол айыптау елді индустрияландыру мен ұжымдастыру жылдары қатты ушықты.

Индустриялизация жылдары Қазақстанның жері асты мен жер үсті байлықтары Кеңес үкіметі тарапын теп-тегін тоналып Орталық Ресейдегі өңдеуші кәсіпорындарға жөнелтіліп, сол кездегі Қазақстан экономикасының білгірі, басшылықта болған С.Сәдуақасовтың шикізат өңдейтін кәсіпорындарды шикізат көзіне жақындатып салып, шығынды азайту және ең бастысы ұлттық республиканың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеру ұсынысына қарсы шығу, шаруаларды социалистік негізде ұжымдастыруда күш қолдану халықты үлкен қасіретке ұшыратты. Күштеп ұжымдастыру, байларды тәркілеу, ауыл шаруашылығы өнімін дайындаудың мемлекеттік саясаты Кеңес өкіметіне ұйымдасқан түрде наразылық білдіруге алып келді. 1929-1932 жылдары

Қазақстанда 372 көтеріліс болған. Олардың ішіндегі ірі қақтығыстар Батпаққара, Созақ, Бостандық, Ырғыз, Қазалы, Қызылқұм, Қармақшы, Ақсу, Бөрібай, Сарқант, Абыралы, Шұбартау және т.б. өңірлерде күшті толқулар орын алды.[1, 21-б.]

Олардың орын алуының басты себептері ұжымдастыру үшін қажетті қаржылық материалдық-техникалық ресурстардың болмауы, еріктілік, өктемдік, жоспар қуушылық, Голощекиндік басшылық пен жергілікті шолақбелсенділердің көшпелі қазақ ауылындағы жеке меншік малды аты бар да заты жоқ ұжымшарларға жинағанымен қоса, сан түрлі салық салумен халықты азық-түліксіз қалдыруынан еді. Ұжымшарға алынған малдың қоры-қопсысы, жем-шөбі, тіпті шаруалар тұратын үйдің болмауы, қақаған қыста киіз үйде өмір сүруі жаппай сипат алды. Мал жаппай қырылды, аштық жайлады. Осының салдарынан Қазақстанда 2 миллиондай қазақ, 250 мыңдай басқа ұлт өкілдері аштан өлді[2, 92-б.].

Күштеп ұжымдастыру республиканың аграрлық экономикасын тұралатып тастады. 1928-1932 жылдар аралығында ірі қара мал басы-6,5 миллионнан 1,0 миллионға, қой ешкі-18,6 миллионнан 1,4 миллионға, жылқы-3,6 миллионнан 0,4 миллионға, түйе-1,0 миллионнан 36 мың басқа дейін кеміді[2, 92-93-бб.]. Толық емес мәліметтер бойынша 1929 жылдың соңында 45 миллионнан астам мал басы болса, 1934 жылдың ортасында республикада 3,5 миллионнан ғана мал қалған [3, 416-б.].

Зорлық пен әділетсіздікке, аштыққа шыдамаған шаруалар көрші Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан республикаларына үдере көшіп кетіп бас сауғалап, аштықтан аман құтылды.

1929-1930 жылдарда қуғын-сүргінге қарсылық білдірген Алаш қозғалысының зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев және тағы басқалар тұтқындалып әртүрлі мерзімге сотталды.

Қуғын-сүргіннің екінші толқынында қарсылық көрсеткен Алаш қайраткерлері С.Сәдуақасов, Ы.Мұстамбаев, Ж.Сұлтанбеков сәл кейінірек Н.Нұрмақов, З.Төреғожин, А.Асылбеков, М.Ғатаулин, Ғ.Мүсірепов т.б. айыпталды[4, 20-86-бб.]. Осылардың басым көпшілігіне негізсіз айыпталып өлім жазасын кесті, 1937-1938 жылдары атылды. Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшырағандардың санын 100 мыңнан асты деп жүрміз, солардың төрттен бірі ату жазасына душар болды. Ал тірі қалғандары қандай күй кешіге келетін болсақ, олардың кешкен қорлық-зорлығын тілмен айтып жеткізу қиын. Олардың басым көпшілігі сол кезде Қазақстанда болған ГУЛАГ-тарда (Лагерьлер Бас басқармасы) жазаларын өтеген. ГУЛАГ еңбекпен түзеу лагерьлері болып шектелгенмен ондағы тәртіп, әлеуметтік -тұрмыстық жағдайының деңгейі басқа лагерьлермен салыстыруға мүлдем болмайтын еді.

ГУЛАГ-тың саныда, онда жазасын өтеушілердің саныда өсіп отырған. Ұлы Отан соғысы алдындағы жылдарда кен орындарын игеру және жаңа өнеркәсіп орындары құрылыстарын салу арзан жұмыс күшін қажет етті. Тоталитарлық режимнің жазалау лагерьлерінің желісі кеңейді. Егер ГУЛАГ лагерьлерінің саны

1940 жылы 53 лагерьді қамтыса, ал 1947 жылы оның саны 56, 1954 жылы 61-ге жетті. Қамалғандардың саны да арта түсті. 1939 жылы 179 мың, 1940 жылы- 1 млн.344,4 мың, 1950 жылы-1 млн.416,3 мың., 1953 жылы-1 млн.727,9 мың адам болды. Қылмыстық кодекстің 58-бабы («халық жауы») бойынша сотталғандардың саны 15-тен 20 пайызға дейін ауытқып отырды[3, 419-б.].

Атағы бүгінгі күні әлемге белгілі болған «АЛЖИР» (Отанын сатқан опасыздар әйелдерінің Ақмола лагері), «Қарағанды» лагері, «Степлаг» т.б. лагерьлерде жазасын өтегендер өздерін өздері қамтамасыз етті. Азық түліктің барлығын тұтқындар өздері дайындады. Мысалы, «АЛЖИР» лагерінің тұтқындарының әрқайсысы 40 бау қамыс дайындауға міндетті болса, сол үшін 800 грамнан нан берген. Оны орындамаса аш қалған [3, 420-421-бб.].

Карлаг лагерьнде 1935-1936 жылдарда тұтқындардың саны 1,5 есе өскен. Мысалы, 1935 жылы олардың саны-25127 адам болса, 1936 жылы-37958-ге жеткен. Карлаг әйелдер зонасы болғанға ұқсайды. Өйткені мұнда есімдері әлемге әйгілі кәсіби әртістер, композиторлар болған. Вахтангов атындағы театрдың режисері Валентина Вагина, Москва консерваториясының профессоры Славинская, Париж консерваториясының түлегі Мара Нурова, Киев опера театрының әншісі Вера Франчуктер жазасын өтеген. Ресейдің әр түпкірінен жазасын өтеуге Карлагқа ғалымдарда өмірін өткізген.

Қуғын-сүргін 40-50 жылдары да жалғасын тапты. Осы жылдары да социализм принциптері барынша бұрмаланды. Оған бастау алған Коммунистік партияның Орталық Комитетінің 1946 жылы 14 тамызда «Звезда» және «Ленинград» журналдары жөніндегі қаулысы еді. Бұл қаулы өзгеше ойлайтын, қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға «реалистік баға» бере алмайтын адамдарды қудалаудың жаңа науқанын ашып берді, қазақтың көрнекті өкілдері сталиндік қуғын-сүргіннің тырнағына ілікті.

Ғылым саласындағы атақты ғалымдар: Е.Бекмаханов, Х.Бекқожин, Е.Исмаилов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Б.Сүлейменов және тағы басқаларға «ұсақ буржуазияшылар», «космополитшылдар» деген саяси айыптар тағылды, қызметтен қуылды, ғылыми атақтарынан айырылды, түрмеге қамалды, сібірге айдалды. 1920 жылдардан басталып, 1937 жылы жаппай тұтқындау, тек 1953 наурызда Сталин өлгеннен толастады[5, 6-б.].

Сталиннің тікелей қолдауымен жүргізілген бұл қуғын-сүргін халқымыздың, интеллигенцияның, зиялы азаматтардың жігерін, психологиялық мінез-кұлқын қатты жасытты, бірақ мойымадық. Жазықсыз жазаланғандар ақталды. Бүгін біз соларды еске алып отырамыз, Қазақстанда 1997 жылдан бері, жыл сайын ҚР-сы тұңғыш Президентінің Жарлығымен бекітілген 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп аталып келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қозыбаев М.Қ., Абылқожин Ж.Б., Алдажұманов Қ.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. А.,1992.

2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Алматы, 2010.

3. Қазақстан тарихы . Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 4-т., Алматы, Атамұра, 2010.

4. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді? Алматы, «Ана тілі», 1993.

5. Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары. Алматы, 2017.

Султанғалиева А.С.,
№43 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі
(Атырау қаласы)

ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ МӘңГІ ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС

Еліміздің шерлі тарихы болған саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні 1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша, 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Елімізде қуғын-сүргін құрбандарына арналған күн белгіленіп қана қоймай, түрлі жобалар жүргізілуде. Мәселен, тәуелсіздік жылдары 146,5 мың кінәсіз жазғырылған отандасымыздың аттары жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды.

Мемлекеттің табысты дамуы тарих сабақтарын терең білместен мүмкін емес динамикалық алға жылжу үшін күштер, өйткені қазіргі және болашақ өткенге негізделген 2020 жылдың 30 мамырында ҚР Президенті Қ. Қ. Тоқаев құрбандарды еске алу күніне арналған үндеуінде саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық туралы былай деді: «адамның орасан зор құрбандықтары мен қатыгездіктерін еске алу сол жылдардағы терроризм әрбір қазақстандықтың жүрегінде қайғылы із қалдырды. Бұл қайғылы күнде біздің әрқайсымыз – қатыгез трагедиялардың бірінде жазықсыз зардап шеккендердің барлығына құрмет көрсетуіміз, өткенге құрмет» деген екен[1].

1937-1938 жылдары Қазақстанда саяси себептер бойынша жүз мыңнан астам адам сотталды, олардың төртіншісі атылды. ГУЛАГ лагерлерінің тарихшылары Қазақстан аумағында 11 лагерь құрылғанын атап өтті: Қарлаг, Жезқазғанлаг, алыс, дала, құмды, КамышЛаг, Ақтөбе, Петропавл, Өскемен, Кингир және атышулы АЛЖИР. Бірақ қандай да бір себептермен біздің облыста отызыншы жылдардың басында құрылған және "өлім лагерьі"деп аталатын лагерь туралы ештеңе айтылмаған. Бұл—КСРО ОГПУ-нің 05.09.1932 ж. №858/с бұйрығымен ұйымдастырылған прорвиндік түзеу-еңбек лагерьі (ПрорваЛаг).

Лагерь басқармасы Гурьевте (Атырау) болды. Негізгі лагерь Прорва аралында орналасқан. Лагерь тұтқындары Каспийде және Орал мен Еділдің төменгі ағысында ауланған балықты өндірумен және өңдеумен айналысты. Балық аулайтын лагерь қайықтарының айрықша ерекшелігі болды-олар қара тудың астында жүрді. Өндірілген балық өнімдерінің көлемі бойынша ПрорваЛаг ГУЛАГ жүйесінде екінші орынды иеленді, бұл көп нәрсені көрсетеді[2].

Сотталғандар адамгершілікке жатпайтын жағдайларда жұмыс істеуге мәжбүр болды, нәтижесінде лагерьде өлім деңгейі жоғары болды. 1940 жылы

сәуірде лагерь Астрахан деп өзгертіліп, басқарма Астраханға ауыстырылды. Шамасы, бұл лагерьдің қазақстандық тарихшылардың назарынан тыс қалғаны осыған байланысты. Немістер Сталинградқа жақындаған кезде лагерь басқармасы қайтадан Гурьевке ауыстырылды. Содан кейін қайғылы оқиғалар орын алып, Прорва аралындағы лагерь жойылды. Лагерьде нақты не болғаны, нақты күні де белгісіз. Болжам бойынша, бұл 1943-1944 жылдары болған, өйткені ол төтенше жағдайға байланысты таратылды. Астраханлагта жазасын өтеуге сотталғандардың бірі-Василий Павлович Корелский-өзінің "тұтқында болған жылдар" атты өмірбаяндық кітабында болған оқиғаны былай сипаттайды: "мен жергілікті түрмеге бардым, бұл өлім лагері болуы мүмкін, ойланбауға тырыстым. Онда барғандар тірі шықпайды. Бірақ содан кейін менің келуіме қарай бұл лагерь тоқтап қалды. Бүкіл контингент (олар жеті мың кедей деп айтты!) аштықтан және кейбір эпидемиядан қайтыс болды. Өлім лагері өз өлімімен тұншығып қалды" [3].Прорвадағы лагерьдің жанында болған адамдардың айтуынша, ғимараттар мен казармалардың қалдықтары сол жерде сақталған. Лагерь өздігінен бос қалғаны байқалады. Гурьев қаласындағы лагерь басқармасы Қазіргі облыстық аурухана — "дәрігерлер шағын ауданы" ауданында болғаны белгілі, бұрын казармалар болған және бірінші Гурьев медициналық училищесінің ғимараты орналасқан.

Астраханлагтың өзі 1950 жылы жабылғанға дейін Астрахан облысында өмір сүре берді. Айта кету керек, отызыншы жылдары қалада НКВД органдары белсенді жұмыс істеді. ІІМ-нің бұрынғы қызметкерінің естеліктеріне сәйкес, Пугачев көшесіндегі ескі КГБ ғимаратында азаптау бөлмелері жабдықталған. Атырау облысының мемлекеттік мұрағаты жариялаған құпиясыздандырылған деректерде адамдарды ұстаудың адамгершілікке жатпайтын жағдайларын сипаттайтын сол кезеңдегі көптеген құжаттар бар. Міне, Гурьев облысының прокуроры Төрешевтің 1938 жылғы қарашадағы үндеуі: "НКВД органдарында да, соттарда да контрреволюциялық қылмыстар бойынша істерді тергеу мен қарауды 10-11 айға созу, сондықтан тұтқындар жиналып, түрмелердің лимиттері бұзылды. Егер Гурьев түрмесінде лимиті мен көлемі бойынша 200 тұтқын ұсталса, 15.08.1938 жылы 700-ге жуық адам ұсталды. Сотталғандар жауап алу кезінде аяқтарында 5-6 күн тұрды, оларға ұйықтауға, демалуға рұқсат етілмеді, сондықтан жартылай саналы айыпталушылар жауап алу хаттамаларына қол қойды". Шамасы, прокурор қажетті айғақтардың қалай сипаттаудан әдейі аулақ болған: жазықсыз адамдардың тағдыры болғандықтан.

Ескі таймерлер сонымен қатар Сутягинский бағы аймағында, қазіргі Жеңіс саябағында, Мәскеудегі Бутово полигоны немесе Дон зираты сияқты атыс орны болғанын, онда көптеген саяси қуғын-сүргін құрбандары атылып, жерленгенін айтты. 1930-1940 жылдары қазақ зиялыларының өкілдері: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жаханша Досмұхамедов, Уалитхан Танашев және т.б. атылған немесе Сталиндік лагерьлерге жер аударылған. Ресей ФСБ мәліметтері бойынша, 1935 жылдың қаңтарынан 1941 жылдың 22 маусымына дейін КСРО-да 19

миллион 840 мың адам қамауға алынды. Оның жеті миллионы атылды. [4].

Сол қорқынышты жылдардың тағы бір куәгері, қазақстандық мұнай өңдеудің тұңғышы — Атырау мұнай өңдеу зауыты, қаламыздың және еліміздің мақтанышы. Оның құрылысының тарихы оның қанша тұратынын айқын көрсетеді. Зауыт құрылысына 12 мыңнан астам адам жұмылдырылды. Бұл еңбек күштерінен тұратын НКВД ГУАС құрылыс колонналары деп аталды. Еңбекшілердің өздері, өз кезегінде, сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың өкілдері болды: немістер, татарлар, корейлер, болгарлар, гректер және "КСРО-мен соғысып жатқан елдердің басқа ұлттарының азаматтары", КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысында көрсетілгендей (барлығы 50-ге жуық ұлт). "Әскерге шақырылушылар-немістер, румындар, венгрлер, итальяндықтар, финдер әскерге шақырылмайды, бірақ ГОКОНЫҢ 1942 жылғы 7 қазандағы №2383сс қаулысына (1942 жылғы 12 қазандағы №М/5/4652 директивасы) және 1942 жылғы 14 қазандағы №2409 қаулысына (№М/5 директивасы/1942 жылғы 17 қазандағы 4666). Әскерге шақырылушылар-болгарлар, қытайлар, түріктер, кәрістер, ойлау және көлікте жұмыс істейді, орнында қалады, қалғандарын өнеркәсіпте және құрылыста жұмыс істеу үшін бас формаға жібереді". Еңбек жолын толықтыру мәселесі осылай шешілді. Мәжбүрлі еңбек, құл болып еңбек ету, тұрмыстық жағдайлардың болмауы, қатыгез тәртіп пен ауру үмітсіз адамдардың өмірімен есеп айырысуына немесе қашуға тырысуына әкеліп соқтырды. Қашқандар ұсталып, жаңа мерзімге және ең жоғары жазаға — ату жазасына кесілді. Тек 1944 жылы 500-ден астам адам аурулар мен еңбек жағдайларынан қайтыс болған. Сол кезде "дистрофия" диагнозы өте кең таралған.

Қазір АМӨЗ зауытының жанындағы қараусыз қалған зират үнсіз куә болып табылады, онда зауыт құрылысшылары ғана емес, оларды күзеткен Қызыл Армия жауынгерлері де жерленген. Бұл адамдар кім болды, неге өлгендердің тізімі жоқ? Бұл біздің жадымыздың тірі азабы.

Менің ойымша, зират сол дәуірдегі қорқынышты оқиғаларды еске алуға арналған мемориалдық қорымға айналуы керек. Қазақстанға жер аударылған этностар өкілдерінің ұрпақтары қазір біздің елімізде тұрып, біртұтас қазақстандық халыққа айналды. Айта кетейік, Атырауда сол қайғылы оқиғаларға арналған бірде-бір тақырыптық көрме жоқ. Өлкетану мұражайында экспозиция түрінде болса да, алқапта Карлаг мұражайы сияқты мұражай жоқ. Бірақ бұл біздің тарихымыздың бір бөлігі. Қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың қандай адамгершілікке жатпайтын жағдайларда болғанын, не бастан өткергенін, не үшін осындай жаза алғанын айтып қана қоймай, көрсету керек екеніне сенімдімін. Көбісі түрмелер мен лагерьлерде қайтыс болды, ал аман қалғандар өмір бойы осы қорқынышты естеліктерді алып, тағдырларын мүгедек етті. Ұмыту Өлімнен де қорқынышты. Сол қорқынышты кезеңдерді ұмытпау үшін, өткен қателіктерді еске алып, қайталамау үшін мемлекет Басшысының Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні құрылды.

Ұлты мен діні, тілі мен діліне қарамастан, мыңдаған адамдар, тоталитарлық жүйенің диірменіне түсіп, өзгеше ойлағаны үшін кінәсіз сотталып, туған жерлерінен аяусыз айдалып, түрмелерде жазықсыз көз жұмды. Бүгінгі егемен Қазақстанның әрбір азаматы үшін зұлымдық құрбандарын еске алу және есте сақтау жас ұрпақ үшін, азат, тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы үшін оларды еске алу және есте сақтау қасиетті парызымыз. Олар бүгінгі ұрпақ барда мәңгі ұмтылмақ емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Токаев К.К. Обращение по случаю Дня памяти жертв политических репрессий и голода // «Прикаспийская коммуна», 2 мая 2020 года.
2. Нағымұлы Ш.Н. Белая книга скорби . Астана, « Фолиант», 2015.
- 3.В.П. Корелский "Тұтқында болған жылдар" атты өмірбаяндық кітабы
4. Нагимов Ш.Н. Атырау: путь к знаниям.- Алматы, ВАК. 2000

Қатият Қ.Ж.,

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
«Тарих» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
(Орал, Қазақстан)*

ҚУҒЫНДАЛҒАН МҰҒАЛІМ – ҚАРАБАЛИН ҒАБДОЛКӘРІМ

Батыс Қазақстан облысынан шыққан саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жапа шеккен, бар саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ағартушы-мұғалім Қарабалин Ғабдолкәрімнің өмір жолы мен тағдыры туралы баяндалған. Қарабалин Ғабдолкәрімге тағылған айыптаулар, бұйрықтар, жеке іс-қағаздары, ұрпақтарының жазып қалдырған естеліктері БҚО Мемлекеттік архивінен және БҚО Тарихи-өлкетану музейі қорларында сақталған мұрағаттық деректер негізінде жазылған.

Тарихтың қилы кезеңдерінде қазақ халқының басынан әр алуан қайғылы оқиғалар өтті. Солардың бірі әсіресе кеңестік билік тұсында жүргізілген озбыр саясат, дәлірек айтсақ, Сталиндік қуғын-сүргін талай елім деп, халықтың қамын ойлаған ұлт қайраткерлерін жойып жіберді. Тоталитарлық жүйе халықтың қоғамдық, экономикалық және саяси өмірін өз қолында ұстады. Қазақстандағы білім беру жүйесі, ғылым және мәдениет мекемелері мемлекет пен партия тарапынан қатаң бақылауға алынды. Кеңестік билік қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «басқаша ойлайтындар», «жат элементтер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жауып, оларға қарсы түрлі шаралар ұйымдастырды. Халықтың мұң-мұқтажын ойлаған ұлт қайраткерлерінен сескенген кеңестік билік оқыған озық ойлы ұлт қайраткерлерін қудалады, оларға қарсы түрлі шаралар ұйымдастырды, ату жазасына кесті, шалғай өңірлерге жер аударды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарынан басталған жаппай саяси қуғын-сүргін Қазақстанда Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айдар тағылды. Ұлт қайраткерлеріне және Алашорда идеясын жақтаушы ниеттестеріне де КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Сонымен қатар, молдалар мен дін қызметкерлеріне, оқу-ағарту саласына үлес қосқан қазақ оқығандарына «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айып тағылды.

Сталиндік қатаң саясат кезеңінде жаппай қуғынға ұшырап, жазықсыз жапа шеккен оқу-ағарту саласының мамандары, оның ішінде қарапайым мектеп мұғалімдері де болды. Солардың бірі әрі бірегейі БҚО өңірінен шыққан ағартушы-ұстаз, өмірлік жолын мұғалімдікке, ағартушылыққа арнаған Қарабалин Ғабдолкәрімді атап өтуге болады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Батыс Қазақстандағы қуғын-сүргін саясат туралы құжаттарды қарастыру барысында Қызылқоға мектебінде қызмет атқарған ағартушы-мұғалім Ғабдолкәрім Қарабалиннің іс-қағаздарымен танысқанда көп нәрсеге куә болдық.

Жеке іс-құжаты бойынша Қарабалин Ғабдолкәрім – 1891 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы №16 ауылда дүниеге келгені жазылған. Әкесі Есенов Қарабала сол кезеңде мұсылманша сауатты болған адам, ол Қарабауға жақын жерде мешіт ұстап, халықты діни білімге тартуда сүбелі үлес қосқан. Қарабала балаларына да білім алуына жағдай жасаған көрнекті ұстаз болған екен [1, б. 57].

Есенов Қарабала өзінің ортаншы ұлы Ғабдолкәрімді Орынбор, кейін Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқытып, толық білім алуына барлық жағдайды жасаған [1, б. 58].

Сол кезеңдерде әйгілі білім ордасы саналған «Ғалия» медресесі 1872 жылы Башқұртстанның Уфа қаласында ашылған мұсылмандардың жоғары діни оқу орны болып табылады. Медресенің «Ғалия» аталу себебі - оның жоғарғы дәрежелі оқу орны екенін аңғартады. «Ғалия» медресесінде дін сабақтарымен қатар араб, парсы, түрік тілдері, исламдық хұқық (шариғат), шығыстану тарихы, арифметика, ал XX ғасырдың 10 жылдарынан бастап төте оқу үлгісі бойынша химия, физика, математика, география, жаратылыстану ғалымдары, сондай-ақ, орыс тілі мен әдебиеті де оқытылған. Бұл медресе «Жәдид» әдісімен діни сабақтармен қатар математика, физика, химия, тарих және бірнеше тілдерден жан-жақты білім беретін. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «Ғалия» медресесінде көптеген қазақ жастары білім алды. Олардың ішінде М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев, Ж.Тілепбергенов, Қ.Оразбаев, И.Тасболатов, Ш.Назаров, Ғ.Қамзин, М.Оразбаев, Б.Серкебаев т.б. барлығы 50-ден астам белгілі қазақ азаматтары болған. Мұнда қазақ қыздары да дәріс алған. Жайық өңірінен барған шәкірттер арасынан кейіннен аты елге танымал А.Мәметов, Н.Манаев, Б.Жәнекешов, М.Рахманберлиев сияқты қайраткерлер шықты [2].

Ғ.Қарабалин медреседе «Қазақ тілі» газетінің тұңғыш редакторы болған Мәннан Тұрғанбаев, Мәншүктің әкесі Ахмет Мәметов секілді айтулы тұлғалармен қатар оқиды [4, б. 18]. БҚО Тарихи-өлкетану музейінде сақталған қорларда сол кезде медресе «Ғалияда» оқыған қазақ жастарының ішінде Ахмет Байтұрсыновпен бірге осы Ғабдолкәрім Қарабалиннің бірге түскен суреті сақталған [3].



1-сурет. 1916 жылы Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ жастарының арасында Ахмет Байтұрсынов бар. Қарабалин Ғабдолкәрім соңғы қатарда оннан солға қарай жетінші [5].

Тартысқа толы дүбірлі заманда әртүрлі ұлт өкілдерімен араласып, пікір алмасуы оның рухани, саяси өсуіне ықпал етіп, халқына шексіз қызмет ету құштарлығын арттырады. «Ғалия» медресесінде өзге де қазақ балаларымен бірге, жан-жақты білім алумен қатар, көптеген қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып отырған. Қарабалин Ғабдолкәрімнің «Ғалия» медресесіндегі кезеңі рухани кемелденуіне себеп болып, тұлға ретінде қалыптасуында үлкен рөл атқарды.



2-сурет. Ғабдолкәрім Қарабалин

«Ғалия» медресесінің толық курсы аяқтағаннан кейін, жас маман туған жеріне келіп, 1918 жылы Қызылқоға жеріндегі атақты Кермеқас мектебінде мұғалімдік жолын бастайды. Бұл жылдары Кеңес үкіметінде, оның ішінде Қазақстанда да халықтың жаппай сауатсыздығын жою міндеті алға қойылған кезең болатын. Алғашқы іс-шаралар Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы 26 желтоқсандағы «РСФСР-дың ересек халқының арасындағы сауатсыздықты жою туралы» деректен бастау алған еді [1, б. 58].

Сауатсыздыққа қарсы күрес барысында Қазақстанда ВКП(б) Орталық комитетінің 1929 жылғы 17 мамырдағы «Сауатсыздық жою жұмысы туралы» қаулысынан кейін жергілікті жерлерде өзгерістер бола бастады. Қатардағы мұғалім Ғабдолкәрім сол жылдары Тасшағыл, Қарабау және Қаракөл мектептерінде қазақ тілі және әдебиет, тарих пәнінен дәріс оқып, ересектерді сауаттандыруда айтарлықтай үлес қосқан. Кеңестердің халық арасындағы сауатсыздықты жою шаралары барысында Ғабдолкәрім Қарабалин 1924 жылы кәсіпшілер одағына мүше болып, мәдени жұмыстар жүргізуде көзге түскен.

Алайда саяси-ағарту саласында сауатсыздыққа қарсы шаралар ұйымдастырылғанымен бұл салада олқылықтар да орын алды. Сол кездегі билік басындағылар молдалардың, байлар мен болыстардың, қажылар ұрпақтарына күдікпен қарап, оларға қарсы күрес жүргізе бастаған. Сол кездері байлардың, діни иелерінің ұрпақтарының қоғамға тигізетін кері әсері көп деген ұғынушылық болған. Осыған байланысты 1926 жылы ВКП (б) өлкелік комитетінің жанынан дінге қарсы комиссиялар құрыла бастады. Дінге қарсы насихат жүргізіліп, мешіттерді, діни орындарды, құран кітаптарын өртеп, молда, имам, хазіреттерді және олардың ұрпақтарын қатаң жазалай бастады [1, б. 59]. Сондықтан олардың игі істері көрінбеді, ал белсенділер, НКВД, үкімет мүшелері олардың соңына түсіп, жұмыстарынан кемшіліктер іздеуін тоқтатпады.

Мұрағатта сақталған деректерде аудан орталығы Калмыковтан оқу бөлімінің инспекторы Жанетов Қажығалидың (негізі 16 ауыл тұрғыны, партия мүшесі, білімі төменгі дәрежеде) Қаракөл орталау мектебінің мұғалімі Қарабалин Ғабдолкәрімнің сабағына қатысқаны туралы жазылған. Онда «Архитектуралық құрылыстың дамуы» деген тақырыпты баяндауында «...мешіт пен шіркеу құрылыстарынан мысалдар келтіріп, жас ұрпаққа коммунистік тәрбиені насихаттаудан гөрі діни бағытқа назар аударды» деп Ғ.Қарабалинды сынайды. Міне осы оқиға Ғабдолкәрімнің ең алдымен педагогикалық жұмыстан шығарылып, кейін жауапқа тартылуына негіз болады [6]. Аталған оқиға негізінде, яғни жабылған жала нәтижесінде БҚО Мемлекеттік архивінде сақталған №786 қор, №2 тізбе, №56 істе облыстық білім беру бөлімінің меңгерушісі Абдоллаевтың 1937 жылы 26 қарашада жазған бұйрығы да сақталған. Бұл бұйрықта Тайпақ ауданының Қаракөл орталау мектебінің мұғалімі Қарабалин Ғабдолкәрім өзінің әлі күнге дейін мешіті бар және әлі де діншіл, молда Есенов Қарабаланың баласы болғаны үшін және туған ағасы Есенов Қабдырахман сол кезде діни агитацияға ұшыраған деп көрсетіліп, сонымен қатар, мұғалім Ғабдолкәрім жазба диктантын жазу кезінде оқушыларға

«мұнара» түсінігіне анықтама бергені үшін кінәлі деп танылып, жұмыстан шығару туралы бұйрық берілген [7].

Әрине, аталған фактілер бойынша, кеңестік айыптауларға оның шыққан тегі де әсер етпей қойған жоқ. Әкесі Есенов Қарабала сол кездері мешіт ұстаған белгілі имам, діни қызметкер болса, ағасы Есенов Қабдырахмен молда болғаны үшін 1929 жылы 5 жылға жер аударылып, жазасын өтеп келгеннен кейін, 1937 жылы сол бұрынғы айыптарымен қайтадан тұтқындалады.

1937 жылғы 22 желтоқсанда Тайпак аудандық НКВД қызметкері Рагалиев пен бөлімше инспекторы Аймұратов №48 ордер бойынша Ғабдолкәрім Қарабалиннің үйіне тінту жұмыстарын жүргізіп, ешқандай қылмыстық заттардың табылмағандығын айтып, меншігінде 2 сиыр, 1 ат, 8 қой, 2 ешкісінің болғандығын есепке алған [6].

Тексерушілер Ғабдолкәрімді алып бара жатқан кезде ол дереу өзінің сабақ беріп жүрген мектебіне барып қызы Үміт пен інісі Сүлейменді сабақтан шығарып алып, «Мен ауданға кетіп барамын...Жақсы оқыңдар!», - деп, Сүлейменнің құлақшынын алып, оған өзінің тәуірлеу құлақшынын беріп, бір ауыз тілдеспестен асығыс кете барған [5].

Ғабдолкәрімнің үстінен РСФСР кодексінің 58 бабының 10/2 тармағымен іс жасақталған. Оған Орынбор, Уфа қалаларында діни оқу орындарында оқығаны үшін, мешіт ұстаған әкесі, ағасы болғаны үшін, діни, ұлтшылдық, буржуазиялық үгіт-насихат таратып, Қазақстанды КСРО-дан бөліп алып, Қытайдың көмегімен ескі байлық құрылысты орнатуға астыртын жұмыстанған деген жалған айып тағылған.

Тексерушілердің көрсетуі бойынша Қарабалин өзіне тағылған айыпты мойындамағанымен куәгерлер Далбанов Абеу және Мұхамедрахимов Ғұмардың берген түсініктемелерін негізге алып, оларды өздерімен бетпе-бет жауаптаудан кейін, №208 бапқа сәйкес кінәлі деп танылады. Батыс Қазақстан облысы НКВД Үштігінің қаулысымен 1937 жылы 28 желтоқсанда РСФСР кодексінің 58-10 бабының 2 тармағымен «Ғабдолкәрім Қарабалин 10 жыл еңбекпен түзеу лагеріне жіберілсін және уақыты 22 желтоқсаннан бастап есептелсін» деп көрсетілген, бұған үштіктің хатшысы Қабанов қол қояды. Бірақ ешқандай себепсіз 1938 жылғы 16 ақпанда Батыс Қазақстан облысы үштігінің мәжілісінде Ғ.Қарабалиннің ісі қайта қаралып, оған ең ауыр үкім - атуға жазасына кесіліп, оған тиесілі жеке мал-мүлкін тәркілеу туралы үкім шығарылады. Оған НКВД Үштігінің хатшысы Троцкийдің қолы қойылған хаттама жасалады. Үкім 1938 жылы 19 ақпанда орындалады [6].

КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 19 қаңтардағы «О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессий, имевших место в период 30-40-х начало 50-х годов» Қаулысы бойынша Ғ.Қарабалин толық ақталған.

Еліміздің барлық өңірін шарпыған XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Сталиндік қуғын-сүргін саясаты осылайша Қарабалиндер әулетін де шарпып, терең із қалдырды. Ең өкініштісі бұл бір ғана отбасының басына түскен зобалаң емес еді. Қарабалин Ғабдолкәрімнің зайыбы Хадиша әжеміздің айтуы бойынша

тек өзі білетін Тайпақ ауданы бойынша сол жылдары 25 оқытушы тұтқындалған. Ғабдолкәрім Қарабалинның ұлының келтірген естеліктерінде осы 25 мұғалімнің ішінде тек аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Ноғаев Құсайын мен орыс тілінің оқытушысы Анайысов Сисеннің есімдері ғана есінде қалғандығын айтады. Бұларда жазықсыз жаламен тұтқындалғаннан кейін елге қайта оралмаған адамдар [8].

Қарабалиндер әулетінің басына түскен ауыртпалық оңай болған жоқ. БҚО Тарихи-өлкетану музейі қорынан табылған Ғабдолкәрім Қарабалинның ұлы Сабыр Ғабдолкәрімовтің естелік жазбасында ол кездері «Халық жауы» аталғандардың жанұясына деген дұрыс көзқарас болмағандығын жазып, барлығы «Халық жауының» отбасымен араласуға да қорыққан заман болғандығын айтып өткен. Ғ. Қарабалинның артында қалған зайыбы Хадиша әжемiз 4 бiрдей баласымен жесiр қалды. Үлкен қызы Үмiт он үш жаста болса, кiшкентайы жасқа да толмаған едi. Сол жылы әкесiнiң артында аңырап қалған отбасы Тайпақ ауданына қоныс аударады. Ғабдолкәрім отбасының аты мен арбасы, сиыры мен Хадиша әжемiздiң iс машинасына дейiн ортаға салынып, колхозға алынады. Барлығынан айырылған Хадиша Мұхамбетиярқызына 4 баланы өсiру оңай болмады. Балаларын өсiру үшiн, балаларын ел қатарына қосу үшiн күнi-түнi еңбек етiп, соғыстың сұрапыл жылдарында «Өлеңтi», «Мәулiмберлi» колхоздарында сауыншы болып жұмыс iстейдi. Жолдасы Ғабдолкәрім туралы бiрауыз жылы хабар естiместен 1981 жылы фәни дүниеден өттi [1, б. 60].

Қорытындылай келе, XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы Кеңес үкiметi жүзеге асырған сталиндiк қуғын-сүргiннiң қанды қылышынан құтыла алмай кеткен қаншама зиялы, оқыған-тоқыған ұлт жанашырларының, олардың отбасыларының тағдыры көзiмiзге жас ұялатады. Қарабалин Ғабдолкәрімнiң күйiн кешiп, жазықсыз құрбан болып, жаппа шеккен қаншама ұлт зиялыларының тағдыры, өмiр жолы беймәлiм күйiнде тарихтың қойнауында жабулы күйiнде қалды.

Пайдаланған әдебиеттер тiзiмi:

1. Табылдиев Х.Б. Нығмет Ғ.Н. Ақтаңдақтар ақиқаты. Тарихи-өмiрнамалық очерк. – Атырау, 1998. – 71 б.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.
3. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң 24230в қоры.
4. Қалдыоразұлы Қ. Зайлағи Есенов. – Алматы, 2011. – 220 б.
5. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң №23137в қоры.
6. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң №23267в қоры.
7. БҚО Мемлекеттiк архивi. Қ. 786, Т.2, I.(56) 59.
8. БҚО Тарихи-өлкетану музейiнiң №24230в қоры.

Ишанғалиева С.М.,
№22 Ә.Молдағұлова атындағы орта
мектебінің тарих пәнінің мұғалімі
(Атырау қаласы)

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЕШҚАШАН ҰМТЫЛМАЙДЫ

Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезең де солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат беру, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу, сондай-ақ сол уақытқа тәуелсіз ел ұрпағының көзімен баға беру.

Өткен XX ғасыр қазақ халқының тарихында ұлы оқиғалармен есте қалады. Сол оқиғалардың ішінде «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың басынан өткен 1930-1938 жылдар ауыр да азапты кезең болды. 31 мамыр-Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі-жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық. Өткенге ой жіберіп, осы күнге жете алмай, армандап өткен асыл ағаларымызды еске алу, ұмытпау – әрбір ұрпақтың парызы.

Ақиық ақын М.Мақатаев:

Біздер мына дәуірменен бірге өстік,

Қарап соның қабағына күн кештік.

Уақыттың үніменен тілдестік,

Уақыттың көшіменен бір көштік.

Біз жараттық мынау ғажап ғасырды,

Тарихы оның біздерменен ашылды,

Біздің мына қолтаңбамыз басулы,

Құрметтендер жиырмасыншы ғасырды! – деп өзі өмір сүрген ғасырға осылайша баға береді. Өркениетті қоғамға қадам басқалы тұрған ел үшін ел басынан өткен ауыр нәубет жылдардың оқиғаларынан сабақ алу – өте қажетті іс. Елбасының жарлығымен 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жариялануы – ұрпақ мойнына жүктелер парызға деген адамдықтың жарқын көрінісі. Елбасы өз сөзінде: «Аға буын ұрпақтың тарихы мен олардың тәлкекке толы тағдыры туралы жадымызда сақтау – біздің адамгершілік парызымыз және осынау сұмдықтың қайталануына біздің ешқашан жол бермейтіндігіміздің кепілі. Бұл біз үшін аса маңызды тарихи сабақ және біз оны әрдайым есімізде сақтауға тиіспіз» деген болатын. Қазақстанда 31 мамыр ресми түрде 20-ғасырдың 20-50 жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Сталиндік қуғын-сүргінге сол кездегі саяси репрессияны, ашаршылықты, халықтар депортациясын жатқызуға болады. Бұл оқиғалардан 4 миллионға жуық ел азаматтары зардап шегеді. Кейбір деректер бойынша 1920-30 жылдардағы ашаршылықтан кейін қазақ халқының тең жартысы қырылып қалған екен. Тек Қазақстанда 20 мыңнан астам адам түрмеге қамау, ату сияқты қатал жазаларға кесілді. Сол жылдары елдегі мұсылмандардың көбісі қара тізімге ілініп елден жер аударылды. Жалпы бұл кезеңдер ел басына

туған ең қиын қыстау кезеңдер болып тарихта жазылған. Халық жауы , ұлтшыл деп айыпталғандардың бәрін түгел лагерьлерге жіберген, тіпті олардың әйелдері де сыбайластары саналып, ақмола лагерінде қамауда болған. Жалпы бұл кезеңдер елбасына туған ең қын қыстау кезеңдер болып тарихта жазылған. Халық жауы, ұлтшыл деп айыпталғандардың бәрін түгел лагерьлерге жіберген, тіпті олардың әйелдері де сыбайластары болып саналып Ақмола лагерінде қамауда болған. Елде тәуелсіздік алғаннан кейін сол саяси-қуғын сүргіндерінің атын ақтау үшін көптеген жұмыстар жүргізілді. Елде тәуелсіздік алғаннан кейін сол саяси қуғын сүргіндерінің атын ақтау үшін көптеген жұмыстар жүргізілді. 1993 жылы сәуірдің 14-де «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады. Ал 1997 жылы ҚР Президентінің Жарлығы бойынша 31 мамыр – саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

31 мамыр біз үшін айрықша мәнге ие . Нәубет құрбандарын еске алатын күн. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев егемендіктің алғашқы жылдарынан осы зұлматтың құрбандарын мәңгі есте сақтап , рухына тағзым етуге зор мән береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та осы ұстанымды жалғастырып келеді. Сол заманда саны алты миллионға жеткен қазақ халқын бір шоғыр арыс алға сүйреді. «Қазақ», «Айқап» басылымдарының төңірегінде жиналған қазақ интеллигенциялары халықтың ұлт болуы үшін алғашқы шарт тілін сақтау деген қағиданы берік ұстанғаны мәлім. Алаш зиялылары Тіл туралы заңның негізін қалап, көпшілік жұртқа рухани білім мен тәрбие беруге жұмылдырылды. Оған 1909 жылы қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдер топтамасы , А.Байтұрсынұлының өмірлік тәрбиеге ие мысалдары, М.Дулаттың «Оян, қазақ!» атты еңбектері дәлел бола алады.

Қайран, қазақ елі... Жас ұрпаққа айта алмаған , жеткізе алмаған, жан дүниенді дір еткізетін сырға, мұңға толы тарихи парақтары қаншама әлі. Оған куә мына жатқан кең дала, заңғар таулар, өзен-көлдер, құм-шөлдер, тарихи ескерткіштер мазарлар, қираған ежелгі қалалардың орны . Ғасырлар бойы ата-бабамыздың қаны тамған топырақ исі мұңкіп тұр. Қазақ халқы бұл дүниеде не көрмеді? Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» заманынан бастап, қойшы қырылған» репрессия» жылдарына дейінгі аралықта халқымыздың осынау кең жаһан далада өмір сүруі, не жойылып кету қаупі тұрған еді. 1937-1938 жылдары құрбан болған : «Алашшыл» Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамбетов большевизмді Қазақстанда құрылуына ат салысқан халықшыл: С.Сейфуллин , Н.Нұрмақов , І.Жансүгіров, Б.Майлин т.б олардың көздерін көріп, тағлымын бойларына сіңірген жаңа «Қазақшыл» азаматтар келді. Қазақ халқының руханиятын осы нағыз қазақшыл азаматтар құрады. Бұл саясаттың салдарынан ғана емес, себебін де анық түсінген Алаш зиялылары бас қосып, империяға қарсы шықты. Олардың барлығы дерлік қудалауға ұшырап атылды, айдалды. «Халық жаулары» деп жала жабылған арыстардың есімін халқы өз жадында мәңгілік сақтап, олардың ел тәуелсіздігі жолында ерлігін ұмытқан емес.

Сабақтың тақырыбы: «Қазақстан репрессия жылдарында».

Сабақтың мақсаты: XX ғасырдың басында қазақ халқының отаршылдық езгіден қтылып, рухани оянуына үлес қосқан тұлғалар туралы білімдерін кеңейту.

Сабақтың жоспары:

I.«Тарихи зұлмат» репрессия құрбандары туралы бейнетаспаны оқушылар назарына ұсыну.

Саяси қуғын-сүргін сипаттары:

- 1921 – 23 жылдарда малды тартып алу
- малдан айырылудың кесірінен болған аштық
- шаруалар көтерілісі мен “бандыларды жою” деп аталған қырғын науқан
- бай –кулактарды жою, олардың мүліктерін тәркілеу және жер аудару
- 1923-33 жж арлығындағы дін өкілдерін жазалау
- халық жауларымен , шетел тыңшыларымен жүргізілген күрес
- 1937-1938жж репрессияға ұшырағандарға тағылған айып түрлері

Айып түрлері: - халық жауы, Отанына опасыздық жасағандар, шпиондар сатқын, буржуазияшыл ,ұлтшыл.

Жаза түрлері

1. Жаппай өлім жазасына кесу
2. Түрмеге қамау
3. Тұтас жер аудару
4. Қылмыстық істерді қолдану
5. Адамдардың қадір- қасиеттері мен жанын жаралау

II. «Үш бәйтерек» тарихи шолу.

Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен I.Жансүгіров, С,Сейфуллин, Б.Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Олардың қаламынан қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс-әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт-сенімдері кеңінен көрінеді. Әдебиеттің «Үш бәйтерегі» өмірдегі өрнекті өнегелерімен халық жүрегінде жол тапты.

III. Сөздерді жинақтау (орнын тап) А3 форматты қағазға ұлылар туралы жазылған пікірді құрастыру (қиылған қағаздарды желім арқылы жапсыру).

IV. «Еркін микрофон» арқылы оқушылар қысқаша ойларын жеткізеді.

1. Алаш ардақтылары туралы баспасөз беттерінен материалдар жинау.
2. Еңбектеріне шолу жасау

«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР-ның 1993 жылы 14 сәуірдегі заңына сәйкес қуғын-сүргіндерге ұшырағандар жаппай ақталды, қазақ қайраткерлерінің есімдері халқына қайтарылды. Сонда да халқымыздың басынан өткен қасіретін халық жадынан ешкім өшіре алмас. Бұл біздің Отанымыздың тарихындағы өзекті мәселе. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жоғарыда аталған «Саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау мәселерін зерделеу және шешу туралы» Жарлығын іске асыруда жанкештілік танытып,тер төгіп жүрген зерттеуші-ғалымдардың ерен еңбегі ақталып, тарихи әділеттілік салтанатқұрсын, азаттық пен тәуелсіздік жолындағы ақталмаған күрескерлердің

есімдері елдің жадында мәңгі сақталсын, жас ұрпақтың тарихи санасы одан әрі жетілдіре түссін дегіміз келеді.

Қорытындылай келе, қазақ тарихындағы бұл қасіретке бей-жай қарау, санамыздан өшіру елдігімізге сын емс пе?! Ащы тарихымызды білмеу-тәуелсіздік қадірін түсінбеумен пара-пар. Ендеше, ұрпақ санасына өткен дәуір тарихын жаңғырту, халық зиялыларын жадымыздан бір сәт те шығармау баршамыздың ұлт алдындағы азаматтық парызымыз деп білейік. Әрдайым өткен тарихымызды ұмытпай, біздің болашағымыз үшін күрескен ата-баба рухына тағзым етіп отырайық.

Каленова О.Н.,

*Жоғары санатты тарих пәні мұғалімі магистр,
Жалпы білім беретін №9 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп
(Атырау қаласы)*

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

Тәуелсіз Қазақстанның жиырма жылдық тарихында өткен «кеңестік» дәуірдің жерімізге, халқымызға тигізген зардаптары туралы аз жазылып жатқан жоқ. Сол кезеңде айтылмай, дәлірек айтсақ, айтқызбай келген «ақтаңдақтар» туралы бүгінде көптеген зерттеулер жарық көрді. Алайда осы бір толғағы жетіп, шындығы ашылуға тиісті нәубет заманның өзек жарды мәселелері әлі де болса өзінің жан-жақты әділ бағасын алуы тиісті деп ойлаймын. Анасын баласынан айырған сол бір зұлмат жылдардың тарихын зерделеп зерттеуді жөн көрдік. 1936 жылдың 5 желтоқсанда Кеңестердің Жалпыодақтық VIII төтенше съезінде жаңа сталиндік конституция қабылданды. Ол бойынша КСРО-да бюрократиялық орталықтандыру орнықты. Социализм тоталитарлық казармалық сипат алды. Елде сталиндік саясат жүзеге асты. Жазалау органдарының қызметі күшейтілді. Осылайша жеке адам құқығы аяққа басылып, пікір айтқан, ұсыныс жасаған адам «халық жауы» қатарына жатқызылып, жазаланды. 1937-1938 жылдары сталиндік қуғын-сүргін репрессия «геноцид саясаты» осылай басталды.

Тарих ғылымының докторы Дүйсентай Шаймұхановтың пікірінше, Карлаг сталиндік саяси қуғын-сүргіннің адам айтқысыз айуандықпен жүргізілген азалы тарихы: «Қарағанды лагері сол 1931 жылдан бастап 1956 жылға дейін Карлаг болып келді. 1956 жылдан бастап лагерлер қалды, бірақ Карлаг деп аталмайтын болды. 1932 жылдың басында 22 мың адам болды. 22 мың адамның 87 пайызы қазақтар болды. Кейін Карлагтың тұтқындарының саны өсе бастады. 1931-1956 жылдар арасында Карлагта 1,5 млн. адам болып кетті, Мен өзім көп жерді аралаған адаммын. Бухенвальдті көрдім, Освенцимді көрдім. Бұлардың тәртібі осы Карлагтың тәртібімен бірдей болды ғой. Мысалы, қой бағып жүрген әйелдерге қасқыр шапқандағы, бір-екі-үш қойды жарып кеткен. Сол үшін лагердегі бүкіл әйелдерді жинап әкеп, жаңағы әйелдерді солардың көзінше атып

тастаған. Мінекей, бір қой үшін, екі қой үшін, Освенцимдегі, Бухенвальдтағы озбырлықтардың бір түрі деген» [1].

Лагердің мақсаты - социализм құрудың сталиндік бағдарламасын жүзеге асыру үшін тұтқындардың тегін еңбегін жаппай пайдалану еді. 1,5 млн. тұтқынның дені «халық жауы» деген айыппен сотталғандар немесе солардың отбасы мүшелері ретінде бас бостандығынан айырылғандар болатын. Тұтқындар арасында әлемдік деңгейдегі ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, бұрынғы партия-кеңес қызметкерлері, шала сауаттылар мен әріпті таяқ деп білмейтін сауатсыздар да болыпты [2].

Лагерь туралы қысқаша мәлімет келтірсек, «Карлаг» аталынған лагерь өлкесінің негізі немесе Қарағанды еңбекпен түзеу лагері КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 жылғы мамырдағы қаулысы арқылы ашылды. Қаулыда былай деп көрсетілген:

1. Жер Халық Комиссариатының қорытындысына сәйкес ОГПУ-дің ерекше мақсаттағы Қазақстандағы лагерлер басқармасының Қоянды жәрмеңкесі территориясы мен құрылыстарынан басқа 110 мың гектар аланды мерзімсіз тегін пайдалануға деген өтініш қанағаттандырылсын.

2. Қазақ КСРО Жер Халық Комиссариатына аталмыш лагерлерге бөлінетін жерді дереу бөліп, жұмыс жүргізетін техникалық қызметкерлерді іріктеу тапсырылсын. Бүкіл жұмыстар ерекше мақсаттағы лагерлердегі адамдар күші арқылы жүзеге асырылсын.

Осы қаулыға сәйкес 1930 жылы мамырда Қарқаралы округінің Бесоба мен Қоянды жәрмеңкесі арасындағы 110 мың гектар жер бүкіл құрылыстарымен лагердің қарамағына берілді. Алайда бір жылдан кейін, яғни 1931 жылғы 19 желтоқсанда басқаша шешім қабылданды. Онда «Қазақ еңбекпен түзеу лагерінің» бірінші бөлімшесі - «Гигант» совхозы осы күннен бастап қысқартылған түрде «Карлаг ОГПУ» деп аталып, ГУЛАГ-қа тікелей бағынатын Қарағандының жеке еңбекпен түзеу лагері болып қайта құрылатыны, лагерь басқармасы Долинка селосында орналасатыны айтылған.

Карлагтың әкімшілік орталығы, Қарағандыдан 35 шақырым жердегі Долинкада 4 жасқа дейінгі балаларға арналған «Мамочкин дом» қазақшалағанда, «Анашымның үйі» атты арнаулы мекемеде жұмыс істеген. Долинканың бір шеті сол сәбилердің қорымына ұласады. Көп ұзамай жермен-жексен болып тегістеліп кеткен қорымның ауқымын анықтау мүмкін емес. Тұрғындар бертінде салынған шеткі үйлердің зираттардың үстіне тұрғанын айтады. Қорымның екінші жағы өзен суымен шайылып, жарлауыттанған жағаға тіреледі. Өткен ғасырдың 90 жылдарына дейін көктемгі су тоғысы кезінде өзен бетінде қалқыған сүйектер үйреншікті көрініс болыпты [3]. «Мұнда қанша сәбидің қырылғаны туралы нақты дерек жоқ. Бірақ, балалардың баудай түскен кездері де аз болмаған. Архивтер әлі толық ашылған жоқ. Ал, қолда бар анықтамалық құжаттарға ұарағанда, 1943 жылы ғана 450 бала бір мезгілде өкпе қабынуынан қырылып қалған» дейді Долинка мұражайының меңгерушісі Марина Ивановна Кушинова [4].

КСРО бойынша барлық лагерлерде ересектер мен бірдей балаларда жазаларын өтеді. Карлаг бөлімшелерінде де тұтқын балалар болды. Оларды мектеп қабырғасынан әкетіп, көшеде жүрген жерлерінен тұтқындаған. Олар өз ата-аналарына жабылған жала айып үшін жауап беруге мәжбүр болды. Көбі өліп жатты. Дәлел ретінде бір-екі мысал келтірейік: Куйбышев облыстық атқару комитетінің қызы Муся Полбыцина осы лагерде туберкулезден көз жұмған. Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің бұрынғы басшысы В.П. Шубриковтың қызы Маня 16 жасында қайтты. Осылар сияқты кезінде жоғары билікте отырғандардың балаларының талайы көз жұмды [4].

Он сағаттық жұмыс уақыты, аштық, жұмыстан қалжыраған аналар, олардың тіптен сәбилерін тамақтандыруға да шамалары келмеген. Сүті таусылған аналардың балалары ауруға шалдығып, қайтыс болған. Деткомбинат - ол да зонаның бірі, тіккен сымдар, вахта, күзет, тар бөлмелер. Гулаг жүйесіндегі колониялар, лагерлер бір-бірінен ешқандай айырмашылықтары болмады. Сәбилер топта өмір сүрді. Олар лагерь балалары, олардың түсінігінде «әке» «апа» т.б. туыстық атаулар болмады. Балалардың сана-сезімі лагермен байланысты болды. Егер тақтада үйдің суретін салса, онда бәрі шулап «барақ» деп айқайлайтын. Балабақша қызметкерлері де тұтқын әйелдер арасынан еді, оларды балаларға бір нәрсе үйретуге шамалары да келмейтін. Сондықтан лагерь балалары даму жағынан, бостандықтағы балалардан едәуір артта қалатын [4].

Отанын сатқандардың балаларын кең байтақ Отанымыздың түкпір-түкпіріндегі балалар үйлеріне апарып, туыс адамдар мен таныстардан да бөліп жіберді. Алайда түбінде балаларымен бір кездесуді армандаған өжет әйелдердің үкілі үміттерін АЛЖИР-дің қатаң тәртібі сындыра алмады. Ұзақ күткен мерзімінен кейін бостандыққа шыққан олардың барар жері, басар тауы қалмаған еді. Бұрынғы тұтқындар лагерь маңындағы қоныстардан алысқа кете алмады, өйткені олардың «еркін» өміріндегі төлқұжаттарында елдің 39 қаласына баруға тыйым салынғаны жайлы белгі болатын. Балалардың өмірінің жалғыз шырағы ол - аналары еді. 1947 жылы бір топ аналарды Қиыр Шығысқа этаппен айдап, балаларын Карлагта алып қалған оқиғалар да кездеседі. Төрт жасқа толған сәбилерде Осакаровка жетімдер үйіне жіберген. Қарағанды облысы, Осакаровка ауданындағы №9 пионерлік жетімдер үйі, 1935 жылдың қазан айында құрылған. Басында мекеме жер ауып келгендердің балаларына арналып салынған болатын. Сонымен қатар, бұл жер арнайы комендатура қарамағына қарасты болды. Алғашқы жылдары жетімдер үйінде 50-ге жуық тәрбиеленуші болды. 1937 жылы мекеме КСРО-ның ХК қарады. Соғыстың алғашқы ширегінде бұл жерге ата-анасы майданда қайтыс болған, қараусыз панасыз қалған балаларды орналастырады [5].

«НКВД балалары» деген ат 1930-шы жылдардағы сталиндік лагерлердегі барлық балаларға тағылған таңба болатын. Түрме қызметкерлері аналарынан сәбилерін алып жатқанда «енді бұлар сендердің балаларың емес біздікі, мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің балалары, енді бұларды біз асыраймыз» дейді екен [6].

Карлагтың тұтқыны Э.Середа Белградтан «НКВД балалар саны 800 мыңнан миллионға» дейін жеткен. Бірақ олардың тағдыры белгісіз» деп жазады [7]. Архив құжаттарына сүйенер болсақ, сәбилер үйінде өлімнің жоғарғы көрсеткіші болған. 1941-1944 жылдары 924, 1951-1952 жылдары 1130 сәби шетінеген. 1950 жылы 22 тамызда КСРО үкіметі «Жас сәби және лагерден тыс кәмелетке толмаған баласы бар, тұтұындалған әйелдерді бастау» бұйрығын шығарады. Бұл бұйрық бойынша лагерден 785 аяғы ауыр әйел, 706 кішкентай сәбилері бар әйелдер босатылады. Осы бұйрық бойынша барлығы 2886 әйел босатылды [1]. Жоғарыда айтылған деректер негізінде өткен ғасырдың 20-30 жылдарында ел басына түскен өткір әлеуметтік мәселелердің бірі-балалар панасыздығымен күресте халықтың жеткен жетістіктері мен кемшіліктері, қазіргі қоғам үшін тарихи, практикалық маңызды жақтарын жете танысып білуге болады. Панасыздар мәселесінің көп жағдайда мемлекеттің саяси-экономикалық түбегейлі өзгерістерінен туындайтынын сол заманғы құжаттар айқын дәлелдейді. Әлеуметтік зардабы ол қазақ санының азаюы. Жазықсыз жазаланғандар саны әлі күнге дейін әртүрлі мөлшерде айтылады. XX ғасырдағы ірі тоталитарлық мемлекет КСРО тарихын зерттеуде қарастырылатын үлкен мәселелердің бірі кеңес азаматтарының құқықтарын шектеген саяси репрессиялар тарихы болып табылады. Саяси қуғын-сүргін деректерін талдау тақырыбының, соның ішінде балалар тағдырының күн тәртібіне қойылуы, еліміздің тәуелсіздік алуымен қатар қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланысты, бұл үдеріс тарих ғылымындағы жаңа көзқарастар туындауына ұштасты. Өйткені мыңдаған адамдардың тағдырындағы қасіретті беттері, адам құқығының мемлекет, саясат тарапынан аяққа тапталуын ашу, Кеңес өкіметінің тарихын зерттеуде маңызды орын алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане (30-40-е начало 50-х гг.)./ Караганда, 2000.180 с.
2. Дильманов С. Қазақстан аумағындағы НКВД КСРО ІІМ еңбекпен түзету лагерлері./ Алматы, 2002. 240 б.
3. Шаймуханова С.Д. Карлаг/ Караганда, 1999. 179 с.
4. Страницы трагических судеб./ Алматы, 2002. 355 с.
5. Кукушкина А.Р Алжир. / Караганда, 2000.195 с.
6. «Алжир» мұражай қорларындағы каталог коллекциялары. / Астана, 2012.
7. Тоқаев Қ. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі. Айқын. 2020, 31 мамыр.

*Сарсенова С.С.,
№1 жалпы орта білім беретін
мектептің тарих пәні мұғалімі
(Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы)*

«АТЫРАУ ӨңІРІНДЕГІ КЕҢЕСТІК ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫ: ЗЕРДЕЛЕУ МЕН ЗЕРТТЕУ»

Қай қоғамның өмірінде де ұмытылмас оқиғалар бар. Оларды еске алу, әсіресе, қазіргідей барлық нәрсе таразыға түсіп, кешегі бастан кешкен де, келешектегі алдан күткен де ой-елегінен қайта өткізіп жатқан кезде тек кешірілмес қана емес, болашақтың алдында қапы соқтырар сорақы жауапсыздық болар еді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес Атырау облысында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссиясы «Атырау өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін тарихы: зерделеу, сараптау және алдын-ала қорытындылары» тақырыбында Республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізуі парасатты да ұлағатты іс-шара.

Атырау облысында 3365 адам ақталып, 7 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. УНКВД үштігінің шешімімен 2010 адам тұтқындалып, сотталған, оның ішінде 730 адам атылған, олардың арасында жерлестеріміз жетерлік. Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті 1928 жылғы 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын кәмпескелеу туралы» заң қабылдап (3), ірі байларды тәркілеу заңы жергілікті жерлердегі шолақ белсенділердің өте деректілігі мен асыра сілтеуімен жүзеге асырылады. Мұның өзі қазақ жерінде жаппай саяси қуғын-сүргінді шамадан тыс күшейтіп жіберген.

Біздің аймаққа да шамадан тыс жедел жүргізілді, тек 1928-1929 жылдары тәркілеуге Тайсойған өңірінен 50-дей байлардың мал-мүлкі тәріктеліп, Қанбақты құмынан Әріпов Мұти, **Бисембаев Нығмет**, Жакупов Атауолла, Жайық бойынан Елеуов Ғаббас, Жалбыров Сейтқазы, Иманғазиев Мырзағали тағы басқа 24 байлар тәркіленді.

Дәл осындай жайт менің арғы атамның басынан өткен. Ол кісіні кітаптардан ізденіп қарап едім, еш жерден таба алмадым. Атам Сарсенов Ұзақбай, оның әкесі **Кенесұлы Сәрсен** деген кісі болған. Сәрсен бабамның төрт түлік малы бар, жағдайы жақсы отбасы болған. Бай-кулактардың мал-мүлкін тәркілеу жарлығы шыққанда Сәрсен атам жанұясына аз-кем мал қалдырып, қалған малын түн ішінде алдына салып елден қашқан. Бірақ, ол кісіні жолдан ұстап алып, атып тастаған. Бар мал-мүлкін кәмпескелеп алып кеткен. Сәрсен бабамның әйелінде қалған түйені де жендеттер алып кеткісі келген. Бірақ әжем өр мінезімен, түйенің ауызына ыссы су құйып, түйені жарамсыз қылып тастаған. Жендеттерден қалған қиналып жатқан малды, балаларына ет қылып беріп, көпке дейін талғажау еткен. Бұл оқиға Жилокосинский аумағында болған. Сәрсен

атамнан 4 қыз, 3 ұл қалған. Ұрпақтары осы Жылыойдың топырағында туып, өсіп-өніп жатыр.

Атырау облысы бойынша ату жазасына ұшырағандар тізімі төмендегідей: 1921 жылы 6 адам; 1930 жылы 6 адам; 1937 жылы 571 адам; 1939 жылы 1 адам; 1940 жылы 4 адам; 1941 жылы 6 адам; 1942 жылы 19 адам; 1943 жылы 4 адам; 1944 жылы 1 адам; 1955 жылы 1 адам, барлығы 621 адам атылды.

Олардың ішінде Жилокосинский район бойынша 12 адам бар, яғни кәзіргі Жылыой ауданы бойынша.

Р/с	Аты-жөні	Туған жылы	Тіркеу номері
1	Аманиязов Дари	1896	№15
2	Бекниязов Нурмаганбет	1887	№80
3	Белембетов Хауан	1877	№263
4	Бекбаулиев Комак	1880	№370
5	Бекениязов Есбосын	1883	№371
6	Бакенов Бердигали	1895	№372
7	Есенаманов Есенбай	1887	№280
8	Ермухамедов Нигмет	1893	№496
9	Камыспаев Жолдыбай	1864	№226
10	Кулбаев Берды	1873	№382
11	Кушбаев Санжан	1898	№384
12	Калач Николай	1911	№614

Мына тізімде сегізінші тұрған Ермухамедов Нигмет Жылыой өңірінің тумасы. Әкесі (Еркебай ахун) Ермұхамед Иманұлы 1875-1913 жылдары өмір сүрген. Тегіне қарасақ, Қосым Шеркеш. Шағын шаруашылығы бар шаңырақта өскен көп баланың үлкені Иман Сеңгірбайұлы (1820-1889жж.) аса жуас, әкесінің шаруашылығын жалғастырған еңбекқор адам болған. Оның алты ұлы болған. Соның бірі осы Ермұханбет. Діни сауатты, имам болған. Меккеге жаяу барып келген, бала оқытқан. Сол әкесінен қалған «мешітті ұстадың» деп репрессияға ұшыраған. Нығметтің 4 ұлы болған. Олар Нәсір, Аққали, Ыбыраш, Камал. Аққали мен Ыбыраш екеуі мұнай саласында қызмет атқарған. Нәсір мен Камал оқу ағарту ісінде мұғалім болған. Бала оқытқан, инспектор болған. Нәсірдің ұрпақтары Жылыой жерінде тұрады. Ағартушылық Нығметтің немересі Нәсірдің қызы Жәмиға Нәсірқызына дарыса, Ыбыраштың 3 қызы Зайда Ыбырашқызы, (марқұм) Азиза Ыбырашқызы, Гүлназ Ыбырашқызына дарыған. Бүгінгі таңда Жәмиға Нәсірқызы Білім беру ісінің үздігі, педагог, зейнеткер. Анасы Әсия 4 ұлына Нығметті жоқтатпай бағып-қаққан. Нығмет нақақтан-нақақ ұсталып кетсе де, ұлдары анасының тәрбиесімен жақсы азамат болып өрбіді. Ұрпақтары Маңғыстау облысында, Атырау облысында, Алматы облысында тұрып жатыр. Жазушы Жанаш Нұрмұқанұлының осы әулеттің төрт ұлы туралы жазған «Қасиетті әулет» деген кітабы бар. Осы кітапта өнегелі жанұяның естеліктері көптеп жинақталған.



Суретте: Ермухамедов Нигметтің төрт ұлы мен әйелі Әсия



Ермухамедов Нигметтің немересі Жамиға Насырқызы

Саяси қуғын-сүргін жылдарында жер аударылған Атырау облысының тұрғындары өте көп. Сол тізімде 222 адам жазылған. Солардың ішінде Жилокосинский ауданы бойынша жер аударылған азаматтардың саны 13 адам. Олардың аты- жөні төмендегідей:


1.Дәулетбаев Рамазан, 1867 жылы туған, қазақ; 2. Алдашев Қитар, 1876 жылы туған, қазақ; 3. Әлмағамбетов Жаңабай, 1879 ж.т.қазақ; 4. Аралбаев Қанғат, 1905 жылы туған, қазақ; 5. Деменов Айткен, 1884 жылы туған, қазақ; 6. Қалиев Қанатбай,1866 жылы туған. Қазақ; 7.Манашев Ерғаз, 1866 жылы туған, қазақ; 8. Медетов Сарымбет, туған жылы, қазақ; 9.Норбаев Мұса, 1884 жылы туған, қазақ; 10. Нұров Оңайбай, 1898 жылы туған, қазақ; 11. Танашов Әбіл, 1904 жылы туған. Қазақ; 12. Тілеуқұлов Палвам, 1897 жылы туған, қазақ;

13. Төлеков Көктен, 1896 жылы туған, қазақ; (Азалы кітап немесе «Живые узники Сталинский репрессии» деген кітапты қарап шықтым. «Өлке» баспасы, Алматы қаласы, 2002 ж.).

Атырау облысында 20-50 жыл мерзімге сотталған және ақталған азаматтар. Бұл азаматтардың саны 1492 ге жеткен.

1.(4.) **Әбдірахманов Абдулла, 1921 жылы туған, қазақ, Гурьев облысы, Жилокосин ауданы, білімі бастауыш.** Қамауға алынғанға дейін ол Атырау облысында (Гурьевская), Ембі облысында тұрып, мұнай өндіруші болып жұмыс істеген. 1948 жылы 15 маусымда тұтқындалған Гурьев облысы үшін УМГВ. Гурьев облыстық соты 09.07.1948 ж РСФСР ҚК-нің 58-10, 58-14-баптары бойынша 10 жыл мерзімге түзеу-еңбекпен түзеу лагерінде бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. 1997 жылы 25 қарашада қалпына келтірілді .

Бұл кісі Құлсары қаласының Мешіт ауылында тұрады. Абдулла атамыздан сұқбат алдық.



Суретте Абдолла атамен сұқбат алуға барған кезім.

Бейне

ролик

төмендегі

сілтемеде:

<https://www.instagram.com/p/CA2G0wGlp9VLmiwXdE3Ax3YPH1ojWzalRwKN80/?igshid=Ymk4a2RxeWFvaujg>.

Атаның айтуы бойынша, әкесі Әбдірахман НКВД халық жауы деп тұтқындап ,ақыры ол түрмеде көз жұмады.Ал кейін оның 22 жастағы ұлы Абдолланы да «Жапонның тыңшысы» деп жазықыз қуғындайды .

- Бір ай абақтыда ұстаған соң, этаппен айдалып кете барған..Сот маған «әкесі – халық жауы,өзі –Жапонияның агенті,Иранның десанты»деген кінә тақты.Ал мен- бар болғаны 3 кластық білімі бар, Жапония мен Иран тұрмақ, Гурьевтен аттап шықпаған адаммын.

- Жендеттер мойындамасына қоймайды.Тырнағыңның астына ине тығып,қайта-қайта ұрып соғады.Күні бойы жауаптан әбден әлсіреп,есің танып құлайсың.Үстіңе мұздай шелекпен су құяды,сілкініп қайта түрегелесің.Бұны қайтып енді көрсетпесің.Бұл туралы тіпті айтуға тыйым салынған «жазаңды бізде өтегенің туралы ешкімге айтпайсың» деп қол қойғызып алады – деген еді ақсақал.Көп ұзамай мыңдаған құрбандармен бірге Абдолла Әбдірахманов та жазадан босап, 1954 жылы туған жеріне оралады. Жұрт қатарлы бейбіт өмірге араласады.Бұрынғы кәсібін жалғастырып ұңғыларды күрделі жөндеу мекемесінде «Қазақстанмұнай» бірлестіктерінде ұзақ жыл еңбек етті.1976 жылы зейнеткерлікке қалады.Одан кейін де қоғам өмірінен қол үзбей бірнеше жыл «Каспиймаңымұнайгазқұрылыс» бірлестігінде жұмыс жасады.Жастайынан өмірдің ащы дәмін көп татқан Абдолла ақсақал құрметке бөленді. Бірнеше Құрмет грамотасымен, алғыс хат, медалдармен марапатталды. Ең бастысы - соғыс және еңбек ардагері. Кеудесінде Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай берілген мерекелік медал жарқырайды.

Бірақ,осы жылдар ішінде жан жарасы жазылған жоқ-ты.Жазықсыз таңылған «халық жауы»деген жала қайда барсада туған халқы алдындағы адалдығын дәлелдеп шықты.Сөйтіп 1998 жылдың 30 қыркүйегінде өзі,ал 2000 жылдың 17 ақпанында әкесі Әбдірахман Айғыров облыстық прокуратураның шешімімен ақталды.

Ақсақалдың әнгімесін тыңдай отырып,бүгінгі таңда хал жағдайында сұраған едік .Жұбайы Ілгек Ахмедияровамен бірге 13 ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп бәрін де қатарға қосқан.Ия,Абдолла ата қазір де тың.Жасы 100 ге жақындады. [Ақ Жайық газеті 2001 жыл 26 мамыр 4 бет].

Абдолла атамыз жазықсыз айдалып ,жазасын өтеп жүргенде азап лагерінде атақты ақын **Мағжан Жұмабаевпен** бірге болыпты. Ақынмен таныс болғаны өз алдына, Алаштың дарынды перзенті оған қолжазбасын аманаттап,елге жеткізуді өтінген.Мағжан Жұмабаев тарихшылар 1938 жылы атылып кеткен деп келсе, Абдолла ата айтқан жаңа дерек бойынша ол атылмаған, 1951 жылға дейін лагерьде жазасын өтеп ,сонда аурудан көз жұмған боп шығады.Бұл-әрине,сенсация.Содан Құлсары қаласында қарапайым ғана тірлік кешіп жатқан қария бүкіл республикаға танымал тұлғаға айналып шыға келді.

Бауыржан Момышұлы: «Мен Мағжанды көрдім...».

1948 жылы мен Сібірдегі 59-бригада командирінің орынбасары болып тағайындалдым.Кезекті әскери жаттығулар өткізіп жүрген кезімде ну орманның арасында отқа жылынып отырған бір адамды көріп ,маңына жақындадым.Киген киімдері біртүрлі , әсілі, сотталғандар болуы керек. Олардың өзгешелеу , басында түлкі тымағы бар бір адам 10 -15 метрдей жерде өз алдына жылынып отыр екен.Тегінде қазақ сияқты.Мен соған жақындап келіп,қазақша «Ассалаумағалейкум!»деп сәлем бердім.Ол менің сәлемімді ернін жыбырлатып қана қабылдап ,түріме одырая қарады да,үндемей отыра берді. «Бұл не қылған адам?» деп өз ойымды жинап алғанша ,ол теріс қарап отырған күйінде:

- Маған жақындама,бәлем жұғып кетеді,-деді.Сол кезде барып менің есіме Мағжан түсіп,оның өлеңдерін жатқа айта бастадым.Ол сәл жібіп:

- Менің жағдайым қиын ғой, маған жақындамағаның дұрыс болады. Шамаң келсе мені елге жеткіз, - деді. Мен оның қазақтың ақиық ақыны Мағжан екенін біліп, шамам келсе, көмектескім келді де:

- Мен он шақты күннің көлемінде қайта ораламын. Сол кезде дайын болып тұрыңыз, - дедім. Он шақты күннен кейін уақытым болмай, қайтып келе алмадым. Бір айдан кейін келсем, түрменің бастығы маған оның сал айдап жүріп суға кетіп қайтыс болғанын айтты. (Қаһарман Бауыржан Момышұлы, 98-бет, Алматы «Өнер» баспасы)

Осы Абдолла атамыздың сөзін Бауыржан Момышұлының жазбасы растағандай. «Мағжан 1938 жылы атылды» деген пікір қате пікір. Оған куәгер бүгінде көзі тірі, жасы жүзден асқан Абдолла Әбдірахман ақсақал.

Атырау облысында 20-50 жыл мерзімге сотталған және ақталған азаматтардың тізімінде тұрған келесі тұлғамыз

Нұртілеуов Қашқынбай, 1919 ж.т., ур. Гурьев облысы, Жилокосин ауданы, Прорвинский ауылдық кеңесі, қазақ, партиясыз, төменгі, қызыл әскер 674 БК. Оңтүстік әскери округінің әскери трибуналы 05.10.51 ж 58-1-6-бабымен (әскери қызметкерлердің Отанға опасыздық жасауы) кінәлі деп танылып, 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы 1998 жылғы 18 тамызда істі жапты. (Азалы кітап немесе «Живые узники Сталинский репрессии» деген кітапты қарап шықтым. «Өлке» баспасы, Алматы қаласы, 2002 ж.).

Нұртілеуов Қашқынбай Әзбергенұлы 1919 жылы Гурьев облысы (қазіргі Атырау облысы) Жылыой ауданында дүниеге келген. 8 жасынан 4 класстық мектепте білім алып, сауат ашқан. 16-17 жасында шала сауаттылар мектебінде мұғалім болып қызмет атқарған. 18 жасында Жылыой ауданынан 30 шақты жас жігіттермен әскерге алынған. Мәскеуде 3 ай дайындықта болып, аға сержант атағын алған. Сол жылдары финдермен ұзаққа созылмаған соғыс болды. 1940 жылдың 12-наурызында фин соғысы біткеннен кейін, шекаралық порттық Одесса әскери округінде 2 жылдай оқыған. Кейіннен Румыния жерінде бой көрсетіп, одан соң Одесса маңында әскери қызметін өтеп жүргенде Германиямен соғыс басталған. Соғыста алғашқыда 9-шы, 150-дивизиясы, 174-атқыштар полкінің барлаушылар ботальонында бастаған. Сол кезде «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.



Қашқынбай Әзбергенұлының өлең шығаратын ақындық өнері де болған.

Ел қайда? Еділ қайда ойлағанға,
Қабағым ашылар ма зарлағанда?!
Жеріне Германияның тап болыппын,
Қаңбақтай жер аударып айдағанда

– деп, алыста жүріп өлең жолдарын шығарған. Атаның айтуы бойынша қалай болғанда да елге оралуды ойлаған. Сол ойлары іске асып Американың әскерлеріне жолыққан. Соғыс басылып көп адамдарды Минскке әкелген. Ата Минскіні қайтадан қалпына келтіруге қатысқан. 1 жыл Минскіде болған. Ауылмен хабарласып тұрған. Ауылға оралған ауылшаруашылығы саласында қызмет еткен. 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында арғы жақтан келгендерді ұстай бастаған. Қашқынбай атаны да ұстап, 4 ай тексерген. Ешқандай қылмыс белгілерін таба алмаса да, 1951 жылы 25 жылға соттаған. Қашқынбай ата Петропавл қаласының мебель фабрикасында жұмыс атқарған. Сталин қайтыс болған соң, 1955 жылы Ресей мемлекеттік ісін атқарушы, Совет революционері Ворошилов мырзаға хат жазған. Сол хаттың негізінде ме, әлде оның жазықсыз жапа шегіп жүргені анықталды ма, ол жағы белгісіз, іс-әрекетінде «қылмыс құрамы жоқ» деп тауып, ақталған. Ол «Соғыс ардагері» атағын қайтарып алған.



Нұртілеуов Қашқынбай ата елге келген соң, Боранқұл елді мекенінде бұрғылау-барлау ұжымында кен орындарындағы қазу жұмысына қатысты. Бүгінде ұрпағы мен туыстары Боранқұл мен Құлсары қаласында тұрады. «Социалистік Еңбек Ері» Қашқынбай ағамыз 2009 жылдың қараша айында 90 жасқа келіп, дүниеден өтті.

Атырау облысында 20-50 жыл мерзімге сотталған және ақталған азаматтардың тізімінде тұрған келесі тұлғамыз Байсариев Екібай, 1913 жылы туған. Гурьев облысы, Жилокосин ауданы, Амангелді ауылдық кеңесі, қазақ, ВЛКСМ (большевиктер) мүшелігіне кандидат, сауатты, Бұрын 1940 жылы және 1941 жылы екі рет сотталған.



Суретте: Байсариев Екібай

Байсариєв Екібай партия қатарында болған. Соғысқа бармадың деп, 58-статья бойынша қашқын деп айыпталып, «солақай саясаттың» кесірінен жазаға тартылған. Баласы Жұмабай ағаның айтуы бойынша әкесі 1993 жылы ақталған.

Қазіргі таңда ұрпақтары Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранкүл елді-мекенінде тұрады. Баласы Жұмабай 1956 жылғы. Балалары Жұмабай мен Гүлжаннан әкесә Байсариєв Екібай туралы мәліметтер алдым. Байсариєв Екібай балаларының айтуы бойынша: 1912 жылы 10 –ақпанда дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласқан. Оған себеп: әкесінен жастай қалған. Анасымен бірге өмірдің ауыр жүгін арқалаған азамат болған. Ол кісі екі рет емес, 1 рет сотталған. Келген соң мал шаруашылығымен айналысқан. Коммунизм таңы, Қарақұм совхоздарында малшы болып, зейнеткерлікке қалған.



**Суретте: Байсариєв Екібай атаның ұрпақтары
Төменде: Келіні Нұржамал, ұлы Жұмабай, қызы Шархат;
Жоғарғы қатарда: немересі Қайрат, қызы Гүлжан;**

1930-1983 жылдар арасында Республика бойынша 100 мыңнан астам адам жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған. Бүгінде олардың 89 мыңнан астамы толық ақталды. (1994 жылғы дерек бойынша).

Жазықсыз құрбан болғандардың іс қағаздарын қолға алғанда көз алдына жұпыны киіммен, сақал-мұрты өскен, жағы суалған бейкүнә адамдар елестейді...

«...Олар біздің құнымызды кім даулайды, біздерді кім жақтайды? Біздің жазығымыз не...?» дейтін секілді.

Әрине, егемендікке қол жетіп, жазықсыз жапа шеккендердің істері ашылуда. Құрбан болған қарапайым азаматтардың өмір жолы жас ұрпақтарды имандылыққа, парасаттылыққа, әділдікке тәрбиелеуде тағылым аларлықтай.

Біздің халық қуғын-сүргін кесірінен жазықсыз жаңа шеккен қайраткерлердің есімдерін еске алу, рухтарына құрмет көрсетуді әр уақытта да есінен шығармауы, қазақ үшін қасіретті, тарих бетінде өз таңбасы қалған бұл жылдарды ешқашан ұмытпауы керек!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ССР тарихы 2 том, Алматы 1961 ж, 277 бет
2. Ақиқат 1993 жыл, №8, 89 бет
3. Қазақ әдебиеті 1995 жыл, 30 мамыр
4. Атырау 1995 жыл, 5 қыркүйек
5. ҚР АОҰҚКА-Іс 19-227, 1 п
6. Егемен Қазақстан-1994 жыл, 2 сәуір
7. Азалы кітап немесе «Живые узники Сталинский репрессии»-«Өлке» баспасы, Алматы, 2002 ж.
8. Аталар аманаты, Базарбай Абдрахманов

*Джумабаева М.Х.,
магистрант 2-курса*

НАО «Атырауский университет им. Х.Досмухамедова»

ИСТОРИЯ ЗАПАДНОЙ АЛАШ - ОРДЫ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР

Более ста лет назад в истории нашей страны произошли огромные изменения. Произошли процессы и явления, которые изменили жизнь людей, их идеи. В начале 20 века зародилось движение, а затем партия Алаш. Партией Алаш были сформулирована концепция казахской государственности. Их идеи заложили основу национальной государственности.

Научно-методологическую тональность в разработке актуальнейших проблем истории Казахстана, в том числе и объективной оценке движения Алаш и автономии Алаш-Орда задали М. Козыбаев, К. Нурпеисов, М. Асылбеков, Х. Абжанов, М. Койгельдиев. В их работах определен качественно новый концептуальный подход к истории национально политического движения, показана тесная связь представителей Алаш с российским демократическим движением, разработка ими политической доктрины, отразившей вековые мечты казахского народа о независимой государственности.

Следует выделить работы К.Нурпеисова и М.Койгельдиева, первыми в Казахстане предпринявшими попытку анализа историографии и истории Алаш. М.Койгельдиев оценивает Алаш как общенациональное движение демократической направленности, возникшее в ходе формирования казахской буржуазии и пробуждения национального самосознания, переросшее затем в парию. Койгельдиев привлекает в качестве первоисточника газету «Казах», работы лидеров движения, которые были изданы на казахском языке на основе арабской графики. Монография М. Койгельдиева «Алашқозғалысы» («Движение Алаш») охватывает широкий спектр проблем, связанных с историческим развитием Казахстана конца XIX - начала XX века.

Исследование проблемы ведется им на широком историческом фоне начала века, когда практически во всех колониях Востока развернулось мощное народно-

освободительное движение угнетенных народов за свободу и независимость (Китай, Индия, Иран, Турция). В авангарде ее шла национально-демократическая интеллигенция. М. Койгелдиев, используя широкий круг ранее недоступных архивных материалов, публикации газеты "Казах" и других, освещает основные проблемы исторического развития Казахстана, связанные с возникновением и развитием оппозиционного движения. М. Койгельдиев рассматривает факты обучения будущих руководителей Алаш в вузах России, Турции как необходимое и важное условие формирования их идейно-политических взглядов [1].

В работе Г. Ахмедова «Алаш-Алашболғанда» даны сведения об обучении казахской молодежи (часть из которой составила костяк алашского движения) в вузах России, Турции (Стамбул), Польши (Варшава). Автором приведен список из тридцати фамилий, который он составил на основе изучения ряда архивных материалов, дореволюционных газет, журналов [2].

Нурпеисов Кенес - академик, ведущий ученый и историк, признанный исследователь важнейших проблем истории Казахстана. Он внес значительный вклад в научную деятельность, принимал активное участие в проведении фундаментальных исследований в области отечественной истории и подготовке научных кадров самого высокого уровня.

К.Нурпеисов - автор более 200 научных и общих работ, в том числе девяти монографий, посвященных истории казахского национально-освободительного движения 1916 года, двух революций 1917 года и гражданской войны 1918-1920 годов, проблемам истории национально-государственного строительства, политических репрессий и общественно-политической жизни Казахстана в XX веке. Являлся членом Казахстанского национального конгресса. Под его руководством завершены исследования по темам «Общественно-политическая и культурная жизнь аулов и сел Казахстана (1917-1929 гг.)», «Роль и место партии «Алаш» в общественно-политической жизни Казахстана», «История политических репрессий в Казахстане».

Нурпеисов К. активно работал над историей Алаш и Алашорды. Он является основателем научной школы, посвященной алашскому национально-освободительному движению и автономии «Алаш-Орда». Первые результаты исследования были опубликованы в монографии на казахском языке «Алашһам Алашорда», получившей положительную оценку. Эта монография стала одной из первых в казахской историографии работ, посвященных исследованию истории движения «Алаш» (движение казахских реформаторов в первой четверти XX века). В работе К. Нурпеисова «Алаш һәм Алашорда» главное внимание уделяется истокам движения Алаш, анализу общественно-политической ситуации в крае после свержения царизма и организации партии Алаш. Значительное место в книге отводится истории взаимоотношений Алаш-Орды и Советской власти.

Обратившись к вопросу возникновения алашского движения, автор отмечает ряд факторов, повлиявших на данный процесс. Прежде всего, это социально-экономические изменения, связанные с усилением колониальной политики царизма в крае, обострившей национальный и аграрный вопросы.

Влияние 1-й русской революции выразилось в попытке националов определиться с выбором политического кредо и, в конечном итоге, организации политической партии. Несмотря на количество партий и движений в России в период революционного подъема, лидеры будущей Алаш сумели сделать свой выбор. Красноречивым свидетельством тому служат показания органам ГПУ Х. Досмухамедова, сделанные им в 1931 г. Как следует из него, будучи студентом, как и многие его единомышленники, он вступил на путь политической борьбы через изучение программных положений многочисленных партий и движений. В результате оказалось, что ни одна партия не отстаивает интересы народов национальных окраин: социал-демократы говорят только о рабочих, социал-революционеры - о крестьянах, кадеты даже не упоминают об инородцах, а правые открыто провозглашают шовинистскую политику в отношении нерусских народов. Наименее разработанным в прежней историографии являлся вопрос о деятельности национально-либеральной интеллигенции в 1908-1912 годах. К.Нурпеисов выделяет три основных направления, характеризующих ее общественно-политическую, культурологическую, просветительскую работу. Это: 1) знание лидерами движения определенной проблемы, ее освещения в литературе и пути решения; 2) будучи народными просветителями, они через исследование отечественной истории будили национальные чувства и обращались к народному сознанию; 3) организация общенациональных и региональных (областных) органов печати, связь с мусульманскими движениями и политическими партиями [3].

Из российских историков в первую очередь хотелось бы отметить труды Д.Аманжоловой, в представленных ею научных исследованиях раскрыта деятельность Алаш через призму этнополитической истории Казахстана, показана значимость партии и заслуги ее лидеров. Появлению монографического труда Д.А.Аманжоловой предворяла серия ее работ по данной проблеме. Это - научные статьи, методические рекомендации «К изучению истории политических партий и движений в Казахстане в 1917-1920 гг.» (Семипалатинск, 1991 г.); учебное пособие «Партия Алаш: история и историография» (Семипалатинск, 1993 г.).

В учебном пособии представлена история движения Алаш от времени его формирования до октября 1917 года. Использование широкого круга источников и литературы способствовало объективности и полноте освещения данной проблемы. Совокупность документов, их сопоставление с материалами из периодических изданий дореволюционных и последующих лет с данными предшествовавшей историографии, мемуаров, зарубежной литературы, их анализ позволили автору с достаточной степенью восстановить целостную картину многих важных сюжетов истории алашского движения, деятельности ее руководителей и участников.

В работе автор уделяет внимание таким вопросам, как начало формирования и ступени становления движения; участие алашской интеллигенции в событиях 1916 года; перерастание движения Алаш в национальную партию в 1917 году.

Закономерность возникновения алашского движения вытекала из ряда причин: самого развития и поступательного движения казахского общества в

начале века и влияния внешних факторов. Приведенные автором малоизвестные и по-новому интерпретированные уже известные факты убедительно свидетельствуют об этом. Важную роль в формировании определяющих черт движения сыграл личностный фактор. Представленная в работе общественно-политическая, научная, культурная деятельность А.Букейханова, А.Байтурсынова, М.Дулатова, Ж.Акпаева с 1905 года по 1917 год, показывает основные направления развития движения, общественно-политические факторы, определившие его цели и задачи на этапах становления и после. Избрание либерально-демократического пути в решении проблем национального освобождения свидетельствует о приверженности алашевцев идеям ненасильственного изменения казахского общества. Но, как показали дальнейшие события начала XX века, невозможность ее осуществления были обусловлены всем ходом общественно-политического развития России и националам пришлось также принять непосредственное участие в этом процессе.

Подчеркивая влияние российской демократической интеллигенции и ее связь с казахской интеллигенцией, автор подробно останавливается на описании колоритной и неоднозначной фигуры Т.И. Седельникова. Будучи участником в землеотводных и статистических обследований Степных областей, он, на основе полученных данных, «констатировал тенденцию к росту разнообразия форм хозяйствования у казахов и возникновение новых социальных групп, усиление поляризации имущественного положения в обществе». Т.И.Седельников резко критиковал переселенческую политику властей и, что важно, отмечает Аманжолова Д., дал правдивую информацию о состоянии земельного вопроса в Казахстане в начале века. Отметим и такой вывод Т.И.Седельникова, сделанный им из анализа вышеуказанной проблемы, что объединяющим фактором киргизского (казахского) народа является общенациональная идея против колонизаторской политики царизма.

В своей работе автор характеризует одну из первых работ по деятельности Алаш, подготовленную Бочаговым. А.К.Бочагов обосновал объективный характер ведущей роли Алаш в казахском обществе, в 1917г. и его блока с антисоветскими силами в дальнейшем. Наряду с другими исследователями он придерживался мнения, что Алаш существовала как партия и руководила всей политикой Алаш-Орды во время войны, что, на наш взгляд, упрощало и обедняло действительную картину. В 1929 году вышел сборник документов Алаш орды. Его составитель Мартыненко и Исаев характеризовали Алаш как буржуазную партию во главе в буржуазно-демократической интеллигенции [4]. Автор отмечает, что внутренние причины, природа, закономерности, этапы и содержания партии Алаш в дореволюционный период не изучались. Свою работу Аманжолова написала, опираясь на материалы архивов. В 6 фондах Российского государственного исторического архива содержатся сведения о деятельности казахской интеллигенции в Государственной думе, материалы о ходе переселенческого движения к Степному краю и Туркестане и связанных с этим изменений в казахском обществе, позиции его интеллигенции, о восстании 1916 года.

Из изучавших историю края можно выделить Сайфуллу Суинова и его труд «Бокей Ордасы». В своём труде, а точнее, в 4 главе «Западная Алашорда» он приводит много данных по истории Западного отделения Алаш орды. Так, он рассказывает о событиях 1917 года в Букеевской Орде и роли Бахтыгерее Кулманова. 21 марта 1917 года был созван съезд казахов Букеевской Орды. На нём был избран ЦИК во главе с Кулмановым, которого Варламов В.И. в своей книге «В огне революции» назвал кадетом и алашордынцем одновременно. С.Суинов называет съезд в Букеевской орде шагом в образовании национальной автономии. Также, в своей книге он называет ошибкой провести без подготовки съезд в Карато́бе. Собрание не достигло своей цели и получилось так, что часть элиты западного края, которые хотели поддержать Алашордынцев перешли на сторону Советской власти. В 3 главе своей книги автор рассказывает о БахтыгерееКулманове - казахском султани, общественном деятеле, депутате Государственной Думы.

Про Бахтыгерее Кулманова, Шаймердене Косшигулове, Бахытжане Каратаеве писал в своём труде Омирзак Озганбай [6]. Про одного из руководителей Западного отделения Алашорды Халеле Досмухамедове написан труд «Дорога в будущее» [7]. Автор в труде приводит генеалогию Халела. Жизни и деятельности Халела Досмухамедова посвящена одна из глав труда Алихана Досаханова «Первые врачи Алаш» [8].

В последние годы характерной чертой стало увеличение количества диссертаций по истории алашского движения. Особенностью этого вида научной работы в исследовании проблемы является персонифицированный их характер. Как правило, в основном, в них освещается деятельность отдельных ее руководителей - А. Байтурсынова, А. Букейханова, Х. Досмухамедова, Ж. Акпаева, М. Тынышпаева. Например Мажитова Р.С., чье исследование посвящено деятельности Жаханшы Досмухамедова; труд Сдыкова М.Н. «Роль и значения Бакытжана Каратаева в политической жизни Казахстана», посвященный демографическим вопросам данного периода. Проблема политических кампаний в области науки и культуры исследована Сулейменовой Г.Б. в диссертационной работе «Культурная жизнь Казахстана: опыт и проблемы (1945–1985гг.)».

Изучением и исследованием деятельности западного отделения Алашорды занималась доктор исторических наук, краевед Даметкен Сулейменова. Её труд «Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов» посвящен деятельности руководителя западного отделения Алашорды Жаханше Досмухамедову и деятельности «Уральского уйялата». При работе над книгой автор использовала раннее не публиковавшиеся документы из архивов. Были использованы документы из архивов Ташкента, Москвы, Алматы, Оренбурга. При изучении данного вопроса автор встречалась с дочерью самого Жаханшы Қарашаш. Которая утверждает, что имя данное при рождении было «Жаһаншаһ» и ей самой была написана генеалогия Жаһанши. Автор разделила на три периода принятые нормативно-правовые документы царским правительством в целях колонизации казахских степей и установлении диктатуры пролетариата большевиками.

- 1 период-начиная с 19 века до 60 годов 19 века
- 2-период-начиная с 60 годов до 1917 года
- 3-период- с 1917 года до 1920 года [9].

Деятельности лидера Западного отделения, первому прокурору из казахов Жаханше Досмухамедову посвящен труд Аманжоловой «Председатель Западного отделения Алаш-Орды Ж. Досмухамедов и судьбы казахской интеллигенции в период Сталинских репрессий». Ж.Досмухамедов считал, что в Казахстане также должен быть установлен демократический строй с автономным самоуправлением края в целом и земским самоуправлением на местах, при этом идеалом представлялся общественно-политический строй США. В результате лидеры национально-демократической интеллигенции твердо решили не допускать советизации Казахского края [10].

Образовательный фактор стал одним из основополагающих в формировании передового демократического мировоззрения алашских лидеров, в числе которых был Ж. Акпаев. Серия работ о нем была опубликована в начале 1990-х годов М. Кул-Мухаммедом. Логическим продолжением его исследований стала монография «Ж. Акпаев. Патриот. Политик. Правовед [11]. Работа, основанная на аналитической обработке широкого круга источников, раскрывает роль Ж. Акпаева в формировании политико-правовых аспектов казахского права. М. Кул-Мухаммед отмечает, что Ж. Акпаев является первым и последним казахским правоведом, пытавшимся применить принципы и идеи психологической теории права к объяснению институтов казахского права.

Таким образом, анализ литературы свидетельствует о значительном продвижении исследовательской мысли в изучении алашской проблемы. Прежде всего, следует отметить полноту и всесторонность исследований, благодаря использованию широкого круга документальных источников, ранее не вводимых в научный оборот из-за идеологических запретов и штампов.

В результате появилась возможность осветить такие узловые вопросы истории Алаш и Алаш - Орды, как время возникновения оппозиционного движения, социальный состав; определить внутренние и внешние факторы, сыгравшие важную роль в формировании общественно-политических, идеологических воззрений алашских лидеров. Важным в методологии проблемы явилось уточнение ряда понятий: «Алашское движение», «Алаш-партия», «Правительств Алаш-Орда», национальной автономии.

Несмотря на некоторые разночтения, исследователи едины в своем убеждении, что алашское движение является составной частью общенационального антиколониального движения. Причем алашевцы составляли авангард национально-освободительной борьбы казахского народа с 1905 по 1920 годы.

Список использованной литературы:

1. Койгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.-366 б.
2. Ахмедов Г. Алаш «Алаш» болғанда. Алматы, 1996.-224 б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995, 238 б.

4. Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. Алматы, 2013. - 400с.
5. Сүйінов. С. Бокей Ордасы. Алматы, 2000ж.-184 бет.
6. Озғанбай. Ө Жарық жұлдыздар. Ақтобе, 2017.-336 б.
7. Озғанбай О. Дорога в будущее. Алматы, 2006 -212с.
8. Досаханов А. Первые врачи Алаш. I том. Алматы, 2020.-368 с.
9. Сүлейменова Д.А. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов.- Орал,2010-236 б.
10. Аманжолова Д.А. «Председатель Западного отделения Алаш-Орды Ж. Досмұхамедов и судьбы казахской интеллигенции в период Сталинских репрессий», Центральноазиатский исторический сервер, Москва 2004 г., с.3-4.
11. Кұл-Мұхаммед М. Жакып Акпаев. Патриот. Политик. Правовед. Алматы, 1995.-240с.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Қыдыралина Ж.Ү., ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ	5
Хайруллаев Н.Н., АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ БАСТАЛУ СЕБЕПТЕРІ	12
Нағымов Ш.Н., ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫНЫҢ ХАЛҚЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ ҰМЫТЫЛМАУЫ ТИІС	19
Таңатарова Ж.Т., КЕҢЕСТІК САЯСИ БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚ ШАРУАЛАРЫН ҚУҒЫН СҮРГІНГЕ ҰШЫРАТУЫНЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІНЕ ТАЛДАУ	25
Ахмет А.Қ., ТАМҰҚТАН ЖЕТКЕН ДАУЫСТАР	31
Бердіғожин Л.Б., Алипова Д.Ж., Бердіғожина М.Л., ӨЛКЕДЕГІ ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ: ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР	37
Ахметова У.Т., ПРОРВА (АСТРАХАНЬ) ЕТЛ –НІҢ ГУРЬЕВ ЛАГЕРЛІК БӨЛІМІ	43
Байбулсинова А.С., Жолахова Г.Т., БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ ЛАГЕРЛЕР	50
Бердіғожин Л.Б., Алипова Д.Ж., БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ ЖӘНЕ ӨЛКЕДЕГІ ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ	57
Сарбаев Д.Д., АЛАШОРДА АҚТӨБЕДЕ	62
Бердіғожин Л.Б., Аксерикова Т.Е., Орынбаев Ғ.Б., 1937-1938 ЖЫЛДАРЫ ӨЛКЕДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН:ХАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚУДАЛАУ ШАРАЛАРЫ	69
Боранбаева Б.С., «КАПУСТИН ЯР» ӘСКЕРИ ПОЛИГОНЫ: ҚАЗАҚ ДЕПОРТАЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ	73
Сапанов С.Ж., Абдулов А.Д., ГОЛОД И ОТКОЧЕВНИКИ: ПОЛИТИКА СТАЛИНИЗМА В КАЗАХСТАНЕ	80
Таңатарова Ж.Т., Каналиева М.И., ГУРЬЕВ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ТӨРКІЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ КОМИССИЯ ХАТТАМАЛАРЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ	88
Аман Ә.Б., АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ОМАР ЕСЕНҚҰЛОВ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ҚУҒЫН-СҮРГІН	91
Бегимбаева Ж.С., НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ И ПРОТЕСТЫ В 1920-1930-Е ГОДЫ ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ В АКТЮБИНСКОМ РЕГИОНЕ	96
Коблан Е.К., ҚҰРБАН БОЛҒАН БАЙБАҚТЫ ДАУЫМШАР БАТЫРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ	100
Нағымов Ш.Н., Сағдиева К.Қ., КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ АУЫР ТҮРМЫСЫ АТЫРАУ ӨңІРІ МЫСАЛЫНДА	107
Шардарбекова Г.С., Мунашева Ж.Б., Сұлтанова Н.Ж., КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНДАРЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ САЯСИ ҚУҒЫН - СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ	120

Сармурзина Н., Батырханова Ғ. ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ЕСТЕЛІГІ	127
Тастемирова Р.К., ЖАДЫДАН КЕТПЕС ҚАСІРЕТ	131
Сарбаев Д.Д., Даулетьярова Т.Ш., ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ТЕЖЕУЛЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР	135
Шардарбекова Г.С., Мунашева Ж.Б., Жолдасбек А.С., СЫРДАРІЯ ГУБЕРНІЯСЫ БОЙЫНША ІРІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ АУҚАТТЫ БАЙЛАРДЫ ТӨРКІЛЕУ	138
Сатанова А.Б., ТОБАНИАЗ ӘЛНИАЗҰЛЫ (1875-1930 ж.ж.)	143
Көшербаева Б.А., АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ИДЕЯЛАРЫ – ҰЛТЫМЫЗ ҮШІН ЕҢ ҚАСІЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ	148
Алиев Ж.Б., «САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАР»	152
Камешева Б.Б., «АТЫРАУЛЫҚ САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ»	164
Әжібаева А.Б., ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА БАЙ-КУЛАКТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТІ (АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ БОЙЫНША)	168
Жұқатаева Д.Б., ҚАСІРЕТ ӘКЕЛГЕН ЗОБАЛАҢ ЖЫЛДАР ЗАРДАБЫ	173
Бекбаулиева Э., КӨКМЕШІТТЕГІ ҚУҒЫН – СҮРГІН	178
Нургалиева А.Т., ТОБАНИАЗ ӘЛНИАЗҰЛЫ – МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ	182
Қуатова Қ., ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ	186
Сагиндикова С.С., САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН ЖӘНЕ АЛАШ ЗІЯЛЫЛАРЫ	191
Султангалиева А.С., ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ МӘҢГІ ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС	194
Қатият Қ.Ж., ҚУҒЫНДАЛҒАН МҰҒАЛІМ – ҚАРАБАЛИН ҒАБДОЛКӨРІМ	197
Ишангалиева С.М., САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЕШҚАШАН ҰМТЫЛМАЙДЫ	203
Каленова О.Н., САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ	206
Сарсенова С.С., «АТЫРАУ Өңіріндегі Кеңестік Қуғын-Сүргін Тарихы: Зерделеу мен Зерттеу»	210
Джумабаева М.Х., ИСТОРИЯ ЗАПАДНОЙ АЛАШ - ОРДЫ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР	219

**«АТЫРАУ ӨҢІРІНДЕГІ КЕҢЕСТІК ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫ:
ЗЕРДЕЛЕУ МЕН ЗЕРТТЕУ»**
***Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
жинағы***

"SvetoCopy" қағазы. Пішімі А4. Көлемі 28,5 б.т.
Таралымы 100 дана



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
баспа орталығында басып шығарылды.

Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Батыров Галымжан, Тукешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс